83.3(5Каз-4Пав)Каз7
М 22

14

Әкей Марғұлан



ШЫҒАРМАЛАРЫ



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды

83.3(5Қаз-4Ал)/Қаз
М22

Ә.Х.МАРҒҰЛАН

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ОН ТӨРТІНШІ ТОМ

«Алатау»
Баспа-полиграфиялық
корпорациясы
Алматы 2012

ОКЛ

«Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңес

Әшімбаев Мәулен, кеңес төрағасы;
Асқаров Әлібек, жауапты хатшы;
Абдрахманов Сауытбек; Атабаев Қамбарбек, Аяған Бүркітбай, Әбжанов Хангелді, Әбусейітова Меруерт, Әжігали Серік, Әлімбай Нұрсан, Байпақов Карл, Байтанаев Бауыржан, Балықбаев Тахир, Дүйсембаев Еркін, Есім Ғарифолла, Жақып Бауыржан, Жұмағалиев Асқар, Жұмағұлов Бақытжан, Қасқабасов Сейіт, Қозыбаев Ілияс, Құл-Мұхаммед Мұхтар, Құрманбайұлы Шерубай, Мұхамадиұлы Арыстанбек, Мыңбай Дархан, Нысанбаев Әбдімәлік, Салғараұлы Қойшығара, Самашев Зейнолла, Сұлтанов Қуаныш, Тұяқбаев Қанат, Шаймерденов Ербол, Шеңгелбаев Бақытжан

«Ә.Х.Марғұлан шығармалары» сериясының редакциялық алқасы:

Пірәлиев С. Ж., бас редакторы,
Маргұлан Д.Ә., жауапты хатшы, Әбжанов Х.М., Арын Е.М., Байпақов К.М., Қасқабасов С.А., Қойгелдиев М.К., Күмеков Б.Е., Аяған Б.Г., Кененбай Ы.С., Смағұлов О.С., Тасмағамбетов И.Н., Уәлиханов Ш.Е., Ибраев Б.А.

М
556472
Павлодар... областная
С...
... С. Т... ...ва

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
М 21

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

М 21 **МАРҒҰЛАН Ә.Х.**
Шығармалары. Ә.Х МАРҒҰЛАН – Алматы: «Алатау», 2012 ж. – Т. XIV – 512 б.

ISBN 9965-807-64-7

Құрастырушы: Данель Әлкейқызы Марғұлан,
Даме Асқарқызы Марғұлан

«Мәдени мұра» сериясымен жалғасын тапқан бұл соңғы 14-томда қазақтың арғы тарихына шолу жасайды. Мәселен, дүние әдебиетіндегі ұлы бейненің бірі – Қорқыт туралы аңыздың даңқты болуы себептерін талдайды. Автордың тағы бір ғылыми шығармашылығына байланысты айта кететін жайт, ҚР ҰҒА орталық ғылыми кітапханасында қолжазба түрінде сақталып келген «Сырым батыр» атты дүниесі еніп отыр.

Сондай-ақ «Ер Олжабай», «Сапақ би», «Ақын Шөже», «Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары туралы», «Әнші Әміре» және өзге Мұхтар Әуезов туралы тың дүниелерді зерттеп, зерделей түскен.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

Кітаптың арнаулы редакторы Данель МАРҒҰЛАН

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-807-64-7 - (XIV-Т.)
9965-807-15-9

© Марғұлан Д Ә., Марғұлан Д. А. Құраст., 2012
© «Алатау» баспасы, 2012



ҚОРҚЫТ АТА

ДАНА ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ

Биыл атақты ойшыл, кемеңгер ғалым Әбунасыр әл-Фарабидің 1100 жылдық еске түсіруі болмақ. Осыған орай әл-Фарабидің жас күнінде нәр алған ортасы, шыққан жері туралы сөз етпекпін. Кейбіреулер әл-Фараби Сыр бойынан кенеттен жеке-дара шыққан кісі деп тұжырымдайды. Олай ойлау, әрине дұрыс емес. Әл-Фараби бірден жарқ еткен жұлдыз емес, ол шығардың алдында адамға ой түсіретін әдемі дәстүр, адам ойын біліммен, көркем сезіммен суаратын жарқын ұстаздар Сыр бойында аз болмаған. Оны атақты ойшыл, музыкант Қорқыттың бейнесінен көруге болады. Әл-Фараби жас шағында Қорқыттың даналық, ойшылдық үлгісінен тәрбие алып, музыкасын, тартқан күйлерін есінде мәңгі сақтап, оның жарқын іздерін әдебиет жүзінде қалдырды.

Әл-Фараби сияқты ғалым ойшының дүниеге келуіне ірге болған Қорқыттың өзі кім? Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен, оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан), алдын болжап сөйлеген сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Орта Азиядағы түрік тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі

ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыздар, ән-күйлер қазақ пен түркмендерде көбірек жолығады. Мұның бір ғажайып жері, Қорқыт атымен байланысты аңыздардың көбі өзінің тарихи негізін осы соңғы заманға дейін жоймаған, тек кейбіреулері ғана Қорқыттан бері көп заман өткендікті білдіріп, ертегіге, мифке айнала бастаған.

Қорқыт туралы қазақ халқы айтатын қария сөздер Европа әдебиетіне өткен ғасырдың ортасынан былай қарай белгілі бола бастады. Олардың кейбір ұшқындарын ең алғаш жарыққа шығаруға ой бөлген ғалымдар Ш.Уәлиханов, В.В.Вилюминов-Зернов, П.И.Лерх, Мейер, асқан ғалым В.В.Радлов, тағы басқалар.

Кейінірек олардың бірінші ашқан ойларына көптеген ғалымдардың зерттеулері қосылып, бүгінде Қорқыт туралы байтақ әдебиет кеніші жасалды. Қазақ халқы айтатын Қорқыт әңгімесін-аңыздарын жазып алуда, оны зерттеп білуде белгілі үлес қосқан ғалымдар В.В.Бартольд, А.А.Диваев, И.В.Аничков, И.Жетпісбаев, В.А.Каллаур, И.Кастанье, П.С.Спиридонов, тағы басқалар. Қорқыт бейнесін тереңірек зерттеу әсіресе, кейінгі жылдары ерекше орын алды. Бұл кезде ежелгі заманның асқан данасы Қорқыт бейнесін тереңірек зерттеп, ол туралы айтылатын аңыздарды жарыққа шығаруға қажымай еңбек еткен ғалымдар тағы сол Бартольд пен Диваев, Затаевич, Самойлович, Мұхтар Әуезов, В.И.Жирмунский, Ахмет Жұбанов, тағы басқалар. Қорқыт туралы айтылған аңыздардың тобын оның ішінде қазақ, қарақалпақ, түркмендер айтатын түрлерін кеңінен алып, ғылыми терең зерттеген ғалым әсіресе, В.М.Жирмунский. Халық аузында айтылатын көптеген аңыздардан басқа Қорқыт туралы

ерте заманда жазылып қалған байтақ дастандар болған. Оның ежелгі қыпшақ тіліне жақын тілмен айтылған ең ескі түрі осы күнге дейін Рим қаласында Ватикан мұрағатында сақталып келсе, енді бір үлгісі «Кітаб Дедем Қорқыт» деген атпен Дрезден қаласында сақталып тұр. Бұл жинақтың жартысына жуығы Қорқыт айтты деген нақыл сөздерден құралған. Қорқыттың бұл дастаны туралы француз, итальян, түрік, неміс тілдерінде байтақ мәлімет бар. Ол зерттеулерді түрік ғалымдары И.Башгөз, П.Н.Борагов, Мүһрам Эргин, О.Ш.Гокяу, М.Кірзіоглы, Рифад, француз ғалымдары П.Пеллиз, Е.Блоше, итальян ғалымы Е.Росси, неміс ғалымдары Н.Ф.Диц, И.Хеин, В.Рувенди жазған еңбектерден көруге болады. Көп ғалымдардың осы тәрізді көңіл қоя қызығып зерттеулері бойынша, соңғы жүз жылдың ішінде тарихи заманның ұлы бейнесі Қорқыттың тұлғасын айқындайтын бірталай дүниелер жарық көріп, оны зерттеу аса биік сатыға көтерілді. Ол туралы көп, байтақ мәліметтер топталды. Егер мұрағатта жатқан «Деде Қорқыт» дастанын еске алмасақ, ол мағлұматтардың көпшілігі қазақ пен түркмен жерінен табылды деуге болады. Оның сирек жолығатын түрлерін әсіресе, 1920-21 жылдары Жетісу мен Сырдария аймақтарына шыққан Әбубәкір Диваевтың экспедициясы жинап қайтты. Бұл екі аймақтан Диваев ол жылдары 240 дәптер, не 8 мың беттік мағлұмат жинады. Олардың көбі тарихи хикаялар, шежірелер, аңыздар, ертегілер, дастандар. Бұл байтақ мағлұматтың ішінде 8 дәптер бір ғана Қорқыт сюжетіне арналған, ол Қорқыттың өлімге қарсы тұруы, «Қорқыттың (бақсының) сарыны», «Қорқыттың Әзірейілмен алысуы», «Қорқыт және 40 қыз хикаясы», тағы басқалар. Осы ұлан-байтақ қазынаның жиналу нәтижесінде Совет дәуірінде Қорқыт туралы қазақтар айтатын бірнеше тарихи аңыздар, қария сөздер жарыққа шықты, оларға негізделген фәлсафалық поэма жазылды.

Осы жиналған мәліметтер бойынша қазақ халқы айтатын Қорқыт дүние әдебиетіндегі ұлы бейненің бірі. Ол бейнені халық бұқарасы ғасырлар бойы есінде берік ұстап, соңғы кезге дейін айтып келген. Бұл аңыздың әдебиет дүниесіне даңқты болуы XII-XIII ғасырлардан бері қарай. Атақты тарихшы Рашиддиннің жазуынша, қыр сахарада айтылатын ғажайып әңгімелердің ең тамашасы Қорқыт туралы болған. Бір топ атақты ғалымдардың көрсетуінше, қырда ол кезде айтылатын екінші бір әңгіме, Қорқытпен тығыз байланысты болған «Оғыз наме» дейді.

Рашиддиннің келтірген хикаялар бойынша, «Қорқыт асқан дана, керемет иесі, әдемі нақыл сөзбен толғау айтқан сәуегей кісі болған. Қорқыт көп жасаған қарт, ол туралы хикаялар өте көп», – дейді атақты тарихшы.

Қорқыт туралы бұл мазмұнды қария сөз, аңыздар әсіресе, қазақ сахарасында көбірек болған. Ол аңыздарда Қорқыттың адамшылық бейнесі өте жарқын және әр алуан түрде айтылады. Қазақта көп жасаған дана Қорқытпен қатар жас Қорқытты сипаттайтын аңыздар бар. Жас Қорқыт алып ойдың иесі. Оның арман еткені адам баласының мәңгі өлмеуі, жасай беруі. Осыны зор фәлсафалық мәселе етіп көтеріп, грек мифындағы Прометей сияқты дүниежүзілік әдебиеттегі ұлы бейненің бірі болып суреттеледі. Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт жас шағын тағдырымен, дүниені

жасаушымен алысу үстінде өткізеді. Өлмейтін өмірді көксеп, тағдырға өлімге қарсы тұрады. Жас Қорқыттың іздегені адам баласының өлмей, уайымсыз еркін жасауы, Қорқыт фәлсафасы бойынша, өлім оның көзіне зұлымдықтың басы болып табылады, өліммен күресуді Қорқыт өзіне бірінші міндет етіп қояды. Өліммен күресу, адам баласына өлмейтін өмір іздеу жолындағы Қорқыт халықтың қорғаушысы, халық бұқарасына жантәнімен болысатын, оған дем беруді өзіне мұрат еткен жас кеменгер бейнесінде суреттеледі.

Қазақ аңыздарындағы дана Қорқыт «Қорқыт» дастанындағы бейнеге жақынырақ. Бұл Қорқыт халықтың кеменгер ұстазы, ақылшы батагөйі, кеңес беретін данасы. Мұны қазақтар «Қорқыт ата», «Қорқыт әулие» деп атаған.

Баласыз ата, панасыз жас, шөгіп қалған бейбақ, бәрі оның аталық панасына келіп, тыныс алып, оның ақылымен, кеңесімен күш жияды. Дана Қорқыт мезгілмезгіл сәуегейлік болжау айтып, ілгеріде не болудан хабар береді. Толғау-сарын жырларымен, өсиет сөздерімен, қобыздың күйімен халықты ойға түсіріп, оларды адасудан сақтанатын, дүниеге сын көзімен қарайтын нақыл сөздерімен үгіттейді. Ежелгі заманның асқан данасы Қорқыттың толғау (сарын) айту дәстүрін мирас еткен жырау-ойшылдар да қазақ тарихында аз болмаған. Ондай ұлы бейнені XIII ғасырда жасаған Келбұқа, XIV ғасырдың ұлы жыршысы Сыпыра жырау, одан бері Асанқайғы, Әнет-баба, Бұқар жырау, Нысан абыз, тағы толып жатқан ойшыл жыраулардың бейнесінен көруге болады. «Аталар сөзінде» кездесетін Қорқыт айтқан сәуегейлік тақпақ сөздерді де бұлардың әрбірінен жолықтыруға болады. «Аталар сөзіндегі»

«Қорқыт айтты» дейтін: «Ілгеріде, қилы заман болады», – деген тақпақ сөзді Қорқыттан алты ғасыр кейін шыққан атақты ойшы Асан да айтқан. Осындай ежелгі заманнан тізбектеліп жүрген фәлсафалық ойларға қарағанда, қазақ ойшыларының көбі Қорқыт дәстүрінен белгілі өрнек алып, өздері де Қорқыт сияқты алып ойдың иелері болғанын көрсетеді. Оның жарқын үлгісін әсіресе Асан қайғы, Әнет-баба, Нысан абыз ойшылдардың өмірінен, олардың тақпақ сөздерінен ашық көруге болады. Бірақ олардың алтын ойлары қағаз бетіне түспей, тек жеке қариялардың аузында болғандықтан, көпшілікке соншa таныс.

«Қорқыт айтты» дейтін тақпақ сөздердің көбі қазақ халқының мақал-мәтелдерінде осы күнге дейін кездеседі. «Қорқыт» дастанында «Қорқыт айтты» деген мынадай тақпақтар бар: «Өшкен келмейді, өлген тірілмейді», «Су тасып шарасынан шықпайды», «Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас».

«Аталар сөзіндегі» Қорқыт айтқан мәтелдер: «Көп қорқытады, терең батырады», «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Жас өседі, жарлы байиды».

Бұл нақыл сөздер артық өзгеріске түспей қазақ тілінде осы күнге дейін сақталған. Ту баста Қорқыт айтқан бұл даналық сөздерді қазақ ойшылдары ғасырлар бойы есінде берік ұстап келген. Бұл әрине, олардың өзі де ой атасы Қорқыттан сарқылмайтын бұлақ көзін мирас еткен, оның кейінгі замандағы ойшыл ұрпақтары екенін көрсетеді. Міне, Қорқыт дәстүрінің қазақ сахарасында кең өріс алып, оның жарқын із қалдырғанын сипаттайтын айқын дәлелдің бірі осы.

Қазақ халқының аңыздары бойынша, тарихи заманының ойшыл данасы Қорқытты қадірлеу, оның тартқан қобызы, айтқан толғау сөздерін (сарын) қасиеттеу – қазақ халқының ой-санасында аса күшті болған. Қорқытты ардақтау, оны дана тұту, сәуегей (әулие) деп тану соңғы заманға дейін берік сақталған. Оны «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны» дейтін музыкалық аңыздар ашық сипаттайды. Оны қадірлеу, әсіресе, халық жырында, халық музыкасында, халықтың аңыз-сарындарында жиі кездесіп отырады.

Қазақ халқының Қорқытты ерекше қадірлеу себебін ашуға өткен ғасырда Шоқан Уәлиханов пен В.В.Бартольд көңіл аударған еді. В.В.Бартольд пен В.М.Жирмунский: «Бұл қадірлеуді қазақтар, қыпшақтар арқылы оғыздардан мирас етті» дейді. Бұл дұрыс айтқан пікір.

Бірақ аяулы ғалымдар қазақтың көбінесе қыпшақтан тарағанына ерекше мән беріп, олардың құрамында оғыз тайпаларының да сілемі болғанын еске алмаған. Олардың ойлауынша XI-XII ғасырларда оғыздар Сыр бойынан бүтіндей босып кетіп, олардың тарихи мекенінде ешбір ұрпақ қалмаған. Бірақ тарих бетіне қарап көрсек, мәселе одан гөрі басқарақ. Оғыздар Сыр бойынан тегіс жөңкіле босып кетпеген. Олардың егіншілері, жатақтары, кейбір тайпалары Жамал Қаршидың жазуынша, моңғол дәуірінің өзінде Сыр бойын қоныстап отырған. Олар ғасырлар бойы осы араны мекендеп, бері келе қазақ қауымын құрысуға қатынасады. Міне, Қорқыт, Көрұғлы, Жиренше шешен, Алдар көсе сияқты оғыз заманында Сыр бойында айтылған аңыздардың қазақ халқының ортасында

әдемі терең, ғасырлар бойы сақталуының бас сыры осында. Оғыз бен қыпшақтардың қазақ халқының мәдени, рухани тіршілігіне негіз болған мұралары орасан көп және мұраны сипаттайтын белгілер қазақ жерінде осы күнге дейін аз жолықпайды. Оны ең алдымен суреттейтін осы күнге дейін сақталған ежелгі оғыз-қыпшақ тайпаларының аттары, бұлардың атымен байланысты. Европалық топонимдер, сол заманнан келе жатқан тарихи дәстүрлер, аңыз-хикаялар. Оғыз дәуірін ашық көрсететін белгілердің аса жарқын бір түрі Сырдария бойындағы ескі қалалар, күмбездер, мұнаралар, кешендер, не олардың қирап жатқан орындары. Ондай жәдігерлер Торғай, Жыланшық, Кеңгір, Сарысу бойларында аз жолықпайды. Өйткені, оғыздар бір заманда (VIII-X ғасырлар арасында) көшіп жүрген ел болғандықтан, олардан қалған жәдігерлер бұл өлкенің әрбір түкпірінде кездесіп отырады. Сырдария жағасында болған оғыздардың ең атақты қалалары Янги кент (Жанкет), Жент, Узкент (Өгізкент), Баршынкент (Қызылқала), Сүткент, Отырар, тағы басқалар. Оғыздармен қатар Сырдария бойында қыпшақ тайпаларының байтақ астанасы болған Сығанақ, Сауран, Ясы (Түркістан) қалалары және олардың көп қыстақтары тұрған. Мұны Мақдис, Истархи солай деп ашық айтқан.

Тарихтың көрсетуі бойынша, оғыздардың ең көркем қаласының бірі – Баршын-кент. Оны XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтар «Қызқала» деп келген. Бұл қаланың аты даңқты болуына себеп болған екі кісі: бірі – Алпамыс батырдың жұбайы Баршын сұлу (Гүлбаршын), екіншісі – XIII ғасырдың орта кезінде

осы қалада жасаған атақты ғалым, әрі ақын Құсамеддин Баршынлықи. Бұл Қорқыт пен Әбунасыр әл-Фарабидің соңын ала Сыр бойынан шыққан атақты даналардың бірі. Ол өзінің тамаша шығармаларын үш тілде (түрік, араб, парсы тілдерінде) жазып кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Құсамеддин Алмалық-Жетісудан шыққан атақты ғалым Жамал Қаршидың досы. 1270 жылы Жамал Қарши Баршын-кентті көру үшін Сыр бойына келіп, көп уақыт Құсамеддиннің үйінде қонақ болып жатады. Жамал Сыр бойында мекендейтін оғыз ауылдарын көріп, олардың қоныстап отырған жері Баршын-кент пен Жент қаласының арасы екенін анықтайды. Оғыз тайпаларынан мирас болған қалалардың әлеуметтік, тарихи, мәдени маңызына тоқталып, оларды Баласағұн, Алмалық, Қашғар, Самарқанд, Ташкент қалаларымен салыстырады.

Қалалармен қатар оғыз-қыпшақ дәуірінен келе жатқан түбегейлі мұраның бірі – жоғарыда айтқандай сәулетті күмбездер, кешендер, мұнаралар. Бұл қалыптас мұралар Сырдарияның жағасында, не оған құятын өзге өзендер бойында орасан көп. Оны Қаңқа баба, Сарман ата, Қорқыт ата, Қармақшы ата, Қорасан ата, Қайып ата, Көк-Кесене, тағы солар сияқты толып жатқан көп күмбездерден көруге болады. Егер атақты ойшы, ғалым Әбунасыр әл-Фараби өзінің туып-өскен жері Сырдарияның жағасында қойылса, ол кісінің күмбезі де солармен қатар тұрып және ол туралы ғасырлар бойы талай қызықты хикаялар, аңыздар туған болар еді. Бұл күмбездердің көпшілігі Қорқыт заманымен орайлас ислам дінінің Орта Азия өлкесіне тарай бастаған кезінде жасалған жәдігерлер. Ол күмбездерде жатқан кісілердің

әрбірі не оғыз, не қаңлы тайпаларынан шыққан атақты адамдар. Сондықтан олар туралы айтылатын хикаялар, аңыздар қазақ халқының ортасында осы күнге дейін аз жолықпайды.

Қорқыт заманында тұрғызған күмбездерде ислам дінінің әсері бүтіндей жоқ. Олардың сырткы түрі тұтасымен жазғы киіз үйге ұқсайды. Қазақтар оларды осы күнге дейін «дін», «үй тас» деп атайды. «Дін» деп аталатын сәулет құрылысы түркмен жерінде де бар. Бұлардың барлығы оғыз-қыпшақ дәуіріндегі атақты ойшылдардың, сол кездегі Алпамыс сияқты әскер басылардың кешені екені байқалады. Қақпақ тастан жасалған сондай зәулім жәдігердің бірі – Кеңгір өзенінің бойында тұратын Домбауыл, енді біреуі – Торғай өзенінің жағасындағы Бақсы мола, үшінші біреуі – Тобыл өзені жағасындағы «Көк ұйық», тағы басқалар.

Қорқыт заманын әдемі көрсететін белгілердің бір тобы сол кездегі атақты әйелдерге арнап салған кешендер, күмбездер, мұнаралар. Ондай кешендердің ең сәулеттісі, көркемі Сырдария жағасындағы Көк-Кесене, Бикен мұнара, Сырысу бойындағы Белең ана, Болған ана, Жұбан ана. Әбілғазының айтуы бойынша, оғыз заманында даңқты болған кісінің бірі – Баршын сұлу Қармышбайдың қызы, Мамышбектің (Алып-Мамыш-Алпамыш) жұбайы, оғыз елін басқарған атақты жеті қыздың бірі. Қабірі Сыр суының жағасында тұр. Оны халық «Баршынның көк кешені» дейді. Сөйтіп, Баршын сұлудың аты әрі қала атында (Баршын кент), әрі сәулетті кешен түрінде, әрі халық жырында сақталып келген. Ерте заманда бик жерге (су жағасына) жеке

салған күмбездердің барлығы кешен деп аталған. Бұл сөз XVI ғасырдан бастап орыс әдебиетіне де белгілі. Оны «Большой чертеж» кітабынан көруге болады.

Міне, бұл әл-Фарабидей әлемге аты шыққан ғұламаны дайындаған топырақтың жұрт айтқандай құ мекиен, құла дүз емес мәдениетті, өркенді топырақ болғанын дәлелдейтін көп деректердің бір сынығы ғана.

«Лениншіл жас»,
1970 жыл, №13, 20-қаңтар.

ҚОРҚЫТ АТА ТУРАЛЫ

5564/42

Аты аңызға айналған Қорқыт – ерте кезде оғыз, қыпшақ, қаңлы жұрттарын басқарған данышпан адам. Ол туралы халық ескі дәуірдің өзінде (VIII-IX ғғ.) әдемі жыр шығарып, халық эпосының көркем суретіне айналдырған. Оны Дрезден мен Ватикан кітапханасында тұрған Қорқыт кітабының екі нұсқасы ашық дәлелдейді.

Бұл кітаптың негізгі сюжеті Оғыз-қыпшақ заманында ел басқарған кемеңгер ойшыларды қадірлеу, ғажайып ерлігімен халыққа қорғаныш болған, халық сүйінішін ардақтаған жойқын алыптарды суреттеу. Солардың ішінде көзге бірінші түсетін алып Ер Қазанбек – барлық алыптардың ұлы ағасы, Түркістанның тірегі.

Қорқыт жырында кездесетін Үйсін қожа, Қаңлы қожа, Қазылық қожа, Қазан алып, оның атасы Ұлан (Әбілғазы бойынша Энкеш) – бәрі бір заманның кісілері. Қазан алыптың жетінші атасы Оғыз ханға қосылады. Демек, Оғыз хан «пайғамбар заманынан» көп жыл бұрын өткен.

Қорқыт хикаясы бойынша, Қорқыт заманында өзінің ерлігімен аты шыққан, халық ерекше ардақтаған жойқын алыптар болған. Сол сиякты шешен билер, ақылды данышпан сұлтандар да аз болмаған. Ерте дәуірде әрі нақыл сөздер шешен бидің бейнесін қазақтар

Павлодарская областная библиотека им. С. Торайгырова

Жиренше шешен, данышпан Аяз бидің әфсаналарында айтып келген.

Қорқыт жырындағы жойқын алыптардың ұлы ағасы – Қазанбек, Қазан алып, ол Қорқыт хикаясы мен Оғыз дастанының жарқын бейнесі. Оның қасына ерген алып достары Байбөрінің ұлы Бамсы (Берік) Бұйрық, өз інісі Қаре-Көне, оның баласы Қара-Бодау, баласы Ораз алып, Әзірейілмен алысқан жойқын алып Домрул (Домбаул), Төбе кезді өлтіретін аскан ер Бисат, Қазылық қожа ұлы ер Жүтенек, Қаңлы қожа ұлы туралы (Тураналы), Үйсін қожа балалары Екрек, Секрек, жұртқа үлгі беріп, нақыл сөз айтқан атақты жырау Қорқыт ата, ұйытқы болған кемеңгер ойшылдар Баяндыр хан, Дерсе хан, оның ұлы Бұқаш. Қорқыттың дастанына негізі сюжет болған тарихи адамдар осылар. Олардың кейбір нұсқалары Сыр бойында, Арал теңізінің жағасында, Ұлытауда осы күнге дейін сақталып келген. Олар туралы жарыққа шыққпаған Әбубәкір Диваев, Әлқуат Қайнарбаев, тағы басқалар жинап алған қазақша жазулар бар. Олардың ішінде көзге ерекше түсетіндері «Салар Қазан» («Қазанбек жыры», кейде «Қарабек жыры»), «Қара мерген», «Қара хан», «Қара ханның билігі». «Қоңыр мерген» (Қоңырат кітабында Қоңыр қожа), «Алпамыш» (Қорқыт жырында алып Бамсы) тағы басқалар.

Арал теңізінің бойында айтылатын Салар Қазан қыпшақ ері Ақ-Көбектің досы. Ол әрі мал бағатын, әрі кен қазатын ұлы алып.

Ақ-Көбек қыстың үскірік аязында жалаңаш жүріп, мұз аршып, мал бағып жүргенде, оның қасына екінші ер Салар Қазан келеді. Демек, Қорқыт кітабында айтылатын Салар Қазанды қазақ елі ескі заманнан бері есінде мәңгі ұстаған.

«Оғыз наменің» суреттеуінше, Қазан алып Қорқыт атаның замандасы, оған ақыл беруші. Қазан алып ішкі оғыздардан еді, ол Сырдария мен Қазығұрт тауларын қоныстанған оғыз-қыпшақтардың ұлы қорғанышы, Баяндыр ханның күйеуі, Таулы Құстың ұрпағы, Түркістанның тірегі, Қарашық таудың қабланы, Қоңыр аттың иесі, Хан Ораздың атасы...

Әбілғазының толғауынша, Қазанбектің сыйынатын, ас-садақа беретін орны, ордасының көп жыл тұрған жері Қазығұрт тауы болған, ол ондағы қасиетті үңгірлерді ерекше қадірлеген. Әбілғазының жазуынша, Қорқыт ата осы Қазығұрт тауында Қазанбекті мақтап нақыл айтқан.

Қазығұртты қадірлеп жырлайтын әфсана қазақ тілінде де кездеседі. Ол ескі Қорқыт жырынан сақталып келген көп аңыздардың бір тарауы. Қазақ әфсанасы бойынша Қазығұрт тауының басы ұлан-байтақ жазық дала, салқын жайлау болған. Ескі аңыздарда топан су қаптағанда басына кеме тоқтаған деп суреттеледі. Сол жерде ерте кезде адамдар тұрған қасиетті үңгір бар. Оның төңірегіне ағаш діңгектер қадалған. Ол – «Алтын қабақ» атысатын нысананың орны. Бұл жерде қазақ ақындары домбыра тартып, қобыз сарнатып, ерте кезде «Нұх пайғамбардың кемесі қалған орын» деп, әдемі жыр шығарған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неден қалған?
Жеті бота үстінде жатып қалып,
Ойсыл қара жануар содан қалған.

Қазанбектің алып терілген «Оғыз наме» жазуында «Қоңыр атын ойнатқан, жауын көре жайратқан, Түркістанның тірегі» – деп суреттейді. Бұл сөз «Қорқыт кітабында», «Оғыз намеде» осылай қалыптасқан түрінде айтылады. Қазанбектің құдіретті күшін суреттегенде «Қара тасты қармап алса құл еткен, тау басынан тұман түсіріп, қара жерді кертіп бесік жасағанда, қара бура терісінен жөргек тіктірген» деген жолдар кездеседі.

Ескі әфсаналарда, Қорқыт айтқан сөздерде Қазанбекті көбінесе ескі Қазақстан жерінің алыбы етіп көрсетеді. Мәселен,

Қара таудың қабланы,
Қара сұңқар баласы,
Сары саздың арысланы,
Түркістанның тірегі.
Жалаңаш келсе тон жапқан
Аш келсе тойдырған.
Иығын басып, тізесін
шөгерген.

(РАШИДЕДДИН).

Бұл сөз Орхон жазуында айтылатын Білгі-Қағанның «Шығай елін бай қылдым, аз елін көбейттім» деген ойына өте жақын. Қазанбектің ұлы бейнесі Қорқыт жырында жақсы сомдалған. Мысалы, асқан алып Бамсы Бұйрық бектерге келіп: «Рұқсат берсеңдер, сіздерді қадірлеу үшін қабақ атып көрейін», – деді. Нысанға алғаны күйеудің жүзігі. Бамсы мүлтіксіз тигізіп, жүзікті бөліп түсіреді. Билер оны қызық көріп қолдарын шапалақтады, бәрі қарқылдап үйді ду

көтерді. Қазанбектің қуанышы қойнына сыймай, Бамсыны шақырып алып, «Менің асқан ақыным, кел бері» деп, басын иді, қолын қысып алғыс айтты».

Бамсы: «Сен биік ақ орданы таудың бөктеріне тіктірдің. Көк шатырды батсайымен жаптырдың, жүйрік атты жылқы ішінде өсірдің, әділетті жол үстінде орнаттың, сен барлық алыптардың тірегі, барлық елдің үміті, Баяндыр ханның күйеуі, тау құсының ұрпағы, Түркістанның тірегі, Амет суының Арысланы, Қарашықтың қабланы, Қоңыр аттың иесі, Ораз ханның әкесі», – деп тіл қатады оған.

Қазанбектің үйін жау шапқанын: «Бір күні, – дейді әфсанада, – Қазанбек Ұлан ұғлы, Таулы құстың ұрпағы, біз міскіннің үміті, Амет суының арысланы, Қарашықтың қабланы, Хан Ораздың әкесі. Баяндыр ханның күйеуі, Қоңыр аттың иесі, қалың Оғыздың бақыты, барлық жігіттің арқасы Салар Қазан орнынан тұрады. Тоқсан басты алтын үйін Қара жерге тіктіреді, тоқсан жерге қалың кілем төсетті, сексен жерге алтын кесе, тостағандар қойдырды», – деп суреттейді.

Қорқыт дастанының суреттеуінше, оғыздың алыптары жеті күнге дейін алып ұйқыда жататын. Дастанның көрсетуі бойынша, ең алып ұйқыда болатындары – Қазанбек, Тұраналы. Мұндай ұйқыда жатқан алыптар қазақ, қырғыз, Алтай елінің жырларында көп кездеседі. Қазанбек осындай алып ұйқыда жатқанда жау қолына түсіп, көп қиындық көреді.

Қазанбектің әйелі Бөрте қатын – алып ер кісі. Қазақ эпосында айтылатын Құртқаға, Ақжүніске, Гүлбаршынға ұқсайды. Ордасын пешенектер келіп басқанда, Бөрте сұлу оларға қатты қарсылық көрсетіп, елін аман алып қалуға тырысады.

Қазанбек жау қолына түсті. Жау оны арбаға мінгізіп, еліне әкеліп зынданға салып қойды. Ол зынданда отырып жауға қарсы сөздер айтты, қобыз тартып, ән шырқады. Ақырында қобыздың күйімен босанып шықты. Мұндай күй тартып, өзінің ғажайып өнерімен жаудың жүйкесін босатып, тұтқыннан босанып шыққан алып ерлер қазақ эпосында жиі кездеседі. Соның бірі – атақты Алпамыш.

Қазанбектің жан аямас ұлы батыры, оның туған інісі Қара-Көне оның баласы Қара-Бодау. Бұлар Қара-Көне, Қара-Бодау атымен қазақ ертегілерінде де кездеседі. Екеуі де ерте заманда Сырдария бойында жасаған атақты алыптар болуы мүмкін. Қорқыт жырында Қара-Көне жойқын алып, кемеңгер бақсы түрінде сипатталады. Кітапта оның алыптығын:

Тоқсан теріден істеген алып тон,
Тобығына жетпеген.
Тоғыз теріден істеген жең,
Иығына жетпеген.
Тоқсан қойдың терісі тон болмаған.
Он қойдың терісі бөрік болмаған, –

деп суреттейді.

Қара-Көне қазақтың бақсылық жырларында «Шара-бас» (Ұлы бақсы) деп те айтылады. Қорқыт кітабында айтылатын бұл ескі әфсананы өткен ғасырдың соңғы кезінде қазақ жыршыларының аузынан Әбубәкір Диваев жазып алған. Бұдан шығатын қорытынды: Қорқыт және оның кітабында айтылатын ескі аңыздардың барлығы қазақ ортасында толығынан сақталып келген.

Қорқыт кітабында жақсы суреттелетін алыптың бірі Ораз – «От көзді Ораз». Ол Қазанбек пен Бөрте сұлудан туған, әрі алып, әрі ақын, әрі қобызшы. Оның тоғызыншы ұрпағы Үгіршік. XI ғасырда Қаңлы елімен бірлесіп, Сырдың бойында отырады. Ораз, Оразбек қазақ ертегісінде, халық эпосында жиі кездесетін, аңызға айналған эпикалық есімнің бірі.

Қорқыт кітабының ең құнды жері – онда исламнан көп заман бұрын қазақ сахарасын ғасырлар бойы мекен еткен тайпалар мен олар қоныстанған жер-су аттары жиі кездеседі. Олар: Үсұн қожа (үйсін), Қаңлы қожа (Қаңлы), Қазалық қожа (Қарлық), Рашидеддиннің «Оғыз намесінде» баяндауынша, Үсұн қожа мен Қаңлы қожа Көл-Еркі, Тұман, Қайы хан заманында Қорқытпен қатар оларға кеңес берген билер. Ол екеуі де Қорқыт хикаясына ұлы сюжет болған кемеңгер кісілер. Бұл жырдың басты тараулары «Хан Турашылы мен Қаңлы қожа» жыры, «Секрек пен Усун қожа» жыры. Кітапта: «Қаңлы қожаның бір ұлы бар еді, аты Тұралы» (қазақтарда Тұраналы), атақты қобызшы, әрі асқан алып ер. Ол қыз іздеп оңтүстікке барады, бір сұлу қызды тауып, онымен «бөрі ойнақ» жасады, атпен қуды, садақ атып, қобыз тартты», – деген жолдар бар. «Оғыз наменің» жазуы бойынша Қаңлы қожа ұлы хан Тұралы (Тұраналы) асқан ойшыл, оғыздарға ат қоюшы, сары тоңды Салжан қатынның күйеуі.

Усун қожа туралы айтылған жырлар түгелдей көне Қазақстан жерін суреттейді, сол кездегі ескі тайпа Үйсін (Ұсұн) елінің өмірін баяндайды. Олар мекен еткен жерлер Арқаның белі, Алатау Көкше теңізі (Балқаш көлінің ескі аты). Бұл хикая – Қорқыт әфсанасының Үйсін, Қаңлы заманында (Y-VI ғғ.) шыққан ең ескі

түрінің бірі, халық аузында аңызға айналған ғажайып әңгіме.

Қорқыт кітабында былай делінген: «Оғыз заманында Үсүн қожа дейтін кісінің екі ұлы бар еді. Үлкенінің аты – алып Екрек, екіншісінің аты – Секрек. Олардың отырған өлкесі Көкше теңіз (Балқаш). Ағасы Екрек жау қолына түскенде оны құтқаруды мақсат етіп інісі барған еді...

Жасұлан зынданда қапа болып отырған ағасының үстінен келіп қобызбен Қорқыт күйін тартады. Оны ағасы естіп: «Аузың үшін өлейін, құлыным тілің үшін өлейін, құлыным!» – деді.

Екрек зынданнан шығып, Қазалықтың жүйрік атын тауып мінеді, жауларын қырады, інісімен аман-есен еліне келеді. Келіп: «Бабам қайда?» – деп сұрайды. Үсүн қожа зор қуанышқа батты, «Күмбір, күмбір даулдар естілді, алтын түсті бөрілер ұлыды, ол күндері ақ боз үйлі отаулар тігілді. Аттан-айғыр, түйеден-бура, қойдан-қошқар сойылып, үлкен той жасалды».

Бұл Қорқыт кітабында суреттеліп отырған Үсүн қожа Қазақстанның ең ескі тайпаларының бірінің аты, ұлы жүзге негіз болған үйсіндер. Олар біздің заманымыздан үш ғасыр бұрынғы Жетісудағы ең атақты елдің бірі, өзінің ықпалын олар мың жыл бойы бүкіл ұстап, оны түрік қағанатына дейін сақтап келді. Үсүн туралы Қорқыт хикаясының мазмұны осы дәуірлерді еске түсіреді.

Қорқыт әфсанасындағы қазақ жерімен байланысты ең қызық жылдың бірі «Қазылық қожа ұлы Ер Жүгенек» туралы, Оғыздың ел басшысы Дерсе хан мен Қазылық қожаның мекен еткен жері Қазылық тауы, Алатау, Қаратау – бәрі бір кезде Сырдария бойына

бағынған өлкелер. Жырда «Қара қожа Қазылық атым» дейді. Бұлар ескі сөздер, оны жаңадан қосылған Кавказ тауымен салыстыруға болмайды.

Қорқыт кітабындағы Ер Жүгенек, «жауға тау қыранындай қарсы шабатын, мінгені жел жетпейтін тұлпар, торы айғыр». Жүгенек әрі ақын, әрі қобызшы, әрі алып ер, оны халық ерекше ынтықпен сүйетін. Әкесі Қазылық қожа – Баяндыр ханның уәзірі. Жүгенек бар жігіттің арқасы, бар ұлыстың үміті, Түркістанның тірегі, таулы құстың ұрпағы, Қарашықтың қабыланы. Күндерде бір күн Жүгенектің әкесі жау қолына түседі. Жүгенек шыдамы кетіп Баяндыр ханға келіп: «Маған көп әскер беріңіз, әкемді босатып алайын», – дейді. Хан ұлы алыптар бастаған көп әскер беріп, оның ішінде жеті қаланың кілтіне ие болған «Елекқожа ұлы Төлек, Өрен барсын» дейді. Бұлар Сыр, Арал теңізі бойында қоныстанған Өрен қыпшақтар еді. Осы кезде Жүгенек түс көреді, қасына ақсақалды Қорқыт келіп кеңес береді. Жолшыбай сырт оғыздың басшылары кездесіп, олар да көп әскер қосады. Мұның бәрі кейін іс жүзіне асады. Жүгенек Оғыз елінің жауларын тегісімен қырады, әкесі Қазылықты қамаудан босатып, аяғына бас иеді. Әкесі ұлын бауырына басып көзін сүйеді, қатты қысып құшақтайды. Ең соңында еліне қайтып, халқын қуанышқа бөлейді.

Сол кездегі ұлы жиналысқа Қорқыт ата келіп. «Ханымыз, бұл Оғузнаме Жүгенекке арналсын, менен кейінгі ұзандар да (ақын) солай деп жырласын. Қара таулардың жүні жығылмасын, жапырағы қалың қаба ағаштың басы кесілмесін. Ақсақалды бабаңның жері жұмақ болсын, ақ бүркеншік ананың жері бейіш болсын», – деп сөйлейді.

В.В.Радловтың зерттеуінше, Қорқыт әфсанасында айтылатын «Қазылық ұлы Жүгенектің жыры» қазақ эпосында сақталған «Хан Шентай» жырына өте ұқсас. Демек, ескі заманда қалыптасқан бұл жырды да қазақ эпосы жақсы сақтай білген.

Қорқыт кітабына негіз болған ескі жырдың бірі – «Қамбарұлы Бамсы Берік», оны Байбөрі деп атайды. Жыр былай басталады: «Уа, ханым, Хан Баяндыр жерінен тұрды. Қара жердің үстіне ақ ордасын тіктірді, көк жүзіне шалқыған биік шатырларын көтерді, маң жерге жібек қалың кілемдер төсетті, іш оғыз бен сырт оғыздың бектері Баяндыр ханның тойына жиналды. Ол тойға Баяндыр ханның қарсысында жайға (садақ) сүйеніп Қара Көне ұлы Қара Бодау тұрды. Оң жағында Қазан ұлы Ораз, сол жағында Қазалық қожа Жүгенек тұрды. Байбөрі оларды көріп «ах!» деді есінен жаңылып, орамалын қолына алып боздап жылады. Бұны естіп қалың Оғыз аркасы, Баяндыр ханның күйеуі, Салар Қазан тізесінен жүгіне отырды да, Байбөрінің жүзіне қарады, тағы сұрады: «Байбөрібек, неге боздап жылайсың? – деді. Байбөрі айтты: «Хан Қазан, қалай жыламаймын, неге боздамаймын, менің ұлым да, туғаным да, күшім де жоқ. Бұл не деген қорлық! Алла мені қарғаған. Билерім мен тек тәжік үшін, бақытым үшін боздаймын... Егер менің ұлым болса, ол хан Баяндыр қарсысында тұрмас па еді? Ол менің сүйенішім, қуанышым, мақтанышым болмас па еді?» Мұны айтқан кезде билер жүзін көкке қаратып, қолдарын жоғары көтеріп тілек айтады: «Алла сағаң бір ұл берсін!» – дейді.

Бұл тілек жүзеге асады. Байбөрінің Әулиеге ат қойып, Қорасынға қой айтып, бала сұраған боздауы орындалады. Айына жетіп ұл туып, атын Бамсы Берік

қояды. Осы кезде Оғыз Бижаннан бір қыз туады. Оған Бану-Шешек деп ат қояды. Екеуін бесікте жатқанда атастырады. Бамсы Берік бір күні аң аулап жүріп, бұлақ басында тігулі тұрған қызыл шатырға кездеседі. Ол Бану-Шешек шатыры екен. Осы арада «Қыз бөрі» ойыны басталады. Қыз қашып, жігіт қуады. Бамсы қызға жетіп, екеуі танысады. Бір-біріне жүзік беріседі.

Соңынан Байбөрі қызды баласына алып берейін десе, қыздың адудан ағасы Қарашар барғандардың басын кесіп өлтіре берген соң, Қорқыт атаны жұмсайды. Қарашар Қорқытты да шаппақшы болғанда, қолы қарысып қалады. Қорқыттың тегін еместігіне көзі жеткен Қарашар қалыңмалға келеге түспеген мың үлек, биеге түспеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, құйрығы мен мойны жоқ мың ит және мың бүргe сұрайды.

Қорқыт оның бәріне көнеді. Ит пен бүргені өзі керемет пен таппақшы болады. Құда түсіп, қуаныш етеді. Көп ұзамай Сыр бойындағы елге жау шауып, Бамсыны тұтқындап алып кетеді. Ел толқуда болғанда оған билік айтқан кісі Яртушақ бейнесі «Алпамыш» жырындағы Ұлтан, Бамсымен айтысқа түсетін бейпіл ауыз Қысырша женге Бадамшаға ұқсас. Жалпы айтқанда, «Бамсы Берік» жырының бүкіл сюжеті, ішіндегі оқиғасы, эпикалық қаһармандары тегісімен «Алпамыш» жырымен бірдей. «Алпамыш» жырындағы Ұлтан екеуі де өгей ұл, халық оларға жирене қарайды. Қысырша мен Бадамшаның бейнесі де бірдей, екеуі де сақауланып сөйлейді. Сюжеттегі ең жақын ұқсастық Бамсының да, Алпамыштың да зынданда отырып, қобыз тартып, жаудың жүретін жібітуі, күй тартып, ғажайып өнерімен жау қолынан босанып шығуы.

Демек, «Бамсы Берік» жыры ең ескі дәуірде шыққан «Қорқыт кітабындағы» эпикалық жырдың бір жойқын түрі. «Алпамыш» жыры соның бергі кезге дейін сақталып келген бір нұсқасы.

Ол Алтай тауынан бастап, Орта Азия, Кавказ жеріне дейін тараған әфсана. Оғыз-қыпшақ тайпалары оны мыңдаған жыл есіне берік ұстап, ұлы аңызға айналдырған. Бұл жырдың ескі дәуірдегі аты: «Бамсы», «Бамыс», «Мамыш», «Алып Мамыш», кейінгісі «Алпамыш», «Алпамыс», «Алпамыш».

Сыр бойында оны көбірек жырлап бізге жеткізген қыпшақ, қаңлы, қоңырат ақындары. Оны сол ескі қалпында осы күнге дейін жырлайтын қазақ, қарақалпақ, өзбек ақындары. Бұларда (әсіресе қазақ пен қарақалпақта) Алпамыс жырының ескі сюжеті өзгерусіз тарихи құрылысын берік сақтап, біріне-бірі ұқсап тұрады. Оған негіз болатын қаһармандар оғыз елінен тарап шыққан қоңыраттар, олар Сырдарияның, Жиделі-Байсын – Әмудариянның бойын мекендеген. Шайбани заманынан бері қарай Қоңыраттар екіге бөлініп қалды. Бір бөлігі (ең көбі) Сыр бойын, Қаратауды қоныстады. Екінші бөлігі XVI ғасырдан бері қарай солтүстікке көше алмай, Әмудария бойында қоныстанды. Демек, «Алпамыш» жырының сюжеті екі тілде өзгерусіз сақталуына бұл негіз бола алады.

Қорқыт жырының енді бір тарауы – қият тайпасынан шыққан «Доқа-Қожа ұғлы ер Домрул», қазақ әфсаналарында мұны «Тоқа ұлы Домбауыл» деп атайды. Қорқыт әңгімесінде: «Оғыздардың ортасында Тоқа қожа ұғлы ер Домрул деген бір ұлы алып бар еді. Әр уақыт көпір салып, өзеннің жағасында тұратын (қазақ әфсанасында аң аулап, өзеннің жағасында жүретін).

Күндерде бір күн сол көпірдің қасына бір ауыл келіп қонды. Олардың ішінде бір сұлу жігіт бар еді. Ол қапылыста қайтыс болды, ел боздап жылады, үстіне қара салынды. Ер Домрул ашынып келіп елден сұрады: «Оны өлтірген кім?» – деді. Ел айтады: «Тәңірінің бұйрығы болды, оның жанын алған қызыл қанаты бар Әзірейіл» – дейді. Домрул оған қатты қаһарланып: «бостан-бос кісінің жанын алатын Әзірейіл кім? Ол менің көзіме көрінсе, онымен аяусыз соғысып, жігіттің жанын қайтарып бер дер едім. Жас наушаның жанында нең бар?» – деп тебіренді.

Домрулдың бұл сөзі Құдайға ұнамады. Әзірейілге бұйрық берді. «Осы кісінің өз сұрқын кетір, жанын ал», – деді.

Домрул қырық жігітімен тамақ ішіп отырғанда үстіне Әзірейіл жетіп келді. Оның қалай келгенін далада тұрған күзетші, не қақпа аузында тұрған күзетші білмеген. Домрулдың жарқын көзі түнере бастады, алып қолы төмен түсті, дүниені қараңғылық басып кетті. Сонда Домрул ақырған қатты дауыспен айтты: «Сен, ажал іздеп жүрген не қылған шалсың? Көзіңді қараңғылық басқан жауыз шалсың?» – деп ақырады. Оған Әзірейіл қатты қаһарланып: «Мені жауыз деп неге кемсітесің? Ұлы бұйрық бойынша жаныңды алуға келдім!» – деді. Домрул қара сөлебесін қынынан шығарып Әзірейілді ұрмақ болды. Әзірейіл көгершін елесіне түсіп терезеден ұшып кетті».

Бұл ескі аңыз ислам дінінің Сыр бойында жаңадан келе бастаған кезінде (VII ғ.) халық аузынан ерекше орын алған әфсананың бірі. Қорқыттың ажалмен күресудегі ұлы мотивтерінің бір түрі.

Домрулдың әфсанасы исламға бүтіндей қарсы. Кейбір сөздік құрылыс Орхон жазуындағы Білгі ханының сөзі дәл келеді.

Қорқыт әфсанасындағы Ер Домрул сияқты ұлы алыптың бірі қазақ пен қырғыздар айтатын ең ескі дәуірдің аңызы «Ер Төстіктің хикаясы». Бұл жойқын алып бар өмірін жан алушы Сүрелімен, Әзәзілмен алысумен өткізеді. Демек, Ер Төстік әңгімесінің өзі тегісімен Қорқыттың өлімге қарсы идеясынан алынған, ескі хикаяның бірі екенін көрсетеді. Қорқыт жырындағы «Төбекөз» сюжетіне ұқсас аңыздар қазақ пен қырғыз ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Ежелгі заманның аскан ері Бисаттың Төбекөзге айтқан сөздері (Тұрағым – күн мен – ай, анам – ағаш, атам – Арыслан) қазақтың «Бақсы жырларында» да мол ұшырайды. Төбекөздің тағы бір сюжеті қазақ фольклорында «Ақ-шарқан» – «Жалғыз көзді дәу» ертегісінде әдемі сақталған. Мұнда Төбекөз кейде айдаһар, кейде тажал болып суреттеледі. Төбекөз жеп қоятын Бисаттың ағасы Қиян (Қият) қазақ аңызы бойынша Дуа соқырдың (кейде Шабасоқыр) баласы. Барлық Қият елі осыдан тарайды. Қазан шежіресінің айтуы бойынша, Домбауыл мен Шабасоқыр Қорқыттың замандасы. VI-VII ғасырларда тұрғызған Домбауылдың күмбезі осы кезге дейін Сарысудың бір саласы Кеңгір өзенінің жағасында тұр.

Қорқыт жырында суреттелген Төбекөз сияқты жалғыз көзді дәу қазақ ауыз әдебиетінде өте көп, «Дәу баба», «Аю дәу» аңыздары мұның көпілі. Шоқан Уәлихановтың терең зерттеуінде Жалғыз көзді дәу қазақ сахарасына кеңінен тараған ескі мифтің бірі. Ол гректердің Циклоны сияқты адам жейтін алып дәу. Одиссейдің орнынан дәумен аяусыз алысатын қазақ ері «Батырхан».

Қорқытпен байланысты ұлы мұраның бірі «Қорқыт айтты» дейтін оның нақыл сөздері, елді мүсіркеп айтқан үлгілі саңлақ ойлары, жарқын мерейімен, киелі толқынмен, алдын болжап айтқан, адамға ой түсіретін терең толғаулары, ауыз тұщынатын, көңілді шабытқа келтіретін өсиет, сарын, ақылгөй сөздері, Қорқыт аскан жырау, жүйрік шешен, ұлы ойшыл. Өзінің өмірінде көп нақыл сөздер, толғаулар, тақпақ сөздер айтып қалдырған. Оның әдемі нақылдарын, толғау жырларын кейінгі ақындар (ұзан) жатқа айтып, елден-елге таратып келеді. Соғысқа бара жатқан алыптар оның алдына барып бас иетін, Қорқыт оларға тілек білдіріп, қылышына киелі сөздер айтатын.

Қорқыттың нақыл сөздері бүтінде Берлин кітапханасында сақталып келеді. Олардың кейбіреулерін неміс ғалымдары жарыққа шығарды. Тақпақ сөздің жалпы саны төрт жүзге таяу. Оны алдыңғы беттері (75 нақыл сөздер) Қорқыт атымен жазылған. Қорқыт кітабының ойларымен бірдей. Кітаптан Қорқыт дәуірінде жасаған 366 ұлы алыптар, 24 данышпан билер, 32 білгіш ел басқарушылар орын алған. Нақыл сарындарының түбегейлі сюжеті – жойқын алыптардың ерлік қасиеттерін ардақтау, оларға үлгі сөздер айту.

«Қорқыт айтты» дейтін тақпақ сөздер қазақ халқының мақал-мәтелдерінде осы күнге дейін көп кездеседі. Олардың ашық дәлелі ретінде Көрұғлы, Алпамыс, Бозұғлан, Бозжігіт, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, тағы толып жатқан хикая, аңыздарды келтіруге болады. Бұл жырларды оқығанда көзге ерекше түсетін мәселелер олардың сюжет құрылысы, эпикалық бейнелері, «Қорқыт» дастаны мен «Оғыз намеде» айтылатын эпикалық сарындармен өте ұқсастығы. Мәселен, Оғыз-

қыпшақ дәуірінен дәстүр болған әлеуметтік көріністің бірі – ақындардың той үстінде ерлік жырын айтып, өткен ерлік дәстүрді еске түсіруі. Академик В.А.Гордловский бұл дәстүрдің қазақ пен қырғыз халқының тұрмысында кейінгі заманға дейін жақсы сақталғанын мысалға келтіреді.

Бұдан шығатын тұжырым – қазақ халқының рухани тіршілігіне, әлеуметтік құрылысына оғыздардың қосқан үлесі аз емес. Өзге тайпалармен бірге Сыр бойы моңғол дәуіріне дейін қоныстанған кейбір Оғыз тайпалары кейін қазақ қауымын құрысуға қатынасып, соның белгілі құрамының бірі болады. Академик В.В.Бартольд те осы пікірді қолдайды. Ол кісінің зерттеуінше, XVI ғасырда қағаз бетіне түскен «Қорқыт» дастанының негізі ол баста Орта Азияда, Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша көп заман ауызша айтылып келген.

«Білім және еңбек»,
1982 жыл, №11.

ҚОРҚЫТ КҮЙШІ

Қорқыт қазақ халқының тарихындағы сұлу легенда, ұлы суреттің бірі. Халық аузынан қалған қандай легенда болса да, Қорқыт пернесінен асқан асқарлы бейне өткен ғасырлардың ешбірінде болған емес.

Бұл жерде біз Қорқыттың кім екенін, оның халық жырындағы ерекшелігін жазбас бұрын, алдымен Қорқытты шығарудағы мақсат не, оны туғызудағы халықтың тілегі не еді?.. Қорқыт бейнесін ғасырлар бойы қызықты көруге әсер еткен қандай шаруашылық, салт-сана бар еді?.. Міне, осыларды айта келіп, содан кейін Қорқыттың өз өмірін, оның легендасын, Қорқыт және ол кездегі мәдениет ошағы болған өлкелер туралы айтсақ, «Қорқыт» жыры ұғылуға тиісті.

Қорқыттың дәуірі. Кейбір тарихи мағлұматқа қарағанда, VII-X ғасырлар арасы сахара тарихының бір көрнекті дәуірі. Бұл кез, патриархал-ру сатысы біраз өзгеріп, қазақ халқының тарихи заманнан рулары болған қаңлы-қыпшақ жұртының қауым тіршілігі, мәдени өркендеу жағынан бірсыпыра ілгері басқан кезі еді.

Бұл айтқан қаңлы-қыпшақ дәуірі (VII-X ғғ.), жұртшылық-әлеуметтік жағынан VII ғасыр дәуіріне жетпесе де, ол кез қауым тіршілігінің, материалдық өндірісінің бірсыпыра ілгері басқанын білдіріп, бізге

Қорқыт сияқты дананың ұлы бейнесін қалдырғаны байқалады. Олай болса, Қорқыт сияқты терең бейненің тарих жүзіне келуі, ол бір кездегі қауым өркендеуінің белгілі табыс екеніне күдік болмауына керек.

Қорқыт жасаған қаңлы-қыпшақ дәуірінде Орта Азия көлемінде екі түрлі жұрт болған, оның бірі – Ақсу, Әмудариянның ар жағын мекендейтін Сасанит жұрты, екінші – тарихы заманнан Сырдариянның өлкесін жайлайтын қаңлы-қыпшақ жұрты. Қаңлы ұлысынан тараған оғыздар VII-X ғасырларда Сырдариядан үшінші Каспийге дейін зор мемлекет құрып, Арал теңізінің қасындағы Жанкент қаласы мен Үргенші бұрынғыша олардың саяси, мәдениет орталығы болды.

Тарихи жазулардың жобалауынша, Қорқыттың жасаған дәуірі осы айтқан Оғыз (Қаңлы-қыпшақ) дәуірі. Бұл кездегі екінші түрде «Түрік хандығы» деп атайды. Мүмкін, Қорқыт сол кездегі жұртшылықтың белгілі қариясы болып, Оғыз олардың жұрт басқарушы ел ағасы болуы ғажап емес. Мұны тарихи зерттеулерде солай жобалайды.

Оғыз-қыпшақ дәуірінде шыққан сұлу әңгіме бір ғана Қорқыт әңгімесі емес. Осы күнге дейін айтылатын «Оғыз-наме», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары да сол айтқан дәуірлерден қалған халық жырлары екені байқалады. Бұлардың ішінде «Оғыз-наме» мен «Қорқыт» легендасын бірінен-бірін бөлек қарау және мүмкін болмауы керек.

Араб-парсы тілінде жазылған тарихи жазуларға қарағанда, тіршілік майданына Қорқыт пен Оғыз шыққан дәуірде, бұрын саяси шаруашылық бағыттары күшті болған жұрттар, олардың саяси әлеуметтік рөліне зор көңіл бөліп, олардың жұртшылық алдында келтір-

ген әлеуметтік ісін бұл айтқан жұрттардың жазушылары легенда ретінде жазып қалдырып отырды.

Қорқыт пен Оғыз шыққан дәуірде, саяси тіршілік бұрынғыша Оңтүстік өлкесінен шөлейтке беттемей, ендігі саяси шаруашылық бағыты күн шығыстан (Алтай-Жетісу) Оңтүстік-күнбатыска қарай (Бағдат-Мысырға) бейімдеп, қаңлы-қыпшақ жұрты бұрынғы мәдениет ошағы болған жерлерімен астасады. Ордос[1] пен Донай өзенінің арасындағы кең жазықта бұлар күшті мемлекет құрып, бір жағы Иран, бір жағы Қытай, бір жағы Румия (Византия), Мысыр жерімен астасып, дүниедегі ең мәдениетті жұрттармен қатынас жасайды. Бұл кездегі қаңлы-қыпшақ жұрттарының ру басы иналдары[2] ертедегі «Тәңірі» деп аталған салт бойынша енді «хан» атағын алып, бұрынғы бытыраған руларды бір билікке бағындырады. Бұл айтқан VI-X ғасырларда қазіргі Жетісу, Сырдария өлкесінен бірнеше мәдениет ошағы құрылып (қалалар салынып), ол кездегі қаңлы-қыпшақ жұрты қытай тәртібінше таста жазу қалдырады.

Қорқыт пен Оғыз шыққан дәуірде Маңғыстау, Сырдария, Жетісу, Алтай өлкелері ерекше тіршілікке кіріп, еңбек еткен жұрт тегісімен мағыналы іске, өнімді кәсіпке үйренді. Алтын, күміс, темір қорыту істерін шығарып, одан не түрлі сымбатты бұйымдар жасады. Осы күнге дейін жер астынан қазып табатын толып жатқан тас жазулар, алтын, күміс ыдыстар, неше түрлі ескіріп қалған қаланың орындары – сол екі заманның жосығы болатын. Қорқыт, Оғыз атамен байланысқан

[1]Ордос – Күнбатыс қытайдағы бір өлкенің аты. Тарихи заманда көшпелі елдің шүйгін жайлауы болған.

[2]Инал – көбінесе инак-жұрт ағасы, ел басқарушы деген сөз. Түбірі нанудан, сенуден шыққан. Екінші түрде халық сенген адам.

осы сияқты даналық істер кейін жұрт аузында жыр болып қалғандықтан, бара-бара олардың бұл даналық ісінен Қорқыт пен Оғыздың сұлу ертегісі туады.

Қорқыт пен Оғыз дәуірінің ерекшелігі, бұл кезде жұртқа жаңадан жосын шығарып, ұлыс ішінен тақпақшы шешен, билік айтатын қариялар көбейеді. Бұл айтқан тақпақ, би қария сөздері бұрынғы үйсін заманында (III-IY) болса да, тап осы айтқан VI-X ғасырлар арасындағыдай емес еді. Міне, бұл айтқан «шешендік», «би сөзі», «жыр сөзі» жалпы өнершілік Қорқыт дәуірінен былай қарай ерекше өркендеп, ой-сананың есеюі Қорқыт атымен байланысқандықтан, бұл дәуірді (VI-X ғғ.) Қорқыт заманы деп атаса да болады.

Гомер мен Ағаменон[3] әңгімесі ескі грек тарихының бір көрнекті шағы болса, Қорқыт пен Оғыз ханның өмірі де дала тарихының орын алған бір көрнекті ертегісі болатын. Қорқыт заманының бұрынғы патриархал тұрмыстан айырмасы, мұнда қауым тіршілігі бұрынғыдан анағұрлым ілгерілеп, ұлысты басқару, шаруа бағу енді жаңа түрге айналды. Бұл кезде ел басқару үшін бұрынғыдай аңғал батыр, алып күштің иесі керек емес, санасы өркендеп, материалдық өндірістің жоғарғы сатысына жеткен қауым тіршілігіне, оның жұртшылығын басқаруға енді ақыл иесі дана адам керек болады.

Қорқыттың заманы – Орта Азияны арабтар жаулап, сауда капиталы Үргенші мен Сырдария бойына тарай бастаған кез. Арабтардың Сырдария

[3]Гомер – Қорқыт сияқты ескі гректердің атақты жырауы. Ағаменон Гомер жырында айтылатын Ер Төстік сияқты алып батыр.

бойындағы қалаларға келіп, сауда, дін үгітін жүргізуі VII ғасырдың 50-жылдары. Бұл кездегі арабтардың күшті руы Омайаттар Әбдімәлік Халифаның тұсында (690) Кавказ, Ирак, Парсы, Ауғанстан, Орта Азияны тегісімен өзіне қаратып, «Жат ықылым» деп аталатын күнбатыс Қытайға дейін барды. Алайда, VII-ғасырда жаңа шыққан ислам діні Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ жұртына артық әсер етпеді. Оның үстіне араб феодалдары өзара екі жарға бөлініп, бір жағын Омайаттар (Әбдімәлік) бастаса, екінші жағынан Аббас халифасы көтеріле бастады. Аббастар Шам өлейетін басқаратын омайат халифалығына сенбей, орталық астанаға Бағдат қаласын көтереді. Сырдария, Үргенші, Жетісумен жиі қатынас жасап, оларды өзінің шеңберіне алуға ұмтылды.

Аббас халифасының ең гүлденген кезі Mahди мен оның баласы атақты Арун-Рашит кезі (VIII-X ғғ.). Бұл кез араб жұртында бір жағынан ғалым, философ, ақындар көбейсе, екінші жағынан дін салты фанатизм күшейіп, ол феодалдың тілегін орындайтын үкімет діні бола бастады. Арун-Рашит кезінде арабтарда мәдениет ісі айта қалғандай көркейіп, бұл кезде дүниедегі әңгіменің ең қызықтысы болған «мың бір түннің хикаясы» туды.

Бұл айтқан арабтардың кезінде тарих жүзіне Қорқыт сияқты халық сүйген ұлы жыршының асқаралы бейнесі шығады. Халық бұқарасының білім қазынасы болған мұндай даналардың туысы халық фантазиясында басқа түрлі алып-ердің (Ер Төстік, Құламерген, Хан мерген) туысынан басқарақ болып, бұларды көбінесе санамен сарғайып ау жағасынан, өзен бойынан іздеп жүріп табады. Қорқыт, Жиренше, Едіге, Асан қайғы бұлардың

қайсысын алсақ та олардың бәрі де ақыл иесі болу үшін өзен жағасында туып, не суда ағып бара жатқан жерінен табылады. Ақылы асқан бұл қариялардың туысы жұрт қиялында кейде жаратылыстан тысқары нәрсемен байланысып, олардың анасы күнмен, сәулемен (нұр) шағылысудан туады (Шыңғыс). Бұл туралы халық аузында талай легенда айтады. Мәселен:

– Ерте заманда қазақтың бір ханы болған екен. Оның ай десе айдай, күн десе күндей бір сұлу қызы бар екен. Хан ол қызын жұртқа көрсетпей жапан түзге үй салдырып, қызын сонда тұрғызыпты. Қыздың қасында серік қыздан басқа ешкім болмапты. Қыздың күн сайын көретіні бір ғана ай, күн, жұлдыз екен. Қыз бойжетіп бір күні далаға шығып шуақтап жатса, қыздың бойы шымырлап, денесі маужырағандай болады. Біраздан соң кешікпей қыз екіқабат болады. Қыз оны шешесіне айтады. Шешесі: «Ел жоқ, күн жоқ, жапан түзде жатып қалай жүкті болдың?» – дейді. Қыз: «Ешкімді көргенім жоқ. Бір күні күн көзінде жатып едім, осылай жүкті болып шықтым», – дейді. Шешесі мұны жасыра алмай ханға барып айтады. Хан қызын көргісі келмей оны бір алтын сандыққа салып, суға ағызып жібер деп әмір қылады. Қыз суда ағып келе жатқанда, оны аң аулап жүрген Домбауыл, Тоқтауыл деген екі мерген көреді. Мергендер оған таң-тамаша болып сандыққа қызығып, оның біреуі ішін, біреуі сыртын алмақшы болады. Тоқтауыл сандықтың сыртын алам дегенде, Домбауыл оның ішін алып қараса, сандықтың ішінде айдай бір сұлу қыз жатыр екен. Қыз: «Күн нұрынан жүкті болдым, аз күнде босанамын», – дейді. Біраз уақытта одан Шыңғыс туады[4].

[4]Г.Н.Потанин, Казахско-алтайские легенды, 1916 г. 47-49.

Бұл легенданың енді бір түрі былай басталады.

Ерте заманда бір ханның жалғыз қызы болыпты. Хан ол қызын түн теңізінің ортасынан үй салдырып, оның жанына қырық қыз күтуші беріп, қызын түн теңізінің ортасындағы сарайға орнатыпты. Бұл жерге жанды зат келтірмей, қызды далаға шығармай, ай, күн нұрын көрсетпей, қызын әрқашан қараңғы қапаста ұстапты. Күндерде бір күн ханның қызы құса болып, сарай алдына шығып жүретін қыздарға: «Маңайда не бар, не көресіңдер?» – деп сұрапты. Қыздар: «Даланың сәулесі бар, одан басқа дәнеңе жоқ», – дейді. Хан қызы: «Маған сол сәулені көрсетіңдер», – дейді. Көп қыздар сарайдың терезесін ашып, үйге сәуле түсіреді. Одан кейін кешікпей қыз екіқабат болады. Бір күні қыздың жүкті болғаны ханға естіледі. Хан жарлық беріп, қақпалы қайық жасатып, қызын қырық қыз нөкерімен қайыққа отырғызып, өзен суына ағызып жібереді. Бұл өзеннің төменгі жағында елден қуылған Домбауыл мерген мен оның серігі Шабасоқыр деген тұрады екен. Шабасоқыр қырық шақырым жерден көреді екен. Суда қалқып келе жатқан қайықты алыстан көріп, оны Домбауылға айтады. Алтын қайық ағып бұлардың қасына таянғанда, Шабасоқыр сыртын, Домбауыл ішін алмақшы болады. Қайық қалықтап бұлардың қасына келгенде Домбауыл мерген Шабасоқырға айтады: «Қия атайын ба, кесе атайын ба?» – дейді. Шабасоқыр: «Қия ат!» – дейді. Домбауыл мерген қия атқанда садақтың оғы алтын қайықтың қақпағын жұлып түсіреді. Сондықтан Шабасоқырдың ұрпақтары «Қият» деп аталатын болады. Алтын қайықты ашып қараса, қырық қыз нөкері бар, ішінде бір сұлу қыз отыр екен. Ол қызды Домбауыл алып үйіне қайтады. Алтын қыз босанғанша қасына

Домбауылды жолатпайды. Кейін одан Тәңірберді-Шыңғыстың атасы туады.

Мұндағы Домбауыл мерген ерте замандағы «Ер Төстік», «Құла мерген» сияқты алып батырлар бейнесінің бірі болса, Тәңірберді, Шабасоқыр Оғыз хан мен Қорқыттың тарихи шын түрі. Бұлардың туысы Ер Төстік, Аккөбек, Құла мерген сияқты алып күштің бейнесімен байланыспай, Тәңірберді (Оғыз хан), Шабасоқыр (Қорқыт) Шыңғыстың туысы бүркіттің жүрегіне, бөрінің өтіне, боз ингеннің сүтіне жерудің орнына, енді күн сәулесін сүйіп, сол арқылы халық данасын келтірмекші болады.[5] Бұрынғы бөрінің өті, бүркіттің жүрегі, боз ингеннің сүтінің орнына, Қорқыт заманында «күннің сәулесі», судың ағыны, айдың жүзі-ақыл ойдың тірегі болып, олар жұрт басқаратын даналықтың белгісі (бейнесі) ретінде жүреді.[6] Сондықтан халық сүйетін даналарды (Қорқыт, Шыңғыс, Едігелерді) көбінесе су, өзен жағасынан іздейді.[7] Кейде өзен су

[5]Бұл туралы «халық жырындағы мотивтер» деген біздің мақаланы қара: «Халық мұғалімі», 1939-1940 жылдары.

[6]Ерте замандағы қазақ-маңғұл жұртына символ (түспал) болған жаратылыс заттары: а) күн-махаббат, әділет, ашықтықтың белгісі «Күнім» деу махаббаттың, сәби тазалықтың күшті түрі саналған. Әділеттің ашық түрі «Болат темір» түрінде жүргізілген: Болат әділдік туралы, таза кесетін, төрелікті көрсеткен (кесу қара қылды қақ жару). б) «Ай»-сұлулық сана ишарасы болған. в) жұлдыз-мереке, ойын-сауық, жастық белгісі болған. г) Теңіз, су, ой-сана; білім, байлық белгісі болған. д) Тау, күш беріктікті көрсеткен. е) Жер мәңгіліктің, өзгермеулің, ананың бейнесі болған. Ол кездегі қазақ қауымының түсінуінше өзгермейтін жалғыз-ақ жер мен ана. ж) От аспан (жай) ой тірегі табынатын тәңірі деп саналған.

[7]Алып ер батырға құмар болған патриархал-ру қауымы бала іздеу туралы; «күн сәулесі», «су жағалаудан» басқа және мына легенданы келтіреді. Бір адам арып-ашып келе жатып айдаладан бір «ақ бас» тауып алса, баста мынадай жазу бар екен: «Мен тірі

жағасында туатын дана баланың не су жағалап дана бала іздеп жүретін ананың орнына, оның бір тал шашы легендамен айтылып, ол шаш ақылды ананың, дана туатын баланың ишарасы ретінде жүреді. Бұл туралы «Құла мерген» («Аламан мерген») әңгімесі былай дейді.

Құла мерген аң аулап жүргенде, бір күні алтын-шаш дарияға су алғалы барып басын жуып отырса, бір тал шашы суға ағып кетеді. Бірнеше күн өткен соң бір балықшы алтын шашты тауып алып, аулына апарып көрсетеді. Оны ол жердің ханы естіп, шашқа ғашық болады.

«Аламан мерген» ертегісінде «Алтын шаш» бір күні дарияға барып суға түсіп жүрсе, бір тал шашы үзіліп суға ағып кетеді. Күндерде бір күн сол жұрттың ханы қырық уәзірлерімен аңға шығып жүрсе, алыстан күнмен шағылысып жатқан бір нәрсені көреді. Олар бұған таң қалып қасына келсе, өзеннің қамысына бір тал шаш оралып, үстінен су төгіліп тұр екен. Хан шашты көріп «мұның иесі кім» деп, көруге асық болады.

Бұл сияқты қыздарын бітеу сарайда ұстау, не халық сүйген дананы бала күнінде ағып бара жатқан судан ұстау – ол ескі Грек, Рим ертегілерінде болған. Грек, Рим жырында қалқып жүрген жәшік ынғай балықшыға кездессе, қазақ ертегісінде көбінесе аңшы-мергендерге кездеседі.

күнімде саны жоқ қолды қырған едім, енді өліп жатып қырық кісі өлтіруге шамам келеді», – депті. Жолаушы ол басты өртеп, күлін орамалға түйіп, қызына әкеп беріп, жоғалтпай сақтап қой дейді. Қыз түйілген орамалды таңсық көріп ашып қараса, ішінде ұнтақ үгіндіні көреді. Ол ұнтақты дәмін татып көрейін деп аузына салған екен, қыз кешікпей екіқабат болып, одан Баба-түкті (Қорқыт) туады. («Едіге жыры», Шоқан 231-бет.)

Сонымен, «Ер Төстік» жырын шығарған үйсін-қаңлы дәуіріндегі алып табатын аналар, тау кезіп, дәумен жолыққысы келсе, Қорқыт бейнесін шығарған оғыз-қыпшақ дәуіріндегі аналар халық мұңын ойлайтын дана бала табу үшін, олар ақыл-ойын сарғайтып, күн құшып, су жағалайды. Осылай істесек, дана жігіт туар ма деп қиял қылады. Осы тәрізді жұрт қиялы болған ақылды аналар су жағалап, бала іздеп жүргенде, дүниежүзіне Қорқыт сияқты ұлы дананың суреті келеді.

Қорқыттың туысы. Халық легендасында қосақталып жүретін бір мәндес бейнелер болады. Мәселен, Жиренше шешен, Асан қайғы, Шыңғыс Алаша, Қорқыт-Оғыз хан.[8] Қорқыт пен Оғыз ханның туысы туралы жұрт аузында қалған легенда былай дейді:

– Ескі қарияның айтуынша, Оғыз хан (Қорқыт) туған күні бүкіл дүние нұрға толып, жер-көк сұлулыққа батты. Ол көп уақыт анасының емшегін ембей, алдымен су еміп, одан кейін анасының емшегін бірақ сорды. Бесікке жатқызды, одан тұрып кетті. Қырық күнде бойы өсті, балалармен ойнап кетті. Ат керек қылды, ат берді. Атқа отырып аңға шықты. Орманға барды. Оның ішінен бір аң атып алды. Бір күні далада жалғыз отырғанда ойға батты. Бір кезде көктен жылылық түсті. Көзіне күн күлімдеп, ай жымиды. Сол уақытта қасына бір сұлу қыз келіп отырды. Ол қыз келгенде көктегі шытырман жұлдыздар күлімдеп ым берді. Оғыз қыздың белінен қысып сүйді. Одан кейін ол қыздан «күн», «ай», «жұлдыз» атты үш бала туды. Оғыз бір күні аңға шықты. Бір жойқын көлге кездесті.

[8]Біздің бұл келтірейін деп отырған мысалымыз Оғыз хан туралы, айтылатын болса да, Қорқыт пен Оғыз ханның дәуірі бір болғандықтан халық қиялында екеуінің туысы да бір суретте болуға тиісті.

Ол көлдің ортасында бір ағаш бар екен. Ол ағаштың қасында бір қыз тұр екен. Оғыз оны тағы сүйіп алды. Одан Көк, Теңіз, Тау атты үш ұл туды. Одан кейін Оғыз бар халқын жиып ұлы той жасады. Халқына айтты: «Бізге Тәңірі жақсылық бергелі тұр. Сіздер бірің қалмай еңбек етіңдер. Төрт тарапты білейік. Оң тарап – «Күн хан» орданың тірегі, сол тарап – «Ай хан» күштің, ақылдың қанаты, «Тау хан» – алдыңғы асқар бел, «Теңіз хан» – артындағы жайқын байлық, таусылмас ақылың», – дейді.

Бір күні Оғыздың ордасына тағы да күн сәулесі түсті. Әлден уақытта орданың ішіне көк түсті «көк бөрі» көрінді. Оның артынан Қаңлы, Қыпшақ, Қарлық[9] рулары Оғыздың алдына келіп: «Біз не істе десең де дайынбыз, айтқаныңызды істейміз», – деді. Бір күні Оғыз түс көрді. Түсінде алтын жай, күміс оқ көрді. Жай жарқылдап, күн батыстан күн шығысқа қарай ақты.

Оғыз ханның бұл ертегісін бірінші рет жазып алған XII-XIII ғасырдағы араб жазушысы Ибн-Ал-Асир деген кісі.[10] Одан кейін ол кездегі білгіш қарияның айтуынан жазып алған Хұлағы ханның баласына уәзір болған атақты ғалым Рашидеддин.

Мәшһүр Жүсіп Ертістен төменгі ой бойына барғанда Оғыз хан мен Қорқыттың тарихта жазылған өміріне сай келетін тарихи өте мағыналы бір жыр жазып алған. Ол жырда не дейді:

Шежіре басын сүйеген,
Күнге шашын тараған.

[9]Мұның дұрысы «Қазылық» болу керек. Бұл сөзді Х-ғ.араб жиһанкездерінің кейбірі, деп қате жазған сияқты.

[10]Бұл кісі туралы ибн-ал-Асир, Тарх-ал-Камиль деген кітапты қара. Баку, 1940 ж.

Ата қадірін білмеген,
Ананың сүтін ембеген.[11]

Болмаса:

Қошқар таудың басында Қошқар ата,
Өгіз таудың басында Өгіз ата.
Өлі десем өлі емес,
Тірі десем тірі емес,
Сол атаның атасы –
Ертеде өткен Қорқыт ата.

Бұл екі-ақ ауыз сөзбен айтылған жыр болса да, бұл жыр мың жылдан аса бұрын өткен дәуірдің елесін алға келтіріп тұр.

Оғыз легендасынан кейін Қорқыт заманымен байланысқан ескі әңгіменің «Ергенек көң» әңгімесі. Мұнда Қорқыттың арғы атасы «Қият» руының қалай өрбігені туралы айтылады. Ел жауынгершілікке түсіп, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткенде моңғол-қазақ руынан Қиян, Ноғай (Ноқас) деген екі жігіт Алтау тауының адам бармас бір құзына бекініп, ұшы-қиыры жоқ бір үлкен сайды мекен етіп жатады. Арада екі жүз жыл өткен соң олар көбейіп «Ергенек көң» сайына сыймай, одан шыққысы келеді. Бірақ тау асып шығатын асу жоқ, жан-жағының бәрі самаладай биік тау, құз жартас. Жүкті, малды шығаруға жол іздейді. Ол таудың бір бөлегі «Темір тау» екен. Олардың ішінде бір көрікші ұста бар екен. Ұста айтады:

– Осы тауды ағызып, содан кейін шығайық, – дейді. Таудың жетпіс жерінен жетпіс көрік қойып, көмір

[11]Мұның тарихи мағыналы болуы, бұл жырдың мазмұны XII-ғ.араб жазушыларының айтқанымен бірдей.

жағып тауды ағызады, тасты қопарады. Жүкті түйе өткендей жол болғанда, одан «Қиян» далаға шығады. Содан Қияннан өрбіген тұқымы «Бөрте-шене»[12] аталып, неше жыл өткен соң олардан Шыңғыс туады. Сол заманнан бері Бөрте-шене – Көк бөріге жылында сегіз айда бір той жасап, «көк бөрі» (көкпар) тарту жұртқа салт болады. Ескі Грек жырында Зевс «Крит» аралында жалғыз өсіп, оны Амелной деген киік сүтін емізіп жүреді, болмаса «Дафнис Холоя» тау ішіндегі[13] үңгірде жатқанда оған қой сүтін емізіп жүреді.

Ескі қазақ жырында «бөрінің басы» күштің, биліктің белгісі түрде айтылса, Зевсті емізген «киіктің мүйізі» ескі грек жұртына байлықтың, игіліктің белгісі болып табылады. Сөйтіп, есейген патриархал дәуірдегі жұртшылық талпынуы бойынша рухани мәдениеті бірсыпыра өрлеп, тарихқа Қорқыт сияқты асқан дананың ұлы бейнесі шығады.

Қорқыт – тарихи адам. Тарихи жазулардың мегзеуінше, Қорқыт баста айтқан VII-VIII ғасырларда билік құрған Оғыз ханмен замандас. Сондықтан Оғыз ханның легендасы жүрген жерде Қорқыттың жыры бірге жүреді. Тарих пен шежіре сөзге қарағанда, Оғыз да, Қорқыт та Қаңлы ұлысынан өскен. Ескі Оғыз тілінде айтылатын «Қорқыт» жырындағы батырлар тегісімен Оғыз ханның ұрпақтары десе де болады. Арал теңізі бойында осы күнге дейін айтылатын «Баяндар», «Қазанбек», «Байбөрі», «Қарабек» (Қарахан), «Траналы», «Дерсе хан» жырлары Қорқыт эпопейінің әр түрлі тараулары және тарихтың көрсетуі бойынша,

[12]«Бөрте-шене»-«Көк бөрі» көктің құсы.

[13]«Дафнис Хлоя», «Қозы Көрпеш» тәрізді ескі грек жыры. Тарихи легенданың айтуынша, ескі Үйсін-қаңлының тәңірлерін (бектерін) далада бөрінің қаншығы келіп емізіп жүретін, – дейді.

бұл айтқан кісілер бір кездегі оғыз-қыпшақ жұртының ел қорғайтын ерлері болған. Орта ғасырдың асқан ғалымы Рашидеддин «Монғол тарихында» жазатын Оғыз ханның ақылшы биі, «Жаңакенттік» Еркыйыл қожа дегені, сол ер Қорқыттың өзі болуға тиісті.[14]

Қорқыттың әңгімесі жай қиялдан шыққан нәрсе емес. Қорқыт бір кездегі қауым тіршілігінде белгілі орын алған атақты адамның бірі. Қай кездегі легендаға айналған адам бейнесін алсақ та, ол бейне бір кездегі тарихи шындықтан туғанына сөз жоқ. Оның ішінде Қорқыттың тарихи адам болғанына ешкім таласпауына тиісті.

Қорқыт VII-X ғасырларда Сыр бойын мекендейтін Қаңлы ұлысының бір табы – Оғыз руы Қияттардан шыққан. Ол кезде бұрынғы қаңлылар енді «Қаңлы-қыпшақ», – не «Оғыз-қыпшақ» аталып, олардың астанасы Сырдарияның жағасындағы «Жанкент» (толығы Жаңа-кент) қаласы болған.

Қорқыттың туып-өскен қаласы осы Жанкент қазіргі Қазалының күншығыс жағында 50-60 км.жерде. Осы күнге дейін ол жерде тұратын «Қорқыт ата» моласы (кешен) Қорқыттың Жанкент қаласында өсіп, оның VII-X ғасырларда аты шыққан адам екенінің зор дәлелі.

Күншығыс әдебиетіне белгілі болған атақты күйші-музыкант Әбунасыр әл-Фараби, Қорқыт тәрізді о да осы айтқан Жанкентте туып, Отырар (Фараб) қаласында өседі. Сондықтан кейін атақты күйші болған кезінде өзінің лақап аты Фараби, не әл-Фараби деп жүргізген. Әбунасыр Фарабидің Қорқыт тәрізді атақты күйші болғаны X ғасырдағы (Византия) жазушыларына

[14]Рашидеддин. – История монголов-«Зап.Вост. Отд:» ч.Y, стр-23: «Материалы по истории туркмен и Туркмении» б.1, стр-499

да белгілі болған. Араб тілінде жазылған кітаптардың айтуынша, Фараби 870 жылы туып, 950 жылы 80 жасында өледі.

Қорқыт, әл-Фараби туып-өскен Сырдария бойындағы қалалардың ең көріктісі болып, олар жоғарыда айтылғандай Оғыз-қыпшақ жұртының сол кездегі саяси-мәдени орталығы болған. Бұл қалалар туралы қытай, араб, парсы, шағатай тілдеріндегі тарихи мағлұматтар өте бай. Бұл қалалардың атын Сырдария бойындағы қазақтар әлі күнге ұмытпаған. Олардың тарихи дәуірден қалған ескілігі осы күнге тарихи-мәдени зерттеудің белгілі мұрасы болып отыр.

Сөйтіп, қобызымен ескі дүниені күңіренткен әл-Фараби, Қорқыт күйшінің ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун-Рашит заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды. Бағдатқа барған соң, Фараби араб, грек фәлсафасын үйренеді. Бір кітабында Фараби: «Мен Аристотель шәкірттерінің ішіндегі халыққа ең белгілісі едім, музыка өнеріне маһир (шебер) едім, – дейді. Бұған қарағанда, әл-Фараби Қорқыт күйін музыканың ең сұлу түріне жеткізіп, екінші жағынан Аристотельдің поэзия, музыка туралы жазғандарын оқыған, ол кездегі данышпан адамның бірі екенін көрсетеді. Қазіргі Қазақстан жерінде туған гениилердің ішінде, бұл айтқан Қорқыт, әл-Фараби, XIY ғасырдағы Дулаттан шыққан тарихшы Мұхаммед-Хайдар, бұлар дүние әдебиетіне белгілі болған данышпан ғалымдар.

Міне, бұған қарағанда, VII-X ғасырлардағы Оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт,

Әл-Фараби сияқты генийлер соларды жасаушының ұлы баласы.

Әбілғазы-Баһадүр жазған шежіресінің бір жерінде: «Қорқыт Аббас халифасының (VII-VIIIғғ.) кезінде болған адам. Қорқыттың туып-өскен Сырдарияның жағасы», – дейді. Қорқыттың күйші, тарихи адам екені бір ғана араб жазушыларына белгілі болып қоймай, оның жыршы, музыкант, философ екені грек жазушыларына да белгілі болады. X ғасырлардағы Рум (Византия) патшасы болған «Константин-қырмызы» деген жазушы «Мемлекет басқару» деген кітабында: «Қорқытты Пешене[15] қыпшақтардың ел ағасы», – деп көрсетеді. Константиннің бұл жазуы «Мұстафатұл Ахбар» деген кітапта көрсеткен Маржанидің Оғыз хан туралы жазғанына дәл келеді. Маржанидің айтуынша, Оғыз хан Пешене қыпшақтарын Еділ-Дон өзендеріне жіберіп, сол жерден қоныс алдырады. Константиннің жазуынша, ол барған Пешене-қыпшақтардың жұрт басқарған би Қорқыт болады.

Академик Бартольд «Орта Азия» деген кітабында: «Қорқыт, Оғыз жұртының атақты ғалымы, философы, жыршысы, музыканты еді. Қорқыттың аты X ғасырларда пешене-қыпшақтарына берілген болады», – дейді. Сөйтіп, Қорқытты жасаған дәуірі туралы бұл көрсеткен тарихшылар біріне-бірі қайшы келмейді. Олардың пікірінше, Қорқыт VII-IX ғасыр ішінде жасап, ол Орта Азияға ислам дінін таратқан Аббас халифалығымен тұтас болады. XII ғасырдағы араб жазушысы Ибн-ал-Асир мен Хафиз-Абруй сияқты ғалымдардың: «Қорқыт-Сельжұқ сұлтаны Санжардың биі» дегені, ол данышпан жыршы Қорқыт емес, ол Оғыз тайпасын басқарған, сол дана Қорқыттың ұрпағынан болуға тиісті.[16] Ибн-ал-Асирдің айтуынша, ол сұлтан Санжардың биі болған Қорқыт та Оғыз-қаңлы руынан еді, – дейді. Сонымен жыршы Қорқыт VII-VIII ғасырларда Сырдарияның бойында жасап, X-XI ғасырларда жыр болып ел аузына тарайды.[17]

Қорқыттың тарихи адам болғанының үлкен бір дәлелі – Орал тауын қоныстайтын башқұрттар арасында «ескі-қырғыз» деген ауыл өздерін осы күнге дейін Қорқыттың ұрпағымыз деп санайды.

Оларды ескі заманнан жазылып келе жатқан «шежіре кітаптары» бойынша, Қорқыт заманынан XVIII ғасырдың ортасына дейін Қорқыт ұрпағынан олардың 18 атасы болған. 1913 жылы «Шора» журналында басылған «Ескі шежіре» деген мақалада Қорқыттың бір ұрпағы өздері туралы былай жазады: «Бабаларымыз тарапынан жазылып қалған шежіреге қарағанда, біздің «Тасты» ауылда тұратын «қырғыз (қазақ), башқұрттардың» әуелгі түбі «қырғыз-қазақ» жұртындағы Бұқара жолында, Сыр теңізі (Арал теңізі) бойында тұратын «Қорқыт ата» деп аталады. Қорқыттың немерелерінен «Қосық би», «Ақ Еділ» бойындағы «Татыс» суы қасында «Ескі қырғыз» деген ауылды жұрт (қоныс) өзі «Ақбиге бас ұрған»[18] (бағынған) дейді. Бұл мақаланың айтуынша, Оралдағы Қорқыттың ұрпақтары тегісімен ата қуалаған би болып, өздерін қазақ ортасынан шыққан «шала қазақ», «шала башқұрт»

[15]Пешене – мәндай, алдыңғы деген сөз. «Пешене-қыпшақ-мәндай-қыпшақ»: Пешене сөзі «Қозы Көрпеште» де кездеседі.

[16]Бұл Қорқыт туралы «Материалы по истории туркмен и туркмении», т.1, стр:323, 355, 357, 387б. қара.

[17]Тағы сол кітап, 4-беті.

[18]Бұрынғы кезде «биге бас ұру» – оны ұлы көріп, тіл үйреніп тәрбиесінде «болу», ақылшым деп «бас иіп жүруді» көрсететін.

деп санап, бұрынғы аталарының қонысын «Бұқара жолындағы Арал теңізінің бойы, Сырдарияның жағасы» деп түсінген. Бұл мағлұматқа қарағанда, Сырдарияның жағасында осы күнге дейін тұрған «Қорқыт моласы» қандай анық тарихи іс болса, Қорқыттың да бір кезде тарихи адам болып, оның Сырдария, Арал (Сыр) теңізі бойында, Жанкент қаласында[19] жасағанын көрсетеді. Әбілғазы-Баһадұр мен араб жазушыларының – Қорқыт туралы айтқандары осы айтқан шежіре сөзбен бір шығады.

Қорқыттың толық жырын қазақ пен түрікпен бұрын жақсы білсе де кейін мүлде ұмытып, оның тек атын, істеген ісін ғана ұмытпаған. Қорқыт легендасының толық жыры Каспий жағасындағы түрікпендер арқылы Кавказ, Мазандаран (Оңтүстік Каспий) еліне таралғандықтан Қорқытты олар өзіне меншіктеп, өздерінің халық жыры қылып алған.[20]

Бірақ тарихи шындығы Қорқыт – Сырдария, Арал теңізі бойында туып-өскен, оның әдебиеттегі бейнесі ескі замандағы қазақ түрікпен (оғыз-қаңлы) халықтарының жұртшылық бірлігінен туған, тарихи бейне болатын. Қорқыт легендасының кейбір үзіндісі «Ақ-көбек» ертегісіне айналып, ол осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан, Орал тауы, Күнбатыс Сібірде сақталғаны көрінеді. XYғ.Маңғыт-Ноғайлылар (қият руы) Үргенші мен Сыр бойын ауып Күнбатыс Сібірдегі Көшім ханға барғанда, олар Қорқыт легендасын бірге ала барған тәрізді. Қорқыт жырының бір тарауы болған

[19]Жанкент-«Жаңа-кент» Қорқыт тамы туралы: Кастанье-древности киргиз. Степи ст.198-200, 216-225. Лерх, «Археологич.поездка в тур.край», стр8. Диваев, несколько слов о могиле мудрого коркуда «Записки восточного отделения», т. X, ст.193.

[20]Материалы по истории туркмен и тур. Т.1, стр.4.

«Қарабек», «Қазан хан», «Байбөрі» дейтін жырлар, осы күнге дейін ұмытылмай Арал теңізінің бойын жайлайтын Қоңырат ақындарының аузында осы уақытқа дейін айтылатыны байқалады. Бұған қарағанда Қорқыт легендасының толық жыры жалғыз ғана ескі Оғыз тілінде сақталмай, ол көбінесе XY ғасырға дейін Сырдария, Арал теңізі бойында айтылып, Маңғыстауды жайлайтын түрікпендер арқылы Кавказға, Иранға, Бағдат өлкесіне тараған көрінеді.

Қорқыт жырының негізгі мазмұны Оғыз-қыпшақ жұртының саяси-әлеуметтік тіршілігімен байланысқан. Онымен қабат, өз жұртынан шығып, басқа елге барып билік құрған ел – хан, әскер басы (Мысырға сатылған қыпшақ мамлуктері) туралы айтылады. Қорқыт жырының оқиғасы көбінесе Арал теңізі бойында, Маңғыстауда, Солтүстік Иран (Мазандаран), Кавказ, Бағдат өлкесінде болады. Жырда кездесетін жұрттар – Оғыз, Қыпшақ, Қаңлы, Қият, Абхаз, Күржі, Қара теңіз бойындағы гректер. Бұл айтқан жұрттар Қорқыттың соңын ала шыққан «Көр-ұғлы», «Боз ұғлан» жырларында кездеседі. Сондықтан бұл екі жыр бір кездегі ұлы эпопей «Қорқыт» жырының бір тарауы екеніне сөз жоқ. «Қорқыт», «Көрұғыл» деген сөздердің өзі де мағына жағынан олардың асыл түбі бір екенін білдіргендей болады.

ҚОРҚЫТ ДӘУІРІМЕН БАЙЛАНЫСҚАН ЖҰРТШЫЛЫҚ МОТИВТЕРІ

Бұл ретте көзге түсетін мәселенің бірі – Жиренше төңірегінде айтылған легендалар. Ел аузынан жазылған қария сөз бен кейбір тарих жазулардың барлауынша, Жиренше өте ерте заманда болуға тиісті. Жиреншенің атқаратын ісі билік, айтатыны нақыл сөз. Ол әрқашан ру басқаратын ханның қасында болады. Олай болса, Жиреншенің жұртшылықтың ой тұлғасы болып, тарих жүзінде шығуы, сахарадағы бақташы рулардың ең алғаш хандық құрып, қауым тіршілігінің өркендеу жолы жаңа арнаға кіре бастағанын көрсететін, ру басқармасы болған кезде Жиренше шешен тәрізді қария да болған.

Жиренше туралы айтылғанда бір көңіл бөлетін нәрсе оның аты. «Жиренше» деген сөз ту баста Жиренше данаға бала күшінен қойылған ат емес. Ол оның ақыл иесі болған кездегі істеген ісіне, сыртқы түріне қарай қойылған лақап аты. Мұндай лақап ат қазақ тұрмысында көп жолығады. Қаз дауысты би (Қазыбек), Ыбырай, Абай, Бұхар жырау (Көмекей ақын т.б.).

Осы тәрізді Жиреншенің – «Жиренше шешен» аталуының бір себебі, ерте заманда қария жыраулардың, не бақсының ылғи жирен ат мініп жүргенінен болуға тиісті. Бақсы деп, ерте заманда осы күнгі жырауды айтатын. Бақсы «бахшы» деп, осы күнге дейін түрікпендер өзінің халық ақыны-жырауларын айтады. Кейінгі заманда бақсылардың қобызға ие болып қалуы да әуелде бақсылардың жыршы екенінің дәлелі. Шоқанның айтуынша, бақсы бұрынғы заманда ақпа ақын, жыршы, қобызшы, музыкант, ойшы, тақпақшы шешен болған, – дейді. Қазақтың бақсы деген сөзі маңғұлша «ғалым», ойғырша «хатшы», түрікпенше «жыршы» дейді. *(Шоқанның кітабы, 13-бет).* Және Шоқанның айтуынша, «ақындарды, бірінші рет қобызға үйреткен Қорқыт еді», – дейді. Бұрынғы кездегі қария жыраулардың «Жиренше» деп аталуы – олардың ылғи «жирен атқа» мініп ел аралап, қобыз тартып жүруінен болған. Бұл әдет әсіресе Оғыз, Қаңлы, Қыпшақ руларының ортасында көбірек орын алған. Және ол кезде жырауды қасиеттеу көпшілік ісінің бір түрі болған. Бір жырау өлсе оған «азаға» (тарту) деп он шақты әкеліп, оны жыраумен бірге көметін болған. Осы күнгі Алатау тауындағы қорғандарды қазғанда ылғи жирен аттың табылуы, сол жирен атты қасиеттеудің дәлелі.[21] Алтай елінде Жиренше деп ақырғы күнге дейін жирен ат мініп, қобыз тартып жүретін жырау ақынды айтады. Г.Н.Потанин: – Жиренше қазақ елінде қария ретінде айтылып, Алтай елінде бақсы-жыршы ретінде қалған, – дейді.[22] Бұл әрине дұрыс сөз.

Қазақтың бақсылар жырында келетін:

Алтайдан келген алтауым,
Шабдар атты кемеңгер[23] –

[21]М.П.Грязнов, «Пазырыкский курган» 22-23-бет. Москва-Ленинград. 1937г.

[22]Г.Потанин. Очерки Северо-Западной Монголии, ч.IY, стр-95: Его же Восточные мотивы: 719-720:733-стр.

[23]Мәшһүр-Жүсіп, Бақсы жыры, 1-кітап, 91-бет.

дейтіні, ерте заманда жирен (шабдар) ат мініп жүрген жырауларға мағына бергендікті көрсетеді.

Бұған қарағанда, жирен ат ерте заманда кемеңгерлікті жолдасы болуында еш талас жоқ. Кемеңгер адамның өзіне лайықты аты болатыны Абай шығармаларында байқалады.

Бұрынғы заманда жирен ат мінетін жырауларға қарсы, «ақбозатпен» жүретін жігіттер әскерлікті көрсететін.

Болмаса:

Сарала қамқа тон киген,
Сары арғымақ мінген[24]

кісі халық көзінде «Сары Абыз» атанып, ол оның ерте замандағы әртүрлі дін салтына (синкртизмі) түскенін білдіретін.

Бұрынғы жирен ат мініп жүретін қария, жыраулар, хандық құрылған кезде көбінесе тақпақшы, шешен, жыр, ескі сөз айтатын қария болады. Бұл кезде бұрынғы «Жиренше жырау» енді «Жиренше шешен» аталып, ханның кеңесші биі болады. Тарихтың айтуынша, осындай Жиреншенің біреуі XII ғасырдағы Керей Тұрғыл ханның бектербегі болып, оның қызына Шыңғыс хан үйленеді. Г.Н.Потанин бұл Жиреншенің Оғыз ханның биі Ер-Қыйыл қожа Қорқытпен теңестіреді.[25] Жазулардың айтуынша, Шыңғыс ханның үлкен қатыны «Бөрте бәйбіше» (Бөрте бөже) «Дай шешеннің қызы еді», – дейді. Ол Дай шешені Потанин айтқан Керей Тұрғыд ханның биі болған Жиреншенің өзі. Сөйтіп, халық аузында айтылатын Жиренше ол бір

[24]Мәшһүр-Жүсіп, Бақсы жыры. 1-кітап, 97-бет.

[25]Г.Потанин, Восточные мотивы. стр-595-596.

кісінің аты емес, ол – Үйсін заманынан келе жатқан қария, жыраулардың жинақ аты. Бұл Жиреншеге Үйсін кезіндегі «жирен атты» жыраулар да (I-VII ғғ.), Оғыз (Қара) ханның туысындағы Қорқыт та (VII-X ғғ.), Тұрғылхан Шыңғыс кезіндегі «Майқы биі», «Жиренше шешен» де (XII-XIY ғғ.), Жәнібек ханның кезіндегі Асан қайғы да (XY-XVI ғғ.), бұған солардың бәрі кіреді.

Жиренше мен Қорқытты жұртшылықтың ғасырлар бойы ардақтауы, олардың ру қауымына келтірген әрбір жаңалықтарымен байланысқан. Халық легендасының жоруынша, олардың қоғам тіршілігінде келтірген жаңалығы:

1. Олар кәрі мен жастың еңбегін айырды. Адам мүшелін шығарды. Адам өлген соң оның денесін қасиеттеуді үйретті.

2. «Есепшілік» (астрономия) жылды мүшелге бөліп санауды шығарды.

3. Қысқы, жазғы қоныстыайырды.

4. Әр руды жеке-жеке қонысқа бөлді.

5. Жұбайлық туралы жаңа бір жосын шығарып, қызды қалыңмалмен беруді анықтады. (7,17, 27, 37, 47, екі 47 т.с.с.).

6. Баланы жас күнінен баулуды патриархал-ру қоғамының ұлы ісі деп біледі. («баланы жастан, әйелді бастан»).

Міне, Қорқыт – Жиренше шешен әңгімесінде кездесетін ұлы мотивтер осылар. Бұлардың бәрі патриархал салт-санасынан туған соның әрбір ұшқындары.

Алтай еліндегі легенда бойынша «адамды бірінші рет өлімге үйреткен Жиренше» дейді. «Көр Тәңірі адамға Жиреншені жіберіп, адам өлмей көбейе берсе, жер үсті сыймайды деп, Жиренше адамға өлімді

үйретті» дейді. Бұған қарсы Қорқыт өлімге дауа іздейді. Бірақ бұл екеуінің диалектикалық түйіні жаңа идеология жасаудан шыққан. Ондай идеологияның бірі – өлген адамның рухын (тәнін) қасиеттеу жыраудың басына кешен-монументтер тұрғызып (Қорқыт тамы, Қозы Көрпеш кешені), олармен бірге «боз ат», «жирен атты» бірге көму тәртібін шығарады.

***

Қорқыт дәуірінде болған салт-сананың мотивтері кейде ислам дінінің үнемі араласып, екінші бір өңге ауысқаны байқалады. Бұл ретте көрнекті, мәселе, әсіресе «баптар» туралы айтылған легендалар. «Баптар» не «Бабалар» деп IX-XII ғасырларда Сырдария, Талас өлкесінде болған қарияларды айтатын. Бұлар бұрынғы аталық салтпен ислам дінінің Орта Азияда түйіскен кезінде шыққан белгілі қариялар. Бұлардың ішінде ең ертерек шыққаны Арыстан бап. Арыстан бап жазба шығармаларда да, халық жырында да жиі кездеседі. Ол «Баба Омар» не «Баба Әзіз» деп аталатын кісілермен замандас сияқты.

Тарихи жазулардың айтуынша, Арыстан бап (баба) VII-IX-ғасырдың жырауы. Қожа Ахмет Яссауидың ең арғы атасы болып, одан 400 жыл бұрын болған. Бұлардың бәрі көпшілікке белгілі ер Едігенің арғы аталары. Шоқан жазып алған «Едіге» жырында, Баба түкті Едігеге тоғызыншы ата болып, өз атасы Құттықия XIY ғасырдың орта кезіне дейін жасайды.[26] Парсы жазуларының айтуынша, Арыстан бап Қорқытпен заманда шыққан «Зеңгі баба», «Шопан ата», «Едіге би» бәрі осы Арыстан бап (Баба түктінің) ұрпақтары болуға тиісті.

[26]Ноғайлы айтатын «Едіге» жырында: - Құт-қия Яссауидың тілегімен туған еді, – дейді.

Арыстан баптың туып-өскен жері Шымкент, Құмкент, Сайрам өлкелері (Едіге биді Баба түкті Құмкент қаласының жанынан тауып алды.) Мұндағы Құмкент бұрын Қаратауда болған бір қаланың аты. Қазіргі Жамбыл қаласының ол кезде «Әулие ата» аталуы да, бұл айтқан қариялардың сол жерде (бұрынғы Талас қаласында) өсіп-өнулерінен.[27]

Сайрамда бар сансыз бап,[28]
Менің атым Баба Омар.
Шын-Машын жайларым –
«Боз ұғлан», – дейді.

«Боз ұғлан» жырындағы баба Омардың бұл сипатын дәлелдеу үшін, «Едіге» жырындағы Баба түкті жорушы кісі болып, өзі Шам өлкесінде хандық құрады.

Жырдың айтуынша, «Баба Омар мен Жүсіп хан зынданға шыққан соң Баба Омар Шын-Машын шаһарына қайтатын уақыт болды деп, керуендермен одақтасып, Жүсіпбек хан мен Ахметбекті құшақтап зар жылайды», – дейді. («Боз ұғлан», 74-бет.).

Баба Омарды «Боз ұғлан» жыры Шам өлкесіне апарып, Көзел шаһтың түсін жорытып, зынданға түсірсе, «Едіге» жырында Баба түкті Шам өлкесін билеп, өзі өлген соң оның баласы Құтлықия Жайық бойына келіп қоныс алады. Кейін бұның тұқымынан Едіге туады.

Баба Омар жасаған «Шын-Машын» қаласы – бұрынғы Талас өлкесіндегі қалалар мен осы Жетісу, Қашқариядағы қалалардың жинақ аты. Қарахан, Қорқыт

[27]Бұл қаланың «Әулие ата» аталуы туралы Қарахан легендасын қара. «Протоколы Туркст. Кружка любителей Археологии».

[28]Бап-баба сөзін қысқартып айтқаны.

заманында (VI-IX ғғ.) Жетісу, Талас өлкелеріндегі қалаларды (қазіргі Жамбыл) «Шын-машын» қаласы деп атағаны байқалады.

Легенда сөздерге қарағанда, бұл айтқан баптардың ішінде Баба Омардан басқасы не сопы, не жырау емес, әр алуан салт-сананың басын шалған патриархал идеологияның бір түрі. Аталық дәуірдің салты бойынша, бұл айтқан баптар көбінесе жаратылысты қасиеттеп, ең зор күш жаратылыс, аспан деп ұғынады. Онымен қатар олар Үндістан халқының дін салты тәрізді малды қасиеттеуді шығарады, малда «ие» бар деген ұғым туғызады. Сондықтан өздеріне «Зеңгі баба», «Шопан ата», «Ойсыл қара», «Жылқышы ата» деген ат береді. Малда, жануарда «ие бар» дейтін ұғым бақташылық тұрмыстың жоғарғы сатысында болған жұрттың бәрінде де болған. Оның ішінде бұл салт әсіресе үнді, грек, ескі шумерлердің бақташылық тұрмысында ерекше орын алған. Малда «ие бар» деген ұғым туралы халық аузында мынадай жыр айтылады:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлы әулие болмаса неден қалған,
Жетім бота үстінде жатып қалып,
«Ойсыл қара» жануар содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлы әулие болмаса неден қалған,
Қыршаңқы тай үстінде жатып қалып,
«Жылқышы ата» жануар содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлы әулие болмаса неден қалған.

Тышқақ тана үстінде жатып қалып,
«Зеңгі баба» жануар содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлы әулие болмаса неден қалған,
Қотыр тоқты үстінде жатып қалып
«Шопан ата» жануар содан қалған, – дейді.

Бұл айтқан салт-сананың шығуы халық ойы «топан суы» деген легендамен ұштастырады.

Парсы, шағатай жазушыларының айтуынша, мұндағы «Ойсыл қара» деген кісі арабтардың Омар халифасының кезінде, 720 жылдары болған Омар халифа баста айтқан Әмдімәліктің баласы, бұл кез арабтардың әбден күшейіп, Орта Азияны өзіне меңгерген кезі. Тарихи легенданың айтуынша, «Ойсыл қара» бұл кезде Мәдинеге «қажы» таситын түйеші екен. Біреулер оның жаһанкездігін мақтап, Омар халифасының бегіне айтқанда, олар «Ойсыл қараны» Сырдарияның бойында дін үйретуші етіп сайлап, өзіне әулие деген ат береді. «Ойсыл қараның» туып-өскен жері тарихи жазулардың көрсетуінше, осы Жетісу, Құлжа төңірегі деседі.

«Арулық қазынасы» («Хазинат-ұл-асфаян») деген кітаптың айтуынша, Орта Азия әдебиетіне белгілі «Зеңгі ата» деген кісі Қорқыт шыққан Жанкент қаласында туып, XII ғасырлардың орта шенінде осы Ташкент қаласының күнбатысына қойылған.[29] Оның әкесі Сатқожа, арғы атасы Арыстан бап, Қорқытпен шамалас деседі. Түсі қара болғандықтан «Зеңгі» деп аталған дейді. Бұл туралы «Ришахат» («Тамшы») деген парсы тілінде жазылған кітапта мынадай леген-

[29]Зеңгі атаның кешені туралы: «Сборник Бартольду, от учеников». Ташкент, 1927.

да кездеседі: «Зеңгі баба Түркістан қаласының абызы емес. Оған қол беруге Бұхардың шайхылары Хасан, Сейт, Садыр ата, Бәдір ата[30] іздеп шығады. Олар келе жатып Түркістанға таянғанда, жолда көп сиыр бағып жүрген жалаң аяқ, жыртық киімді Зеңгі атаны көреді дейді. Зеңгі атаның өмірі осы сияқты жаратылыс, суреті, бақташылық тұрмысымен байланысқандықтан, кейінгі кезде бұдан дін синкритизмі алынып (әр түрлі ой-санаға тірелген дін күлті шығып), жұрт оларды қасиеттейтін болады. Зеңгі атаның өмірі жаратылыспен, бақташылықпен байланысқанын қызықтау үшін, жыл сайын сәуір айында оған арнап той жасап, ол тойды «Сейл» деп атайтын болады.[31] Бұл тойды Сырдарияның бойында қоныстайтын халық осы ақырғы дәуірге дейін жасап келген.

Қорқыттың легендасын халық бір жағынан Қазығұрт тауымен байланыстырады. Легенданың айтуынша, жер дүниені топан суы қаптағанда Қазығұрт тауының басына жалғыз-ақ Қорқыт ата шығып аман қалыпты-мыс.

Бұл дәлелдерге қарағанда Әбілғазы, Константин айтқандай, Қорқыт өте ерте заманда болған екені байқалады. Мұндағы Қазығұрт тауы Талас тауының бір бөлегі, Сайрамның алдында тұрады. Бұл таудың жаратылыс түрі лабиринт (кеу-куыс) болғандықтан қара халық оны жаратылыстан тысқары ұғымдармен байланыстырып, бұл тауда бір «керемет» бар деп түсінетін болған. Сондықтан ол тауды «бұрынғы Қорқыт дана»

[30]Ата-бап – баба деген ұғымның бір түрі. Сондықтан Әулие ата, Шопан ата, Зеңгі ата т.б.

[31]Протокол Закаспийского кружка любителей археологии, истории 1916 г: Вып.2,19. Бақташылық салт-сананың жаратылыспен байланысқаны туралы Шоқан, 11-13-беттер.

атымен байланыстырып, оны әулиелер жүрген киелі жер деп ұғынған. «Қазығұрт» деген сөз «Қазы-Қорқыт» сөзінен өзгерген сияқты. Бұл таудың маңындағы «Қызыл сеңгір», «Ешкілік», «Қаңырақ», «Зарлық» деген жоталары «Қобыланды», «Мұңлық-Зарлық», «Алпамыс» жырларында және кездеседі.

Қожа Ахмет Яссауи Арыстан бап туралы былай деп жазады:

Талаптардың жолшысы,
Баптар бабы Арыстан бап.
Ғылым-білім данасы,
«Айналайын» санасы,
Баптар бабы Арыстан бап.
Ол тарихтан төрт жүз жыл,
Кешті кетті артық жыл,
Сұраушы еді мұтафсил
Баптар бабы Арыстан бап.
Сапар қылды баянға,
Келді және Түркістанға,
Сарай салды Арнянға,
Баптар бабы Арыстан бап.
Арыстан бап атыңыз
Пәкізе дұр затыңыз,
Төрт жүз жыл дұр кемінде,
Сақтап едім мен саған,
Арыстан бабам сөздерін.
Арыстан бабам айтқан,
Талапта жоқ ықылас,
Пірің Қызыр болғанда,
Неге керек Ильяс.[32]

[32]Арыстан бап туралы-Кастанье-«Древности Киргизской степи» деген кітап, 178-179 беттер, қара.

Яссауидың бұл сөзіне қарағанда Арыстан баб одан 400 жыл бұрын болып, оның заманына (II ғ.) дейін араб салт-санасы (діні) Сырдария бойында артық белең алмай, ол кездің өзінде де жаратылысты, ата рухын жоғары ұстау күшті болғанын көрсетеді. («Пірің Қызыр болғанда неге керек Ильяс»). Онымен қатар, Яссауидың жырында кездесетін «сарай салды Ариянға» (Сайрамға) деуі, Арыстан баптың бір ғана жаратылыс күлтімен қалмай, оның қауым тіршілігіне де қатынасқанын көрсетеді. Бұл сияқты жұрт басқару ісі мен идеология түрлерін қатар ұстау Қарахан дәуіріндегі ел басқарған адамдардың белгілі салты болған.

Осымен Қорқыт ұзын ғасырлар бойы жасаған патриархал-ру дәуірінің әбден есейіп, оның дүниелік (материя) өнімі ой-санасы ұлы арнаға кіре бастаған кезде шыққан аталық бейнесі. Қорқыт тұсында ой-санаға (идеология) жататын – ойлау, түйсік, ес, сана, ерік, түз-дала (ой көлемі), заман шақ (есепшілік) материя (дүнисні, өндірісті түсіну), кісі, оның әлеуметтік мәні сияқты нәрселер терең түрде ұғылып, бұл құрылған ой сананың бейнесі туады. Қорқыттың заманы дүниежүзіне жаңа түрлі идеология туып, Үндістан, Қытайда Будда діні (бұдқа табыну), Занзибар-Шам өлкесіне араб-жаудейлердің діндері тарап, көп жерді әртүрлі сауда капиталы өз шеңберіне қаратпақшы болған кез. Бұл айтқан діндердің ұшқыны бұрынғы қазақ сахарасына да жетіп, бұдқа табыну (Будданың суретін қасиеттеу), жаудей, армендердің «нұстар», «маны» (манхей) сияқты діндеріне еліктеу, ескі қазақ руларында да болады.[33] Бірақ Қорқыт өз тұсында бұл айтқан діндердің

[33]Христиан дінінің бір тарауы «манихей»-«маны» салты X-XII ғасырдардағы Алтайдағы Керей-Найман арасында да болған. Бұл дінді үгіттеуші Арменнің абыздары VII-X ғғ.осы Жетісу мен

ешқайсысының әсеріне түспеген. Қорқыт Будда, Мұхаммед тәрізді дін жасаудан гөрі, бұрынғы патриархал дәуірдің әдетінше сұлу жыр, терең ой, тақпақ сөздер иесі болғанын дұрыс көріп, діннен басын таза ұстаған. Патриархал (аталық) дәуірдің салтымен өскен ру қауымына қиялы көп діннен гөрі, сұлу жыр мен қобыздың үні сүйкімдірек көрініп, Қорқыт сияқты дана, Будда, Христ, Мұхаммед сияқты бақташылық дінін жасауды ойласа да, оған артық елікпеген. Әйткенмен жаңа талпынып келе жатқан араб мәдениеті Қорқытты қызықтырмай қоймады.

Араб халқы VIII-X ғасырларда ең мәдениетті, ең күшті халықтан саналып, олар саяси-мәдени ықпалын Африканың күнбатысынан Азиядағы ұлы Мұхиттың аралына шейін таратты. VII ғасырдың соңында, VIII ғасырдың басында шыққан құрайшиттер руының бір тарауы омаяттар, осы күнгі Маңғыстау, Каспий жағасы, Сырдың аяқ шеніне дейін келіп, бүкіл Түркістанның оңтүстігін өзіне қаратып, оған «Мауараннаһир» (екі өзен арасы) деп ат берді. Бұл саяси тіршілікті бастаған ол кездегі Құрашит руының бір тұқымы Аббас, артынан «Аббас халифасы» деген ат қалдырды. Аббас сұлтандығының кезіндегі ең білікті кісі Арун-Рашит, ол Қыпшақ жырауларының аузында талай рет жыр болып, бір тілдегі әдебиет тарихынан белгілі орын алды. Бұл кезде араб тілі ең күшті, ең суретті тілдің бірі еді. Араб әдебиетінің ескі салты, оның бұрынғы бақташылық жыры өте бай болғандықтан

Алтай өлкесінде де қаптап жүрген. Олардың қаңлы, керей тілінде (қазіргі қазақ тілінде) жазған дін үгіттері тасқа жазылып отырған. Жырда кездесетін «сары азбанға мініп жүретін сары абыздар» осы айтқан Арменнің абыздары болуға тиісті. Академик Н.И.Марр «Талас жазуы туралы».

ол басқаны қызықтырмай қоймайды. Араб тілінің күштілігі бұрынғы мәдениет ошағы болған құнды Иран жұртының өзіне де әсер етіп, олардың бақташылық діні болған «Зенді-Авест» Заратустраның өзіне өзгеріс кіргізді. Осы сияқты тарихи мәдени ескілігі күшті болған жұрттар араб тілінің әсеріне түскенде, бұл күй шын тұрмыстың ақылшы-жыршысы Қорқытты да ойға түсірмей қоймады. Бұрынғы кезде грек пен латын тілі саяси-мәдени жуықтасудың дәнекері болса, VII-X ғасырлардағы араб тілі де күшті салт-сананың саяси-мәдени тіршіліктің тілі болды. Оның үстіне VII-X ғасырларда араб тілі сұлу жыр, терең фәлсафа, халықаралық қатынастың ең алдыңғы тілі болды. Ол кездегі Арабиядағы феодализм жасаған саяси-шаруаның іргесі қандай күшті болса, халықаралық қатынаста, араб тілі де сондай күшті еді. Ескі гректер Аполлонның бейнесімен әдемі кескін, сұлу сурет, өмір жырын туғызса, VII-X ғасырдағы арабтарда дүниеде болмаған «Мың бір түн хикаясын» шығарып, бүкіл дүние әдебиетінің тұлғасындай болды. Әлжабыр, математика ғылымдарын шығарды. Тарихты, географияны ең биік сатыға жеткізді. Міне, арабтардың бұл қасиеті де Қорқытты ойға түсірмей қоймады.

Қорқыт шыққан орта ол кездегі араб феодализмі туғызып дін күлтін білмейтін. Қорқыт пен Қорқыт шыққан ортаның ол кездегі дін орнына тұтынатыны тіршіліктің сұлу жыры, тыңдайтыны қобыздың сұлу үні. Қорқыт ескі заманды үнімен тербеткен асқан күйші болғанын қария сөз бергі уақытқа дейін ұмытпайды. Және «Қорқыт күйі» деген күй бұрын жүрек толғайтын ең сұлу күйдің бірі болып, ол қашан қобыз жоғалғанша тартып келген. Шоқанның айтуынша, «Қорқыт күйі» мен қобыздың ұмытыла бастауы XIX ғасырдың 20-шы

жылдарынан былай қарай. Одан бұрын Қорқыт күйі көпшіліктің құмарта тыңдайтын қазақ музыкасының ең қызықты түрінен болған.

Халық легендасы бойынша, арабтар Сырдарияға келгенде, Қорқыт сол асқан күйші, дана түрінде суреттеледі. Ол ешуақытта бір жерде отырмай, әрқашан дүние кезіп жүреді. Оңтүстік, Солтүстік, Күншығыс, Күнбатыстың бәрін аралайды. Ондағы тілегі бір ғана өлімге дауа іздеп, ажалмен күресу.

Бұл туралы легенда былай дейді:

1. Қорқыт еңгезердей биік кісі екен. Бойы екі құлаш бір сүйем болғандықтан өлгенде аяғы қабірінен бір сүйемдей шығып жатыпты. Қорқыт жас кезінде дүниенің бір шетінде тұрыпты. Күндерде бір күн түс көріп, түсінде ылғи көр қазып жатқан кісілерге жолығады. Қорқыт олардан сұрап, мұны кімге қазып жатырсыңдар дегенде, жер қазушылар: «Қорқыт әулиені қоюға қазып жатырмыз», – депті. Қорқыт дана олардың сөзінен сескеніп, келер күні өлімнен қашып дүниенің екінші шетіне өтеді. Бірақ Қорқыт бұл жерге келгенмен кешегі түсті қайта көреді. Қорқыт ол жерде де тұрақтай алмай таң рауаны білінісімен жолға түсіп, күнбатысқа шығып кетеді. Күнбатыстан тағы тыныштық таба алмай күншығысқа барады. Ақырында не керек, дүниенің төрт бұрышын кезсе де ешқайдан жайлы тұрмыс таба алмай, қайда барса да бұрын көрген елес түсі соңынан қалмай, тынышын кетіре береді. Ең соңында мазасы әбден кетіп болған соң, жердің ортасын іздейді. Жер ортасы Сырдарияның жағасы екен, «жер үйек» осы деп, осы Қорқыт моласы тұрған Сырдарияның жағасына тұрақтайды. Бірақ ол жерде де Қорқыт жанына тыныштық таба алмайды. Жер үстінде

тыныштық таба алмаған соң, суға барып тұрайын деп, көрпесін Сырдарияның суына төсеп сонда тұрады. Бұл жерде Қорқыт жүз жыл жасап, өмірін мәңгі қобыз тартумен өткізеді.

2. Қорқыт ақылшы сәуегей екен. Оның ауылы Сырдарияның жағасында болыпты. Қорқыт ешуақытта үйде отырмай ылғи ел-елді кезіп, қобыз тартып жүреді екен. Қорқыт сүйкімді, мейірімді екен. Бір күні ұйықтап жатып түс көрсе, түсінде Тәңірі оған аян беріп, Қорқытқа айтыпты: «Сен өлімді өзің аузыңа алмасаң саған ешуақытта өлім жоқ», – депті. Бұдан кейін бірталай заман өтеді. Бірақ Қорқыт ешуақытта өлім туралы аузына алмайды. Бір күні Қорқыт ел аралап бір ауылда отырса, байлаулы тұрған өгізі далаға қашып барады екен. Қорқыт өгізді қуа-қуа шаршайды, мұны ұстау оңай жұмыс емес екен, «мұны өлсем де ұстамай қоймаспын» дейді. Қорқыт түс көргеннен бері ешуақытта өлімді аузына алған жоқ еді. Өгіз қуып жүріп өлімді аузына алып қойды. Қорқыт дана: «Бұл қалай болды, қайда барып паналаймын?» – деп қатты налиды. Өлімнен қалай құтылуды ойлайды. Желмаяға мініп желдіртіп дүниенің бір бұрышына шығып кетеді. Ол жерде бірсыпыра заман тыныштық көріп дәурен сүреді. Одан кейін Қорқыт бір көрмеген жерге барса, жолдың бір жағында ылғи көр қазып жатқан бір топ адамға жолығады. Қорқыт олардан: «Бұл көрді кімге қазып жатырсыңдар?» – деп сұраса, көр қазып жатқандар: «Қорқыт әулиеге», – дейді. Қорқыт олардың сөзінен сескеніп, желмаясын желдіртіп дүниенің екінші түпкіріне барады. Ол жерге барса онда да сол сияқты көр казушыларды көреді. Жердің үшінші түпкіріне барған екен, онда тағы бұларға жолығады. Төртінші

түпкіріне барғанда және көр казушыларды көрген соң, енді Сырдарияның өзеніне қайтайын деп, өзінің туып-өскен жері Сырға келеді. Еліне келген соң Қорқыт желмаясын сойып, оның терісімен қобыздың сыртын қаптайды. Құрғақ жерде тұруды сүймей, бір қырмызы масаты кілемді алып Сырдарияның суына төсеп, сонда тұратын болады. Тәңірінің жарылқауымен Қорқыттың кілемі не суға ағып кетпей, не шірімей көп заман су ортасында кеме болып, Қорқытқа өлім келтірмейтін арал болады. Қорқыт Сырдарияның көз жасындай суына қарап, қобызын күйлеп, өлім мені қанша қуса да мен оны бұл жерден көрмей қоймаспын деп, қобызын үздіксіз тарта беріпті. Бұл кезде Тәңірі Қорқытқа аян беріп: «Саған әйеліңмен бірге тұруға ерік бердім, сен үйіңді осы кілемнің үстіне әкеліп орнатып, қызық көр», – дейді. Содан кейін Тәңірі Қорқытты жарылқап, Қорқыттың кілем үстіне орнатқан үйі құрғақ жерде тұрғанмен бірдей болады. Қорқыт кілемнің үстінде отырып күндіз-түні ұйқы көрмей қобыз тартып өліммен алысыпты. Бірнеше заман қобыз тартып ұйқы көрмей отырған соң, Қорқыт әбден шаршап қатты ұйықтап кетеді. Қорқытты аңдыған өлім сол кезде қайрақ жылан түрінде жорғалап кілемге келіп Қорқытты шаққанда, Қорқыт одан ауырып өледі. Қорқыттың моласы осы күні Сырдарияның жағасында, Қармақшыдан 18 шақырым жерде бір белеңнің үстінде тұр.[34] Қорқыттың қобызын сол молаға бірге қойған екен. Тәңірінің шеберлігімен ол өзінен-өзі мұңды күй тартып, пәлен жылдан бері Қорқытты жоқтағандай сарнап тұратын болыпты.

[34]Қорқыттың атымен байланысқан жәдігер Кавказда Дербент қаласының төңірегінде де бары байқалады. Бұл туралы Адам Олерий подробное описание путешествия в Московию. Перевод Барсова, М.1870 г.стр. 968-971. Мухаммед ақташи «Деребент-нәмә» (рукоп. Ленингр.публ.биб.).

Ертелі-кеш моласының қасынан өткенде қобыздың сарнаған даусынан «Қорқыт, Қорқыт» деген мұңды үн үзілмей шығарып тұрады.[35]

Осы сияқты бір легенданы Анчиков деген кісі жазып алып, оны 1897 жылы Ташкентте шығатын «Археология» журналында басып шығарған.

Бұл легенда да көңіл қоятын нәрсе, бірінші Қорқыттың өліммен алысуы болса, екінші оның өгіз қуғаны. Мұнда Қорқытқа өгіз қуғызу, ол тарихи шындықтан шыққан болуға тиісті. Мұндағы Қорқыт қуған өгіз, ол шын өгіз түрінде суреттелсе де, ол тарихи Оғыз ханның ұмтылған епоним (аты) болуға тиісті. Қорқыт пен Оғыз ханның арасында болған дін таласын кейінгі жұртшылық өзінше айтып, оны Қорқыттан қашатын «Оғыз» легендасына айналдырған тәрізді. *(Бұл туралы «Оғыз намені» қара).*

Араб-парсы ғалымдары жазып алған легенданың айтуынша, Оғыз хан туарында анасының сүтін ембей, ислам дініне кірсең ememін, әйтпесе ембеймін деп анасының түсіне кіреді. Ержеткен соң дін туралы ол әкесі Қараханмен ұстасып, әкесіне қарсы соғыс ашады. «Салсал», «Зарқұм» жырларында келетін әке мен баланың дін туралы соғысы, осы Қарахан мен Оғыз легендасының бір түрі. Тағы сол жазулардың айтуынша, «бұл кезде арабтарда Арун-Рашит қандай белгілі болса, Орта Азияда Оғыз хан да соншa атақты кісінің бірі еді», – дейді.[36]

[35]Сырдария бойындағы қазақтардың айтуынша жазып алынған. Осы сияқты бір нұсқасы Телеш-Айшуақ ұлының айтуынан Спиридонов жазып алған. Протокол Туркс.кружка любит. археолог деген журналдың 1909 жылғы нөмірін қара.

[36]Оғыз легендасы туралы «Жаһан кушин», «Жамиғ ат-тауарих» Әбілғазы Баһадұрдың кітабын көр: Радлов Об уйгурах: Его же – «Кудгку-билік»: Материалы по истории Туркмении: Т.1, стр: 493-502.

Қорқытпен бірге жасаған Оғыз хан туралы қария сөзі былай дейді: Оғыз хан туған соң үш күн, үш түн бойы анасының емшегін аузына алмады. Анасы оған құса болып: «Қарашығым, неге ембейсің?» – дегенде, баласы бір күні түсіне кіріп: «Сен дінге кір, кірмесең сүтіңді ембеймін», – дейді. Анасы баласын есіркеп дінге кіруді ойласа да, атасы (Қарахан) оған көнбейді. Міне, II-III ғасырларда болған жұртшылықтың бұл мотиві, халық жырында әлі күнге ұмытылмаған. Бұл туралы халық жыры не дейді:

Шежіреге басын сүйеген
Күнге шашын тараған.
Ата қадірін білмеген
Ананың сүтін ембеген.
Өлі десем өлі емес,
Тірі десем тірі емес,
Аталардың атасы,
Ерте өткен Қорқыт ер, – дейді.

Міне, халық жырында айтылатын бұл «Ата қадірін білмеу, ананың сүтін ембеу» мотиві ислам діні Орта Азияға тарайтын кезде шыққан. Ол мотив Қорқыт пен Оғыз легендасында болмаса, басқа жерде кездеспейді.

Оғыз хан ержеткен соң атасы Қараханмен дін туралы жауласып, ең соңында Оғыз хан атасын жеңіп, Жетісудан Маңғыстауға дейінгі жерді өзіне қаратады.[37]

[37]Мәшһүр Жүсіп, 11 кітап, 13-бет.

Қазақ легендасының айтуынша, Қорқыт ұрпағынан туған Бұрқының қызын Асан қайғы алып, одан «Жалғыз жетім» Жаналы туыпты-мыс: «Бұрқы дуана» әдебиетте құбыр деп аталады.

Ата мен баланың дін туралы жауласуы Оғыз легендасында ашық айтылса, ол мотивін біз «Салсал», «Заркум» жырларынан да көреміз. «Салсал» Әлімен соғысқанда оның Қара піл деген баласы Әлі жаққа шығып, атасы Салсалмен соғысады.

Қара піл қаһарланып майдан барды,
Кәпірден ол кісіні қырып салды.
Салсал малғұн ашумен жетіп келіп,
Баласын қылышпенен екі жарды.

Не болмаса Заркумның баласы Жанәбіл әкесінен бөлініп, Әлі жаққа шыққанда Заркум баласына:

– Дейді балам шырағым азғаның нең,
Бөтен жолдан бір жөнді қазғаның нең.
Бұрынғы жөніңменен өлсең еді
Дініңді жаннан қорқып бұзғаның нең.

Мұндағы Салсал, Заркум, ол не Қараханның өзі де, болмаса сол кездегі Орта Азиядағы ру басылардың біреуі. Қара піл, Жанәбіл сияқты ерлердің дінді жақтауы, Оғыз туралы айтылатын легендадан еш бөтендігі жоқ. Және бұл айтқан дін таласының шығуы арабтардың Орта Азияны өзіне қаратқан кезде болуында тағы еш күдік жоқ.

Сөйтіп, ол кездегі жұртшылық көңілі Қорқыттың бейнесін Будда, Харист, Мұхаммед сияқты дін жасауға лайықтаса да, Қорқыт ол жолға түспейді. Ол бұрынғы аталық салт бойынша ел басқаратын ақылшы, би, қария,

Бұл құбыр (Бұрқы) биік мұнарасы осы күнге дейін Маңғыстауда тұрады.

шешен, дана, қобызшы, музыкант, жыршы қалпында қалып, халықтың сүйген күйшісі болады. Бұл кездегі Қорқытқа шәкірт болған жыраулар:

Қолына алып қобызын,
Елден-елге, бектен-бекке,
Ақындар жүр, жұрт кезіп, –

деген сияқты көбінесе күй тартуға, қобыздың үніне беріледі.

Қорқыт бейнесін асқаралы биікке жеткізетін әсіресе оның өлімге дауа іздеуі, ажалға қарсы тұруы. Бұл жөнінде Қорқыт өлімге дауа таппадым деп ешбір мойымайды. Ол мәңгі ағып жатқан өмірдің бұлағындай, сайрағыш қобыздың үнімен Қорқыттың сұлу күйін қалдырады. Қорқыттың өлімге тапқан дауасы – ол қобыздың үні, музыканың күйі, күй, қобыз оның мәңгілік серігі болады.

Қорқыттың осы сияқты даналығынан жұрт көзіне оның қобызының үнін бір ғана адам тыңдамай, оны тау да, тас та, аң да, құс та, ай да, жұлдыз да, орман да, теңіз де тыңдайтын болады. Ертедегі грек ақыны Орфей ертеңнен кешке дейін қолынан лирасын түсірмей күй тартып отыратын болса, Қорқыт та қолынан қобызын түсірмей ылғи төгілмелі күй тартып, жұрт оны тыңдауға жалықпайтын болады. Міне, осы Қорқыт ғасырлар өткен соң дүниедегі ең сұлу легенданың бірі болып, «Армаян», «Проитей», «Фауст», «Роланда» сияқты қызықты жырлармен тең орын алған. Қорқыт заманынан былай қарай нәзік сезім (индивидуализм) күшейіп,

бұрынғы Ер Төстік шыққан дәуірдегі миф-эпос орнына енді лирика туады.

Терең ғасырлар ішінде ұмытылған Қорқыт күйшіні зерттеп, оның көркемөнер жүзіндегі сұлулық мотивін пайдалану – бір ғана біздің бақытты дәуірімізде ғана болып отыр.

ЖАМАЛ ҚАРШИ

Қарахан дәуірі Орта Азияда әдебиеттің, сәулет өнерінің, жалпы рухани тіршіліктің аса бір есейіп ержеткен кезі болады. Ол сәулетті өнерді жасауға белгілі үлес қосқан тайпалар қыпшақтар, оғыздар, қарлықтар, шегілдер. Олардан қалған мәдениет-сәулет өрнектері осы күнге дейін Жамбыл қаласында, Сайрамда, Түркістанда, Талас, Сыр бойында, Орталық Қазақстанда сақталып келген сәулет белгілері. Оны әдемілеп суреттейтін «Құтайытқушы білік», «Түрік лұғаты» сияқты атақты жәдігерлер қыпшақ тілінде жазылған әдеби шығармалар сол өркендеумен байланысты ол кезде талай саңлақ ойшылдар, ғалымдар, жазушылар болған. Осы дәуірдің соңын ала Шағатай ұлысының бас кезінде ерекше үздік шыққан саңлақ кісінің бірі Жамал Қарши, толық аты – Жамал Абулфазыл ибн Мұхаммед әл-Қарши (1230-1305).

Бұл кісі Жетісу топырағында туып-өскен атақты ғалым, тарихшы, жазушы. Жасаған дәуірі XIII ғасыр. Әкесі Мұхаммед Баласағұн қаласының тумасы. Шыңғыс заманында Алмалыққа келіп Шағатай ханға қызмет еткен. Араб, парсы, түрік тілін жүйрік білген, Баласағұн қаласының бір жүйрік білімді адамының бірі. Жамалдың өзі Алмалықта туады. Әкесімен бірге Қаңлы тайпасының ортасында болып, олардың тарихи

шежіресін, аңыздарын тыңдап өседі. Білімді Алмалық пен Қашғар мектептерінде үйреніп, араб, парсы әдебиеттерінің дәстүрінде тәрбие алады. Бұл кісінің тарих майданына шығуы XIII ғасырдың орта кезі, демек, атақты Жувейни мен Рашидеддин де жарты ғасырдай бұрынырақ шығады. Оның үстіне жергілікті халықтың ортасынан жеке-дара шыққан дарынды жазушы. Оның үлкен қасиеті X-XIII ғасырларда Орта Азияда болған оқиғаларды аса жүйрік біліп, оны бірінші рет төндіре жазумен даңқты болады. Ол айтылған оқиғалардың көбін Жамал өз көзімен көріп, бұрынғыларын сол кездегі кемеңгер қариялардан естиді. Сондықтан Жамалдың жазғандары аса терең, әрі айқын дәлелді болып отырады. Жамалдың бұл қасиетін одан үш ғасыр соң шыққан, ол да Жетісу тумасы, Мұхаммед-Хайдар ерекше бағалап, оны өзінің бірінші ұстаздарынан санаған.

Жамалдың негізгі еңбегі араб тілінде жазылған, «Мулхакат ул-Сурах» деп аталады. Мәнісі лұғатқа қосымша дегенді білдіреді. Тарихи, әдеби шығарманы бұлай «Лұғат» түрінде жазу Орта Азияда X ғасырдан қалыптасқан дәстүр, ғылыми әдеби тәсілдің бір түрі. Оны Әбу-Лейістің «Мұқаддимасынан» (X ғ.), «Бұлғат әл-Мүштақ фи Лұғат әл-түркі уә л-Қыпшақ» Махмұд Қашғаридың «Түрік лұғатынан», тағы қыпшақ тілінде жазылған өзге Лұғаттардан көруге болады. Жамал бұл күрделі еңбегінің түбегейлі идеясын X ғасырдың ғұламасы, әл-Фарабидың замандас жерлесі, атақты Жаухаридың «Сахаха әл-Жаухари» деп аталған араб лұғатынан алынған. Жаухари еңбегінде өз дәуірінде тіршілік еткен халықтардың (тайпалардың) тұрмысын, сол кезде жасаған даңқты адамдар, тарихи оқиғалар

туралы мәселе көтерген. XIII ғасыр жазушысы Жамал Қаршиды бұл еңбек аса қызықтырды. Өйткені онда айтылған ойлар Жамалдың өзі толғанып жүрген ойлармен үндес болып шығады. Жамал бұл еңбекті 1282 жылы парсы тіліне аударып, 1300 жылы оған байтақ «Қосымша» жазады. «Қосымшаның» қолжазбасы бүгінде Ленинградта, Шығысты зерттеу институтының кітапханасында сақталып тұр (№430), екінші бір нұсқасы 1913 жылы табылған, бүгінде Ташкентте сақтаулы тұр. «Қосымша» деп аталғанымен бұл үлкен шығарма. Бұл еңбегінде Жамал сол кездегі ұлы мәселелерді көтере білген. Қа-зақстан мен Орта Азияның географиясын, тарихын, мә-дениетін тану үшін және ол кезде жасаған адамдардың өмірін білу үшін бұл еңбектің маңызы аса зор. Әсіресе ол заманда жасаған ғалымдар, ақындар, ел басқарған қауымқайраткерлері туралы аса бағалы, жарқын ойлар айтқан. Тарихи оқиғалардан Жамал бірнеше дәуірді әдемі суреттеген: Қарахан дәуірі, Салжұқ – Оғыздар туралы, Қара Қытай мен наймандар, Моңғол дәуірінің алғашқы кезі, тағы басқалар. Бұлардың ішінде ерекше бағалысы әсіресе Қарахан мен Салжұқ дәуірінің тарихы. Қарахан әулетінің тарихын Жамал сол кездегі оқиғалармен, сирек жолығатын шежірелермен, легендалармен барлайды. Мұнда Жамал ең алдымен Қарахан мемлекетінің шығуын, оның қалай құрылғанын айтады. Одан кейін бұл мемлекетті құрушы Сатұқ-Бұра ханның (955 ел) ислам дінін қабылдауға Бураханның түс көруі себеп болады: «Түсінде – дейді Жамал, – аспаннан бір кісі түсіп, түркі тілінде аян берді. «Сен ислам дініне кір, кірмесең өзіңе зиян болады», – дейді. Бірақ Бурахан ислам дінін қабылдауда көп қиыншылыққа ұшырайды.

Оның әкесімен бірге туған ағасы Үглақхан көп заманнан кәпір болып жүрді, исламды қабыл етпеді».

Бұл ғажайып легенданың арқауы ежелгі әдебиетте ерте заманнан бар. Оның түбегейлі идеясы «Оғыз намеде», «Қорқыт» әңгімесінде «Нахжүл-Фарадисте» ашық айтылған. «Манас» жырындағы ата мен баланың дін үшін жауласуы осы мотивтермен тығыз ұштасып жатады. Олардың бәрінде жаңа дінді қабылдаушы жас ұрпақ болып, аға ұрпақ оған дайым қарсы болып отырады. Міне, осы ғажайып әфсананың ең ежелгі нұсқасын бірінші рет жазып алған аяулы ғалым Жамал Қарши. Онымен бірге Жамал Қарахан ұрпағының шежіресін толық жазып, оны белгілі бір әдебиет қазынасына айналдырды. Жамалдың айтуынша: «Сәулет өнерінің есейіп-өркендеуі Қарахан ұрпақтары кезінде ерекше дәуірлеп, аса биік сатыда болады. Атақты адамдарға арнап сәулетті күмбез тұрғызу осы кезден басталды», – дейді. Жамбыл қаласында осы күнге дейін сақталып келген Қарахан, Айша-бибі, Бабаші-Хатын, Қожа Ахмет Яссауидің Темірден бұрын құлап қалғаны осыларды айқын суреттейді.

Жамалдың көбірек ой бөлгені ол кездегі тайпалар арасындағы қарым-қатынас, Қара-Қытайлардың Жетісуға шабуылы, Найман үстемдігі, Қыпшақ-оғыз, Қаңлы елдерінің саяси-мәдени шаруашылық тіршілігі, олардың Хорезм мемлекетімен қарым-қатынасы. Жамалдың айтуынша, XII ғ. басынан XIII ғ. соңына дейін Жетісудағы ең мықты Ұлыс қаңлылар болып, бұл өлкені олар Алмалықта отырып билеген. Қара-Қытай шабуылы кезінде Қаңлылар қарлық елімен бірігіп, ол кездегі сәулетті астана Баласағұн қаласын сақтауға жұмыла кіріседі. Қаңлылардың ол кезде күшті

ел болғанын кейін Рашиддеддин де айтады. «Олар Жетісудағы Ертіске дейін үстемдік құрған еді», – дейді. Жамалдың айтуынша, монғол әскері Жетісуға келгенде қаңлылар ешбір қарсылық көрсетпеген. Олардың Ұлысбегі Тұғрыл мен оның баласы Сұнақ-тегін барлық адамдарымен Шыңғыс әскеріне қосылады. Ол үшін Шыңғыс Жошының үлкен қызы Болған-бикені Сұнақ-тегінге қосады. Қаңлының бектеріне үлкен сый көрсетіп, оларды Шағатай ұлысында бірінші орында отырады. Осы күнгі Панфиловке (Жаркентке) таяу жерде Жетісуда болған Шағатай ұлысының ордасын Аққент Жамал «Ел-аларғу» деп атаған. Өзге әдебиетте «Ұлық үй», кейінірек Аққент (қазір Аққорған) атымен белгілі. Осы арада Шағатай сұлтандары Жамалға зор қамқорлық көрсетіпті, оны алым-салықтан босатып, қолына жарлық беріп қояды. Осының нәтижесінде Жамал Орта Азияны, Қазақстанды тегіс аралауға мүмкіндік алады, көп жерді көріп, көп адаммен таныс болады. Сондықтан оның жазғандарында көзге ерекше түсетін әсіресе тарихи адамдар, олардың қашан туып, қай кезде жасағаны туралы. Бұл жөнде Жамал бір топ ғұлама, ақындардың атын келтіреді. Олардың ішінде, өзінің толқынды ойларымен халыққа зор әсер еткен данышпан ойшы, ақылшы, сәуегей Ұлығбілгіні сөз етеді. Ол кісі 1262 жылы Талас (Жамбыл) қаласында қайтыс болған. Оның басына қойған құлпытас сол кездегі ай жүйесі бойынша араб тілінде жазылған. Өйткені, араб тілінде жазылған сөздің барлығы сол кезде қасиетті (киелі) болып саналған. Бір өкініштісі – Ұлығбілгінің тақпақ сөздерінен Жамал үлгі келтірмеген, тек қысқа өмірбаяны ғана айтылған. Түріне қарағанда Ұлығбілгі

оның алдына жасаған Тәңірі-көк, Иоллық-тегін, Қорқыт сияқты данышпан адам екені көрініп тұр.

Жамалдың айтуынша, ғұлама ақындардың көп шыққан жері, әсіресе, Сырдарияның жағасында қатар-қатар тұрған көп қалалар болған. Соның бірі Қамалидден Сұғнаки – екінші аты Шайқыбаба. Бұл кісі 1273 жылы 85 жасында Жент қаласында дүниеден көшеді. Ол кездегі ақын-жыраулардың көпшілігі Қожа Ахмет Яссауидің сарынында үлгі алған, соның шәкірттері екені байқалады. Солардың ішінде Әзім-Қожа, Сүлеймен Бақырғани, Убейдй, Гариби, Факири деген бір топ Хикмет жазған ақындар оны ашық дәлелдейді. Жамалдың айтуынша, олардан жеке-дара шыққан кісі Хисамеддин Құсам Баршынлығи болған. Ол кісінің жүзін көріп, әңгімелесуге құмар болған Жамал 1273 жылы әдейі Алмалықтан Сыр бойына сапарға шығады. Бұл сапарда атақты ғалымның ойға алған жұмысының бірі – Сыр бойындағы қалалармен, олардың мекендейтін елдермен танысу еді. Жамалдың ойынша, Баршынкент Сыр бойында жасаған қалалардың ең сәулеттісінің бірі болған. Жошы әскерінің Сыр бойын аға жүрген маршрутын жазған Жувейнидың айтуынша, Баршынкент осы күнгі Қызылордаға қарсы, Сұнақатадан төмен, Көк кесене дейтін күмбезге таяу жерде тұрған. «Жошы әскері Отырардан кейін Сығанақты, одан кейін Үзкентті, одан кейін Баршынкентты, одан кейін Ашнасты, одан кейін Жентті алады» (Д'ОССОН, I, стр. 211-224). Әбілғазының жазуынша, Баршынкент қаласының аты Оғыз еліне даңқты болған жеті қыздың бірі, Гүлбаршын сұлудың атынан шыққан. «Гүлбаршын – дейді Әбілғазы, – Қармыс байдың қызы, Мамышбектің жұбайы. Қабірі Сыр суының жағасында, Көк-кешене деген атпен белгілі» *(Әбілғазы, «Түрікмен шежіресі»)*. Осы тарих бойынша қазақтар Баршынкентті аса ардақтап, оны бергі заманға дейін «Қыз қала» деп келген. Орта ғасырларда (X-Хғғ.) даңқты болған Баршын қыздың атымен байланысты өзге де тарихи жағрафиялық атаулар Қазақстан жерінде аз кездеспейді. Оны біз Сыр бойында, Торғай, Есіл даласында жиі кездестіріп отырамыз. Мәселен, Баршын-Дария, Баршын-Көл, Баршын-құм, Баршын-тау. Бұл атаулардан көрінетін шындық, Баршын қыз жасаған дәуірде оғыз тайпалары қыс Сыр бойын қыстап, жаз айларында Торғай, Есіл өзендерінің бойын жайлап жүргенін көрсетеді. Тап осындай суретті «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан да көруге болады. Баян сұлу атымен байланысты жер аттары Аягөзден Көкшетауға дейін созылып жатады. (Аягөз, Жаур, Қарқаралы, Баян-аула, Домбыралы, Моншақты). Баршын сұлуды есте қалдырудың ең қадірлісінің бірі алып Мамыш пен оған арнап шығарған халық жыры «Алпамыш», тарихи дәуірдегі толық аты «Алып Мамыш». Жоғарыда келтірілген мысалдар бойынша бұл жырдың арқауы зор тарихи шындықтан туған. Бұл жыр ең алғаш (Хғ.) осы Баршынкентте, сыр бойын мекендеген оғыз (қоңырат), қыпшақ ақындарының айтуымен шығуы анық.

Баршынкент туралы тарихи әдебиетте мәліметтер өте көп. Оны әңгіме етушілер Монғол әскерінің соңын ала бұл қалада болған саяхатшылар, олардың ішінде Плано Карпини, армен жазушылары Гетум, Киракос, Жамал Қарши тағы басқалар келтіріп отырады. Рим папасының елшісі Плано Карпина 1246 жылы Сыр бойын жағалап өткенде, қанша қирап жатқан қалалардың, қыстақтардың, қорғандардың орындарын көріп, іргесі

сақталған тек Жанкент, Жент, Баршынкент екенін айтады. «Біз – дейді Карпини, – қанлы жерінен шығып, мұсылман өлкесіне (Сырдарияға) келдік. Бұл жерде бұрын да, қазір де құман (қыпшақ) тілінде сөйлейді, заңдары мұсылманша... Бұл жерден ағатын судың (атын біле алмадық) жағасында тұрған қалалар бірінші – Жанкент, екінші – Баршынкент, үшінші – Арнас. Карпинидың жазуынша, халқы көп, сауданың мол жері Арнас (Жент) болған. «Оның іші толған байлық. Мұсылман базары орасан зор», – дейді *(Плано Карпини, перевод А.Малеина, стр. 24)*.

Жамал Қарши Сыр бойын аралап Жент қаласына дейін барады. Жөнекей оғыз қыпшақ қыстақтарымен танысып, олардың қарияларымен кездеседі, шежіре, аңыз, әфсаналарын жазып алады. Жент қаласына келгенде оның сыртқы көрінісіне көбірек ой бөліп, тарихи ескерткіштеріне көз салады, ежелгі ойшы Камалидден Сүгнақидың құлпытасына естелік жазу қалдырады. Жент қаласының ішіндегі топтаған әдемі күмбездерді толығынан қарап шығып, онда арабша жазылған құлпытастағы әдемі жазуларды Иран, түркі тілдеріне аударып отырады. Солардың ішіндегі бір атақты күмбез «Манмыш тегін» деген кісіге арналған. Осы күмбезге ерекше көңіл қойған Жамал Қаршы сұлтан тегіндерге орнатқан күмбездер сұлулықтың ғажайып бір түрі, сәулет өнерінің биіктегі бір сатысы деп анықтаған. Жент қаласы ол кезде Сыр бойындағы Жошы ұлысының бір астанасы болғанын суреттеп, базары үлкен саудагерлер көп жиналатын ұлы жер деп сипаттайды. Бірақ Жамал барлық ойын Баршынкентке аударған. Бұл екі қаланы салыстырып, Баршынкент Жошы Ұлысының ақша шығаратын бір орны деп, оның шаруашылық,

мәдени тұрмысына тоқталады. Жамалдың барлауынша, Баршынкент, әсіресе, ой, рухани тұрмыстың қайнаған орталығы болған. Мұнда әл-Фарабидің дүние тану жолына түскен ғалымдар, ақындар, жазушылар аз болмаған. Соның бірі үш тілде өлең жазған Құсамеддин Баршынлығи. Жамал осы кісінің үйінде көп уақыт қонақ болып, ол кісінің дәрістерін тыңдайды, ашылып әңгімелеседі. Ұзақ әңгіме үстінде отырғанда Құсам ғылыми ойларын, өлең-жырларын үш тілде жазатынын сыр қылып айтады. Жамал оның фәлсафалық сырын сұрағанда: ой сұлулығын көбінесе араб тілімен айтып жеткізуге болады, тіл шешендігін парсы тілімен көрсеткен жақсы, тұрмыс шындығын жарқын сипаттауға түркі тілі (қыпшық) ерекше орын алады. Сондықтан Құсами осы үш тілмен де жазамын», – деген. Жамал жазып қалдырған бұл ойлар, әрине, бір кезде Сыр бойында өркендеген ой-өрісінің, сол кездегі мәдениеттің бізге келіп жеткен бір ұшқыны екенін көреміз. Сөйтіп Жамал, Қыпшақ дәуірінде Сыр бойында жасаған ғалым-ақындардың үш әдеби тілде еркін ойлап, әдебиетте терең із қалдырған саңлақ ойшылдар болғанын анықтайды. Бұдан көрінетін тарихи шындық, дүниені жақсы таныған, артында зор фәлсафалық, музыкалық мұра қалдырған әл-Фараби Сыр бойынан жалғыз шықпаған. Оның соңын ала жоғарыда айтылған айтылған үш әдеби тілде еркін ойлап, еркін сөйлеген ойшы саңлақтар, топталған ғұламалар, ақын-жыраулар аз болмаған. Олардың жарқын түрі әл-Фараби болса, одан кейін тарихта атын қалдырған атақты Шахристани (Жанкенттен) Ұлығбілгі, Сүгнаки, Жауһари, Құсам, Югнаки, Яссауи, Жамал Қаршы тағы басқалар. Академик В.В.Бартольд осыларға зор мән беріп, Сыр

бойындағы қалаларда үш тілде әдемі сөйлегенін айтады.

Сыр бойынан шыққан өзге ғалымдардан Жамалдың жазуында аты сақталған бір тамаша ғалым Ғибадулла (Ханбатұлла). Бұл кісі түрікше, сирияша жазып, сөйлеп, көп ғылымды білген, әл-Фарабидің ізін қуған кісі. Көп уақыт Шам өлкесінде тұрып, кейін Ирандағы Ғазан ханның қолына келіп, Рашидеддиннің тарих жазуына көмектеседі.

Жамалдың жазғандарын сүйе оқып, ол туралы жарқын пікір айтқан ғалым – Мұхаммед Хайдар. Бұл кісінің айтуы бойынша, Жамал әсіресе Баласағұн, Талас қалаларының рухани, мәдени тіршілігінде ерекше ой бөліп, онда жасаған ақын ғұламалардың өмірбаянын ашығырақ жазған. Өзгеден гөрі Баласағұн қаласына көбірек ойысқан Мұхаммед Хайдар әзілдеуінше, Жамал бұл қаланың ғұламаларын өзге қалалардан асырып жазғанына біраз сын көзімен қарамақшы болған. Бірақ оның тарихын, мәдени, рухани тіршілігін, әдебиет үлгілерін әдемілеп айтқанын ерекше қадірлеген. Бір өкінішті жері, XVI ғ. Мұхаммед Хайдар пайдаланған Жамалдың Баласағұнға арнаған қолжазбасы қазір қай жерде жатқаны мәлім емес. Жамал бұл еңбегінде Юсуф Баласағұнға, оның баласы Ахмед Балсағұни сияқты саңлақ кісілердің өмірін әңгімелейді.

Бұл жоғарыда көрсеткен ғалымдардың дәуірінде, X-XIV ғғ. Жетісуда шегіл мен қарлық тілі үстем болса, Сыр бойында өркендеген әдеби түркі тілі, қыпшақ тілі болған. Оны өз көзімен көрген Еуропа саяхатшысы Плано Карпиниде солай жазған. Бұл тілдің ерекшелігі ұйғыр, шағатай тілдеріндей жасанды, кеңсе тілі емес, халық тілінің негізінде өркендеген,

көпшілікке түсінікті тіл болған. Құсамның бұл тілде өмір шындығын ашық суреттеуге болады деуі осыдан шыққан. Жалпы айтқанда, X-XIV ғасырларда Батыс Түркістанда қыпшақ пен оғыз тілінен басқа әдеби үстем тіл болмаған. Бұл екі тілдің түр жағынан, сөз байлығы жағынан біріне-бірі өте ұқсас болғандығын, Махмұд Қашғари өзінің мысалдарында ашық жазып отырады. Сыр бойында, Арқада, Үргеніште, Жайық пен Каспий теңізінің жағалауында бір ғана осы тілмен сөйлеп, осы тілмен жазатын болған. Бұл тілдің диалекті тұрғысынан ерекшелігі ең алдымен «Жұм» мен сөйлеу (жол, жаңа, жаз). Сол дәуірде осы тілмен жазылған әдеби, тарихи кітаптар, ресми жаңалықтар, хаттар аз болмаған. Олардың ішінде «Оғыз наме» (Шереф нұсқасы), «Ғашық наме», «Махаббат наме», «Хосрау Шерін», «Айса ұлы Амет» сияқты дастандар, «Нahжұл фарадіс», «Рабғұзи» сияқты фәлсафалық шығармалар, тарихи-лұғат кітаптар, мәселен Абу-Хаянның «Лисан ал-атрак», Замахшратидың «Мұқадимат ал-адаб», «Бұлғат әл-Муштақ фи Лұғат әл-түркі уә Л-Қыпшақ», «Тәжіман тюрки, ажами, моғоли ау фарси», Ибн-Муханнаның Лұғаты, «Кодекс Куманикус», қыпшақ тіліне аударған «Шахнаме», тағы басқалар. Қыпшақ тілінің бұл жәдігерлері біздің заманымызда дүниедегі ірі ғалымдар тарапынан жақсылап зерттеліп, ол туралы қазір бай әдебиет жасалған. Қыпшақ тілінен қалған жәдігерлердің бір ерекшелігі, ол әр алуан алфавитпен жазылған. Оның ескі үлгісі Орхон жазуымен түсірілген. VIII ғ.). Одан кейінгі үлгілері ұйғыр, араб, латын, славян жазуларымен қалыптасқан. Бұлардан басқа қыпшақ тілінің тасқа, кірпішке, көзе сауыттарға, күмбез қабырғаларына жазылған үлгілері қазақ да-

ласында (Арқада, Сыр бойында, Жайықта) осы күнге дейін кездесіп отырады. Сондай жазулардың бір тамашасы Сарайшық қаласынан табылған күбідегі жазу, қазір ол Атырау өлкелік мұражайында тұр. Әдемі жыр түрінде ойып түсірген ол жазуда былай делінген:

Кісі көркі үз ол
Бұ үз көркі көз
Бұғаз көркі тіл ол
Бұ тіл көркі сөз.
Жақсы көрік кішіге білік
Һәм өнер,
Иолұғ қыл жаныңны
Білікке Ер.

Ұлытау төңірегінен Қаныш тапқан таста мынадай жазу бар: «Тарих йеты юз тоқсан екіде, қой іл, йазның ара (үйін) айы. Туранның Сұлтаны Темірбек юз мың черік біла... Тоқтамыс хан біла санычмаққа йүчді. Бұ йерден өтіп, белгү болсын теп бұ обаны қобарды. Тәңрі нісбет (нәсіп) бергей. Іншалла. Тәңірі бұл кішіге рахмат қылғай, бізні дуа біла йат қылғай...»

Сары-Суға таяу жердегі бір күмбездің маңдайына XII ғасырдың шебері тағы мынадай бір жол жазған:

«Әз өлаят Кеңгір. Ер керней Хұсрау Шарбағы».

Ұлықбектің шежіресінде келетін Ұлы жыршының сөзі қыпшақ тілінің жарқын бір үлгісі. Бұл жырда Бетпақ далада аң аулап жүрген Жошы тағы құланның ортасында жалғыз қалып, оның құланның айғыры шайнап өлтіргені сөз болады. Бірақ Жошының кенеттен өлгенін ол кездегі атақты билер Жошының әкесіне естіртуге батылы бармай, үлкен толқуда болады. Сонда билердің біреуі (Майқы): «Мұны қобыздың үнімен ұлы жыршы естіртсін», – дейді, бәрі осыған тұрады. Ұлы жыршы Шыңғыстың алдына келіп, қобыздың зарлы үніне қосып мына жолды айтады:

Терек түптен жығылды кім тұрғызар а ханым?
Теңіз түптен былғанды кім тұндырар а ханым?

Қыпшақтарда ой өрісінің кең болғанын, олардың тілінің өткірлігін бұл жыр ашық сипаттайды.

Міне, осындай жазуларды тізе берсек, оның өзі бірнеше бет болар еді. Бірақ бұл мақалада оның бәрін келтірудің қажеттігі жоқ. Бұдан шығаратын қорытынды, қазақ халқына мирас болған қыпшақ сахарасы тағылықтың мекені емес, мұнда да мәдениеттің ой-өрісінің сәулетті түрлері кем болмаған. Мұны заманымыздың атақты ғалымы В.В.Бартольд, поляк ғалымы А.Заянчиковский, француз ғалымы П.Пельо талай ашық айтқан. В.В.Бартольд өзінің зерттеулерінде «Оғыз наменің» француздың ұлттық кітапханасында сақталып тұрған нұсқасын жазушы ұйғыр емес, қазақ сахарасында жасаған кісі болу керек. Өйткені, «Бұл өлке оғыздардың ұзақ заман тұрақ еткен жері ғой» дейді. Бұл пікірді француз ғалымы П.Пельода жақтайды. Бұл қорытындыға келудің себебі, бұл «Оғыз наменің» мазмұны, сюжет құрылысы, ас-тойды суреттеуі қазақ эпосымен бірдей, және жағрафиялық жер аттары да бір ғана Қазақстан өлкесін сипаттап отырады. «Өмір шындығын жарқын суреттейтін» қыпшақ тілін байытып, оны жоғарғы сатыға жеткізетіндер әрине,

қыпшақ ортасынан шыққан Ұлуғбілгі, Камаледдин Сұғнаки, Құсам Баршынлығи сияқты ақын-жыраулар. Бұларға оғыз тайпасынан шыққан Муизи, Анвари сияқты көп ғалымдарды қосуға болады. Бұлардың барлығы әл-Фараби үлгісінде тәрбие алған, оның данышпан шәкірттерінен деуге болады. Бұлардың ой әсері кейінірек шыққан шағатай әдебиетінде ықпалын тигізеді. Оны В.В.Бартольд пен А.Заянчиковский ашық айтқан. Қыпшақ ұлысы жасаған мәдениеттің Орта Азияға әсерін айта келіп В.В.Бартольд былай деген:

– Қыпшақ ұлысы тигізген бұл ықпалдың болғандығы соңғы уақытқа дейін белгісіз еді. Оны Орта Азия халықтарының өзі сезбесе Еуропа ғалымдары білген емес. Осыларды дәлелге келтіріп, В.В.Радловтың «қыпшақ тілі шағатай тілінің ықпалында болды» деп, зерттемей, үстірт айтқан пікіріне В.В.Бартольд бүтіндей қарсы болған.

– «Олай емес, шағатай тілі қыпшақ мәдениетінің ықпалынан туды», – деп тұжырым жасайды. Қазіргі біздің ғалымдар академик В.В.Бартольдтың жақын шәкірттері, ол кісінің бұл айтқан пікірлерімен санаса ма, жоқ па, ол арасы мәлім емес. Бірақ, қазіргі тіл жүйесі В.В.Бартольд жасаған классификацияға бүтіндей қиғаш жатыр. Бүгінгі ғалымдар тарихи өлшеумен, жағрафиямен санаспай, барлық ежелгі әдеби тілді «Көне өзбек тілі» деп жүр, оның ішінде қыпшақ дәуіріндегі (X-XIV) тілді «Ранне – Староузбекский» деп, Шағатай дәуірінікін (XIV-XVI) соңғы көне өзбек тілі деп атайтын болған. Бұл атаудың тарихи өркендеуімен еш байланысы жоқ, жасанды нәрсе. Бұл тілдерді қолданған кезде осы күнгі Орта Азия халықтары әлі ұлттық консолидацияда болмай, бәрі ортақ пайдаланған. Сондықтан бұл екі тілді біріктіріп, өзбек болмаған кездегі тілді «Көне

өзбек тілі» деу түсініксіз. Бұл тұрғыдан қарасақ, орфографиясы бойынша Абай шығармаларының өзі «көне өзбек» жазуы болып шығады. Біздіңше көне өзбек тілін шайбани заманына бастау керек. Одан бұрынғы көп елге ортақ болған қыпшақ, шағатай тілдерін бұрынғы ғылымда қалыптасқан түрінде пайдалану керек.

Ескі қыпшақ тілінде жасалған лұғаттарда тіл байлығы орасан күшті, әсіресе, жағрафия, тау, тас, өсімдік, аң, құс аттары, шеберлік, кәсіпшілік, аңшылықпен байланысты ұғымдар тың қалырлық бай, және осы күнгі қазақ тілінде жұмсалатын атаулармен үндес, ұқсас болып отырады. Сондай бай ұғымның бірі ой өрісін көрсететін, ойды бикке сермейтін поэтика фәлсафалық ұғымдыр (мәселен, «баят», «Ұған тәңірі», «ұшан теңіз», «Шалқыған айдын», «толықсыған ай», тағы басқалар). Бұл бейнелерді кейін қазақ ақындары да жиі қолданған.

«Қосымша»-да суреттеген ең тамаша ойлардың бірі – Орта Азия мен Қазақстанда жасаған қалалар, олардың шығу тарихи, құрылысы, шаруашылығы, мәдениеті, саяси тіршілігі. Солардың ішінде Сыр, Талас бойындағы қалалар, Жетісу, Орта Азия қалаларының атымен жіктеген: олар Алмалық, Талас, Баласағұн, Қашғар, Ташкент, Баршынкент, Жент, т.б. Бұлардың ішінде Жанкент, Баршынкент, Жент, Сығанақ, Сауран, Отырар, Сайрам, Талас қалалары өз бетінше сөз болады.

XIII ғасырда әдемі суреттелген бұл қалалар, оның көркем сәулет өнері, жер қайысқан топ-топ базары, ой шертетін саңлақ білгіштері, атақтары ғалымдары, үш тілде әдемі жазатын асқан жазушы-ақындары, оны зерттеген ғалымдары, оны зерттеуші ғалымдардың ойын елегізітпей қоймайды. Демек, бұл ғажайып дүниелер

олар үшін бір таусылмайтын қазына ғой. Жамалдың жазуынша, XIII ғ. атақты ақындардың ең дарындысы, елге көп жайылған жүйрік білімпазы Баршынлық қаласында тұрған – Құсам. Оның ең тамсанатын жері үш тілде бірдей әдемі жазуы – арабша, парсыша, түрікше. Арабша жазғаны сұлулыққа бөлесе, иранша жазғаны құйылма ойға толқытады, түрікше жазғаны ашық ойды меңзейді. Сөйтіп, Сыр бойындағы қалаларда жасаған ғалымдар, ойшылдар, ақын-жазушылар үш тілде әдемі сөйлеуді қасиет еткен. Соның бірі Сыр бойында, Арқада, Күнбатыста белең алған қыпшақ тілі. Бұл тіл кейін (XIV ғ.) Орта Азияда өркендеген Шағатай әдебиетіне үлкен әсер еткен (В.В.Бартольд).

Жамал Қаршидың қаңлы-қыпшақ тілімен жазған сөздері кейінгі қазақ тіліне тым жақын, тілі, сөздігі, жазу үлгісі бүтіндей ұқсап тұрады. Демек, Жамалдың өзі қаңлы тайпасынан шыққан ғой, оның әсері оның тілінде, жан-күйінде айқын сақталған.

Жамалдың ең жарқын ойлары оның өз заманында болған оқиғаны, қария сөздері, әфсанаға айналған тарихи белгілерді, халық легендасын, олардың шежірелерін ашығынан сипаттап қалдыруында. Кітап араб тілінде жазылса да, бірақ өзі туып-өскен қаңлы, қыпшақ, оғыз тайпаларының әфсаналарын өте жарқын түрде суреттеп отырады.

Міне, осы тәрізді тарихи, саяси, мәдени зор маңызы бар мәселелер көтеріп, Қазақстанның жағрафиясына көп үлес қосқан аяулы ғалым, әрі жазушы Жамал Қаршиды ешуақытта ұмытуға болмайды. Бір кезде Қазақстан топырағында туған әл-Фараби, Жаухари, Игүнеки, Баршынлығи, Мұхаммед Хайдар қандай болса, Жамал да солардай дүниежүзіне аты шыққан ұлы саңлақтардың бірі.

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ

Мұхаммед Хайдардың кім екенін тарих зерттеушілер болмаса көпшілік біле қоймайды, бұған әрине Мұхаммед Хайдар да, көпшілік те кінәлі емес, тек қана оның ой-қазыналарының жарыққа шықпай, ғасырлар бойы белгісіз жатқаны ғана жазықты. Күншығыс әдебиетінің іргелі салаларын ақтарып отырсаңыз Мұхаммед Хайдардың кім болғаны, оның адамшылық тұлғасы көз алдыңызға суреттеліп, бұл кісі де сол кездегі Мір Әлішер, Навои, Бабыр сияқты Орта Азия көлемінен шыққан атақты данышпан, ғалым, жазушылардың бірі екенін көресіз. Бұл кісінің сәулетті даңқын дүние жүзіне әлпештеп таратқан, әсіресе оның «Тарихи Рашидди» деген кітабы болды. Бұл кітап бүгінде барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүниежүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр.

«Тарихи Рашидди» кітабының ең тамаша жері – Мұхаммед Хайдар мұнда Алтын Орда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, XY ғасырдың орта кезінде бұрынғы қазақ тайпалары бірігіп, жеке үкімет құрғанын бірінші рет ашық, көлемді түрде түсіндіре жазған. Кітаптың тіліне, ондағы мәліметтердің айқын, маржандай тізіліп құрылуына қарағанда, оның жазушысы жергілікті халықтың тұрмысын, шаруашылығын, саяси-

си тіршілігін аса жүйрік біліп, өзі солармен бірге өсіп, бірге қайнасқан кісі екенін көрсетеді.

Мұхаммед Хайдардың қазақ туралы жазғандарында басқа елден келген жолаушылар сияқты аспандап қараушылық бүтіндей жоқ, не болмаса алыс жерде, бақшаның ішінде отырып, тек сұрау арқылы біліп, үстірт жазу тағы жоқ. Ол тек өзінің көзімен көріп, ойымен бақылағанын әңгіме етіп, не атақты билермен кездесіп, солармен пікір алысқанын негізге алып жазады. Мұхаммед Хайдардың жазғандарында өрескел, оғаш айтқан ойлардың ізі бүтіндей кездеспейді. Сыпайылық, әдептілік, сезгіштік, халық мұңын ойлаушылық аңқып тұрады. Сондықтан бұл кісіні халықтың адал ұлы, оның кемеңгер ойшысы, оның әмірінің суретшісі деуге болады.

Кемеңгер жазушы мен саңлақ ойшылардың туып-өскен жері де оның ұрпақтарына зор мақтаныш қой. Біз әңгіме етіп отырған Мұхаммед Хайдар туысы жағынан ұлы жүз, дулаттардан тарайды. Академик В.В. Вельяминов-Зерновтың анықтауынша, Мұхаммед-Хайдар Дулат руынан, текті атадан. Дулаттар – тарихи заманнан келе жатқан түрік нәсілдес көп тайпалардың бірі. XVI ғасырларда қазақ қауымына қосылып, Алтынемел тауынан Шымкентке дейін қоныстап отырды», – дейді. Шоқан Уәлихановтың жазуынша Мұхаммед Хайдар Дұғлат руы, Балашы бидің ұрпағы. Дұғлат руы ол кезде атақты рулардан болып, Қашқар хандары әйелді осы рудан алатын болған. Мұхаммед Хайдардың өз әкесі Мұхаммед Хұсайын жоғарыда Вельяминов-Зернов көрсеткендей Жетісу, Шу өзені, Талас бойын мекен еткен дулаттар ортасында туып-өсіп, оның ел билеген атақты адамдарынан саналған. Қазақтың Қасымханы

мен өзбектің Шайбани ханы Алтын Орда дәуірінен қалған мұра Сырдария бойындағы қалалар үшін жауласып жүргенде, Хайдардың әкесі Хұсайын, оның ағасы Мұхаммед Хайдар, дулат биі Сұлтан Ахмет барлығы дұғлат руынан тума бектері аталған қолбасылар. Олар бір жағынан Ферғанадағы Бабырға күш берсе, екінші жағынан Қасым ханды қолдап, өзбек Шайбани ханға қарсы тұрады. Хайдардың әкесі Хұсайын көреген, ол кеде өзінің қайын атасы Жүніс ханның атынан мезгілмезгіл Ташкент пен Ұратөбе қаласын басқарады. Осы кезде дүниеге келешектегі жазушы Мұхаммед Хайдар келеді. Тегінде Ұлы жүз, үйсін-дулаттардың не қатаған шанышқылының Ташкент қаласын басқаруға қатынасуы тарихта аз болмаған, XVI-XVIII ғасырларда олардың беделі бұл қалада аса зор болған, ең соңғы Төлебидің өзі көп өмірін осы қалада өткізіп, бірталай естелік мұра қалдырған.

Ұлы жүз тайпаларының, оның ішінде дулат елінің ол кездегі қоғам тіршілігіндегі орнын әспеттеу үшін біраз тарихқа көз жүгіртіп көрейік.

Шыңғыс империясының бір бөлігі Шағатай үкіметі ыдырай бастаған кезде (XIV ғасырдың соңы) ол екіге бөлініп бір орта Азияның өзінде екі мемелекет көріне бастады: Самарқанд, Бұхарадағы шағатаайлықтар барлас, жалайыр рулары астанаға Самарқандты көтеріп өздерін мауранайырлық деп атаса, Жетісуді мекендеген тайпалар шағатайдың ескі ордасы Алмалық қаласын төңкертіп, Моғұлстан деген атқа ие болды. Жаңадан құрылған бұл екі саяси қауым бірімен-бірі өштесіп, феодалдық қым-қиғашты тереңдете берді. Жетісулық тайпалар (моғұлдар) Самарқанд шағатайларын «Қараунас» (шата) деп атап, Самарқанд

пен бұхаралықтар Моғұлстан тайпаларын жете (бұзақы дінсіз) деп атады. Өйткені Мауранайырды билеушілер арасында дін өкілдері болған ишан қазақтардың әсері тым күшті еді.

Жетісудың ол кездегі саяси аты Моғұлстан болса, оны мекендеген тайпаларға ресми тілде Моғұл деп лақап берді. Бірақ Моғұл деп отырған көшпелі тайпалар моңғол да емес, ұйғыр да емес, түрік тілінде сөйлейтін сол жердің тарихи заманнан бері келе жатқан тұрғын халқы болатын. Екінші түрде айтқанда моғұл деп атаған елдер кейін ұлы жүз құрамына кірген үйсін мен дулаттар, қаңлы мен шанышқылы, жалайырлар, бұларды біріктіріп саяси тіршілік түйіні ретінде не моғұл не дұғлат деп атағаны байқалады. Дұрысында бұл моғұлдарды шағатай ұлысынан бөлініп шыққан, сол кездегі қазақ тайпаларының (ұлы жүздік) бірінші саяси тіршілігі деуге болады. Кейін Алтын Орда үкіметі ыдыраған кезде, 100 жылдан кейін Әбілхайыр ханға наразы болған Керей мен Жәнібек (Әз Жәнібек) соңына ерген қыр қазақтарымен моғұлстан келіп, ұлы жүз тайпалары үйсін, дулаттан күш алып, Шу өзені бойында қазақ хандығын құрады. Осы кезде Моғұлстан үкіметі де кеңейіп күшейеді, өйткені, оның құрамына енді Қашқар уәләяті да қосылады. Моғұлстанның билігі толығынан Қашқар жұртына ауысқанда, XVI ғасырдың 30 жылдары, Рашид ханның заманында, ұлы жүз тайпасы, оның ішінде дулаттар Моғұлстаннан бөлініп, қазақ хандығына қосылады. Содан бері дулатттар бір ғана ұлы жүз құрамында айтылып өзге жұртқа қалған ізі айтылмайды. Дулаттар өзбек тарихында да, ұйғыр тарихында да кездеспейді. Дулаттардың тарихи заманнан түбегейлі қонысы Жетісу, Шу, Талас өзендерінің бойы

болғандықтан, өзге жерде кездесу мүмкін емес. Олар болса бір ғана ұйғыр ортасында болуға тиіс еді, бірақ естілмейді. Дулаттар әлі күнге сол тарихи қонысында тіршілік жасап, қазақ халқының бір іргелі тарауы болып саналады. Ол кезде дұғлат аталып бүгінде дулат атаулында еш қайшылық жоқ. Өйткені тарихи кітаптарда дұғлат аталып, халық аузында дұғлат аталуы бүгінге дейін заңды нәрсе.

Тарихи дәуірлердегі бергі күнге дейін жойылмаған кітап тілінің әсері Абайдың өзі де көп сөздерді солай жазатын болған. Демек, Мұхаммед Хайдардың жазғандарын мұра етіп, Орта Азия халықтарымен бірге мақтаныш ететін оның тікелей ұрпағын қазақтың ұлы жүз тайпасы, оның ішінде дулаттар деуге болады. Бұл жөнінде Мұхаммед Хайдар қазақ ортасында болған жоқ, өзі басқа мемлекетте жасап, сонда қайтыс болды деп айтушы да болар. Бірақ ол дәлел емес. Өйткені XV-XVIII ғасырдарда қазақ ортасынан шыққан кейбір сұлтан мен билердің өз ортасынан шығып, басқа жерге барып тіршілік жасап, барған жеріндегі әлеуметтік тіршілікке белсене қатысқандары аз емес. Оған Москва үкіметіне барған Оразмұхаммед пен Қадырғали Жалайыри, Хиуаға барып үкімет басқарған Қайып пен Әбілхайыр, Бұхараға барып ел басқарған Жалаңтөс батыр айқын дәлел бола алады. Атақты ойшыл халықтың ақылгөйі болған Асан қайғы да өзінің туып-өскен жері Ор өзені мен Ая бойын тастап, Ыстықкөл жағасына келіп дүниеден көшеді. Мұхаммед Хайдар да солар сияқты өзінің туып-өскен, тәрбие алған, анасының сүтін емген жерінен шығып, басқа елді билеу үстінде қайтыс болған кісінің бірі.

II

Тарихи жазулардың бірде-бірінде Мұхаммед Хайдардың нақтылы қай жерде туғаны көрсетілмеген. Бірақ бұл мәселені өзге мәліметтермен анықтауға болады: біріншіден оның әкесі Хұсайынның тіршілік жасаған орындары арқылы, екінші анасы Хұд Нигар-Ханымның болған жерлері арқылы. Бұлардың екеуінің де тұрғылықты орындары Ташкент қаласының төңірегі ұлы жүз тайпалырының түбегейлі қоныстарының бірі. Әкесі Хұсайын Қасым ханмен бірге Шайбаниға қарсы соғысқанда, осы Ташкент маңында қаза табады. Сондықтан Мұхаммед Хайдар осы Ташкент қаласында, не соның төңірегінде туған болу керек.

Мұхаммед Хайдардың анасы Хұд Нигар ханым Шағатай ұрпағы, Жүніс ханның қызы. Ол Ташкент қаласын билеп, Алмалыққа дейін басқарған. Бұл жерлер сол кездегі ұлы жүз тайпасы мекендеген орындар. Хайдардың жазуынша, Жүнісхан көшпелі руларды отырықшылыққа айналдырып, қала салу ісімен шұғылданған кісі. «Моғұлстан қалалары қара қытай дәуірінен ойран болып, – дейді Хайдар, – Жүніс ханның заманына дейін көшпелі болып келді, қала тұрмысын білмеді. Ташкенттен бастап қыр даланың шетіне дейін моғұлдарға (қазақ тайпаларына) тиісті еді» (Ч. Валиханов. Собр соч. Том 1., стр. 447). Дегенмен, Жүністің өзі де жаз күні жайлауға шығып, Арыс, Бөген, Шаян, Қаратауға дейін жайлап, көшпелі тайпалармен аралас отырады. Жүністің екі баласы Ахмет пен Махмұд та қазақ қауымының бірігуіне көп күш жұмсаған кісілер тобына кіреді. Мұхаммед Хайдардың туып-өскен, тәрбие алған ортасы осылар.

Мұхаммед Хайдардың шешесімен туысқан Жүністің бірнеше парасатты қыздары болған. Оның бірі Құтлығ Нигар ханым атақты жазушы Бабырдың шешесі. Екінші Сұлтан Нигар ханым қазақ ханы Әдіктің бәйбішесі. Демек, бұл қарым-қатынастың барлығы Мұхаммед Хайдарға бала күнінен таныс болмаса, ол «Тарихи Рашидди» кітабында сондайлық жылы, сондайлық ашық жаза алмас та еді. Хайдардың жазуынша, Сұлтан Нигар ханым Сыр бойында соғыс жиі бола берген соң, қырда тұра алмай, Қашқардағы туысына барғысы келеді. Өзінің өгей баласы қазақ ханы Тайырға: «Мен болсам қартайдым, Мауранайыр мен Дешт Қыпшақ арасы әлі түзелер емес. Қалған өмірімді қалада өткізейін, мені Қашқарға апарып, Сейітханның қолына табыс ет», – дейді. Бұл кезде Сұлтан Нигар ханымның қалған төркіні тегісімен Ташкент, Түркістан төресін қалдырып, Қашқарға барғаны байқалады. Кейін олардың соңын ала жетім қалған Хайдар да нағашысының қолына барады.

Бұл жерде айтылып отырған Қашқар ханы жоғарыда көрсетілген Жүніс ханның немересі, Сұлтан Нигар ханымның ағасы Ахметтің баласы. 1525 жылы Сейіт пен қазақ ханы Тайыр алакөз болғанда Сұлтан Нигар Ханым бұл екеуінің арасына бітім айтады. Екі ханның екеуі де (бірінің апасы, бірінің шешесі) бұл кісінің сөзіне бас иіп, татулыққа келеді. Мұхаммед Хайдар бұл туралы былай дейді: «Хан Қашқардан шығып, Қошқар келді. Бұл жерге мен де келдім. Маған айтты, сен Қашқарға бар да апайды алып кел. Тайыр ханмен екеумізді татулыққа келтірсін».

Әдікұлы Тайыр қасқа жолды Қасымның немересі ол кезде аузынан жалыны шығып тұрған кезі. Бұрынғы

Моғұлстан қырғызды, үйсін, дулатты өзіне қаратып, қырғыз бен қазақты бірдей меңгеріп тұрған кезі. Міне, осы кезде болған уақиғаның ашық суретін біз бір ғана Хайдардың «Тарихи Рашидди» кітабынан көреміз. Бұл суреттер біріншіден, Мұхаммед Хайдардың туып-өскен ортасы кім екенін білдірсе, екіншіден, оның ол ортаны сондай жақсы біліп, оны кейінгі заманға мұра етіп қалдырғанын көреміз.

Мұхаммед Хайдар халық ортасында көбінесе мырза Хайдар деген атпен данқты болады. Оған қосымша лақабы көреген, Мырза Хайдар көреген. «Көреген» ескі моңғол-түрік тілдерінде күйеу деген сөз. Орта ғасырларда хан қызын алып, ел басқарған би-батырларға көреген деген лақап беретін болған, мағынасы ел басқаратын ханның күйеуі, бірақ ханның өзі емес. Бұл лақапты Хайдардың әкесі Хұсайын да, Әмір-Темір де, тағы басқалар да тағынған. Лақап атынан басқа жазған кітаптарында Хайдар өзінің қай рудан шыққанын білдіру үшін ресми атын Мұхаммед Хайдар Дуғлати деп жазған. Демек, оның шыққан руы дулат елі екенін көрсетеді. Фамилия ретінде өзінің шыққан руын қолдану жалғыз Мұхаммед Хайдарда ғана емес, өзге жазушылар да, саяси қайраткерлер де солай қолданған. Мәселен, белгілі тарихи шығарма «Жамиғ ат-тауарихтың» жазушысы Қадырғали Қасымұлы өзінің ресми атын «Жалайыри» деп қойған. Сондықтан тарихшылар, оның ішінде Шоқан Уәлиханов Қадырғалидың Жалайыр руынан шыққанына еш күдіктенбеген. Белгілі тарихи адамдардан Қаракожа арғын, Махмұд барлас, Шахбаз қарлұқ, Әли жалайыри, Сұлтан Ахмет дұғлат тұрды. Мұхаммед қыпшақ, тағы басқалары да осыған зор дәлел.

Мұхаммед Хайдардың шыққан ортасы дұғлаттар екенін Хайдардың өзінен басқа жазушылар да келтіреді. Мәселен, Орта Азияның атақты тарихшыларының бірі Хафиз Таныш өзінің «Абдулланаме» деген кітабында: «Әбілхайыр ханның баласы Берішұғланды Жәнібек пен Керей хан қалай өлтіргенін дұғлат Хайдар мырза осылай жазады», – дейді.

Осындай сәл ескертулердің өзі де Хайдардың қазақ қауымын жүйрік білген, жеке дара адам екенін көрсетіп, оның қазақ қауымына аса жақын болғанын дәлелдейді. Мұхаммед Хайдар шыққан дулат тайпасы өз заманындағы ұлыстардың алдыңғы қатарында болып, Моғұлстан кезіндегі саяси тіршіліктің ну ортасында болған.

Дұғлат тайпасынан XIV-XV ғасырларда бірнеше адамдар шықты. Олар: Әмір-Темірдің Моғұлстанды жаулауына қарсы тұрған белгілі Қамаридден, барлас, Түлек, Жорас деген кісілер. XIV-XV ғасырларда бұлардың арғы аталары шағатай мемлекетінің үлкен астанасы Алмалық төрмесінде болып олаға қызмет етті. Алмалық ол кезде Жетісудағы ең үлкен қала еді. Сауда мен мәдениеттің, саяси тіршіліктің қайнаған ортасы болды. Шағатай өзінің тірі күнінде (XIII ғасыр) мемлекетінің орталығын осы Жетісуда орнатып, осы арадан отырып Самарқанд, Бұхара, Термезге дейін биледі. Кейінірек, екінші пайтақт (астан) етіп Самарқанды көтереді. Шағатай ұлысының ыдырар кезінде оның мемелекетінің екіге бөлінуіне осы екі астананы төңіректеген тайпалар әсер етуіне күмән болмауы керек. Өйткені, Алмалық (Жетісуды) қоныстанған негізгі ел Ұлы жүз тайпалары үйсін-дулаттар, Самарқанға бағынғысы келмесе, Самарқанды

билеп-төстеп отырған барлас тайпалары Алмалыққа бағынбай, екі жақ бірімен-бірі қым-қиғаш тартыста болады. Хайдардың арғы аталары Бауырты, оның баласы Болашы шағатай ұрпағы Есенбұқа мен Тұғлық-Темірге қызмет істеп, Моғұлстанның атақты билерінен болған. Бұл екеуі де Тұғлық-Темір дәуірінде Алмалық қаласы төңірегінде жасап, сонда жерленген. Тұғлық-Темірдің әдемі күмбезі осы күнге дейін сол ескі Алмалық қаласының орнында қазіргі Қорғас төңірегінде сақталғаны байқалады. XIII-XIV ғасырларда шағатай хандармен дұғлат билерінің жаз күні жайлаған жері Іле өзені бойы, Аққент деген жер. Қазіргі Жаркент (Панфилов) қаласына тіпті жақын тұрады. Хайдар арғы аталарының тұрақты қонысы осы Алмалық, Жетісу, кейінірек дулаттар Алмалықтан Ташкентке дейін созылып отырған. Хайдардың әкесі Хұсайынның Ташкентті басқарып, Хайдардың Ташкентте тууы осымен байланысты. Бұл ара тегінде ұлы жүз тайпаларының ескі дәуірлерден XIX ғасырларға дейін мекен еткен жері. Тарихи шежірелердің көрсетуінше дұғлат Болашы – XIV ғасырдың бірінші жартысында жасаған кісі. Болашы мен Хайдардың арасында 6-7 ата өткен. Хайдардың түп атасы Болашы Шағатай ұрпағы Есенбұқа мен оның баласы Тұғлық-Темір заманында билік құрған кісі Шағатай мен дұғлат Бауырты ұрпағын қатар алғанда оладың шежіресі мына түрде суреттеледі:

Бауырты дұғлат	Есенбұқа
Болашы	Тұғлық-темір (1330-1364)
Құдайдат би	Қызылқожа
Сейіт Ахмет би	Мұхамедхан
Сейітлі би	Шерәліұғлан

Мұхаммед Хайдар	Уайыс хан
Мұхаммед Хұсайын би	Жүніс хан
Мұхаммед Хайдар Дулати	Сұлтан Ахмет
Рашид сұлтан	Сейітхан

Мұхаммед Хайдар Қашқар уәлаяты (Моғұлстан) мен Қазақстан туралы жазған тарихи кітабын осы шежіреде көрсетілген Шағатайдың соңғы ұрпағы, Рашид сұлтанға арнап, кітабының атын «Тарихи-Рашиддиі» деп атайды.

Жоғарыда келтірілген дәлелдер бойынша Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ташкент төңірегінде туып, 1551 жылы Кашмир уәлаятын басқарып тұрғанда қайтыс болды. Оның әкесі Хұсайын қазақ ханы Қасыммен бірігіп, Шайбани ханмен жауласып жүргенде, 1508 жылы Шайбани әскерлерінің қолында өледі. Сегіз жасар Хайдар әкесінен жетім қалып, үш-төрт жылдай өзінің бөлесі, атақты жазушы Бабырдың қолынан тәрбие алады. 13 жасқа жеткенде Хайдар өзінің тума нағашысы, Қашқар өлкесін билейтін Сейітханның қолына келіп, оның қарамағында 20 жыл бойы әрі би, әрі әскербасы болып қызмет атқарады. Сейітхан өлген соң, оның баласы Рашид сұлтанға уәзір болып істейді, бірақ Рашид сұлтанмен келісе алмай, қайыра Бабырдың балалары Қамран мен Ғұмайынның қасына барып, олар арқылы Қашмир уәлаятын басқаратын болды. Сөйтіп, Қашмир өлкесін басқарып тұрғанда 52 жасында дүние салды.

Мұхаммед Хайдар XIV ғасырдың алғашқы жартысында жасаған. Бабыр сияқты Орта Азиядағы білгіш, майталман кісінің бірі. Ол өзінің науша күнінен бөтен нәрсеге көніл бөлмей, бір ғана кітіп оқып, өлең шыға-

рып, сурет салу ісімен елігеді, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерімен шұғылданады. Шеберлік ісінде ол қолынан бал тамған ісмер, нәзік сезгіш, сұлулық дүниесін жанымен сүйетін қас шебердің өзі болады. Қырнау, безеу, ою өнерін тіпті асқаралы түріне жеткізіп, оны шын мағынасында сұлулық қазынасы өнерге айналдырған. Сонымен бірге Хайдар өзінің ойға жүйрік, майталман, сөзге шебер, ерекше саңлақ болуымен халық ортасында даңқты болады. Өзінің айтуынша: «халықпен кішіпейіл болып мажраласуды (кеңесуді), олардың алдында әдепті, мәйін болуды, соғыс үстінде қырағы болуды, атқыш мергендікті, тағы басқа өнер түрлерін үйренуде мен (нағашым) Сейітханның шәкірті ғана едім» деп, өзінің қойдан қоңыр, кішіпейіл мінезін сипаттайды. Хайдардан басқа біреу болса, әрине, буға пісіп «мен-мен!» деп кеудесін соғар еді. Оның жазған тарихи шығармалары, көркемөнер, поэзия туралы жазғандары кейінгі жазушыларға зор әсер етіп отырған.

Мұхаммед Хайдардың адамшылық қасиеті туралы Бабыр былай дейді: «Хайдардың «әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол менің қармағыма келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап, Қашқардағы Сейітханға кетті. Не нәрсе болса да, өзінің шыққан тегіне тартатын әдеті ғой, мәселен, саф алтын да, күміс те, қорғасын да тегіне тартпай ма? Жұрттың айтуынша ол бұрынғыдан көп есейіп, жақсы жолға түскен. Өзінің қолы әр нәрсеге шебер, оның қолынан келмейтін ісі жоқ: ол әрі жазушы, әрі суретші, сонымен бірге садаққа оқ жасап, оның шеберлерін өзі істейді. Бір жағынан дарынды (құйылма) ақын. Маған бірер жазуын әкелген еді, әлпеті еш жаман емес».

Кейін есейіп ержеткен шағында Мұхаммед Хайдар шын мағынасында күншығыстағы даңқты адамдардың бірі болып, Орта Азия халықтарының әдебиетіне, оның тарихына зор үлес қосады.

III

Күншығыс халқын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Мұхаммед Хайдардың атын жоғары көтеріп, оны жұртқа танытқан, әсіресе, оның «Тарихи Рашидди» атты кітабы болды. Бұл шығарманың XVI-XVII ғасырларда жасаған Күншығыс жазушыларына берген әсері сонша еді, олар Мұхаммед Хайдардың тарихи жазуларына ерекше баға беріп, оның кейбір жерлерін өздерінің жазған кітаптарында пайдаланып отырады. XVI-XVII ғасырлардағы Үндістан мен Орта Азия тарихшыларынан Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашидди» кітабын пайдаланбағандары кемде-кем-ақ. Оның ішінде Үндістанның Еуропа әдебиетіне белгілі тарихшысы Мұхаммед Қасым Ферішта Бадахшан, Қашмир уәләяты туралы жазғанында, оның мағлұматын бір ғана «Тарихи Рашидди» кітабынан алады. Мұхаммед Қасымның айтуынша «Тарихи Рашидди» Орта Азия тарихы туралы жазылған шығармалардың ішіндегі ең мағыналысы және мағлұматы ең дұрысы, ең толығы болып саналған.

Мұхаммед Хайдарды оқыған Күншығыс ғалымдарының ол туралы жылы сөз айтпай қалған бірде бірі жоқ. Үндістанның атақты ғалымдарының бірі Ағзам Мұхаммед Хайдардың Қашмыр өлкесі туралы жазғанына зор қуаныш көрсетіп, өзінің «Қашмыр тарихы» деген кітабында Мұхаммед Хайдардың әдебиеттегі орнына ерекше баға береді: «Мұхаммед Хайдар

Күншығыс ғылымын терең білген данышпан адам еді. Оның үстіне ол қаламынан сөз құйылған талантты ақын болды. Оның жазған «Тарихи Рашидди» кітабы болған оқиғаны төндіре айтуда ең инабатты шығарманың бірі» дейді.

Мұхаммед Хайдардың шығармасын көп пайдаланған, әсіресе, Иран жазушылары мен Орта Азия тарихшылары Иран жұртының Ахмет Рази дейтін географ-тарихшысы. «Пафт-ықлым» (Жеті дүние) деген кітабында Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашиддиі» ең сирек кездесетін кітаптың бірі. Орта ғасырдағы әрбір тарихи кезеңдерді айыруда «Тарихи-Рашидди» мен «Бабыр нама» – бұл реттегі тарихи жазулардың ең бағалысы.

«Тарихи Рашиддидің» басқа мағлұматтардан ерекшелігі, мұндағы оқиғаның көбін автор өз көзімен көріп жазған. Және мұнда басқа түрлі тарихи жазулар сияқты ешбір шұбалаңдық жоқ, бұл тек белгілі бір дәуірді алып, соны ашық, әдемі тілмен суреттеген.

«Тарихи Рашиддидің» екінші қасиеті – бұл қазақ тарихы туралы жазылған бірінші кітап. «Тарихи Рашидди» негізінде жүз жыл ішінде (1450-1546) болған оқиғаны суреттейді. Бұл кез бұрынғы Алтын Орда мен Шағатай ұлысы әбден ыдырап, оның орнына жеке хандықтар құрыла бастаған кез. Мұхаммед Хайдар «Тарихи Рашидди» кітабында осы Шағатай ұлысы мен Алтын Орданың қалай азып-тозғанын суреттеп, ол екеуінен тарап шыққан қазақ халқының саяси тіршілігін баяндайды.

«Тарихи Рашидди» кітабын орта ғасырдағы күншығыс жазушылары қандай қадірлесе, оны біздің дәуіріміздегі Орта Азия тарихын зерттеуші ғалымдар

да сонша бағалаған. Академик Вельяминов-Зерновтың айтуынша: «Тарихи Рашидди» – ең қадірлі еңбектің бірі. Мұхаммед Хайдардың жазғандары ылғи соны, өте қызық келеді. Оның тарихи әңгімелеуі әрқашан зор дәлелге сүйеніп, тілі өте айқын отырады және бұл сияқты ерекшелікті «Тарихи Рашиддидің» авторынан күтуге сыйымды еді», – дейді.

Мұхаммед Хайдар «Тарихи Рашиддиді» 1541-1546 жылдардың арасында жазған. Ол әуелде қай тілде жазылғаны анық мәлім емес. «Бабыр нама» сияқты кітаптарға қарағанда, «Тарихи Рашидди» де шағатай тілінде жазылуға тиісті. Бірақ Күншығыс тарихын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, ол ең алғаш парсы тілінде жазылып, кейін шағатай тіліне аударылған дейді. Қазір «Тарихи Рашиддидің» екі тілдегі қолжазбасы бар. Оның шағатай тіліндегі бір нұсқасын аударушы Мұхаммед Садық Қашқари деген кісі.

Мұхаммед Садық XVI-XVIII ғасырдың орта кезінде жасаған белгілі тарихшы. Ол «Тарихи Рашиддиден» басқа ұйғыр тілінде атақты «Тарих табари» деген X ғасырдан белгілі Орта Азия тарихын аударады және «Тезкрей қожаған» деген атпен өзі Қашқария тарихын жазады.

«Тарихи Рашидди» қазір бірнеше тілде басылып отыр. Оның ең алғаш ағылшын тілінде басылып шығуы – 1849 жылы (Калькутта). Бұдан кейін қазақ тарихына тиісті бөлімін академик Вельяминов-Зернов зерттеп, оны 1854 жылы «Қасым хандарының тарихы» деген кітабының екінші томында шығарды.

«Тарихи Рашиддидің» толық басылуы 1895 жыл. Мұны ағылшын тіліне жаңадан аударып бастырушы

Д. Росс деген кісі. Әдебиеттегі кейбір мағлұматтарға қарағанда, Росс – «Тарихи Рашиддидің» екінші томын да баспаға дайындаған сияқты. Бірақ ол баспа жүзіне шықты ма, жоқ па, ол арасы мәлім емес.

«Тарихи Рашиддидің» қолжазбасы бұрынғы Совет Одағында бірнеше жерде сақтаулы. Оның парсы тілі мен шағатай тіліндегі екі нұсқасы Ленинград кітапханаларында тұр, парсы тіліндегі бір тәуір нұсқасы Тәжікстанның Орталық кітапханасында сақтаулы. Бірақ бәрін айт та, бірін айт «Тарихи Рашидди» қазақ тарихының ұлы арнасына жататын мағыналы бір шығарма болса да, ол әлі күнге қалың бұқараның игілігі бола алмай келеді.

Мұхаммед Хайдар өзінің «Тарихи Рашидди» кітабында қазақ тарихының қандай кезеңдеріне тоқталады? Енді соған келейік: Ол ең алдымен қазақ халқының Алтын Орда мен Шағатай ұлысынан ең алғаш (1456 жылы) бөлініп, өз алдына жеке бір саяси организм бола бастағанын анықтайды. Екінші, Қасым хан дәуірінде (1480-1520) Қазақстан Орта Азиядағы мықты жұрттың бірі болып, бұрынғы «Дешті Қыпшақ» (Алтын Орда) кезіндегі жұртшылық ісінің жақсы жағын жаңадан көркейтуге ұмтылғанын баяндайды. Үшінші, сол кездегі өзбек ұлысы мен қазақ жұртшылығының бұрынғы Шағатай ұлысы мен Алтын Орда дәуірінен қалған жұртшылық мұрасына таласып, өзара жауласқанын суреттейді. Мұхаммед Хайдардың айтуынша, өзбек пен қазақ ұлысы жауласқанда Моғұлстан хандығы қазақтармен бір болып, екеуі өзбек Шайбани ханға қарсы болады.

Мұхаммед Хайдар «Тарихи Рашидди» кітабының қазақ тарихына арнаған бөлімін мына тарауға бөледі:

1. Оқиға сұлтан Сейіт ханның Сүйінші ханнан жеңілгенінің баяны;

2. Ахуал қазақ олардың сұлтандары «Қазақ» деп ат қоймақ себебінің баяны;

3. Сүйінші хан жеңгеннен кейінгі оқиғалар және сұлтан Сейіт ханның Қасым ханның қасына барғаны;

4. Қасым ханнан кейінгі оқиғалар, Тайыр хан қазақты өзбектермен елдестіріп, онда өткен оқиғаның баяны;

5. Қасым хан өлгеннен кейінгі Моғұлстан мен Қазақстан арасында болған оқиғалар.

Қазақ қауымының ең алғаш (1456 жылы) ұйымдасуы туралы Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «Ол уақытта барық Дешті Қыпшақтың ұлы ханы Әбілқайыр еді. Бірақ Жошы ұлысының сұлтандары өзара толқып, Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Моғолстанға келді. Бұл жерге келген соң, Моғолстан уәлаятін билейтін Есен-Бұқа оларға көп құрмет көрсетіп, Моғолстанның күн батысында тұратын Қозыбасы, Шу өлкесін оларға берді. Бұлар ол жерде емін-еркін жасады.

Әбілқайыр өлген соң, Өзбек ұлысы қозғалып, зор көтеріліс шықты. Толқын шығарғанның көбі ауып, Керей мен Жәнібек қасына барды. Оларға босып барған кісінің көптігі сонша еді, олардың саны 200 мыңға жетті. Өздеріне «өзбек-қазақ» деген ат берілді.

Қазақ сұлтандарының ең алғаш мемлекет құруы тарихтан сегіз жүз жетпісте (1465 жылы) еді».

Міне, бұдан Шағатай мен Жошы ұлысынан бөлініп шыққан қазақ руларының ең алғаш бір саяси орталыққа бағынып, өз алдына мемлекет болғанын бірінші рет ашық көлемді түрде жазған бір ғана Мұхаммед Хайдар екенін көреміз. Мұхаммед Хайдар бұл оқиғаның көбін

өз көзімен көріп, қолынан өткерген соң көбінесе оның ең түйінді-түйінді жерлерін жазып қана қалдырған.

Мұхаммед Хайдардың ұғындыруынша, «қазақ» деген ат бұрын Алтын Орда хандығы мен Шағатай Ордасына наразылық білдіріп, толқын шығарған ру жұртшылығына берілген ат. Бұл топқа кірген бұрынғы тайпалар қыпшық, алшын, арғын, найман, үйсін т.б. 1450 жылдан былай қарай өз алдына бір саяси күш болып «қазақ» деп атала бастайды.

Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашиддиде» көбірек ой бөлетіні XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басы кезіндегі Орта Азиядағы әрбір саяси ағымдар туралы еді.

«Тарихи Рашиддидің» уақиға «сұлтан Сейітханның баяны» деген тарауында Мұхаммед Хайдар қазақ ұлысы мен Моғолстан, Бабыр сұлтан үшеуі бірігіп, Әбілқайыр (Шайбани) ханның ордасымен жауласқанын сипаттайды.

Бабыр мен Моғолстан хандарының қазақ ұлысына қарым-қатынасы қай түрде болғанын, Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «Есен-Бұқа заманынан (1470) Рашид заманына (1540) дейін Моғолстан мен қазақ араларында достық, татулық күшті еді. Рашид сұлтанға дейін өзбек–шайбанда Моғолстан хандарымен ескіден дұшпан еді. Рашид хан болғаннан кейін, олармен достасып, бірігіп, қазақтарға қарсы дұшпандық тілегінде болды.

Рашид хан дәуіріне дейінгі Орта Азияда болған саяси ағым туралы Мұхаммед Хайдар және былай дейді: «Дешті Қыпшық – Шыңғыс ханның ұлы, Жошының жұрты еді. Оның нәсілінен Дешті Қыпшақты ең соңғы рет басқарған ұлы хан Әбілқайыр болды. Әбілқайыр өлген соң, оның халқы тобымен жіктеліп, бұқара,

көпшілігі Керей мен Жәнібекке барып қосылды. Керей мен Жәнібектің Әбілқайырмен араздығы ескіден бар еді. Сондықтан Әбілқайыр ханның балалары Моғолстан хандарымен араз болып, Моғол хандары Кереймен, Жәнібекпен ымыралас болды».

Мұхаммед Хайдардың айтуынша, қазақ ұлысы мен өзбектер хандық мұрасына таласқанда, атақты Бабыр данышпан да қазақтарға қосылып, 1514 дейін Шайбани ордасымен жауласады. 1512 жылы Ташкенттің құсбегі Ахмет қасым, Сайрамның хакімі Кетебек, Бабыр сұлтан, Қасым хан – бәрі бірігіп, Әбілқайыр ханның баласы Сүйінші қожамен қырғын соғыс ашады. Бұл соғыста Моғолстан уәләятын билейтін Сейіт ханның әскері де болады. Соғыс тарихта «Ғаждуан соғысы» деп аталады.

Бұл туралы Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «Бабыр патша Мәуереннахрды (бүкіл Түркістанды) алғанда (1511), Ташкентті Ахмет Қасым құсбекке беріп, Сайрамды өзінің туысқаны Кеттебекке берген еді. Бадиша Самарқаннан Қисарға кеткенде, өзбектер Ташкент қаласын кеп торып, ондағы Бабыр қойған адамдар жаудың әскеріне қарсы тұра алмай, қаладан қашып кетеді. Өзбектер Ташкентті алғанның өзіне разы болып, қашқандардың соңына түспеді. Мерахмет Қасым Әндіжандағы Сейіт хан қасына барып, одан өтіп, Қисардағы падиша Бабыр қасына кетті.

Бабырдың туысқаны Кетебек Сайрам қаласына бекініп, шығудың есебін таба алмады, қысты зор қауіппен өткізді. Жаз шыға Қасым ханды паналап, Сайрам қаласын Қасым ханға тапсырды. Қасым ханды үгіттеп, Ташкент қаласына аттандырды», – дейді.

Сөйтіп, Бабырды Әбілқайыр өзбектері Ташкенттен қуып шыққан соң, Ташкентті қорғауға енді қазақ ұлысын басқаратын Қасым хан мен Моғолстан

уәләятын басқаратын Сейіт хан бірігіп, әскер шығады. «Қасым хан Ташкентке барып, Сүйінші ханды торлап жатыр» деген хабар Сейітханға естілді. Хан мұны естіп Ташкентке аттанды. Ферғана уәлаяты мен Ташкент арасында тұратын Кендірлік дуанына жеткенде, Қасымхан қаладан тысқары шықты деген хабар естілді. Сейітхан мұны естіп, шегініп Ақсайға келді, Ферғана өлкесінің қамалдарын бекінтіп, өзі қазақтарға кетті. Сейітханның ойы қазақтарды қайтадан көтеріп, Ташкентке шығару еді» дейді.

Мұхаммед Хайдардың айтуынша, бұл Қасым хан мен Сейіт ханның бірігіп екі рет Ташкентке аттанған сапарында Мұхаммед Хайдардың өзі бірге болады. Бұл кезде Мұхаммед Хайдар 13-14 жасар бала. Бұл туралы Хайдар былай дейді: «Қасым хан мен Сейіт хан Ташкент өлкесі Ангренге аттанарда, мен бұл сапарда болған едім. Мен ол кезде жақсының жаманнан парқын айыра білмейтін албырт едім. Сейіт хан мені Қожағали деген әскербасыға тапсырып, жау қолына түсетін қауіпті жерде болмасын деп қадағалаған еді», – дейді.

Мұхаммед Хайдар енді бір жорықта: «Мен ауырған себепті ханға ере алмай қалып қойдым. Хан аман-есен Шу бойына келді. Шу – Моғұлстандағы белгілі жердің бірі. Қасым хан ол кезде алпыстан асып, жетпіске таянған еді (1443-1513). Сейіт хан жас еді, жасы 30-дардың шамасында еді», – дейді.

«Тарихи-Рашиддиде» айтылатын белгілі оқиғаның бірі – Әбілқайыр немересі Шайбани ханның 1509 жылы қазаққа аттанған жорығы. Шайбанидың бұл жорығы да қазақ ұлысы мен өзбектердің бұрынғы жұртшылық мұрасына таласудан шыққан. Мұхаммед Хайдардың айтуынша, «Шайбани хан тарихтан тоғыз жүз он бесінші жылы (1509) қыс ішінде қазақ үстіне барды.

Ол заманда қазақ ханы Бұрындық еді, бірақ хандықтың билігі Қасымханның қолында еді. Қасымханның әскері екі жүз мыңнан артық еді..

Бір күні олар Ұлытау жағынан Қасым хан келеді деген хабар естиді. Бұл хабарды естіген соң Шайбанидың әкесі қатты қауіптеніп, қашып Шайбанидың қасына келеді. Шайбани мұны естіп, қарар таппай, қорқып, әскерін бет-бетіне жібереді. Өзі қашып, қыс ішінде Самарқанға барды. Бірақ анығында бұл келген Қасым ханның өзі емес, оның билерінің біреуі Мер-Хасен деген кісі еді», – дейді.

Мұхаммед Хайдар Шайбани ордасы мен қазақ ұлысының Сырдария, Ташкент өлкесі туралы таластарын айта келіп, «Бұлардың таласы Әбілхайыр ханның баласы Беріш-ұғлан мен әз-Жәнібек, керейлердің тұсынан еді», – дейді.

«Тарихи-Рашиддиде» ой бөлетін нәрсенің бірі – Қасым хан дәуіріндегі (1443-1520) қазақ халқының әлеуметтік-шаруашылық күйі. Бұл мәселені Мұхаммед Хайдар көбінесе Қасым хан атымен байланыстыра айтады. Бұл көрсеткен тарихшылардың Қасым хан туралы жазғандары халық аузында айтылған «Қасым ханның қасқа жолы» дейтін қария сөзге ұқсас келетіндей. Қасым хан расында қазақ жұртшылығының дұрыс өркендеуіне көбірек ой бөлген адамның бірі болған. Бұл жөнінде Мұхаммед Хайдар былай дейді: «Қасым хан шын кемеңгер адам еді. Сейіт хан өле-өлгенше оны есінен шығармай, оның тәрбие беретін жайдары мінезін әр уақыт әңгіме қып отыратын еді. Не туралы мәселе болса, оның барлығын да Қасым ханды мысалға ала сөйлейтін еді», – дейді.

Мұхаммед Хайдар Қасым ханның тәрбие беретін кеменгерлік ісін суреттеумен бірге, оның жүйрік сая-

сат адамы болғанын да айтады. «Қасым хан барлық Дешті Қыпшақты өзінің ақыл күш билігіне алды. Жошы ханнан кейін Дешті Қыпшақты ол сияқты ешкім билеген жоқ еді. Оның әскерінің саны жүз мыңнан артық еді. Ақыры тарих тоғыз жүз жиырма төртте еді, (1518 жылы) сол уақытта опат болды».

«Тарихи Рашиддиде» ең мағыналы нәрсенің бірі – Сейітхан мен Мұхаммед Хайдардың Қасым ханның ордасында қонақтап жатқан кезді, сол қонақ болған кезіндегі олардың саясат туралы әңгімесі, мажраласу, сұхбаттасу, әзіл сөздер.

Қазақ халқының XV-XVI ғасырдағы әлеуметтік шаруашылық күйін зерттеу үшін бұлардың әңгімесі бірсыпыра мағлұмат беріп, қазақ болғандай». «Тарихи-Рашиддидің» айтуы бойынша, Сейітхан Қасымның ордасына келерде, Қасым хан оның алдынан өзінің билерін, сұлтандарын жіберіп, оны қанша сый-сыяпатпен қарсы алады. «Бұл келгендердің кейбіреуі елуде, кейбірі алпыс шамасында еді. Олардың ішіндегі біліктілері Жаныс би, Бенеш, Мамаш, Жанайдар, Қараш би жіберген кісілердің барлық саны отыз-қырық шамасындай еді. Олар келгенде Сейіт хан орнынан тұрып кішілік етті.

Сейіт хан Қасым ханның ордасына келгенде, Қасым ханның оған айтқан сөзін Мұхаммед Хайдар былай жазды:

– Біз сахаралық адамбыз. Бұл жерде асыл бұйым қымбат дүние болмайды. Біздің асыл дүниеміз бір ғана жылқымыз, ләззат алатын асымыз-ет, сүйектен шәрбәтіміз – қымыз. Біздің жерімізде салынған қала, бау-бақша жоқ. Біздің көңіл көтеретін жеріміз – мал бағатын қонысымыз (жайлауымыз), қызық көретініміз өрістегі

жылқымыз, не болмаса бір-бірімізбен бас қосып, соны мереке ету».

Қасым хан бұл сөзді Моғолстан ханына айтқанда, Мұхаммед Хайдар оның ішінде бірге отыр.

– Мұның артынан отыр, – дейді Хайдар. Сейітханды өріске барған соң айтты: «Менің жақсы көретін екі атым бар, ол екеуі де бір, барлық жылқым да бір, – деді. Сейітхан кейін ол аттарға таң қалып, расында да ол екі ат сияқты жылқыны мен ешуақытта көрген жоқ едім, – деп айтып жүрді.

Қасым хан айтты: «Біз сахаралық адам, бір ғана жылқының күшімен тіршілік етеміз. Бізге бұл екі аттан өзге ат ешбір сенім бермейді. Мұның екеуін бірдей сыйға тарту қиын. Бірақ сіз қадірлі меймансыз, таңдаған біреуін алыңыз, – деп, әр аттың қасиетін жеке-жеке сипаттайды.

Сейітхан одан таңдап біреуін алды, оны «Ұғлан торы» деп атаушы еді. Расында бұл сияқты атты ешуақытта көрген жоқ едім, – дейді.

Бұдан әрі Мұхаммед Хайдар Сейітханмен бірге Қасым ханның ордасына жиырма күндей жатып, онымен мәжіліс құрғанын әңгіме қылады.

– Қасым хан Сейітханды үйіне келтіріп, алдына кесемен қымыз қойды. (1513 жылы) және айтты: Біздің меймандарлығымыз көбінесе осында. Біздің ішетін сусынымыздың ең сүйкімдісі және ләззаттырағы қымыз. Оның ішінде қымыз – қымыздың ләззаттысы – осы қымыз, – деді.

Сейітхан бұрын қымыз ішіп көрген жоқ еді. Қасым ханның сөзінен кейін бұл шәрбатты ішетін болды. Сұхбат қызды. Бұлар жиырма күн бойы қымыз

ішіп, бірге тұрды. Ақыры күз болды. Қазақтар көшіп, қыстаудың жанынан келді. Қасым хан айтты:

– Қазаққа, өзбектерге бару қиын. Өйткені, сахара халқына қыс жабдығы туралы ойлану керек. Қазір әскерді әурелеу керек емес, – деді.

Одан кейін Сейітханға қанша қадір-құрмет көрсетіп, өзінің жеріне қайтуға рұқсат берді. Өзі жайлаудан көшіп, қысқы ордасына барды. Сейітхан одан қатты разылықпен қайтып, Әндіжан келді.

Мұхаммед Хайдар Моғұлстан мен Қазақстан арасында тел өсіп, қала мен даланың тұрмысын жүйрік білген адам болғандықтан, ол сол кедегі саяси-әлеуметтік тұрмысты осылайша өте төндіре жазған.

Мұхаммед Хайдардың қазақ тарихы туралы жазғанының соңғы тарауы Қасымханнан кейінгі оқиғаға арналған.

«Тарихи Рашиддидің» суреттеуінше, Орта Азиядағы саяси тіршілік бұл кезде бұрынғыдан гөрі де шиеленісе береді. Қасымхан өлгеннен кейін, қазақтар мен Моғұлстан арасындағы бұрынғы достық, туысқандық біраз шатынап, бұл екі ұлыстың арасына шіркеу кіре бастайды.

Моғұлстан мен қазақ ұлысының бұрынғы достығының жойылуын Мұхаммед Хайдар Рашид ханнан көреді. – Рашид Моғұлстанның ханы болғаннан кейін, Шайбани өзбектерімен ымыралар болып, қазақтарға қарсы дұшпандық тілегінде болды, – дейді. Бұл кезде Мұхаммед Хайдардың өзі де Рашид ханнан қашып, Бабырдың балалары Қамран мен Ғұмайынның қасына барады.

Мұхаммед Хайдардың айтуынша, Қасымханнан кейін қазақ қауымы зор апатқа ұшырайды. Бұларды, бір жағынан өзбектер мен Рашид ханның бірлескен күші

әлсіретсе, екінші жағынан, халық бұқарасы Тайыр мен Мамаш сияқты тоғышар хандардың басшылығына разы болмай, қайыра тоз-тоз бола бастайды.

Сондықтан, «Тайыр хан тұсында қазақтар ойран болды. Оның інісі Бұйдаш хан кезінде қазақтар жиырма мыңдай ғана қалды. Тоғыз жүз қырқыншы (1534) жылдан кейін ол тағы қалмады, қазақ қауымы тегіс жоқ болды», – дейді.

Қасым ханнан кейін қазақ қауымының тоз-тоз болып кеткенін Мұхаммед Хайдар енді бір жерінде өте бір аянышты түрде сипаттайды. «Ахрыл Әмір ол халайықтан 14 жылдың ішінде (1524-1538) еш жерде тірі жүргені қалмады. Тоғыз жүз отызыншы жылы (1524) қазақ мың-мыңнан еді, 944 (1538) жылы бұл қауымнан жер үстінде еш кісі қалмады».

Мұхаммед Хайдардың бұл сөзі «қазақ қауымы 1538 жылы тегіс қырылып бітті» деген ұғымды бермеуі керек. Бұл туралы академик Бартольдтың жоруы дұрыс болуға тиісті. Ол кісінің айтуынша, Хайдар 1538 жылы қазақ қауымынан жер үстінде біреу қалмады деуі, ол тек бұрынғы Қасым хан жасаған саяси күштің уақытша ыдырағанын айтқандық.

Қасым ханнан кейін қазақ қауымының неге ыдырап кеткенін Мұхаммед Хайдар Тайыр ханның қатыгез інісінен көрді. «Тайыр ханның ол кезде (1530) екі жүз мың әскері бар еді», – дейді. Хайдар бірақ дәулеті қайтуға жақын тұрған еді. Ол өзі топас адам болғандықтан, халық бұқарасы мен кейбір сұлтандар оның кеңесінен жирене бастады. Оның қатыгез болуын халық оның інісі Әбілқасымнан көріп, оны өлтірген еді. Ақыры, халық бірігіп Тайыр ханнан босып кетті.

Сөйтіп, Мұхаммед Хайдардың Қасым ханнан кейін қазақ қауымы он төрт жылдың ішінде құрып бітті деуі,

осы сияқты саяси-шаруашылық негізінен туып, оның тек уақытша ғана ыдырағынын көрсетеді.

Мұхаммед Хайдардың жазуынша, бұл дәуірде көзге түсетін оқиғаның бірі – қырғыз халқының Шағатай ұлысына қарап, кейін оның бір бөлігі болған Моғұлстан хандығына бағынатын еді. Бірақ Моғұлстан хандығы қырғыз халқына көп жәбірлік істеген соң, 1525 жылдан былай қарай олар әлсін-әлсін толқын шығарып, Моғұлстан хандығына бағынбауға шара іздейді.

Бұл жөнінде қырғыз халқының билері қазақ ұлысының орталығымен байланыс жасап, Моғұлстанға қарсы күш қосады.

Қырғыз халқының арасында толқын көбейіп, алымсалық төлеуден бас тартқан соң, Сейіт хан оны зерттеуге өзінің баласы Рашид сұлтанды қырғыз халқының хакімі қып бекітеді.

Бұл туралы Мұхаммед Хайдар былай дейді: «Сейіт хан қырғыз ортасында болған толқынды басу үшін, қырық күндік жолды он екі күн жүріп, Ақ-Құяшқа жетті. Қасында бес мың кісі бар еді. Оны маған қосып, Рашид сұлтан екеумізді қырғыздарды басқаруға тағайындады. Қырғыздар Арысларда (Арыста) екен. Біз сонда бардық. Онда олардың жұрт ордалары бар екен. Қырғыз көштерін өзбектерге (қазақтарға) қосып, өздері Бабашық сұлтанның соңынан кетіпті. Көштің соңынан жүз мыңға таяу қырғыз қойларын тауып алдық. Қырғыздар қазақтарға қосылыпты. Ханның ойы қазақтармен жауласу емес еді, тек қырғыздарды бағындыру еді. Біздің бұл жорығымыз «Қой шерігі» деп аталды».

Қазақ пен қырғыз халқының бірігіп, Моғолстан хандығына қарсы тұрғаны туралы Мұхаммед Хайдар «Тарихи Рашиддидің» енді бір жерінде былай

дейді: «Сейіт хан Қошқардан (Қырғыз Алатауы) қайтарында, қырғыздың биі Мұхаммедиді өзімен бірге Қошқарға ала кетті. Себебі, ол (қырғыздар) Моғолстан хандарына бағынбай, қазақтарды жақтаған еді. Хан Қошқарға қайтарында қырғыздарды бақылау үшін мені Моғолстанда (Жетісу, Алатауда) қалдырды. Бірақ қырғыздардың толқыны басылмады. Олар қайтадан жеңіліп, Тайыр ханға барып қосылды, кейін Моғолстанда қалды».

Қырғыз бен қазақ халқының саяси бағытын аңдау үшін 1525-1526 жылдары Алатауды қыстап қалған Рашид сұлтан туралы Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «1525 жылы Рашид сұлтан Моғолстанда қалып, қысты Қошқарда өткерді. Бұл кезде Тайыр хан Өзбекстанда еді. Әлде бір оқиғаның айдауымен ол Моғолстанға келіп, Қошқарға таяу жерде қоныстанды. Бұл жердегі қырғыздардың көбі оған қосылып, ол оған еркіншілік берді. Рашид сұлтан оның дүмпуінен қорқып, қыс ішінде Қошқардан қашып, ат басына барды».

Сөйтіп, Мұхаммед Хайдардың баяндауынша, XVI ғасырдың отызыншы жылдары қазақ ұлысы мен қырғыздардың бірігіп, Моғолстан хандығына қарсы тұруы Орта Азия тарихының ең белгілі бір оқиғасынан саналады. Оның ішінде 1526 жылы қазақ пен қырғыздар Моғолстанды өз қолына қарату үшін Қашқария қалаларына ат қойып, үлкен толқын шығарады. Бұл 1526 жылғы толқын туралы Мұхаммед Хайдардың жазып қалдырған мағлұматы тарихи бағалы нәрсенің бірі.

«Тарихи Рашиддидегі» бағалы нәрсенің бірі – бір кездегі жер атына берілген сын, халық тұрмысынан қалған мәдениет мұралары. Мұхаммед Хайдар өз заманындағы қауымның алдыңғы қатардағы оқымысты

адамы болғандықтан, ол Жетісу өлкесіндегі тарихи ескерткіштерге де көбірек ой бөлген. Бұл жөнінде Мұхаммед Хайдардың Жетісу төңірегінде болған тарихи қалалар (Тараз, Барысхан, Баласағұн, Қиялық, Алмалық) туралы жазғандары – мәдениет тарихи үшін ең керек мағлұматтың бірі.

Оның бұл жазғандарының тарихи мағыналы болуы, бұл айтқан қалалар Мұхаммед Хайдардың кезінде тегіс қирап, жер болуға айналған. Ал ол өз кітабында сол бұзылып, жер бола бастаған қалалардың жалпы суретін береді. Тарихи дәуірден Жетісу бойындағы мәдениетті қаланың бірі болған Тараз (Талас) қаласы, қазіргі Жамбыл туралы Мұхаммед Хайдар өте керек мағлұматты келтіреді: «Моғолстанда бір қала бар, оны тризи кітаптарда «Тараз» дейді және сол кітаптардың көрсетуінше моғолдар (қазақ, қырғыз) Таразды «жаңа» деп атайды. Жана – Моғолстандағы (Жетісудағы) белгілі жердің бірі. Бұл қаланың халқы Мәуереннахрда да, Бұхарада да көп. Олардың бәрін «жаңалық» деп атайды, мәнісі жаңанын халқы деген сөз. Жаңа деп аталатын жерде ескі қаланың орны бірталай (мәселен, Ақыртас, Аққесене, Қырыққүмбез, Құланауызы, Төрт-Күл, Шоңқара, Түймекент). Бұл жерге дейін сақталған. Бірақ бұл қалалардың ішінде жаңа қала қайсысы, өзгесін не деп атаған, ол арасы анық емес».

Мұнан кейін Мұхаммед Хайдар Шу бойындағы қалалар туралы да бірталай жаңа мағлұматтар береді. «Шу өзені бойында бір жерде бір үлкен шаһардың орны бар. Онан қалған мұнаралар, күмбездер, медреселердің орны әлденеше жерден байқалады. Бұл қала бұрын не деп аталғанын ешкім білмейді. Моғолдар оны «Мұнара» (Баласағұн) деп атайды. Онда ерекше тұратын бір күмбез, жаңа нақыс жазу мен ою түсірген тас тақта

бар. Бұл күмбез атақты заң шығарушы «Мұхаммед имам Баласағұнидің қабірі», – дейді.

Мұхаммед Хайдардың жазуынша, Талас өлкесі мен Шу бойында болған тарихи қалалар Мұхаммед Хайдар дәуірінің өзінде қирап, үңірейіп қалған. Бірақ оның биік мұнаралары, күмбездері, сұлу кендері не медреселері көп уақытқа дейін бұрынғы сәулетті түрін жоя алмаған. Қазір ол қалалардың жер болған тек топырағы ғана көрінеді. Ерте заманда Жетісу, Алатау төңірегінде бұл сияқты мәдениет ошақтары болғанын бізге Мұхаммед Хайдар сияқты ғалымдар жазып қалдырмаса, оның әлеуметтік мәнін, ол кездегі тарихи жағдайларын бір ғана жерден қазып тапқан материалдарынан айыру қиын болар еді.

Мұхаммед Хайдар Дулати XVI ғасырдағы шығыстан шыққан атақты ғалымдардың бірі, оның Орта Азия мен Қазақстан туралы жазғандары бұл реттегі мағлұматтардың ең ұлы арнасына жатады. Оның жазған «Тарихи Рашиддиі» Мұхаммед Хайдардың атын бүкіл дүние әдебиетіне білікті қылған белгілі шығарманың бірі. Оның үстіне қазақ тарихының көмескі кездерін зерттеу үшін «Тарихи Рашиддидің» әдебиеттегі орны бүтіндей бір басқа.

Тек «Тарихи Рашидди» осы тәрізді ең бағалы шығарманың бірі болып бірсыпыра шетел тілдерінің өз ішінде басылып жүрсе де, ол өзімізге де туыс тілде әзірше басылмай келеді. Біздің қазіргі міндетіміз – «Тарихи Рашиддиді» жұртшылыққа түсінікті тілде шығарып, оны халықтың игілігі жасау.



СЫРЫМ БАТЫР

СЫРЫМ БАТЫР

Қазақ халқы ежелден еркіндікті, азат тұрмысты сүйген жұрт. Ханға, патшаға құл болуды олар мәңгі дозақы іс деп білді. Халық бұқарасының өмірін өксітіп жәбірлеген хан болса, жұртшылық оны әрқашан өзінің қайыспас тезіне салып, оның Тәңірісі кім екенін таныстып отыратын.

Өзінің еркіндігін, жұртшылық бостандығын ұлы наным қып таныған қазақ халқына жәбір етушілерді жұртшылық ордасынан қуып, оларға қарсы толқын шығарып отыру әрқашан ұлы іс болып табылатын.

Халық бұқарасының ішінде бостандық туын көтеріп, езушілерге – ханға қарсы көтеріліс бастаған ерлер көп болса да, оның ішінде (оның ту басы біздегі тарихта белгілі) ер Едігеден басталады. Бұл кез көпке мәлім Ноғайлы-Қыпшақ дәуірі еді. Қыпшақ жұртшылығының бұл көтерілісі бұрынғы Алтын Орда үкіметін мейлінше әлсіретіп, оның орнына Ноғайлы-қазақ сияқты жаңа ұлыстар шығуға себеп болды. Алтын Орда, Шағатай ұлысынан бөлініп шыққан қазақ қауымы, XV ғасырдың орта кезінде өз алдына жеке бөлініп, өзінің үкіметін жасады. Қазақ халқының орталық үкімет жасап, өзінің жұртшылық тағдырын тұтас шешкен кезі әсіресе XVI-XVIII ғасырлар арасы.

Бұл дәуірдегі қазақ бұқарасының тілегі бір ғана өзінің бостандығын қорғап, барлық жұрт болып сыртқы жауға қарсы тұру еді. Бірақ көрші елдердің торлауынан құтыла алмады. Басқаның жерін жаулап, кемтігін сонымен толтыруды мақсат еткен кейбір басқыншылар бейбіт жатқан қазақ бұқарасының тынышын кетіре берді. Оның үстіне бұл жағдай 1723 жылы болған апатқа кездесіп, бұл апат халықтың шаруашылығын ойсыратпай қоймады. Халық әбден күйзелді. Екінші жағынан апат күншығыстан қаптаған құба-қалмақ (Жұңғар) толқынымен ұласып, қазақ халқын мүлде есеңгіретуге айналды.

Алайда, айбынды қазақ жұрты тұрмыстың соққысына қанша батса да болашақтан үміт үзбеді. Халықтың басына түскен ауыртпалықты шешу үшін ауық-ауық ұлы топтар жасап, келелі мәселелерді қолға ала отырды. Соның бірі 1726 жылы Қаратаудың бауырында бас қосқан үш жүздің құрылтайы еді.

Бұл топта, халық «қайтсек те басқа түскен апатты серпілтейік, аттың жалы түйенің қомында жауға қарсы белсене шығып, оларды қасиетті Отаннан қуып шығайық», – деп серт берісті. Бұл құрылтай қазақ жұртына қараған барлық әскери күштің ұлы бұйырушысы етіп Әбілхайырды бекітті. Бірақ Әбілхайыр үш жүздің бұл сенімін жұртшылық алдында ақтамады. Ол халық басына түскен ауыртпалықты шешуден гөрі өзінің қара басының хан болғанын тәуір көріп, ұлы хан болуды іздеді. Үш жүздің тағы бір бас қосқан жиылысында Әбілхайыр:

– Мені ұлы хан қып сайла, сайламасаң өзіме ерген рулармен жеке кетемін, – деді. Бірақ халық оны үш жүзге ұлы хан ғып сайламады. Сондықтан ол басқа

жүздің ордасының бөлініп, Кіші жүзді ертіп Жайыққа шығып кетті.

Үш жүздің ол кездегі қариясы, есті және қадірлі адамдары Төле би мен Тобықты Әнет бабаң ақылшы Қазыбек би еді, олар Әбілхайырдың бұл ісіне налып тоқсан толғанды. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Сүйіндік Олжабай, Барақ батыр сияқты ерлер ішінен ыза шегіп, Әбілхайыр ханға кектенді. Халықтың басына түскен қиыншылық туралы күйзелмей, өзінің қара басының күйтін іздеген ханға барлық қазақ жұрты болып назаланды.

Бұдан кейін зымырап бір дүркін дәуір өтті. Бұл кезде Төле би мен Қазыбек би қазақ халқын бір орталыққа бағындыру үмітінде еді, сондықтан ол заманының тілегі бойынша – өздерінше ем іздеді, жас Абылайды аялап өсіріп, оны үш жүзге бастық етуге талаптанды. Әбілхайыр басқа жүздермен қатынасын тоқтатып, өз бетімен байлау жасап, Русия патшалығымен қарым-қатынас жасай бастады.

Біраз уақыт өткен соң, Әбілхайыр өзінің қара басының қамын қамтамасыз етіп, Русия патшалығына бағынып та алды. Сонымен қатар, ол Кіші жүз бұқарасын билеу ісінде Русия феодалдарының әдетін қолданып, бұқара халықты езуді молайтты. Кейін, Әбілхайырдан тараған сұлтандар әкесінің ізімен жүріп, халықты бұрынғысынан да езе бастады. Бұл кезде хан мен патша халық бұқарасын бір ғана заңға сүйеп талаумен қоймай, енді олардың шұрайлы жерін, өлкелі суын, жақсы дүниесін ашықтан-ашық тартып алатын болды. Кімде жақсы мүлік, жақсы зат болса, ол хан тұқымына тиісті зат болып саналады. Оның үстіне Әбілхайырдан тараған сұлтандардың қысқы-жазғы ішіп-жемі,

шығыны, қызықтауы тегіс халық үстінде болды. Бұл онымен тұрсын, бұл кезде Әбілхайыр тұқымы патша үкіметінің қазақ халқы ортасындағы отаршылық саясатын жүргізудің мықты агентіне айналды. Бұл кезде хан мен патша халықты екі жақтап сорып, оларға жыл сайын төлейтін рамат, жасақ, салық деген нәрселер халықты мүлде бас көтертпеді. Оның үстіне отаршылық талаудың өзге түрі халық бұқарасын әбден көк иық қылып, Кіші жүз қазақтары енді құлдық бұғауының астында шіруге айналды. Бұлардың ішінде халықтың еңсесіне батқаны, әсіресе, олардың ата-мекен қонысын тартып алып, өздерінің бас еркіндігіне ұқсан келтіргендік еді. Бірақ халық бұқарасы патша үкіметі мен Әбілхайыр тұқымының бұл озбырлығына көне бермеді. Бұрын еркін өскен жұрт хан мен патшаның бұл жәбірлеуіне қарсы тұрып, бүкіл халық болып толқын шығаруға кірісті. Міне, патша мен ханның бұл зұлымдығына қарсы ең алғаш күрес ашып, халық бұқарасының бұрынғы еркіндігін іздеп шыққан ер – бұл кезде Сырым батыр еді.

Сырымның көтерілісі Әбілхайыр тұқымы мен патшаға қарсы күресте қазақ тарихынан ең қадірлі орын алатын көрнектісі.

Сырым Кіші жүз ортасында Байұлы Байбақты руынан шыққан. Байұлының ішінде Беріш, Байбақты. Адай рулары ешуақытта ханға, патшаға бас имеген. Сырым, Исатай, Атақозы сияқты би, қажырлы батырлар шыққан рулар еді.

XVIII ғасырдың 80 жылдары. Бұл кез – Сырым батырдың халық мұңын айрықша жоқтап, зұлымдыққа қарсы белсене шыққан кезі. Бұл кез – Сырым батырдың аты зұлымдықтың бұғауын қирататын ұлы күштің

бейнесіндей көрініп, онын патшаға, ханға қарсы күресі енді халық бұқарасының ұлы сеніміне айналған кез.

Сырым өзінің күресін ең алғаш бастағанда бейбіт түрде бастады. Халық атынан патшаға, оның генералдарына арыз (петиция) түсіріп, халықтың халының ауыртпалығын жеткізбек болды. Халық бұқарасын жәбірлеген қара жүзді хандардың арам істерін әшкереледі. Кейін Сырым бұл күресті одан көрі де өрлете отырып, соңғы жазған бір хатында «жексұрын болған Әбілхайыр тұқымынан хандықты мүлде жой, үкімет басқармасын, халықтың өз қолына бер», – деп талап етті. «Біз Кіші жүз қазағы, сіздің жарлығыңыз бойынша, халық ортасынан ешбір дау шығармай бейбіт жатқан жұрт едік. Бірақ, Нұралы ханның халық бұқарасына істеген жәбірлігі Кіші жүз қазағын күйзелтпей қоймады. Бұл туралы бұрын да талай рет жазған едік. Ол жазғанымыздың ақиқат екеніне Сіз, патша ағзам хазреті нануыңыз керек. Нұралы хан халықты жазықсыз жәбірлеп, пара алу, арамдықты көбейтті. Сондықтан Кіші жүз қазағының ақсақал билері, жалпы халық бұқарасы оған қатты наразылық көрсетіп отыр. Осы аз уақыттың ішінде Нұралы ханның істеген қиянаты халықтың басынан асты. Байбақты руына қараған аз ғана ауыл тиестерінен жақын арада қырық бие, қанша мал зорлап алды. Оны неге аласың дегенде: «сені патшадан сұрап тұтқыннан босатқаныма», – дейді. Сіздің бұрынғы уағдаңыз бойынша, тұтқынға, пленге алған қазақтарды өзінің туған жеріне қайтару туралы бұйрығыңыз осылай ма еді?

Біз Кіші жүз халқының би, батырларының сізден бас иіп сұрайтынымыз, ханды орнына түсіріп, әкімшілікті халықтың өз қолына беріңіз. Егер бізге сенбей, ханды орнынан түсірмесеңіз, Кіші жүз қазағын өлімге

итергеніңіз. Кіші жүз қазағының қолынан дәнеңе келмесе де, ханға, патшаға бағынбай құба жонда қаңғырып өлу шамасынан келеді.

Екінші жағынан, арам көңіл ханның жазықсыз жатқан адамдарды ұстап алып сізге жібергенін – Сіз мақтаныш көресіз, ханды бұзықтыққа, арамдыққа үйретесіз. Мұныңыз әділет емес. Мұныңызға бүкіл Кіші жүз қазағы толқып, бұл істеген қиянат істеріңізге кезекті іс табылады...

Біздің Кіші жүз халқының ақсақал билері, батырлары жиылып, сізге арыз беріп сұрайтыны, біздің қара бұқара халықты жәбірлеп аш-жалаңаш шұбыртқан Әбілхайыр ханның тұқымын хандықтан мүлде шығарыңыз. Егер ханмен басқаруды керек тапсаңыз, халықтың көңілінен табылатын Қайып ханды қойыңыз.

Сіздің мархаматыңыздан жауап күтіп, Кіші жүз халқы атынан нандырушы: Сырым Датұлы, Сегізбай би, тағы басқалар».

Сөйтіп, еркіндікті, халық бостандығын арман еткен Сырым ердің саяси-әлеуметтік талпынуы, бұл Екатерина патшаға жазған хатында айқын суреттелді. Бұл жазған хатында Сырым батыр ешбір мәймөңкелеу, жасқану дегенді білмей, патша үкіметінің қазақ сахарасында жүргізген отаршылық саясаты бүтіндей зұлымдыққа сүйенгенін әшкерелей жазды. Оның үстіне патша үкіметіне халық бұқарасы атынан тегеурін көрсетіп, еркін қазақ халқына демократиялық бостандықтың керек екенін айтып, халықтың өзі басқаратын бұқарашыл үкімет жасауды мәселе ғып қойды.

Сырым қазақ халқының саяси бостандығын іздеумен бірге, патша үкіметінің оларды ашықтан-ашық талағанын бетіне басып, қырға шыққан отрядтардың

бейкүнә жатқан қазақтарға істеген сойқандылығын уақыт-уақыт жазып отырды. Мәселен, тағы сол Екатерина патшаға жазған бір хатында Сырым батыр елге шыққан жазалаушы отрядтың қара жүзді істерін көрсетіп, мынадай оқиғаны келтіреді: «Орал қаласының атаманы Дәніл Дансков Кіші жүз қазағына көп жәбірлік шапқын көрсетті. Бұл мәзкүр Дансков Орал қаласынан мың жарым әскермен шығып, бейбіт жатқан кінәсіз қазақ халқының 220 үйін шауып, оларды талан-таражға ұшыратты. Олардың қанша малдарын алып, 150 кісісін бейкүнә өлтірді, 57 кісіні тірідей ұстап әкетті. Алған жылқы, ту сиыр дегеннің есебі жоқ. Бұл Кіші жүз қазағына тыныштық орнатуды керек деп тапсаңыз үкімет басқаруды халықтың өзіне жақын адамдардан қоюға болмас па екен? Мархаматыңызбен үміт күткендейміз», – дейді. Міне, бұл сияқты ызбарлы қатты сөзді, Сырым батыр патша үкіметіне бірнеше рет жазған. Бұл оның халық мұңы үшін толғанып жазған талай арызының бірі.

Сырымның бұл хаттарының маңызы, оның қазақ тіршілігімен байланысқан саяси-әлеуметтік мәселені төндіре қойғанында. Бұл сияқты саяси тілекті ашық айту – бұл XVIII ғасырдағы қауым тіршілігі үшін аз жұмыс емес-ті. Сырым сол айтқан XVIII ғасырдағы феодолизмнің қара түнек басқанына да жеке жанған жарық жұлдыз сияқты әлеуметтік бостандығын ұран қылып шықты. Надандық пен зұлымдықтың белең алған дәуірінде бұл сияқты жарық сәуле күн нұрына ұмтылып, халық бұқарасы үшін демократия негізіне тірелген халық бостандығын іздеу – бұл әрине ол уақытта өте сирек жолығатын идея еді. Сырым батыр мұны жұртшылық тілегінің ең ілгергі сатысына

жеткізіп, бостандықтың не екенін халық бұқарасына айқын танытпақшы болды.

Бірақ Сырым, тек бұған қанағаттанып қойған жоқ. Ол хаттамаларға құр ғана айтып түсіндірудің аз екенін, одан ештеңе шықпайтынын да түсінді. Сондықтан енді ол, құралды көтерілістің керек екенін де ойлап еді. Бұл ойын халық бұқарасына, бұқараны соңынан ерткен, бастаған еріне айтып, ортаға салып көргенде, халық анық осы жағында екенін таныды. Бұл іс Сырымды бұрынғысынан да көтеріп, халық ортасында абыройын арттырды.

Содан 1780 жылдардан бастап, Сырым батыр Кіші жүз ортасында халық бостандығының белгілі бір көсемі болды. Сырымның төңірегінде ел деген ерлер, қорлық көрген бұқаралар жинала бастады. 1783 жылдары Сырымның соңынан ермеген Кіші жүз қазағы қалмады. Патшаға, ханға өмірі қас болып өткен атақты би, батырлардың барлығы Сырымның оң қанаты болып, оның не айтқанын орындауға дайын тұрды. Бұл айтқан ерлердің ішінде Сырымның ақылгөй досы болған Табын руынан шыққан атақты Тіленші батыр, Байұлы Тұрымбет би, Женшора, Барақ батыр, Досан сияқты ерлер еді.

Бұлардың бәрінің бас қосып анттасқан ісі, өлеөлгенше патшамен хан тұқымына қарсы тұрып, халық мұңы үшін қандай қиындыққа болса да шыдау еді.

1783 жыл, жаз күні. Патша мен ханға қарсы болған Кіші жүз рулары тегісімен Ойыл мен Жем өзенінің арасына қоныстанып, елге шыққан патшаның ұлықтары мен өткінші саудагерлерді талауға кіріседі. Біраз уақыт өткен соң бұл хабар хан сарайына жетті. Хан ордасы бұл кезде көтеріліс шығарған елден үркіп, қасына ерген аз ғана ауыл мен Теке қаласының төңірегін барып паналап еді. Бұл кезде қырда саяхатта жүрген хан баласы Айшуақ, Сырымның Кіші жүз ортасында патшаға, ханға қарсы толқын шығаруға кіріскенін біліп, оны жергілікті патша ұлықтарына хабарлайды. Айшуақ сұлтан Орал қаласының одаманы Данскovке жазған хатында: «Байбақты руынан шыққан Сырым деген ұры Жем, Сағыз бойындағы көп елді толқытып, қанша қалың қолмен осы маңайдағы қалаларға шабуыл жасауға дайындалып жатыр, бұл туралы бейқам қалып жүрмеңіз», – дейді. Мұны қырда жүрген Нұралы ханның башқұрт тыңшылары да айтып келді. Патшаның қырдағы агенті болған Нұралы хан бұл хабарды естіген соң төбе шашы тік тұрып не қыларын білмейді. Дереу Орынборға кісі шаптырып, ондағы генерал-губернатордан қырға әскер шығаруды сұрайды. Сырымның көтерілісін білдіріп, Орынбор генерал-губернаторына жазған хатында Нұралы хан былай деп жазды: «Өзіңізге белгілі қарақшы Сырым ханға өштігімен халық арасында ғауға шығарып, өзі сияқты бұзақыларды тегіс қасына ертіп алды. Ол арам өзінің әліне қарамай мемлекеттік шекарада не түрлі бейбастық істер істеді. Ол бұзақыларды тиюға ханның өзінде күш болмаған соң, олардың ғауға шығарған жеріне тез әскер шығарған едіңіз деп бұрын да бір хат жазған едім, сол әскерді тез жіберсеңіз», – дейді.

Патша үкіметінің сүйеуімен отырған хан, халық ортасында дәнеңе беделі болмаған соң, тек патша «хазретіне» табынып, өзінің хан деген атағын жоғалтпау үшін, Сырым сияқты халық қамқорының үстінен өсек тасуға салынады. Бұл жөнінде Нұралы хан патша үкіметіне жарамсақтанып және былай деп

жазады: «Сіздің ұлы хазіретіңізге осы әсет айының 16-18-дерінде мәлім етілген еді. Өзіңізге белгілі арам ойлы қырғыз-қазақтар бұзақылық істерін бұрынғыдан көрі де жиілете бастады. Ол арам қазақтар сіздің ұлы хазіретіңізге қандай дұшпан болса, бізге де сондай дұшпан. Ол арамдар менің жарлығымды алмақ түгіл қайта одан жіберген перзентімді тірі жібермей қасастықпен өлтірді. Қырғыз-қазақ жұртының осы сияқты әрекетінен мен сізге де сенімсіз болдым. Олардың айтатыны хан орыс патшасынікі – бізге жан тартпайды. Сондықтан олар менен мүлде көз жазды-рып, өздерінің еркіне кетті», – дейді. Бұл жерде патшаға агенттік қызметін атқарушы ішмерез хан, өзінің әлсіздігін мойнына алып, екінші жағынан еркіндікке ұмтылған халық бұқарасының асқарлы күшін жасырып қала алмайды. Сондықтан ол патшаға жарамсақтап хаттың соңында былай деп жазады: «Енді сіздің ұлы хазіретіңізге өз тұсымынан достық-жақындық қып айтатыным, ол арамдардың еліне Ор қаласынан төмен қарай үлкен әскер шығарып, Елек басындағы һәм Жем суының басындағы елді шаптырып ойран еткізгейсіз. Ол қарақшыларды екіншіде ондай әрекет қылмастай етіп қорқытпасаңыз, олар мені ешуақытта хан деп танымақшы емес. Олар менің қасымда қалған ел шеркестердің (ру аты) өзін де қоймас деп білемін. Сондықтан сізден өтінетінім, осы хат барған сағатта мазкүр айтқан әскерді шығарып, тез әрекет қылғай едіңіз. Нандыру үшін Нұралы хан.[38]

Кіші жүз ортасына қойған өзінің сенімді агенті Нұралы ханнан бұл хабарды естіген соң, «патша ағзам хазіреті» өзінің дағдылы әдісін қолданып, Сырымды

[38]Материала по истории КазССР т.IV . 54,55,56-беттері.

халық ортасында «бұзақы», «ұры» деген атпен тарата-ды. Онымен қоймай дереу қырға жасырын тыңшыларды көбейтіп, Сырымды жансыз ұстап алу әрекетін жасайды. Нұралы хан бұл жөнінде патша хазіретінің алдында құрдай жорғалап, өзінің тыңшылық рөлін атқару жағына тырысады. Қазақ тұрмысын жақсы білетін ханның асыранды төбеттері қырда жұмсалатын жасырын әдістің бар түрін қолданып, Сырымды қалайда торға түсірудің амалын іздейді.

Сырым батыр қасына ерген өзінің батырлары мен Каспий теңізінің алдындағы бір жазықта атасына ас беруді себеп қылып, патша үкіметімен қалай ұстасу туралы халық кеңесін шақырған еді. Бұл жиылыстың болуын патша үкіметінің қырда жүрген тыңшылары да біліп, бұл қарсаңда Сырымды қайтсе де ұстап алу қамына кіріседі.

Каспий теңізінің алдындағы ұшы-қиыры жоқ байтақ жазық. Бұл жерді жайлап отырған Кіші жүздің үш Атырау елі де осы жерде Сырымның атасы Дат батырға ас беруге бүкіл Кіші жүз қазағы сойыс қылып, бас қосқан. Бұл асқа шақырылмаған қонақ Нұралы ханның ішмерез тыңшылары – Есқара мен баласы Есім де келеді. Олар ішінде қандай сыр барын ешкімге білдірмей тек халықтың аңсын аңдып жүреді.

Бұл кезде Нұралы ханның інісі Ералы жүзден аса қарулы кісімен бір таса жерге келіп жансыз бекініп жатады. Олардың амалы – бір ғана Сырымды қолға түсіру. Ас бітер кезде Есқара мен Нұралы ханның баласы Есім екеуі, хан атынан келген болып, Сырымды оңаша шығарып әңгіме құрады. «Бізді сізбен жолығып сөйлесуге хан жіберген еді, сіздің қандай тілегіңіз болса да хан орындауға даяр. Егер халық тыныштығы туралы сөйлескіңіз келсе Ералы сұлтанға барып жолығыңыз,

ол осы жақын арада қонақтап жатыр. Сіздің келуіңізді күтеді», – дейді, өтірік аярлыққа салады. Қаннен-хабарсыз отырған Сырым батыр бұлардың оны қандай мақсатпен айтып отырғанына көз жібермейді, тек халық тілегіне жетуді арман еткен ер, бұлардың көлгірлікпен айтқан сөзіне нанып, біраз кісімен тығылып жатқан Ералының үстіне барады.

Сырым енді тығылып жатқан жаудың тап қарсы алдына келеді. Сырым сияқты хан тұқымына қас ерді олар өзінің ойлаған жеріне келтірген соң енді ешуақыт аяп қалмас емес. Патшаның жендеттерін соңынан ертіп жүрген Ералы енді ешбір сөзге келмей дереу Сырымды ұстап алып, оның аяғына бұғау сала бастайды. Сырымның қасында оның жолдастарынан белгілі Мыңбай ер мен атақты Дөнен батыр бар еді, бұлардың үшеуін де колеткемен айдап, Теке қаласындағы азап камалына апарып қамайды. Бұдан кейін біраз заман өтеді. Бірақ Сырым ерді қамауда ұстау патша үкіметіне жайлы болып тимейді. Бұл кезде бұрынғы толқын толқын ба, қазір бүкіл Кіші жүз халқы болып ғауға шығарып, патша үкіметінің есін шығарады. Халық қамқоры Сырым ерді ұстап әкеткен соң, Кіші жүз халқы тыныштық көрмей патша үкіметіне серт қойып: «Сырым ерді босат, босатпасаң керуен талап қалаға өрт қоюды тоқтатпаймыз», – дейді.

1783 жылдың аяғында Кіші жүз қазағының би батырлары жиылып, Орынбордың генерал-губернаторына Игельстромға ақтық рет арыз жіберіп, «Сырым батырды қайтсең де босат», – дейді. – Біздің қадірлі жолдасымыз Сырым ер мен Дөнен батыр екеуін Нұралы ханның балалары бейкүнә отырғанда ұстап әкетті. Оларды ұстатуға басшы болып келген белгілі өсекші,

ханның жақындары Есқара, Өтеулі, Ақдұл дегендер барлығы 110 кісі. Бірақ орта жолға жеткенде Дөнен батырды қорыққанынан босатып, тек басқа жолдасымен Сырымды ғана әкеткен. Егер бейбітшілікті ойласаңыз, тезінен Сырымды босатып жібергейсіз. Біздің сырт естуімізше, Нұралы ханның туысқаны Ералы Сырымды күшпен жасқандырып, оның қолына патшаға деп зорлап хат алған сияқты. Мүмкін ол хатқа Сырым батырдың қорғасын мөрін де зорлап бастырған болар. Бірақ ол зорлап алған хатты сіз ешуақытта халық атынан алған хат деп түсінбеңіз. Сіз бейбіт тұрмысты керек етсеңіз, халықтың тілегінен шығып, бұрынғы берген уағдаңызды орындауыңыз керек. Кіші жүз халқының атынан өтінуші Сегізбай би, Тұрымбет би, Қаратау би, Шүкірәлі батыр, Барақ батыр, т.б.

Міне, Сырым сияқты халық қамқорын босат деп патша үкіметіне тегеурін көрсету – бұл да қазақ халқының қайыспас, айбынды жұрт екенін көрсетеді. Сырым батырды босат деп Кіші жүз халқы осылай үстіүстіне толқын шығара берген соң, патша үкіметі оларға қарсы қатал шара қолдануға батылы бармайды. Патша үкіметі бар айыпты Нұралы ханның мойнына жүктеген болып, халықты алдау үшін Сырым батырды босатумен халық көзіне кінәсіз болып көрінбекші болды.

Бұл туралы белгілі Игельстром Екатерина патшаға жазған құпия хатында: «Сырымның халық ортасындағы беделі өте күшті. Оның қасында Нұралы ханмен ешкім санаспайды. Егер шекараға тыныштық орнатуды керек деп тапсақ Сырымды тез босатып жіберуіміз керек», – дейді. Орынбор генерал-губернаторының бұл мойындауы, әрине айбынды Сырым батыр бастаған көтерілісін патша үкіметіне күшпен басу оңай жұмыс болмағанын

көрсетеді. Сөйтіп, Сырым бір жыл бойы аяқ-қолы кісендеулі Орал қаласының қамалында отырған еді. 1784 жылы патшаның жарлығы бойынша босанып, енді Жем өзені бойында отырған өзінің туған еліне қайтады.

Қамалдан босанып, қырдағы еліне қайтып бара жатқан Сырым батыр бір күні Жем өзенінің бойына келсе, ол жерде күніреніп қалған ылғи иесіз ауылды көреді. Олардан – сендерге не болды деп сұраса, олар кеше Нұралы хан мен патша әскерінің талауына түсіп, шабылып отырған Табын мен Қаракесек рулары екен. Сырым бұл жәбірлікті көрсе де ол жерде ешнәрсе демейді, тек патша мен ханға бұрынғы кегін онан гөрі де күшейте береді.

Сырым өзінің ардақтап өсірген елінің ортасына оралады. Қажырлы ер аз уақыттан соң басынан не түрлі қиын-қыстауды өткеріп, патша үкіметінің қандай қыспағында болса да, оның қайраты мұқалған жоқ еді. Сырым халықтың қалың көтерілісі үстінен шығады. Енді соны дұрыс бастауға бел байлайды.

1785 жылы, қыс өтіп жаз шыққан кезде көтеріліс жасаған Кіші жүз қазағының бұл стихиялық күресі алып, жойқын болып патша үкіметіне қауіп туғыза бастады.

Көтерілісті Сырым батыр Жайық бойындағы патша үкіметінің әскери бекінісі «Лебяжье», «Сахарный» тағы бірнеше қамалдарға өрт қоюмен бастады. Тағы сол жылы Сырым батырларынан Тіленші, Досалы, Жиреншора бастаған қазақ аламандары «Рубежный» қамалына шабуыл жасап, олардың 1445 жылқысын, 757 сиырын айдап алады. Бұл сияқты шабуылға Жайық пен Орынбор сызығындағы қамалдардың көбі ұшырады.

Сырым бастаған халық көтерілісінің, әсіресе, дәуірлеп күшейген кезі 1785 жылдың жазғы айлары. Бұл кезде Сырымның аламандары патша үкіметінің жазалаушы әскерін қырға беттетпей, оларды қолма-қол бұл қырып отырды, не үріккен қойдай Орынбор мен Орал қаласына тығып отырды. Сырым бастаған қалың қол бұл кезде Орынбор мен Жайық бойының өзін торлап, патша үкіметіне қазақ даласында іс жүргізуге мүмкіндік бермеді.

Сырым батыр патша үкіметінің әскері бекінген қамалдарына шабуыл жасаумен бірге, бір жағынан өзінің саяси тілегін патша үкіметіне ашық қойды: «Біздің, халық бұқарасына өзін-өзі басқаруға ерік бер! Қырға қала салып әскер шығарма! Тұтқында, ұстауда жатқан адамдарды босат! Халықтан алатын рамат, салық болса, оны ел ортасынан сайлаған өкілдер арқылы өзіміз жинап беріп отырамыз. Егер бұл айтқанымызды орындамайды екенсің, біз де сенің жарлығыңа бағынбаймыз», – дейді.

Бұл ретте 1785 жылдың 21-шілдесінде Сырым халық атынан Екатерина Алексеевна патша хазіретіне, қырғыз-қазақ жұртының, Кіші жүз ақсақалдарымен барлық халқына арызнама: «Біз қырғыз-қазақ жұрты, Кіші жүздің қара халқы болып Нұралы ханның бұзықтығы үшін ханға (патшаға) азап етіп, шабуыл жасап отырмыз. Шабуылға құй қатынасқан, құй қатынаспаған адамдар болсын, бәріміздің ұранымыз, ынтымағымыз бір болып, бірігіп іс істеуге уәде қылдық. Егер бізбен бірге істес болып ел боламын десеңіз, Әбілхайыр ханның балаларын халық ортасынан шығарып, хакімшілікті өз қолымызға беріңіз... Егер Әбілхайыр балаларын шығармайды екенсіз, онда

бізбен сіздің арамызда түзулік, тыныштық болмақ емес. Ханның халыққа істейтін қиянатын, біз сіздің қиянатыңыз деп білеміз. Бұл қиянатқа тоқтау болмаса, біз сізбен ешуақытта ынтымаққа келіп кеңеспекші емеспіз. Осылай деп қарар шығардық. Егер біздің бұл шартымызды қабыл көрсеңіз қолыңызда топталған тұтқын, аманат адамдарды босатып жіберіңіз, әсіресе, Шүкірәліні босатыңыз. Елшілікке бес кісі жібердік», – деп Кіші жүз халқының 20 руы атынан 50 адам қол қояды. Оның басшылары Сырымға серік болған белгілі Сегізбай би, Қара-Көбек би, Тұрымбет би, Қаратау би, Атағозы би, Тіленші батыр, Дөнен батыр, т.б. Хаттың ең соңында барлық Кіші жүз жұртының өкілі болып Сырым батыр мөрін басады.

Міне, бұл 21 шілде күнгі жорық үстінде отырып жазған Кіші жүз халқының арызы, бұл бостандыққа талпынған халық ерлігінің асқаралы бір түрі болса, екінші жағынан Сырым батыр қойған саяси талаптың ең күшті түрінің бірі болатын. Зұлымдықтың кегі жүрегіне таңба болып басылған айбынды жұрт, бұл арызында саяси тілектің халық тіршілігімен байланысқан түрлерінің бірде-бірін қалдырмайды. Бұл 1785 жылдың жазында Сырым батыр патша үкіметіне саяси тілекті қоюмен бірге, бір жағынан шабуылды күшейте береді. Бұл жылы оның қаруланған қолы 60 мыңға жетіп, ол патша үкіметінің үрейін алатын ұлы күшке айналады. Мұны Екатерина патшаға жазған «түсіндіріс хатында» Орынбордың генерал-губернаторлары да бүркеусіз ашық айтады. Оның айтуынша: «Қазақтардың бұл жердегі өлкеге шабуылы – ол жайшылықтағы барымтаға ұқсамайды. Бұл қаруланып шыққан 60 мың аламандардың әдейі қастықпен қалаға шабуыл жасайтын ілек-ілек тобы. Міне, мұны қауіпсіз деп айтуға келмейді», – дейді.

Сырым бастаған Кіші жүз қазағының көтерілісі осылай нажағайлы ұлы күшке айналған соң, патша үкіметі олармен күресуге енді төтенше шара қолдануды ойланады. 1785 жылы патша үкіметі қарар шығарып: «Қырғыз-қазақ жұртының бұзақылық әрекетін басу үшін құралдың ең күшті түрі жұмсалып, олар аяусыз жазаға тартылсын», – дейді. Тағы сол жылы соғыс алқасының бастығы кинязь Потемкин жарлық беріп, «Сырым бастаған халық көтерілісін басып, Кіші жүз қазақтарын жазалау үшін, қырға қарулы әскерден бір корпус қол жіберілсін», – деп ұйғарады. Осы нұсқаудың көрсетуі бойынша, ақпан айының басында Сырымның соңына түсуге Орынбор мен Орал қаласынан генерал Смирнов пен Колпаков бастаған екі корпус әскер шығады.

Генерал Смирнов бастаған атты корпус, Сырымды тұтқиылдан қолға түсіру үшін, 1785 жылы, 17 ақпан күні Орынбордан шығып Қобды өзенін өрлей жүреді. Бірақ ақпан мен наурыз айы олар бүкіл Каспий теңізінің алдындағы ең жазықты сүзіп, Сырым батырды еш жерде кездестіре алмайды. Смирнов отрядының бұл жорықта ісі тек жолындағы бейбіт жатқан елді шауып, оларды қатты жәбірлікке ұшырату болады. Мал алып, дүние талаудан басқа, Смирнов отряды жұртта қалған кәрі шал-кемпір, жас баланы көгендей тізіп, оларды Орынборға айдайды. Қасындағы башқыр солдаттарына бейбіт жатқан қазақ ауылын талатып, олардың не айтқан еркіне жіберді. Мұны неге істегенін Смирнов берген «отчотында» ешбір бүркеусіз ашық айтады. «Қырға шыққан әскерді талан-таражданн тыюға болма-

ды, өйткені оларға шығарған шығын тегісімен көтеріліс шығарған қазақтардан алынсын, деген нұсқау болған соң, отряд олжа түсіруге қызыға берді», – дейді.

Орынбордан Смирнов отряды шығумен қатар, Сырымды тез ұстау мақсатымен ақпанның 16-күні Орал қаласынан Колпаков бастаған 1250 казах-орыс әскері және шығады. Бұл әскер соғыс алқасының нұсқауы бойынша Жайықтың сағасынан Жем өзеніне дейін сүзіп, Жем суының бойында Смирнов отрядымен түйіспекші де. Бұл туралы Сырымды жазалауға шыққан экспедицияның бастығы Колпаков, 8-сәуір күнгі соғыс алқасының президенті князь Потемкинге түсірген құпия хатында былай деп жазады: «Сіздің жарлығыңыз бойынша қазақ жұртындағы бұзақыларды жазалап, Жем сағасын паналап отырған Сырым ұрының ұясын бұзу үшін, Орал қамалынан Колпаков пен Пономарев бастаған казах-орыс отряды шыққан еді. Бұл туралы 17 ақпан күні мәлімдеме берген едік», – дейді.

Қару-жарақтанып шыққан бұл екі отряд, Сырымды іздеп Каспий теңізінің алдындағы байтақ жазықты қанша сүзсе де, Сырым батыр олардың қолына оңайлықпен түспейді. Сырым бұл кезде өзінің қасына ерген Кіші жүз қазағымен Арал теңізінің бойына барып, ол жерде патша үкіметіне қарсы соғысқа дайындалады.

Сырым батырдың патша әскерімен соғысуға қалай дайындалып жатқанын қырда жүрген патша үкіметінің тыңшылары – Қаратай сұлтанның төленгіті Сәдібек пен Мамбет Мұртазаевтар жеткізіп отырады. Бұл туралы Колпаков – князь Потемкинге түсірген мәлімдемесінде былай дейді: «Үйшік қаласынан қазақ бұзықтары ұстап әкеткен үш офицердің хал-жайын білуге қырға Қаратай

сұлтанның төленгіті Сәдібек пен Мамбет жіберілген еді. Олар Жем өзенінің бойындағы қазақ елінің ортасында жүріп мынадай әңгіме естиді: «Сырым бастаған Кіші жүз рулары қаруланып әскер жинап, бұзықтық істерге дайындалып жатқан көрінеді. Бұған құлшына кіріскен әсіресе, Байбақты, Кете Шекті, Табын, Шеркес, Адай, Таз рулары. Бұларға желік беріп, басшы болушы белгілі бұзақы Сырым мен Тіленші, Барақ үшсуі. Бұлардың әрқайсысының өзіне тиісті қолы бар дейді. Жұрттың айтуынша, Сырымның өз жанында жүретін сайдауыт жігіті 2700, Тіленші 1500, Барақтікі 2000 дейді. Бұлардың бәрінің ұрандасқан ісі қырға шыққан әскерді қазақ ортасына жолатпай қарсы тұрып оларды қырып жоқ қылу», – дейді.

Сырымға қарсы шығарған патша үкіметінің жазалаушы отрядтары Жем өзенінің бойына келгенде оларға басшы болып жүрген белгілі тыңшы Мамбет еді. Сәуір айының аяғында Мамбет олардың орталығын Жем өзенінің бойында қалдырып, өзгесін Қара-көл бойында отырған Беріш пен Адай руларының ортасына апарады. Бұл жер Сырым әскерінің бекініп жатқан салығы еді. Мамбет ол жерге білгендей апарған соң, патша үкіметінің әскері олармен бетпе-бет кездесіп, біраз соғыс болады. Екі жақтан да бірқатар кісі өледі, оның ішінде Колпаков отрядынан үш офицер оққа ұшады. Бірсыпыра соғысқаннан кейін, зеңбіректен қаруланып шыққан патша үкіметінің әскері Сырым қолын ығыстыра бастайды. Бірақ Сырым батырларынан ешкімді қолға түсіре алмайды. Сөйтіп, патша үкіметінің жазалаушы әскері Сырымның соңына қанша түссе де, одан дәнеңе іс шығара алмайды. Ақырында қару-жарағы азайып, оғы таусылуға айналған соң екі

отрядтың екеуі де тек иесіз қалған қазақ ауылын шауып, тез жер-жеріне қайтуға асығады.

Бұл жорықта Колпаков пен Смирнов қазақ ауылына істеген шапқыншылық ісі, сойқандылық істің ең шегінен асқаны болады. Олар Қаракөл бойындағы ессіз қалған ауылдарды ойсырата шабумен бірге олардың 200-дей әйелдерін ұстап әкетеді. Оның үстіне мал дегеннен тайлы-тұяқ қалдырмай тік көтере айдап алады. Қырға шыққан жазалаушы отрядтың бейбіт жатқан қазақ ауылын бұл сияқты аяусыз талауға түсіруі, бұл колониялық (отаршылықтық) талаудың ең арам түрінің бірі еді. Бейбіт жатқан момын халықты жыртқыш аңша талаған қара жүзді патша үкіметінің бұл саясатында – Сырым сияқты халық қамқорын қатты күйзелтетін.

Міне, бұл сойқандылықтың қанды кегін ұзаққа жібермей алу үшін, Сырым батыр Колпаков пен Смирнов отрядының соңын ала дереу әскер шығарып, Жайық пен Орынбор төңірегіндегі қалаларды шапқызады. Ондағы патша үкіметінің әскері бекінген қамалдардың талайына өрт қойып, олардың мал-мүлкін талауға түсіреді, сөйтіп, патша әскерінің өзі істеген ісін өзіне істеп, құмарын тарқатады.

Сонымен патша үкіметі Сырым көтерілісін қанша қатал түрде басуға тырысып, қырға бірнеше рет жазалаушы отряд шығарса да, бұл әдіс тек халық бұқарасын онан сайын өршелендіре бергені болмаса, патша үкіметі ешбір нәтижеге жете алмайды.

1784-1785 жылдары қырға шыққан жазалаушы отрядтардың Сырым қозғалысын басу туралы ешбір нәтиже бермегенін Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы бір ғана қазақ даласының жағдайынан деп біледі. Ол өзінің министр алқасының президенті князь

Воронцовқа жазған мәлімдеме хатында бұл туралы былай дейді: «1784 жылы қазақ еліндегі бүлікшілік шығарушы бұзақыларды жазалау үшін, олардың бекініп жатқан жеріне Кульнев бастаған 3462 адамнан қарулы әскер жіберілген еді, бірақ қар қалың жауып, ат арып, азық таусылған соң, олар 300 шақырым жер қалғанда жете алмай қайтып келді. Одан кейін 1785 жылы князь Потемкиннің бұйрығы бойынша Орынбор мен Орал қаласынан күшті жарақтанған екі отряд шығарылған еді, олар қырдағы жағдайдың қиындығынан және бұзақылардың Орынбор шегінен алыстап, мойны Сырдария өлкесіне сырғып кеткендіктен олардың соңына түсуге болмады. Бұл екі отрядтың бар бітіріп қайтқаны, – қазақ елінің бірталай адамдарын ұстап (оның көбі әйел мен бала) және қанша малдарын шауып келу болды. Қазақ елінен шауып әкелген малдар соғыс алқасының ұйғаруы бойынша тегісімен қырға шыққан екі экспедицияның шығынын жабу мен шабуылға ұшыраған адамдардың шығынын төлеуге жұмсалды», – дейді.

Бірақ қырға шыққан жазалаушы отрядтың бұл қазақ елін шауып, оларды талан-таражға ұшыратқаны, ол тек халық наразылығын күшейте бергені болмаса, патша үкіметі бұл жазалау әдісімен ешбір тыныштық орната алмайды. Бұл әсіресе, тағы сол Орынбор генерал-губернаторы Игельстормның Екатерина патшаға түсірген құпия хатынан айқын көрінеді. Қазақ халқының үздіксіз толқын шығаруынан мезі болған генерал-губернатор, толқынды басуға тиісті шара таба алмағанына кейіп, бұл құпия хатында былай дейді: «1785 жылы қырға шыққан Смирнов корпусы мен Орал қаласынан шыққан қазақ-орыс отряды қазақ аулын бөксере шауып,

қанша мал-мүлкін талауға түсіреді. Бұл әдіс үкіметтің ұйғаруынша ауыздықсыз кеткен қазақ елін бейбіт тұрмысқа айналдыру үшін ең сенімді шара деп танылған еді. Бірақ мұнымен де тілеген бейбіт тұрмысқа жете алмадық. Мен үкімет қаулысын тексеруге кірісіп, істі бір тәртіпке түсіргенше, сол жылы (1785) шілде айының ішінде Сырым, Барақ, Жиеншора, Жанболат бастаған қазақ аламандары тағы да жиектегі қалаларға шабуыл жасап, қатты бүліншілік туғызды. Бұлардың бір бөлігі 2000 қолмен Елек қаласына шауып оны бұзды, енді бір тобы 3000 қолмен Таналы қамалына шауып оны бұзды, үшінші тобы, Ендер бойындағы қамалдарды қиратты. Бұлардың шабуылы жайдағыдай ұрлық не барымта емес, олардікі күні бұрын ойланып қойылған, әдейі қала талап қамал бұзып, сонымен өздерінің ішінде кек сақтаған саяси наразылығын білдірмекші болғандық», – дейді.

Сырым көтерілісі осы тәрізді дәуірлеп, Орынбор төңірегі мен Жайық бойының өзіне тегеурін көрсете бастаған соң, патша үкіметі бұдан гөрі де «төтенше жағдай қолдану керек» деп табады. Сырым көтерілісін аяусыз басу үшін, Орынбор мен Орал қалаларында драгұн полктерін құрып, әскер легін көбейте бастайды. 1784 жылдың аяғында Сырым қозғалысын басуға деп 5500 адамнан жазалаушы отряд құрған еді, 1785 жылы «қырғыз-қайсақ бұзақыларын тиып, шекараға тыныштық орнату үшін бұл әскер аз. Сондықтан оның қатарын тағы да башқыр, мешер сайдауыттарымен толықтыру керек», – деп қарар шығарады. 1785 жылдан бастап Сырым көтерілісін басуға деп, Орынбор өлкесінде 30 мыңнан аса әскер тобын құрады.

1785 жылғы Сырым көтерілісінің көлемі қай түрде болып, онымен күресуге патша үкіметі қандай шара қолданғаны тағы сол Орынбор генерал-губернаторының Екатерина патшаға жазған мәлімдеме хатында айқын суреттеледі. Бұл туралы генерал-губернатор былай деп жазады:

«1785 жылы көтеріліс тым күшейіп, шекараға қатты қауіп келтірді. Көтеріліс шығарушылардың толқынын басып, шекараны қорғау үшін, әскер тобын күшейту керек болды. Оның үстіне 22 тамыз күнгі жазған хатыңызда сіз: «Қырғыз-қайсақ бұзақыларына қарсы аз әскер шығарма, ол босқа қырылып не қолға түседі», – дедіңіз, «Екінші – ол жердегі әскерді бір тәртіпке түсіріп, Жем бойына қамал салуға дайындал», – дедіңіз. «Үшінші – өз бетімен кеткен бұзақы қазақтарды тез ауыздықтау шарасын істе», – дедіңіз. Сондықтан мен Орынбор төңірегіндегі қазақ-орыс, қалмақ, башқыр, мешерлерден әскер топтап, шекараны қорғауға жетерлік әскер тобын тіздім», – дейді.

Генерал-губернатордың баяндауынша, бұл 1785 жылғы Сырым көтерілісін басуға деп тізген әскердің тобы 5700 башқыр, 600 қалмақ, 4300 дон қазақтары және Орынбор өлкесінен жиған 10800 атты әскер болады. Бұлардан басқа Орынбордың төңірегін қорғауға деп үш мың башқыр әскерін ұстайды. Бір ғана Орынборды қорғауға ұстаған әскердің тобы 11500 болады.

Патша өкіметі Сырым көтерілісін осылай тез басу шарасына кірісіп, Орынбор өлкесін осынша әскермен толтырса да, бірақ 60 мың аламаны бар Сырым батыр бұл кезде патша үкіметінің бұл ниетіне қарсы Орынбор қаласының тап түбінде отырып, генерал-губернаторға ультиматум қояды: «Біздің айтқан шартымызды ор-

нында, орындамасаң Орынбор қаласының өзіне шауып, бүліншіліктің бұдан гөрі де зорын көрсетеміз, – дейді. Содан Сырымның соңынан қанша уақыт түсіп, одан дәнеңе іс шығара алмай қажыған патша үкіметі, Сырымның бұл дүмпуіне шыдай алмайды. Ол өзінің бұрынғы саясатын өзгертіп, Сырыммен енді дипломатия арқылы жақындасуды ойлайды. Бұл жөнінде патша үкіметі қарар шығарып: «Қырғыз-қайсақ бұзақыларын қазір күшпен тыю мүмкін емес. Сондықтан Сырым батырдың тілегін, көңілін орындап, сол арқылы қазақ елінің ортасында тыныштық орнату», – деген тоқтамға келеді. Міне, аузынан жалыны шыққан Ресей патшалығын осы сияқтауға мойындауға келтіру, бұл әрине, Сырым қозғалысының асқаралы күш екенін көрсетіп, хан мен патшаға қарсы күресте қазақ халқының қайыспас қажырлы жұрт екенін көрсететін.

Сырым көтерілісін күшпен баса алмаған патша үкіметі бұл туралы бұрынғы жазалау әдісін өзгертіп, Сырыммен енді бейбіт түрде жақындасу амалын іздейді. Ол үшін қазақ халқының ортасында үгіт таратып, Кіші жүз қазағына бірталай кеңшілдіктер беруге уәде етеді. Сырым батырдың қойған шарты бойынша, халықты жәбірлеген хан тұқымын жұрт басқару ісінен мүлде шығарып, оның орнына халық кеңесін құрып, үкіметті халық бұқарасының өзіне басқартуға сенім береді. Бұл реформаны (өзгерісті) қазақ халқына түсіндіріп, Сырыммен ауызба-ауыз келісу үшін қырға «беделі бар» адамдардан елші жібереді. Елшілікті патша үкіметі ол кездегі Күншығыс халқына атағы бар белгілі муфти Мұхамеджан Хұсайыновқа тапсырады. Бұл муфти қазақ сахарасы мен Орта Азия халықтарын патша үкіметіне қаратуда көп еңбек сіңірген белгілі

агент еді. Патша үкіметі оны, әсіресе, Сырым көтерілісі кезінде жақсы пайдаланып, оны бұл қырға елші қылып жіберген жолында да бір ғана тыңшылық қызметін атқаруға жұмсайды.

Мұхамеджан муфтиден басқа бұл қырға шыққан «елшілік» тобында офицерлер, 500 қараулы әскер және қырда не заманнан тыңшылық қызметін атқарған белгілі Бекшорин, Ғабидулла Фатхуллин, молла Қасым Ешмеков деген ірі саудагерлер мен молдалар болады. Оның үстіне Сырым мен Бұхара хандығының жүзара қатынасы туралы патша үкіметіне бірталай мәлімет берген Назар қожа, Ниязбай деген Бұхар саудагерлері болады. Міне, Сырыммен елдесуге жіберген патша үкіметінің елшілік тобы осы сияқты ылғи тыңшы белгілі шпиондар болғандықтан, оның Кіші жүз қазағының ортасында әлеуметтік өзгеріс жасаймын деп халыққа уәде беруі тек сырт алдау екенін көрсететін.

Мұхамеджан муфти осы айтқан тобымен Уфа қаласынан шығып, Орынбор өлкесіне келгенде, патша үкіметінің атынан қазақ халқына арнап бірнеше уағыздар таратады. Ол Елек бойында отырып бірінші рет жазған «уағызында» қазақ халқына былай деп үгіт таратады:

«Ұлы ағзам Екатерина патшаның жарлығы бойынша мен Уфа қаласынан шығып сіздің қырға келе жатырмын. Сахарада жатқан сіздер менің бір заңдас, бір қандас халқымсың. Алапатты патша ұлы ананың мейірімді көңілін сіздерге жарияламақпын. Ол манаршаның ойында сіздерге қой үстіне торғай жұмыртқалайтын бақытты тұрмыс іздеуінен басқа ешбөтендігі жоқ. Бұл Құран шарифтің жазуымен бірдей. Менің келе жатқан мақсатым, сіздердің араларыңызда

питнәлік мінез бар деген жалған хабар естіледі, сол туралы сіздермен сөйлесіп, Құран шәрифті қолыма ұстап муфтилік сөзімді айтпақшы едім», – дейді.

Ислам дінінің ол кездегі күшті бір тірегі болған Мұхамеджан муфтиді патша үкіметі қырға шығарғанда Сырым көтерілісін басуға ең сенімді құрал ретінде жіберген еді. Мұхамеджан абыз патша үкіметінің бұл сенімін оның көңіліндегідей орындап отырады. Екінші жағынан көтеріліс шығарған қазақтарды Мұхамеджан муфтиге жексұрын қып көрсету үшін, патша үкіметі муфтидің алдынан бірнеше сахна көріністерін дайындайды. Абыз Елек бойына келгенде Назан қожа Ниязбай бастаған Бұхар саудагерлеріне қазақ халқы туралы өсек айтқызып: «Сырым бұзақы, қарақшы, керуен талап, мал ұрлаудан басқаны білмейді», – дегізеді. Орал қаласына келгенде уақ руының бір епті жігітін Сырым тобынан ұсталған кісі қылып, колеткемен әкеп, оған Сырымның үстінен не түрлі кірлі сөздер айтқызады. Мұхамеджан муфти бұл мағлұматты естіген соң, қазақ халқына екінші уағызын таратады: «Ұлы манарша рақат, бақыттан басқаны ойламайды. Сіздер боска толқып, бұзақы, ұрылардың соңынан еріп, ақ патшаға берген анттарыңызды бұзбаңдар. Құран шарифте сүйіп берген антты бұзу күнәнің ең зоры, бұл Құдайға қарсылық. Сендер бұл пітнәлікті қойып, Жайық бойында қашып жүрген Сырым туралы хабар жеткізіңдер», – дейді.

Мұхамеджан муфти жалпы Кіші жүз қазағына үгіт таратумен бірге, әрбір жеке билерге, батырларға «беделін» салмақшы болады. Оларға арнаған хатында абыз былай дейді: «Қадірлі Қаратау би. Сендердің ақ патшаға берген анттарыңды бұзып, Жайық бойынан қырға көшіп кеткендеріңе қатты қамығамын. Ақ

патшаның сендерге мейірбандылығынан басқа көңілі жоқ, мұның былай болу себебі не?» – дейді.

Сырымға арнап жазған насихат сөзінде муфти Сырымды алдап қасына алдырып, оған «патша үкіметінің құшағын жайып жақсылық істейтініне кепіл» болуын айтады.

«Қадірлі батыр, – дейді муфти, – сендерге ұлы анамыз мейірімді патша кең құшағын жайып бар жақсылық көрсетуге дайын. Соны білдіруге мені жіберді. Келіп жолық. Еділ мен Жайық арасында жатқан малдарыңды ешбір салықсыз өздерің айдап алыңдар. Оған наныңыз, мен куә. Осыларды айтуға ғұлама Ғабидулла молданы жібердім», – дейді.

Сөйтіп, Мұхамеджан муфти Сырым көтерілісін Құран шариф арқылы басып, сонымен қазақ халқына патша үкіметінің отаршылдық талауына көндірмекші болады. Мұхамеджан муфтидің мұнысы әрине нағыз қара жүзді істің бірі болатын. Бірақ, муфтидің бұл ісіне халық ешуақытта көңіл қоймайды. Мұхамеджан муфтидің бұл үгіттеріне қарсы, Кіші жүз қазағының батырлары муфтидің жіберген елшісі Әбілқасым Әбсалямовпен Қожақар қамалының комендантын ұстап алып, оларды Арал теңізі бойына жібереді. Қаратау би мен Берш Амандық би (Исатайдың аталары) Бұхардан Астраханға бара жатқан саудагерлерді ұстап, олардың 6000 сомдық мүлкін жұртқа бөліп береді, өздері патшаға бағынбай Үстірт жаққа көшіп кетеді. Сырым бұл кезде Каспий жағасында жүріп, патша үкіметіне қарсы Бұхар ханымен байланыс жасайды. Міне, бұлардың бәрі бостандыққа ұмтылған, патша мен ханға қарсы күресте қазақ халқының мәңгі қажымайтын қайыспас ерлігі екенін көрсететін.

Мұхамеджан муфти осылай қасына ерген көп тыңшымен Кіші жүз қазағының ортасында «уағыз» таратып жүргенде, патша үкіметі, Сырым көтерілісін тез басу мақсатымен екінші жағынан өзінің реформасын тездетіп жатады. 1786 жылы патша үкіметі қаулы шығарып: «Кіші жүз ортасындағы бүтінге дейін қолданып келген үкімет тәртібі өзгеріліп, оның орнына халық атқару басқармасы құрылсын», – дейді. Сол жылы шілде айында Нұралы ханды жансыз Орынборға шақырып алып, оны сол бетімен Уфаға жібереді. Патша үкіметінің мұнысы – Сырым батырдың шартын орындап, Әбілхайыр тұқымынан хандықты мүлде жойдық деген ишараны білдіретін.

Нұралы ханды орнынан алған соң патша үкіметі Кіші жүз қазағының батыр, билерін шақырып, халық кеңесін құрады. Халық кеңесіне Кіші жүзге қараған үш ру елдің бар атақты би, батырлары сайланады. Оның ішінде Әлім ұлынан Қара Көбек би, Сарымай би, Бай ұлынан Сырым батыр, Қаратау би, жеті рудан Тіленші батыр, Жанболат батыр кіреді.

Халық кеңесін құрумен бірге, ел ішіндегі «дау-жанжалды әділдікпен бітіру үшін» билер алқасы құрылады. Оның орталық кеңесіне Сырым жолдастарынан Сегізбай би, Сұпра би, Тұрымбет би кіреді. Билер алқасының орталық кеңесі Бай ұлының ортасында, Сырымның төңірегінде болады. Билер кеңесінің қолданған жосыны бойынша, билік бүтіндей бұқарашыл негізге сүйеніп, ол жалпы «халық пен жәбірлік көрген адамдардың бірдей қатынасуымен жүргізілетін» болады.

Патша үкіметі бұл жобаны жасап, оны заң арқылы бекітерде, халық кеңесіне кірген батыр, билерді бұрын-

ғы Нұралы хан тәрізді өзінің отаршылдық (коллониялық) мақсатына жақындатуды үміт етеді. Жоба бекіп, халық кеңесі іске кірісерде Сырым бұрынғы күрес әдісін өзгертіп, енді істің аңысын аңдиды. Бірақ реформаның түбіне сенбей, оған өте күдікпен қарайды. Алайда, біраз уақыт өткеннен соң Сырым қасына ерген батыр, билермен халық кеңесіне қатынасып, жұртшылық басқару ісін халық тілегіне қарай жүргізуді мақсат қып қояды.

Осымен арада үш жыл өтеді. Бұл кезде патша үкіметі халық кеңесімен билер алқасын өзіне тартып, оларды Нұралы ханның орнына пайдалануды ашық қояды. Бұл, әсіресе, Орынбор генерал-губернаторының Екатеринаға жазған құпия хатында ашық айтылады: «Менің ойымша, – дейді губернатор – қазақ халқының басты-басты ақсақалдарына қаруланған адамнан бірнеше сақшы берсек, ол ең керекті, ең пайдалы іс болар еді. Өйткені, ондай қарулы күш болса олар ауыздықсыз кеткен қазақ бұзақыларын қолма-қол аңдып, оларды сотқа тартып отырар еді», – дейді.

Енді бір жерінде тағы сол губернатор: «Билер алқасына ондай қарулы күш берсек, іс басына бірінші рет отырған қазақ ақсақалдарына пышақ ұстатып, оларды қызықтырған болар едік», – дейді.

Патша үкіметі осы сияқты қара жүзді саясат пен халықтың өзінен шыққан адамдарын өзіне жендет қылып салуды ойласа да, мұнымен іс шығара алмайды. Өйткені халық кеңесіне кірген адамдардың барлығы халық мұңы үшін күрескен, патша үкіметінің ежелгі жауы еді. Сондықтан олар патша үкіметінің бұл қара жүзді саясатына көнбей оған мүлде қиғаш шығып отырады. Бара-бара патша үкіметі халық кеңесіне мүлде сенімсіз көзбен қарап, оны тоз-тоз қылып ұстау әдісіне

ауысады. Ол үшін Орынбор генерал-губернаторы Игельстромға нұсқау беріп: «Халық кеңесіне кірген би, батырлар арасынан мансап сүйетін адамдар даярла, оларды бірімен-бірін араз қылып ұста», – дейді. Сөйтіп, патша үкіметі халық кеңесін құрарда оны өзінің отаршылық саясатына жұмсау үшін, одан бірсыпыра үміт күткен еді. Бірақ бұл үміті кейін іс жүзіне аспады. Одан торыққан патша үкіметі саясатын тағы да өзгертіп: «Қазақ жерінде үкімет тәртібі әлі қалыптамаған, оның қазіргі түрі республикалық құрылысқа ұқсайды», – деп халық кеңесін тез құртудың шарасына кіріседі. Ең соңында патша үкіметі халық кеңесі арқылы өзінің отаршылық мақсатын жүргізе алмаған соң, енді хандықтан үмітін үзбеген сұлтандар тұқымын жаңадан көтере бастайды.

1790 жылы Уфада алжып отырған Нұралы хан өледі. Патша үкіметі оның «адал еңбегін» еске түсіріп, оның ұрпағын жаңадан көтеру үшін, сол жылы бүкіл Кіші жүз қазағының басын қосып, Нұралы ханға ас береді. Бұл астың үстінде патша үкіметі Әбілхайыр тұқымынан тараған сұлтандар арқылы Сырымға күш салып: «Сен Есіммен жақындас, оны хан қояйық», – дейді. Сырым патша үкіметінің бұл күштеуіне көнбейді. Бірақ халық кеңесінен үрейі ұшқан патша үкіметі 23 тамыз күні халықты зорлап Ералыны Кіші жүздің ханы қып көтереді. Жиылыс Ор өзенінің жағасында өтеді. Мұны өткеруге Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Пеутлингтің өзі келеді. Бұл кезде Сырым жер қайысқан қалың топтың ішінен Ералыны хан көтергенге қарсылық көрсетіп, жиылыстан шыға жөнеледі, бар халық жосылып оның соңынан бірге кетеді. Патша үкіметінің тәртіп бақылаушы жендеттері Сырымды

тоқтатуды ойласа да, халықтың толқын көтеруге дайын тұрған ашулы сүреңін көрген соң, оны тоқтатуға батылы бармайды.

Сырым сол кеткеннен кетіп, патша үкіметінің жүзін бұдан кейін көрген жоқ. Ол бүкіл Кіші жүз қазағын соңынан ертіп қырға барған соң генерал Пеутлингке былай деп хат жазады: «Генерал Пеутлинг, біз Кіші жүз қазағының батыр, билері кеңесіп, саған мынаны білдіреміз: сенің бізге істеп жүрген ісің әділеттен бүтіндей тысқары. Өйткені, бірінші сен халықтың кеңесінсіз өз бетіңмен Ералыны хан қойдың; екінші патша ордасына баруға жіберген елшімізге рұқсат бермедің; үшінші кінәсіз жатқан қазақтарды атып, шауып, халықты бірнеше бақытсыздыққа ұшыраттың. Міне, осылардың бәрін тізіп жаза берсек қағаз бетіне сыймас еді. Сенің патшаң қара жүзді арамдықтан басқаны білмейді, ол өзіне бағынған елмен байланыс жасағанда, халық ішіндегі ылғи қаражүрек адамдармен байланыс жасап, солармен істес болады. Өзінің айтқанын істейтін жемтіктес адамдарын іс басына отырғызып, оларға «майор», «старшина», «сотник» деген шен береді. Егер сенің патшаң халықты өзіне жуық көріп, оның қорғаушысы болса, ол күнде халықпен неге санаспайды? Арам адамды халық кеңесінсіз неге хандыққа отыртады? Бұл сияқты жексұрындық біздің халқымыздың салтында еш уақыт болған емес. Бізге тәртіп орнатып, түзулікке бастаудың орнына бізді қаһармен ұстамақшы болады. Бірақ асау атқа мініп ұра берсе ол бір жықпай кетпейді, «жаман етік аяғынды қажайды»[39]. Халықты қаһармен ешкім ұстап тұра алмай-

[39]«Жаман етік аяғынды қажайды» – дегенді бұл жерде патша үкіметінің жаман етік түрде халықтың тыныштығын кетіргенін айтқаны.

ды, әділетті бастан бақ қашпайды. Әрекетсіз адамдар жиылып, өздерін әділеттің иесі қып көрсетеді. Арсызды адам деп, өтірікті шындық деп, зұлымдықты – игілік деп, халықты алдаумен басқарғысы келеді. Бізді бұзақы деп өздерінің бұзақылық арамдығын бізге жапбақшы болады... Бірақ жамандық жақсылыққа ешуақыт серік емес. Бір кезде сендердің де істерің де айқындалып, қаражүзді болғаныңды сонда бірақ білерсіңдер.

Қол қоюшы Толыбай батыр, Сегізбай би, Қаракөбек би, Сырым батыр, Басығара» т.б.[40]

Міне, жан-күйінің толғауымен жазылған бұл хат, Сырым батырдың патша үкіметіне арнап жазған ең ақырғы хаттарының бірі. Мұны жай ғана хат деп түсінуге болмайтын. Бұл патша үкіметінің қара жүзді саясатын қорғанбай әшкерелеу жағынан ақылдың қажырлы толқуымен жазылған саяси помфлеттің бір түрі екенін көрсететін.

Сырым Нұралы ханның асынан атой беріп кеткен соң, енді Жайық пен Каспий төңірегінде қалуды өзіне лайық деп таппайды. Ол сол кеткен бетімен Үргенші, Хиуа барып, ол жерде Хиуа, Бұхара хандарын патша үкіметіне қарсы соғысқа үгіттейді. 1792 жылдары Сырым патша үкіметіне қарсы соғыс ашқанын жариялап, «Орта Азиядан Ресейге баратын керуендерге қазақ сахарасына шықпа!», – деп үндеу таратады. Бұл туралы Сырым былай дейді: «Бұхара, Үргенші өлиетінің керуен басыларына және ноғай саудагерлеріне: – Біздің сіздермен заңымыз бір халық болғандықтан достық ретінде айтатынымыз, қазақ жеріне қымбат мүлікпен шықпаңыз. Егер қымбат мүлікпен келіп, не өзіңіз не

[40]Материалы по истории Каз. ССР. Т. IV, 138-139-стр.

мүлкіңіз апатқа ұшыраса, онда кінәсін бізге артпаңыз. Сол туралы әдейі хат жазып білдіреміз»[41], – дейді.

Бұл жылдары (1792) Үргенші өлиетінде жүрген Сырым батыр Жайық бойында қалған қазақтарға жаңа үндеу таратып, оларды өзінің қасына шақырады: «Қадірлі жұрт! Сендер ол жерде қызыл қазақтарға қарын жас баланы тыныш сақтап отыра алмайсыңдар. Онан да Мұғжар тауынан асып бері көшіп қоныңдар. Ол жерде сендердің мал мен басыңнан біреуде қалмайды. Сырдария, Боз-Ащыға қарай өтіңдер. Мен соғыссам соғысып, бейбіт болсам бейбіт болыңдар»[42], – дейді.

Сырымның бұл үндеуін алған соң Жайық бойында қалған қазақтар қатты толқып, тегісімен көшіп Сырымның қасына барады. Жайық пен Орынбор төңірегінде бір ғана сұлтандар тұқымы болмаса басқа адам қалмайды.

Сырым батырдың бұл Жайық бойында қалған ел-дерге таратқан үндеуі оларға қандай әсер бергені, әсіресе, Кіші жүз қазағының батыр, билерінің өзара жазысқан хаттарынан айқын суреттеледі. Мәселен, Керделі Тілеп би Сырымның үндеуін алған соң Қадыр батырға былай деп жазады. «Мен жақын арада Сырымнан хат алдым. Ол жаз шыға патша үкіметіне қарсы соғыс ашпақшы. Сіз құрметті Қадыр батыр егер соғысуға көңіліңіз болса, бәріміз бірігіп бұған жұмыла қарсы тұрайық. Жаз шыға Сырымның қасына барып бір жерді жайлайық. Біз ортамыздан шыққан жақсымыздың сөзіне қадыр тұтып, көпшілік игілігі үшін жақсылықтың ақырғы туын көтерейік», – дейді.

Сырымның үндеуін алған Жайық бойындағы қазақтардың өзара жасырын іс жүргізгені тура-

[41]Тағы сол кітап, 139-140-беттері.

[42]Рязанов жур. «Советская степь»

лы, Орынбордың генерал-губернаторы Пеутлинг, Екатеринаға жазған құпия хатында және былай дейді: «Жақын арада қазақ ортасынан қайтып келісімен Орал әскерінің атаманы Данисков арқылы қырға тыныштыққа Айбас деген сенімді кісіні жіберген едім. Айбас жансыз Қаракөлге дейін барып, онан бірсыпыра хабар алып келді. Оның айтуынша, белгілі Сырым Датұлы қасына бір топ адамды ертіп алып Мал-Шаған деген жерде бекініп жатқан көрінеді. Бұзақылыққа үйір, жеңіл ойлы қазақтардың көбі оған хат жазып, оған қосылуға дайын екенін білдіретін сияқты. Ондай адамдардан Кердері руынан Тілеп Қойбасұлы, Қаражау Қабыл мырза, жеті рудан Тіленші батыр, т.б. Жаз шыға Сырым осы айтқан кісілермен қосылып, Русия шекарасына бүліншілік салуға ниет қылатын түрі бар. Қырда жүрген сенімді молдалардан Заит Бақиев пен Ғабидулла Фатқуллин жоғарыда айтқан батыр, билердің әр түрлі сойқанды хаттарын жансыз түсіріп маған алып келді. Мұны өз нұсқасымен сіздің хазіретіңізге жіберіп отырмын», – дейді.

Пеутлинг бұл хабарының соңында Екатерина патшаның алдында оған жазған нұсқауын қостап: «Істің дұрысы, сіздің ұлы хазіретіңіздің құпия көрсетуі бойынша уақытты бос жібермей, тез Сырымды ұстап алу әрекетіне кірісу», – дейді.

Бұл кезде ұстап алуды патша үкіметі зор мақтаныш істің бірі деп тауып, Сырымның басын үш мың сом алтынға бағалайды және Сырымды ұстап әкелген кісіге тағы бірнеше сый беруге уәде етеді. Бірақ, қаражүзді патша үкіметі Сырымды ұстауға осынша тор құрса да, айбынды ер оның тұзағына түспейді. 1797 жылдары Сырым батыр өзінің қасына ерген Кіші жүз қазағымен

патша үкіметінің азабынан мүлде құтылып, енді өз еркінше Арал теңізі мен Үргенші төңірегін мекендеп отырады. Бұлардың бұл кездегі талпынуы бұрынғыдай Орынбор мен Жайық бойындағы қамалдарға шабуыл жасап тек наразылық білдіру емес еді; олардың ендігі мақсаты қырға шыққан патша әскеріне қарсы тұрып, өздерінің бостандығын сақтауға ұмтылу болады.

Сөйтіп, 1792 жылдан былай қарай Кіші жүз қазағының көпшілігі патша үкіметінің ықпалынан мүлде босанып, Үргенші Арал теңізі бойына кеп отырысады. Бірақ, «патша хазіреті» Орынбор өлкесінен хандықты жойғысы келмейді. 1796 жылы ол Кіші жүз қазағының өшпенді жауы, Нұралы ханның баласы Есімді хандыққа отырғызып, оны Сырым көтерілісіне қарсы күш қып салмақшы болады. 1796 жылдары Есім арқылы Арал теңізі бойына көшіп кеткен қазақтарды қайыра Орынбор, Жайық бойына келтіру әрекетін жасайды. Бұл жөнінде патша үкіметінің сенімді агенті Есім оның не айтқан ісін орындауға дайын тұрады. Есімнің бұл ретте мақтау алған ісі, әсіресе, Сырымға ерген адамдарды тегіс көгенге тізіп, оларды қатты сүргінге ұшырату болады. Неше жылдан бері Орал қаласында тұтқында отырған Сырымның досы Мыңбай ерді мейірімсіз азапқа түсіріп, оны өштікпен дарға асып өлтіреді.

Бірақ зұлымдықтың бұғауында бейкүнә өлген Мыңбайдың сәби жанын Сырым батыр босқа жібермейді. Ол өзінің батырларына серт беріп: «Мыңбайдың қанын жуктемесем жер үстінде тірі болып жүрмейін», – дейді.

1797 жыл, наурыз айының іші еді. Сырым қасына түрікменнің жүзден аса теке-жәуміттерін ертіп алып, Жайық бойында отырған Есім ханның ордасына атта-

нады. Есім бұл кезде Кіші жүз қазағынан жасқанып, қырға алыстан шыға алмайтын. Сәуір айының басы, Есім ханның ауылы Жайық бойындағы Қызылжар қамалының төңірегінде қоныстанып отыр еді. Тап осы күні Сырым өзінің қасына ерген Шекті, теке-жаумыт батырларымен Нұралы ханның баласы Есімнің ордасына шауып, оны талдай тапа-тал түсте жарып кетеді.

Бір-екі күн өткен соң, Есім ханды Сырым батыр қалай өлтіргенін белгілі атаман Дансков өзінің соғыс алқасына түсірген құпия хатында былай деп жазды: «Қазақ бұзақыларына қарсы шара қолдану үшін, мен Орал қаласынан жүз шақырымдай шығып жол үстінде бара жатыр едім, «Сондау» қамалына таянған жерде маған қарсы шекараны күзетуші Акутин атаманның шапқыншысы жолығып, менің ойымда жоқ суық хабарды айта бастады. Сөйтсе, Жайықтың жағасына таяу жерде Қызылжар қамалына қарсы отырған Есім ханның ордасына наурыздың 27 (жаңаша 12 сәуір) күні, таң алдында жүзден аса Шекті руының бұзақы қазақтары шауып, ханды кескілеп өлтіріп, бар мүлкін талап әкетіпті... Көргендердің айтуынша, Есімханды өлтіруге келген қарақшылардың басы белгілі Датов Сырым дейді. Сырым Есімді өлтіруге талай рет оқтанып, оны талай рет алдап тағулыққа шақырып жүретін еді»[43], – дейді.

Сырым ер содан халық тілегіне қарсы болған қара жүзді Әбілхайыр тұқымын мұқатып, халықтың жүрегіне шер болып байланысқан не заманғы құшырын тарқатты. Оның бұл жолғы ханға, патшаға қарсы жорығы халық арасында сүйікті мақтаныш істің бірі болып, ол Сырым сияқты батырдың атын мәңгі ұмытпайтын етті.

[43]Материалы по Истории Каз. ССР. Т. IV. 189 стр.

Сырым қазақ халқы ардақтаған ең айбынды ердің бірі. Оның 1780 жылдарға дейінгі патша үкіметіне қарсы күресі халық бостандығы үшін күрескен ең көрнекті оқиғаның бірі. Бұл көтерілісінде Сырым өзін Отан сүюдің, халық сүюдің асқаралы тірегі қып көрсетті. Бұл көтерілісінде Сырым барлық Кіші жүз қазағын соңынан ертіп, оны патша үкіметіне қарсы ұлы күш қып жұмсады.

Міне, Сырым бастаған халық көтеріліс осы тәрізді ұлы күшке айналған соң, патша үкіметі оларды күшпен жеңіп бағындыра алмады. Ол Сырымның қойған шартына еріксіз көніп, Кіші жүз қазағына кеңшілік беруге мойындады. Сырымның тегеуріні мен патша үкіметінің өзінің агенті болған Әбілхайыр тұқымынан хандықты жойып, оның орнына халық кеңесін, билер алқасын құруға бас иді. Сөйтіп, 20 жыл бойы Сырым патша үкіметіне бағынбай оның отаршылдық саясатына зор бөгет жасады. Патша үкіметі Сырымды мұқатуға тоқсан түрлі тор құрса да, Сырым ер оның бірде-біріне түспей, өзінің ойына алған ісін еркін жүргізе алды. Ол 20 жыл бойы патша үкіметін есінен қалғысыздай тітіркентіп қазақ даласына талай рет шаңдатты.

Ең соңында 1798 жылы тұқылдан қаза тапты. Бірақ, Сырым батыр өлгенімен оның қалдырған ержүректілік істері ешуақытта тарихта ұмытылмақшы емес. Зұлымдыққа, қаражүзді патша үкіметінің отаршылық талауына қарсы шыққан Сырым ердің бұл батырлығы мен батылдығы – әрқашан халық бостандығының жарқын бір кезеңінен болып табылып, әрқашан Отан сүюдің белгілі мегзеуі болды. Сырым батыр бар өмірінде халық бұқарасының бостандығын ар-

ман қылып өтті. Бірақ Сырым көксеген бұл бостандық көп заманның ішінде бола қоймады...

Бүгінде осы айтқан Сырым ердің жауынгерлік салтынан тәрбие алған қазақ халқының айбынды ерлері аз емес. XVIII ғасырдың соңындағы ханға, патшаға қарсы күрескен Сырым батыр тәрізді, бүгінгі қазақ халқының да ержүрек ұлдары отанын жаудан қорғау үшін Германия фашистеріне қарсы ерлік көрсетті. Қазіргі күнбатыс майдандарында жауға қарсы ерлік көрсетумен мақтау алған Тілеубаев, Ахметов, лейтенант Абдыхалықов, Нұрғали Үркімбаев, т.б. – бұлардың бәрі бір кездегі Сырым батыр тәрізді бүгінгі қазақ жұртынан шыққан жауынгер ерлер. Нұрғали Үркімбаев, Амангелді Имановтың туған жерінде туып-өскен зеңбіректен оқ шашуға тайынбайтын жау жүрек ердің өзі. Ол жау қолына талай рет түсіп, талай рет өлімнің аузынан құтылады. Қызыл әскер Жақыпбеков соғысқа ерлік көрсету мен жұрт көзіне түскен жауынгер ердің бірі. Ол фронттан жазған хатында: «Мен Қызыл Армияға жаңа ғана келген жас жауынгермін. Ұлы Отанның жүрегі Мәскеуді бір тамшы қаным қалғанша қорғамақпын», – дейді.

Күнбатыс майданында соғысушы қызыл әскер Тілеубаев нағыз батырлықпенн өледі. Ол қашан жаудың танкілері таянғанша окопта мызғымай отырып, жау танкісі таянғанда гранатпен жаудыра бастайды. Қасындағы жолдасынан ешкім қалмаса да Тілеубаев жалғыз қалып соғыса беруден бас тартпайды.

Міне, бұл жауынгерлік салт бұл айтқан қазақ ерлеріне – оларды туғызған қазақ халқының бір кездегі қорғаушысы Едіге, Сырым батыр, Кенесары, Наурызбай, Исатай, Амангелді сияқты батырлардан қалған еді.

САПАҚ БИ

Өткен дәуірлерді адамның ой-санасын қозғайтын, оның жан-күйін күйзелтетін, келіспейтін істер аса бір тағылық түрде кездесіп отырады. Оның жарқын бір мысалына Кеңгірбай сияқты ескі бидің Еңлік пен Кебек туралы аяусыз шешімдерін келтіруге болады. Осындай бір іс Сапақ бидің алдынан өткен.

Сапақ Тәңірбергенұлы Нұра өзенін қоныстаған. Қуандық елінің ең атақты байының бірі. Құдайменді Есімхан ұлының замандасы. 1816 жылы Нұра бойына тау инженері Шангин келгенде Сапақ оны үйіне қонаққа шақырып, көп сый тартады. Ақмола аймағында XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін одан беделі артық болған кісі болмаған. Оның ағасы Қорыспайға 1834 жылы ас бергенде үш жүздің қазағы қолын көкке көтерген. Ас Құдайменді өзенінің Сарысуға құятын жерінде өткен. Оған мыңдаған жылқы, мыңдаған қойлар сойып, олардың ішек-қарнын Сарысу өзеніне ағызып жібергендіктен, ол өзеннен екі жыл бойы жылқы су ішпей, жеріп жүретін болады.

Сапақтың келіні түскеніне әлі бір жыл толмаған. Қызға әкесінің тартқан жасауының ең қымбаттысы алтын бесік. Оны бір жағланға салып, аузын мықтап бекітіп, ішінде не бар екенін ешбір адам білмейтін болады. Қыздан бала туса анасы келіп ашып, өз қолымен нәрестені осы бесікке жатқызады.

Келіннің енесі адуын, долы кісі, ешкімнен беті қайтпаған, Сапақ бидің бәйбішесі, келініне күн сайын келіп – жағланды аш, ішінде не барын көріп білейін деп, келіннің тынышын ала берді. Келін:

– Жағланның кілті менде жоқ, шешемде. Әзірше шыдай тұрыңыз, бір жылдан кейін ашып көрсетейін.

Енесі оған шыдамай:

– Жағланды бер, – деп зорлық жасады.

Қазақтың халық дәстүрі бойынша бесікті бала туғанша ешкімге көрсетпеу керек екен. Келін осыны есіне алып, бесікті ешкім көрмейтін жерге тығып қойды. Кемпір оған ашуланып, Сапаққа барып шағым етті:

– Келінің әдепсіз, айтқан сөзге ілтипат қылмайды, – деді.

Енді бір күні адулы кемпір бір аяр қатынды Сапаққа жүгіртіп жіберді:

– Ойбай, келінің енесін ұрып жатыр! – дейді.

Сапақ ескі заманның жолсыз жуасын талай кісіге бұйырған. Тексермей, байыбына бармай, тура бұйрық береді:

– Бәйбішені ұрды деген не сөз! Алып кел ана жүзіқараны.

Келінді қолынан дедектетіп алып келеді. Келін атасының алдында иіліп тұрып:

– Бұл бесікті халық дәстүрі бойынша бір жылдан кейін ашу керек еді, – деп айта бастаса да, ашу басқан Сапақ оны тыңдамастан келінді асау байталдың құйрығына байлап, сүйретіп өлтіреді. Келіннің ішінде екі айлық бала бар екен. Ол бірге кетеді. Жағланды ашып қараса, оның ішінде баланың туар кезін күтіп жатқан алтын бесік. Бұларды көрген маңайдағы жұрт тегісімен өкіре жылап, Сапақ пен оның бәйбішесіне аяусыз қарғыс айтады.

ЕР ОЛЖАБАЙ



Олжабай XVIII ғасырда жасаған Қуақ халқының ардақты ері, 1706 жылы туып, 1786 жылы дүниеден өткен. Қойылған жері ерте замандағы Сүйіндік еліне жайлау болған Ереймен тауының сыртындағы жазық өзеннің жағасы. Атақты Еділге бидің, тағы өзге жақсы адамдардың қойылған жері де осы арада. XIX ғ. соңында бұл жерден үлкен қала ашылып, «Благодатный» деп ат қойылған. Бірақ онда тұрушы орыс ағайындар ол жерді ескіше атап «Олжабай поселкесі» дейтін.

Олжекеңнің халық бұқарасына болысу істері, Отан қорғау туралы Қытай үкіметіне қарсы істері, Жоңғарға қарсы күрестері халық ойында жақсы сақталған. Олардың көбі жиналып, Ғылым Академиясының кітапханасында сақтаулы тұр. Олардың ішіндегі ең тамашасы:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қолжазбасы – «Онсан Орал жүзге ұран болған ер Олжабай» – батырдың халық ортасындағы әлеуметтік, Отан сүю ойларын суреттейді.

2. Жаяу Мұса ақын шығарған «Олжабай жыры», Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы тұр.

3. Екінші ескі ақындардың шығарған «Олжабай батыр» жыры, 58-бет, тапсырушы Ертай Құлсариев.

4. Шаймардан Торайғыров (Сұлтанмахмұдтың інісі) жырлаған «Олжабай батыр» жыры, 120-бет.

5. Төлепберген Тоғайұлы тапсырған «Олжабай жыры».

Бұлардың барлығында Олжабай XVIII ғасырда халыққа қамқор болып, оның жерін, суын, елін аман сақтауға бар өмірін жұмсаған, халық қуанышының бір мақтанышы. Ол кісі атақты ерлер Қанжығалы Қарт Бөгенбай, Қара Керей Қабанбай, Қазбек би, Едіге бимен серіктес, барлық қиындықты солармен бірге өткеріп, халықтың басына түскен ауыртпалықты тез жоюға бар өмірін жұмсаған, ақылды, кеменгер ойшы кісі болған. Ол кісінің халыққа басшы болу тұрғысынан, оның ардақты Отансүйгіш істерінен аса күрделісі «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі жарқын істері. Ел күйзеліп, аш, жалаңаш, кедей түрге түсіп, әр жерде зарығып жүргенде, жас бала Олжабай үйінде отыра алмай, Жоңғарға бағынып отырған Ұлы Жүздегі нағашысы атақты Қаратайдың ауылына келеді. Жалғыз бала, астында құнан болған Көкбесті, жапан түзде бір биік қия тастың түбіне келіп түнегенде атының мазасы кетіп тұра алмайды. Қараса баланы алты қасқыр қамап алған, біреуі алпауыт Көкжал қасқыр бөлініп жеке тұр. Бірақ олар баланы үрейлендіріп қасына келмейді. Бала таң атқанша олардан көзін айырмай қарап отырады. Әлден

уақытта таң атты, бөрілер көз ашып-жұмғанша жоқ болды. Бала атына отырып келе жатса бір үлкен бақшаның алдынан бір сәуегей ана кездеседі. Ананың сөзі:

– Қарағым, түсің қашып, өзің жүдеп қайдан келесің?

– Үйсіндерде Қаратай деген нағашым бар еді, соны іздеп келемін. Сәуегей ана баланы жібермей үйіне түсіріп, қонақ қылады. Әбден шаршап қажып келген бала көп уақыт ұйқыда болады.

Сәуегей ананың сөзі:

– Мынау келген бір құтың,
Ашылар қазақ аяңыз.
Қиямет қашан болғанша,
Ұранды сөз арылмас.
Жатыр ұйықтап өзі мас,
Алты бөрі қолдаушы.
Бойына жақын жуымас,
Көкжал кетті шығысқа.
Оан жауды жеңуге
Қалмақ, қырғыз аммасы
Бұған табиғ болар ас.
Қазаққа ата болсын деп,
Олжабай аты болған пәш.

(Жаяу Мұса Байжанұлы. «Ер Олжабай». Шығармалар жинағынан. Қазан университетінің кітапханасы, қолжазба, №1288-т, 18-24-беттер).

«Олжабай жырында» Ақтабан шұбырынды суретін Жаяу Мұса былай деп суреттеген:

Ұғлы Мейрам софы Анет-баба,
Әрқашан сөйлейді екен сөзді бұра.

Сонда еліміз малсыз боп әр тарапқа,
Бөлінген амалсыздан дара-дара.
(сол кітап, 14-бет).

Олжабай нағашысы Қаратайға 13 жасында келіп, осы арада биікке өрлеп өседі. Әкесі Тобылай биді жоңғарлар Түркістан қаласын алғанда өлтіреді *(сол кітап, 14-16-беттер).*

Сәуегей ананың айтуынша, Олжабай осы жас күнінің өзінде «Олжабайлап» ұран шақырып жоңғарды шабуға аттанбақшы болады.

Сәуегей ана:

Кеудесі жауһар, басы алтын,
Денесі мырыш сап болат.
Түркістанға ол кірер,
Жау қолынан оны алып,
Бақыты оның ашылар.
(Жаяу Мұса, 22-23-беттер).

Содан Олжекең үш жүздің Сайдаут қолын ертіп, Түркістанды басып отырған Жоңғар әскеріне қарсы шабады. Аз уақытта оларды қиратып, қалғандарын Сырдариядан, Жетісудан қуып, Қытай жеріне асырады.

Ақтабан шұбырындыда өксіген ел жаңадан қайтып Түркістанның мешітін сүйіп бір тыныш алды. Той үстінде Яссауи мешітінде көп заманнан сақтаулы тұрған алтын балдақ бүкір қылышты Әбілмәмбет Олжабайға сыйға тартады. Бұл бүкір әуелде Әмір-Темір көрегендікі, ол мешітке сыйға тартқан, содан Олжекеңе мирас болады. Ол қылыш қазір Омбы мұражайында

сақтаулы болуы керек. 1880 жылы оны Жаяу Мұса мұражайға апарып тапсырған.

Алғаны Олжекеңнің бұл Түркістан,
Бүкірді ұстағаны қырық бір жастан.
(сол кітап, 18-бет.)
Қынабы алтын бүкірге жұрт таң қалып,
Ел ішінде бұл бүкір болды аңыз.
(33-бет).

Олжекеңнің тарихи маңызды ісінің тағы бір ұлы түрі, Сарыарқа жеріне Күншығыстан қаптаған жау әскерін жолатпауы. Оның дәлелі: Олжекең басқарған «Қалмақ қырған» соғысы, Қытайға қарсы «Шүршіт қырған» соғысы. 1741 жылы, Орта жүздің ханы Абылай тұтқын болып жоңғарлардың қолына түскенде, жоңғарлар әскерін Ертіс жағынан жіберіп, Сарыарқаны басып алуға ой жасады, ең алдымен Қаркаралы, Баянауыл даласын алуға бет бұрды. Міне, Отан қорғау жөнінде Олжекеңнің осы кездегі ерлік істері айта қалғандай еді. Бұл оқиға орыс ғалымдарының зерттеушілерін де, оның ішінде Ф.А.Щербинаның, Н.Я.Коншиннің, Д.Приймактың кітаптарында кездесіп отырады. Жазып алуында былай деген: «Однажды по поручению главного предводителья киргиз, батыра Ульжабая, Джасыбай должен был с небольшим отрядом удержать в горах калмыцкого хана с тысячью тысяч калмыков. В битве пал Джасыбай храбрым... Киргизы дрогнули, но в это время к месту битвы подоспел Ульжабай, и ущелья оглалились криками калмыков, просивших пощады». *(Н.Я.Коншин. От Павлодара до Каркаралинска. Памят. Книжка Семипалатинской области, 1901, стр-36).*

На просьбу жонгаров Ульжабай ответил:

– Все вы вместе взятые, не стоите пятки убытого вами вождя. Нужно истребить вас, волчью стаю. *(Д.Приймак, Скалы и легенды Баянаула. Алма-Ата, 1974, стр-10)*

Олжекең туралы ғажайып аңыздарды әдемілеп жазып алған Орталық Қазақстанды зерттеуші профессор Ф.А.Щербина. *(Ф.А.Щербина, Материалы киргизского землепользования, собранные и разработанные экспедиций по исследованию степных областей, т. 4., Семипалатинская обл., Павлодарский уезд, Воронеж, 1903).* Бұл ғалымдардың жазып алғаны халықтың күн сайын айтатын тарихы бойынша, Жасыбай оққа ұшқан соң, Олжекең қалмақтарды Баянауыл тауының шығысында тұратын тауды тегісімен қиратып, ол тау сол күннен бастап осы кезге дейін «Қалмақ қырған» аталады. Таудың теріскей бетінде соғыстың ізі осы күнге дейін сақталған. Олжекеңнің әскерінен қаймыққан қалмақтар тастан қоршау жасап, соның ішіне тығылған. «Ущелья огласились криками калмыков, просивших пощады» деп осы араны айтқан. *(Н.Коншин).*

Олжекеңнің атымен байланысты тарихи әңгіменің бір түрі – «Шүршіт қырған» оқиғасы. Бұл жер ескіше Баянауыл жерінде, бүгінде Қарағанды облысы, «Молодежь» ауданына қарайды. XVIII ғасырдың орта кезінде Жоңғардан қашып шыққан атақты Амурсанаы іздеп, Баянауыл төңірегіне бір топ қытай әскері келеді. Олар біріншіден, Амурсанаы тауып бер, екіншіден, әскерімізге тамақ, ат тауып бер, дейді. Олжабай оларды алдап бір жерге жатқызып, тез әскер келтіреді, «он сан» қол жинайды. Сол арада үлкен соғыс болып, азып-тозған қытай әскерін тегісімен қырады. Ол жер – «Шүршіт

қырған» аталады. Сол арада халық жиналып, «он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген ат береді *(Мәшһүр-Жүсіп кітабы, Академия кітапханасы).*

Олжекеңнің ерекше ардақталуы, әсіресе Қытайға қарсы Талқы қамалындағы соғысы.

Қолбасшы, ел ағасы ер Олжабай,
Жер-жерден қол жияды ер Бөгенбай.
Қарқабат, Қарауыл мен Наймен Керей,
Келеді Қыпшақтан ол ер Қошқарбай.
Ақылды, батыр кісі Сары Баян,
Басентиын Малай Сары ол данышпан,
Шақшақ ұлы атақты ер Жәнібек,
Қаракесек Қадырлы би ол Қазбек.
Арғынға жаңа шыққан би Едіге,
Мейрамға ұран болған ер Олжабай.
(Жаяу Мұса, Ер Олжабай, 34-б.)

Тағы бір шумағында:

Қол алдында келеді Ер Олжабай,
Есітіп қарсы жүрді хан Абылай,
Телөөкке мініп алып, бата бер деп,
Сұрайды Абылайдан Ер Олжабай.

Күн жарқырап шыққан соң еркін барып,
Тұра шапты қақпасын «Олжабайлап».
Бес күн болды бұзғалы Олжабайдың,
Талқы асуын мықты қорған, Темір қақпа.
(Жаяу Мұса, 48-50-б.)

Барлық үлкен соғыстарда Олжекең әскерге жөн беріп, биік тас үстінде ту ұстап тұратын болған. Демек, ол кісі үкімет туын көтеріп, әскерге ой беруші....

Жабдығы алтын берен ту ұстап тұр,
Жарқ-жұрқ жауһар киген, түсі суық.
Қол алдында туымен тұрды күтіп,
Туын алып Олжабай шығып тасқа.
(Жаяу Мұса, Ер Олжабай, 25, 26, 42-б.)

Омбыға жиналған билер кеңесінде (1826ж.) атақты билер Шоң бидің қасында жүретін Баянауылдың ескі ақыны Көтешке бір сұрақ беріп, еліңде өткен заманда қандай жақсы адамдар болды, соны айтсаңыз дегенде, Көтеш былай деген:

Олжабай біздің елде ту ұстаған,
Ақсұңқар тұйғын құстай құныстаған,
Қолының қос басынан оқ өтсе де,
Ту ұстаған жерінен жылыспаған.
(Мәшһүр Жүсіп кітабы,
Ғылым Академиясының кітапханасы).

Көтеш тағы бір жырында былай деген:

Олжекең ұлы дана асып туған,
Жақсы сөз жан тербетер ашып туған,
Еліне ұлы жауда ұран болып,
Сұңқардай биікте ұшқан тасып туған.


Олжекеңнің өзіне тиісті нәрселері оның кенже немересі (шаңырағына ие болған) Марғұлан мен оның

баласы Хаканның қолында сақталып келген. Олар: Шарайна, белдік, бүкір қылыш, Сарыала ту (Жібек), Қалдан-Цереннің үш хаты, жай тартқыш, Қара кітап. Шарайна, белдік пен бүкір қылышты Жаяу Мұса алып, Омбының мұражайына тапсырған. Қалғандарын 1930 жылы Нұрилә анамыз қайтыс болғанда соның басына қойылған.

Олжекеңнің әскер басқару ісіне жан-күйімен серік болған атақты ерлер Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қара-Керей Қабанбай, Басентиін Малай-Сары, Уақ Баян батыр, Қыпшақ Қошқарбай, тағы қылыш үстінде ойнаған атақты ерлер. Қалмақтарды жеңіп, оның елін күншығысқа бостырғанда Бөгенбай мен Олжабай екеуі Қалдан Сереннің екі аяулы қызына үйленеді. Оның біреуі Лағба, оны Олжекең алады, енді бірі Лаба, оған Бөгенбай үйленеді. Екеуі сол қысылтаң заманнан дос болып кетеді.

Әскер басы болумен қатар Олжекең ел арасындағы билік, шаруашылық, ел басқару ісіне де ерекше қатынасқан. Қазыбек бимен бірігіп Абылайдың «кісі өлтіру» заңына қарсы шыққан («Ботақан»). Кейде Абылайдың елшісі болып Россияға да барып жүреді, екі елдің арасында сауда ісін күшейтуді тілек етеді. Олжекең жас кезінде Түркістан медресесінде оқып, арабша жүйрік білген кісі. Сондықтан бар жұмыс оның алдында айқын шешіліп отырады.

1742 жылы Әбілхайыр бастаған қазақ сұлтандары, билер, батырлар бас қосып, Россия үкіметіне бағынуға ант береді. Сонда арғын тайпасынан бұл антқа қол қойған Олжабай (Ульзебай) батыр



(Русско-казахские отношения в XVI-XVIII веках. Стр. 220)

Олжекеңнің шаруашылық туралы бір жарқын ісі 1761 жылы Екатеринаға жазған ашық хаты. Ол хатты қалың терідей үлкен сары қағазға араб харпымен қазақша жазған. Жазушы екі кісі, бірі – Олжабай (аталық), енді бірі – Олжекеңнің немере інісі атақты Едіге би. Олардың Екатеринаға айтқаны жылқы шаруасы туралы.

«Бұл біздің орасан бай дүниеміздің бірі. Бірақ бүтінде қыс күні жылқы асырап шығу үлкен қиындыққа айналды. Кей жылдары аяусыз боран бос жылқыны қырғынға ұшыратып отырады. Өткен ғасырларда жылқымыз қысқа қарсы Ертістен өтіп, Сібірдің қою ормандарының ішінде қыстап шығатын еді. Ол жерде боран жоқ, жылқы ығуды білмейді, орманның қою шөбін пайдаланып, жаз шыға елге аман-есен қайтатын еді. Жазғы тұра биелер құлынды даласында құлындап көбейген соң, ол жер «Құлынды» аталды. Сізден өтініп сұрайтынымыз, қысқа қарсы жылқымызды Ертістен өткізіп, Сібірдің қою ормандарының бағуға рұқсат беруіңіз», – дейді.

Жаугершілік бітіп, Қытай мен Жоңғар елі құрыған соң, Олжекең елінде тыныш жатып, бір ғана Едігемен кездеседі. Ойлағаны шаруашылық, елді қалай тәрбиелеп өсіру, балаларды мектепте оқытып, білім беру. Оның аса жақсы көрген адамдары темір соғатын ұста, әдемі дүние жасайтын зергерлер, ағаштан түйін түйіп өрнек

жасайтын шеберлер, арба, күйме жасайтын ұсталар, ағаштан, тастан, кірпіштен үй салатын ұсталар.

Ел-елді аралап, олардың шаруасын көріп жүріп, осындай жақсы мұраға кездескенде оның соғыс үстінде өліп жатқан бейнесі қайтадан тірілгендей болатын.

Халық Олжекеңді жанындай қадірлеп, ол кісімен ауық-ауық әзілдесіп отырған. Халықтың аңызы бойынша Олжекең соғыс үстінде еш нәрседен қорықпаған, ұшқан оққа өз еркімен баратын болған. Бұған ерекше мән берген, әсіресе, Бұхар жырау. Бұхар бір күні Шаш таразына ой түсіріп, Олжекең еш нәрседен қорықпайды, сен есебін тауып қорқытып көрсең қызық болар еді, – деген.

Олжекең Қытайға қарсы Талқы соғысынан елге қайтқанда шашы, сақалы, мұрты көпіріп өсіп, омырауын басып кеткен екен. Еліне келісімен ең алдымен өзінің жақсы көретін, қолы жұмсақ, ұстарасы өткір Шаштаразыны үйіне келтіріп, шашын алдыра бастайды. Шаштараз өзімен замандас, әзілдесіп отырып, ақырын білдірмей, тісін кескен бір жыланды қалтасынан алып, байқаусызда Олжекеңнің мойнына асып қояды. Шашын, сақалын алғанға қызығып отырған Олжекең:

– Мойнына оралған немене, – деп ұстаса, бір метрдей жылан екен. – Осы жылан да кісіге дамыл бермейді. Бетпақдалада мұның талайы мойнына келіп оралды ғой.

Бетпақтың шөлінде шаршап келіп бір сайда шалқасынан түсіп ұйықтай бастағанда бір метрдей жылан кеудесінен жорғалап аузына кірмекші болады. Олжекең оны сезіп, жыланға тимейді, аузын аша түседі. Жыланның басы аузына кірген кезде, оны тісімен қыршып түсіреді. Міне, бұ да ерліктің бір түрі.

Көпке тараған аңыздың бірі – Олжекеңнің жақсы көрген қос тұлпары туралы. Айту, Байту деген Қартас алтын торы елінен шыққан екі сері, Бұхар жыраудың туысқандары. Олжекеңді сынау үшін бір жылы ол екеуі өрісте жатқан көп жылқының екі тұлпарын ұстап алып, ешкімге көрсетпей тығып қояды. Олжекең аяулы тұлпарын бір ай бойы іздетіп таба алмайды. Екі тұлпардан бірдей айрылған алып ер іші құса болып қайғырады. Күндерде бір күн Олжекеңнің алдына Айту мен Байту келіп:

– Уа, ардақты ием, Орта жүздің баласы ардақтаған аяулы ерді жаяу қалдырып, оның қанаты болған екі тұлпарын алып кетсе, не болады екен? – деп сұрағанда Олжекеңнің екі көзі оттай жайнап, көңілі жарқырай бастайды. Айту мен Байту:

– Сіздің қос тұлпарыңызды әкеткен біз едік. Қылшығына шаң тигізбей аман-есен алдыңызға әкеліп тұрмыз. «Ұсынған басты қылыш кеспейді» деген сөз бар. Ендігісін өзіңіз білесіз.

Олжекең Айту, Байтуға еш жаза кеспеген. Екі тұлпарының аман келгенін қуаныш етіп, екі серіге сый тартып еліне қайтарады.

Олжекеңнің тарихқа белгілі болған балалары Дулат, Есен-Аман, Бұлан, Жалаң-төс, бұлар Қалдан Серенің қызы Лағбадан туған, одан соңғы баласы Бектен (Қазақ қызынан), Өтебай, Өтеп, Көшқұлы (Қарақалпақ қызы). 1770 жылы Олжекең балаларына айтқаны:

– Мен сендердің аналарыңды жаугершілік үстінде алған едім. Енді алпысқа келдім. Қазақ тәртібімен бір қыз алғым келеді. Осыған қалай қарайсыңдар? – деген.

Өзінің таңдауынша Тосынай деген бір алыптың қызын алып, одан Ноғайбай, Сақау, Жұмабай деген ба-

лалары болады. Олар кенже туғандықтан XIX ғасырдың ортасында әлі де шаруа бағып жүрген *(ЦГАКазССР, ф. 345, оп. 2, д. 90, л. 51-52)*. Олжекеңнің өзі сияқты ер баласы Жалау-төс, оны Абылай жақсы көрген. Бектен жер шенегіш, малдың өрісін жақсы айырып, жаздың құрғақ жылдары қай жерде су барын іздеп табатын. Есен-Аман атақты сері, ат сынағыш, бәйгеге қосатын атты мүлтіксіз айырып отырған. Оның үстіне әкесі жақсы көрген шеберлік өнерін де сүйіп, ел көшкенде әдемі партал тартып отырған. Шеберлікті ерекше жақсы көріп, оны өнер түріне айналдырған Олжекеңнің қадірлі баласы Бұлан. Ол ағаштан, тастан, темірден әдемі өрнектер жасап, қыс тұратын үйлерді көркемдейтін. Бұланның баласы Күңбас – ата дәстүрімен о да шебер болған, оның баласы Ирбай ұста Баянауылға аты шыққан зергердің бірі, оның баласы Абдрахмен ұста, оның баласы Мәшірап ұста. Бұланның Тоқжігіт деген баласынан тараған ұрпақтары Бөкет, Оспан, Сыздық, бұлар да үй салып, әдемі күйме жасайтын шеберлер еді. Дулат ұрпағынан шеберлікті жақсы көрген Рахмет деген кісі, ол да қысқы, жазғы үйлерін шаңқайтып, көркем түрде ұстайтын.

Олжекеннің дәстүрін берік ұстап, халық сыйлаған кісі Дулат би. Жас күнінде ол атақты мерген, садақ атқыш, бергі кезде құйылма шешен, сөз тапқыш. Абылай мен Қазбек би жас жігітті өте жақсы көрген. Дулаттың балалары Арыстанбай, Марғұлан өзіне ұрпақ болып қалады.

Дулат XVIII ғасырдың соңынан XIX ғасырдың қырқыншы жылына дейін ел басқару ісіне қатынасып, Уәлиханның көп билерінің бірі болады. Сондықтан ол кісінің аты мұрағатта көп жерде кездесіп отырады.

Ол кісінің қадірлі ісі – Шоң биімен бірігіп, қазақ халқын орыс мәдениетіне жақындату ісіне көп еңбек сіңірген. Бұл, әсіресе, Баянауыл округін ашып, онда дуан салуға разылық білдіру, оған аға сұлтан етіп Шоң биді отырғызуға көңіл білдіру. Мұрағатта бұл туралы былай деген: «Тортуыл елінің билері уа һам қадірлі қазақтары Үшбу хатты Қарқаралы мәхкамасын билеп тұргүшы сотник Карбышевқа бердік. Анын үшін өз елімізді билеп тұргүші би Шоң Едіге ұғлы өз мөрін бастырып, жұртымыздың тыныштығы үшін, сол сотник Карбышевқа берген хаты қабыл көріп, өз ыхтиярымыз илан ол ұлуғ рахымлы патша императорына қарап, үшбу Баянауыл тауында салдыратын дуан махкамасіне кірмек болдық. Сол махкаманы билеп тұрмаққа Сұлтан үшін жоғарыда сызылған би Шоң Едіге ұғлыны таңдап қойдық. Үшбуның раслығына өз қолымыз илан тамғаларымызбен салдық.

Февральдың он бесінші күнінде Айдабол-Тортуыл елінің биі Дулат Олжабай ұғлы инанмақ үшін өз қолымыз илан мөрін бастым».

(ЦГА КазССР, ф.338, оп.1, д. 408, л. 18. Материалы по истории политического строя Казахстана, том I, Алма-Ата, 1960, стр.164 (арабский текст)).

Баянауыл дуаны құрылып біткен соң Шоң би Дулатты өзге депутатпен қатар Петрборға елші қылып жібермекші болады. Мұрағатта жазылу бойынша: «Патшалық ісіміз тақырыпты, жұрт жұмысы үшін, һәм жұрт ұнатқан бойынша, ғыззатлу үш билерді (Петрборға) жүргіземіз: ғыззатлу Шорман би Сәти ұғлыны, ғыззатлу Наурызбай Жәукс ұғлыны, ғыззатлу Дулат Олжабай ұғлыны». Ресми түрде айтылғаны «Дело по протению Султанов, волостных управителей и старшин Баянаульского внешного округа о посылке депутации в Петербург». *(ЦГА КазССР, ф.338, оп.1, д.881, ЛЛ.218 об – 220).*

Жалғыз саясат емес, Дуекең шаруашылық жұмыстарына да разылық білдіріп отырған. Аса қауырт жұмыс Баянауылдың кен орындарын зерттеу. Осы туралы халықты басқаратын адамдардың рұқсаты керек болған. Билердің жазуында айтылғаны: «біздер төменде ісімлепміш билер үшбуны әйгілейміз:

Шөпті-көл мен Талды-көлді С.Поповқа беруге. Айдабол елінің билері – би Тұсынбай Еламан ұғлы, би Дулат Олжабай ұғлы». *(ЦГА КазССР, ф. 374, оп. 1, д. 5296, л. 83 об. 1838 г., д. 4818, Л. 114-115, 1826 г.).*

Олжабай Түркістаннан Сарыаркаға келген соң байырғы тұрақ етіп Баянауылды мекен етеді. Ол жерде бұрын басентнін елі отыратын. Олжекең Жасыбай көлінің алдындағы үлкен қыстақ салып, ағаштан қысқы үйлер тұрғызады. Бұл көл Олжабайдан бұрын Шойынкөл деп аталатын. XVIII ғасырдың отызыншы жылдары қалмақтар Олжекеңнің жиені Жасыбайды өлтірген соң, Олжекең Шойын-көлді Жасыбай көлі деп атап кетеді. Содан бері халық та сол атты қолданады. Төкен Оразов Жасыбай көлінің жағасында туған Олжекеңнің ұрпағы. Оның зерттеуінше Олжекеңнің өзі, балалары, ұрпақтары салдырған ескі қыстаулардың орыны Жасыбай көлінің жағасында әлі күнге сақталып келген. Олардың астын таспен қалап, үстіне Баянауылдың орманынан ағаш үйлер тұрғызған. Олжекеңнің ұрпақтарының есінде сақталғаны Дулаттың ағаш үйі, Торайғыр көліне жақын Қара-бұлақ сайында, Жалаң-төстің үйі Жасыбайда, Есен-Аман, Бұланның қыстаулары, Ноғайбай Сақаудың үйлері, тағы басқалар.

Олжекеңнің атымен байланысты жерлер Баян тауында өте көп. Соның бірі Олжекеңнің қарауыл орыны, ол кісінің Баян тауынан шығатын асуы (Олжабай асу), Жасыбай көлінің жағасында демалып отыратын тасы, соғысқан жері «Қалмақ қырған», «Шүршіт қырған».

Ең ғажайып нәрсе Олжекеңнің «Тай көктің» басын он жылдай әбдіреде сақтап, Дуекең қартайған кезінде балаларына айтып, «бұл басты Сілеті өзенінің бойында тұрған Қоянды-Қойтас деген атақты сеңгірдің басына апарып қойыңдар. Ол жер бабамыздың көп заман Абылай мен Қанжығалы Бөгенбаймен кездескен тарихи жер. Аттың басы тарихта болған оқиғаларды еске түсіріп сол жерде тұрсын. Қия тастың биік басында әлдеқашан құрап қалған ертедегі тұлпар аттың жарқыраған күн басы бергі кезге дейін халықтың әдемі ойларын еске түсіріп тұрады». Бұл тарихи әңгімені бергі кезге дейін айтып жеткізуші Бөгенбайдың шөбересі Сақұлақ би, оның баласы Ералы, Тай көктің басын соңғы рет көрген Павлодардағы құрылысқа тас іздеп барған Байке Аманжолов. Халықтың айтуынша, бұл бас Олжекеңнің Тай көк деген тұлпарының басы *(Төкен Оразовтың естуінше)*.

Олжекеңнің өзіне тән нәрселерді оның шаңырағына ие болған Дулаттың кенже баласы Марғұлан (менің атам) оның баласы Хақанның сақтауында болып келді. Хақан менің әкем, бала күнінде Мәшһүр Жүсіппен Баянауыл мектебінде бірге оқып, арабша жүйрік білетін, тарихи қағаздарға ерекше көңіл қойып, Қазанда шығатын кітаптарды көп оқитын кісі еді. Қоянды жәрмеңкесіне барғанда жақсы көргендіктен Қазанда басылған қазақ кітаптарынан бес-алтысын әкеліп жүрді. Олар жас бала менің ойымды да кеңейтіп, өсуге үлкен әсер ететін.

Ол кісі революциядан бұрын шыққан қазақ газеттерін жинап алып, терезенің алдына үйіп қоятын. Болыс пен ауылнайды, парақорды мазақ етіп сынаған жерлерін қайта-қайта оқып қатты қуанатын.

Үйде сақталып келгендері жібектен жасаған «Сары ала ту», ұзындығы бір жарым метр, көлденеңі 60 см, сарғылт жібектің арасында көмескілеп түсірген ақ жолдары бар. Ауылда жас келіншектер қысылып толғатқанда, тудың шетінен ақырындап қайшымен кесіп беріп отырған.

Екінші ғажайып нәрсе – Қалдан Сереннің Олжекеңе тарткан үш ұлы жарлығы. Олар қойдың терісіндей қалың сары қағазға жазылған бұйрықтар. Олардың әрбірінің ұзындығы бір жарым метр, ені отыз сантиметр. Үшеуін зерттеп жазса бір үлкен монография болар еді. Мен оларды бала күнімде талай рет айналдырып шығара алмайтын едім, сөзі не арабша, не орысша жазылмаған, түсініксіз еді. Қазір ол аяулы хаттардан айрылдық. 1927 жылы Ленинградтағы Күншығыс институтына апарып тапсырайын дегенде шешем жылап «бабаның мұрасы» деп бермей қойды.

Одан кейінгі ғажайып нәрсе – Олжекеңнің «Қара кітабы», тарихта, соғыста не болғанын кейін есіне түсіріп жазғандары. Оның ішінде Абылайдың, Қазбек бидің, Едігенің, Бөгенбайдың, Амурсананың аттары кездесіп отыратын еді. Тағы бір қызық нәрсе – Олжекеңнің жай шақыратын жұмыр қара тасы. Ол тас жердегі тасқа ұқсамайды, бетінде құжыр жоқ, жыпжылтыр, айна сияқты жалтырап тұрады. Демек, метеорит болу керек.

Аса өкінішті жері, бұл қадірлі мұралар бүгінде жойылды. 1930 жылы апамыз Нұрила қайтыс болғанда

оның Қарағандыда істейтін шахтер інісі шешесін қалаға жеткізе алмай жолда көмеді, Олжекеңнің барлық мұраларын сол кісінің басына қояды. Ол жер бүгінде Молодежный ауданы, ескіше Амангелдінің Жүсіпбегінің қыстауы, Бала-Шідертінің басы, інім Адай о да қайтыс болды. Қазып көруге үш рет бардым, бірақ тас обалар сондай көп, анамның тасын таба алмадым. Оған қойған нәрселер әлі шіріп бітпеген болу керек, ең болмағанда жай тасты табуға болар еді.

Олжекең Абылайдан, Бұхар жыраудан кейін өлген (1783 ж.). Ол кісіні қойған жер Ереймен тауының сыртындағы жазық, Сіленті өзенінің бас кезі. Ол жерге кейін Едіге мен Сәти ұлы Шорманды да апарып қояды.

Олжекеңнің бұл жерде қайтыс болуының үлкен тарихи белгісі бар. Ол кісінің ойлауынша Абылаймен, Нұралы ханмен бірігіп Сарыарқаға жақсы тұрақ болатын берік қала тұрғыза алмадық. Жылқымыз қысты күні босқа өледі, ел кедейленіп жүдеуге айналды. Сондықтан ескі ата қонысымыз Сырдарияның бойына барғанымыз шаруашылыққа пайдалы болады, – деп үндеу таратқан.

Арқаның көп халқын соңынан ертіп, жазғытұры жылқыға айғыр, сиырға бұқа, түйеге бура қоспай, малды тегісімен қысыр қалдырады, күздің суық түскен кезінде Ереймен тауының сыртынан Сырдарияға көше бастайды.

Ол кезде қарт кісіге суық тиіп қатты ауырады. Елдің басшы адамдарын алдына келіп:

– Көкем бұл қалай? Ілгеріні болжап білмейді. Ойыңызға елге айтатын қандай өсиет сөздеріңіз бар? Кейін еске түсіріп айтып жүрейік.

– Менің бар арманым Әзіретті (Түркістан) көру еді, оны айнала жүріп алтын күмбездің қабырғасын сүйсем бір қуаныш еді. Енді хал мынадай болды. Адам басы Алланың добы деген анық қой. Не заман қанды соғыс үстінде денеме оқ тимеген жер қалмаған еді, онда да өлген жоқ едім. Енді күздің суық айларында ауру денемді әлсіретті. Ауырып жатса арыстан да ғарып қой. Жақ пен сөздің арасы бір-ақ елі, сонда да айдан жарық қой. Дүниеге келген адамзат бір армансыз өтпейді. Алдағысын өмір көрсетеді, ғайыпты болжау кәдік қой, – депті.

Мұны өзінен естігендей мөлдіретіп айтатын ұрпақтары (Жанғұлан, Дүржан), оны әдемілеп жазып алған «Мейрам Шежіресі». Бұл шежірені жас күнінде оқыған Теріс-Аққан бойында тұратын 93-ке келген Рахым Тәңірберген ұлы.

Олжекеңнің XVIII ғасырдан бері келе жатқан күйдірген кірпіштен салған күмбезі әбден тозып, Ереймен тауының сыртында «40 жылдық Қазақстан» совхозының ішінде тұрады. Ол жерді бұрын «Олжабай сөресі» деп атайтын. Сөре, «Сөрелеп қою» ерте кезде қысты күні қайтыс болған атақты кісілерді былғарыға тігіп, биік ағаштың басына сөрелеп қоюдан шыққан. Жаз шыға сөрелеген кісіні керуенге отырғызып Әзірет-сұлтан (Түркістан) күмбезіне апарып қоюды тілек еткен. Бірақ Олжекеңнің сөресі әр түрлі қиын жағдай мен Түркістан күмбезіне жете алмай, сол сөрелеген жерінде сақталған. XIX ғасырдың соңында ол сөреге үлкен поселке жасап, «Благодатный» деген ат береді. Бірақ поселкеде тұрушы орыс ағайындар қазақ халқының көп жұмсауына әдеттеніп, «Олжабай сөресі» кейін «Олжабай поселкесі» деп кетеді.

Олжекең туралы әдебиет өте бай. Орыс тілінде ол туралы Қазақ легендасын бірінші рет жариялаған С.И.Гуляев. Ғалым бұл аңызды кен зерттеуші А.С.Поповтан естіп біледі. Ол кісі Баянауылдағы Қалмақ-қырған тауын зерттеп жүріп, Олжабай кезінде қазақ пен қалмақтардың қырғын соғыс ашқан хикаясын жазып алады. *(С.И.Гуляев, О древностях, открываемых в Киргизский степи. Ветник РГО 1853, г.8,кн.3-4).* Бұл легендаларды Баянауыл қарттарынан әдемілеп жазып алған Н.Я.Коншин. Олжабай Қытайдың ауыр әскерін қиратып, аман-есен келгенде үш жүздің баласы қосылып ол кісіге арнап үлкен той жасайды. Оны Баянауыл жерін аралап жүріп жазып алған Г.Н.Потанин *(Олжабай, ТГУ, архив, тетрадь, №21, д. №2327).*

XVIII ғасырда еңбекті халық бұқарасына ерекше болысқан кеменгер Олжабайдың өмірбаянын толығынан жазып алған Орталық Қазақстанда терең зерттеуші, Петрболдағы «Вольно-экономические общество» ның профессоры Ф.А.Щербина. Ол кісіге Олжекеңді төндіре айтушылар оның ұрпақтары Жанғұлан, Дүржан, қауым жұмысына қатынасушы Сәкен, Имантай, Шоң бидің немересі Садақ.

Олжекеңнің көп білетін ұрпақтары Жанғұлан, Дүржан, Мұсабек, тағы басқалары, жұма сайын әркашан күн шықпай біздің үйге жиналып, аяулы бабасының ала туына, жай тасына маңдайларын сипап, кеменгер атасын еске түсіретін. Олардың айтқан сөздері терең, құйылып тұрғандықтан, төсекте жатқан балалар қызыға тыңдайтын еді.

Легенда тарихы барлаумен қатар Олжекеңе арнап ақындар көптеген поэма-жырлар шығарады. Ең ғажайып әдемі жырды ол кісі өлгенде бірінші рет

шығарған орманшы Сақау ақын, Бұхар жырау ол кезде жоқ. Сақау ақын Олжекеңнің Түркістанға көшуді тілек еткенін, ол кісінің өсиеттерін айтқан қалпында жазып қалдырған. Ол жазу бұл күнде Қазақ Ғылым Академиясының кітапханасында сақтаулы тұр. *(58-бет)*

Олжекеңді екінші рет әдемі жырлаған Баянауыл ақыны Көтеш ақын, әр уақыт Шоң бидің қасында болатын жыршы. Омбыда, Керей Тұрлыбек Көшеновтың үйінде болғанда «еліңнің тарихта болған жақсы адамдарын жырлап берші» дегенде Олжекеңді көркем тілмен суреттеген *(Мәшһүр Жүсіп).* Ардақты ердің оқиғасын, ол туралы сұлу хикаяларды, халық аңыздарын әдемілеп суреттеген Жаяу Мұса. Ол кісі дәптерін 1880 жылы Қазан университетінің ғылыми кітапханасына тапсырған *(№1288-түрікше, 18-50-беттері).*

Олжекеңнің тарихына ерекше көңіл бөлген атақты жазушы, әрі ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ғалымның XIX ғасырда жазған қолжазбасы «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген жарқын ойы, ол да Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр. Совет дәуірінде Олжекеңді еске түсіріп екі поэма, бірнеше зерттеушілер шықты. Бір үлкен поэманы тарихи болған түрінде келістіріп жазған Шәймардан Торайғыров – Сұлтанмахмұттың інісі, екінішісін жазған Төлепбереген Тоғайұлы (Олжабай жыры). Бұлардың екеуі де Ғылым академиясының кітапханасына түсті, варианттары көшіріліп, бір қолдан екінші қолға ауысып жүрген көрінеді.

Бұлардың барлығы да Олжабай XVIII ғасырда халыққа қамқор болып, еңбекші бұқараның жерін, суын, елін аман сақтауға бар өмірін жұмсаған, халықтың

кимайтын мақтанышы. Олжекеңнің атымен байланысты жерлер Баянауыл тауында өте көп. Олар:

1. Олжекеңнің қарауыл орны.
2. Жасыбай көлінің жағасындағы көңі.
3. Ол кісінің демалып отыратын тасы.
4. Олжабай асу.
5. Олжекеңнің тұлпарын қойған жер – Тұлпар тас, Сілті өзенінің бойында.
6. Соғысқан жері Қалмақ қырған.
7. Соғысқан жері Шүршіт қырған.

Ол кісінің Отансүйгіш, еңбекші бұқараның қамқоры болғанын әрдайым ерекше бағалаймыз.

ОЛЖАБАЙ БАТЫР

ҮРПАҒЫНЫҢ ЖАНАШЫРЛЫҒЫНА ЗӘРУ, –

дейді жазушы Алдан Смайылов:

– Атақты Айдабол бидің ұрпағы Олжабай батыр туралы осы әңгімені академик Әлкей Марғұланның 1981 жылы 22 мамырда Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Е.Морозовқа жазған өтініш хатынан бастауды жөн көріп отырмын. Хатты Ерейментау ауданының Олжабай ауылында тұратын Қалдыбай Баяхметов ақсақал тарап кеткен селолық кеңестің көп қағазының арасынан тауып алған. Орыс тілінде жазылған сол хаттың қазақша нұсқасы мынандай.

«Құрметті Николай Ефимович! Сізге өзіңіз басқарып отырған өңірде сүйегі жатқан даңқты батырдың, бұқара халықтың дана жетекшісі болған, 1723 жылғы Ақтабан шұбырындының қиын күндерінде Қытай, Жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қаһарманның отансүйгіштік қасиеті мен ерлігі жайлы баяндамақпын. Ол – халықтың сүйікті ұлы, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше жырланған – Олжабай батыр.

XVIII ғасырда өмір сүрген жыр дүлдүлі Сақау ақынның «Ер Олжабай» поэмасында батырдың Қытай

мен Жоңғар әскеріне қалай тойтарыс бергені әсерлі суреттеледі. Поэманың қолжазбасы Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы.

Батырдың Қытай қолымен шайқастары туралы жазылған тағы бір поэманың авторы – ақын, композитор Жаяу Мұса. Ол өзінің қолжазбасын 1880 жылы Қазан Университетінің ғылыми кітапханасына тапсырған. Көрнекті ғалым, әрі ақын М.Көпеевтің қаламынан шыққан «Олжабай – халық қорғаны» атты баян да тарихи құнды мұра болып табылады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасында сақталған Шәймерден Тойрайғыровтың кең көлемді поэмасы арқылы батырдың шекарадан өткен Қытай әскеріне салған ойраны туралы көптеген мәліметтерге қанамыз. Бұл әдеби шығармалар Олжабай хақындағы аңыздар мен тарихи пайымдардың бір бөлігі ғана.

Қаһарман жайлы деректер орыс әдебиетінде де аз емес. Ол Екатерина Екіншіге хат жазып, жауап алып отырған. Патшайым батырдың ерлігіне, 1735 жылы Түркістан мен Ташкенттен жоңғарларды қуып шыққан жорықтағы, 1736 жылы Баянауылды Қалдан Сереннен босатқан шайқастағы қаһармандығына қанық болған.

Батыр 1756 жылы Амурсананы қуып келдік деген сылтаумен қазақ жеріне кірген Қытай Богдыханының әскерін талқандайды. Бұл жер осы күнге дейін «Шұршіт қырған» аталады. Шайқастың орны Қарағанды облысындағы «Молодежный» ауданының территориясында.

Олжабайдың қисапсыз ерлігі жайлы қазақ аңыздары мен деректі әңгімелер орыс ғалымдары Ф.А.Щербиннің, Н.Я.Коншин мен Н.С.Смироновaның, Д.Примактың еңбектерінде жарқын баяндалған.

Н.Я.Коншин «От Павлодар до Каркаралинска. Памятная кн.Семипалатинская область 1901 г.» деген жазбасында шағын қолмен Баянауылды қорғаған. Жасыбайдың қазасы, шайқасқа кейін қосылған Олжабайдың қалмақтарға күйрете соққы бергені, тау қойнауының сауға сұраған жаудың жалынышты күңіренісіне толғаны туралы айтылады. Н.С.Смирнова батырдың Талқы қамалындағы, Шұбар ағаш жазығы мен Жоңғар Алатауындағы ерлігін дәріптейді.

Халқына осыншама еңбек сіңірген ердің сүйегі Целиноград облысы Ерейментау ауданындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозының жерінде жатқаны ел үшін, Сіз бен біз үшін ерекше қуат қайнары ғой деп ойлаймын. Халық ардақтысының зираты жергілікті қазақ және орыс тұрғындарын ерлік тарихымен жігерлендіретін қасиетті ескерткіш бола алатындығына да шүбә жоқ. Бұрын батырдың бейітін Ақмола мен Ертіс аймағы түгел білуші еді. Бүгінде «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозында тұратын ұрпағы Жұмажан Құспеков қана қамқор болып жүр. Революцияға дейін бұл село Олжабай ауылы атанған.

«Құрметті Николай Ефимович! Мен Сізден аса маңызды патриоттық істің шешімін табуды сұраймын. Батырдың басына ескерткіш орнатылса, қалың ел мен секілді ғалымдар мен тарихшылар бір серпіліп, дән риза болар еді. Сіз бұл мәселе жайлы Республикалық тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамына, Ә.Әлімжановқа ұсыныс жасай аласыз. Ол өтінішіңізді орындауға тиіс».

Достық сәлеммен, бұрынғы көршіңіз: академик Ә.Марғұлан. 1981 жыл, 21 мамыр».

Көрнекті ғалым осылай қазақ халқының XVIII ғасырдағы айбынды тұлғасының алдындағы азаматтың парызын, ұлы бабасының алдындағы перзенттік борышын орындамақ болған. «Ұлы бабасы» дейтініміз, Әлекең Олжабайдан тараған тұяқ. Батырдың қалмақ ханы Цван Рабтанның қызынан туған баласы Дулаттан – Марғұлан, Марғұланнан – Хақан, Хақаннан – Әлкей. Сонда Олжабайдың шөпшегі болады.

Қаһарманның өзіне келсек, Арғын ішіндегі Сүйіндік бұтағынан. Арғы атасы Айдабол заманында ықпалды би болған, үш жүздің дауына араласқан беделі иесі. Айдаболдан туған Малғозы әкесіндей Алты Алашқа Олжа салмаса да, өз ортасының сөзін сөйлеген дуалы ауыз болған деседі, әрі батырлықтан да құралақан емес екен. Одан өнген Толыбай Әз-Тәукенің жоталы билерінің бірі болған. Әйелі Есенбике әйгілі Төле бидің туысқаны Қаратайдың қызы.

Олжабай 13 жасқа толғанда, 1721 жылы әкесі Толыбай құба қалмақпен соғыста жау қолынан өледі. Әлекең «Еңбекпен өткен өмірім» атты көлемді мақаласында болашақ батырдың бұдан арғы тағдырын тұжырымды шерткен. Сондағы тарихи деректерге сүйенсек, жетім бала ұлы жүздегі нағашысы Қаратайды паналайды. 16 жасқа толғанда атқа қонады. Қайраты толған шағында Абылай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, дулат Өтеген батырды табады. Ата жауға айналған дұшпаннан Сыр бойындағы қалаларды азат етуге қатысады. Сондай көп жорықтың бірінде Цван Рабтанның екі қызын қолға түсіреді. Лаба есімді сұлуды өзіне жар етіп, Лағба ныспылы сыңарын Бөгенбайға тарту етеді.

Жауды Жоңғар тауынан асыра қуған зор жеңістің құрметіне өткізілген тойда Әбілқайыр, Сәмке мен Әбілмәмбет батырдың ерен ерлігі үшін «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деп ардақтаған.

Тарихи деректер Олжабай мен Абылайдың тағдыры ұқсас екенін аңғартады. Екеуі де балаң шағын Төле бидің маңында өткізеді. Бірі – аруақты бидің жеке тәрбиесінде болса, екіншісі – ағайынның қамқорлығын көреді. Ал ұлы бидің айналасы ұлағатсыз болсын ба, ақыл өнген, даналық өрген ортадан оларға терең парасат пен пайым қонғаны анық. Абылай ханның кеменгерлігіне ғасырлар тәнті десек, Олжабай батырдың сырбаздығына ел ұйыған. Баһадүр қанша жаужүрек болса да ашу-ызаны, қайнаған кекті әрдайым ақылға жеңдіріп отырған. Оның сол сұңғылалығы тұтқындағы ханды құтқару кезіндегі ерекше салқынқандылығы мен тапқырлығынан да аңғарылады.

1741 жылы Абылай мен дулат Өтеген батыр аң аулап жүріп, қапыда жоңғарлардың қолына түседі. Қазақтың би, батырлары кеңесіп, ханды құтқаруға жіберген қолды басқарушылардың бірі Олжабай болған. Екі жақ бетпе-бет ұрыста ол жаудың атақты батыры Шырышты жекпе-жекте байлап алады.

Талай шайқаста қанды қайнатқан сойқанды мерт етуге де қайраты жеткен, бірақ олай жасаса, тұтқындағы Абылайдың өміріне қауіп төнуі ықтимал еді.

Әскерінің айбыны болған Шырыштан айырылысу Қалдан Серенге оңай тимесе керек. Олжабайға қарсы өзі шықпақ болады.

Дәл осы оқиғаны Жаяу Мұса «Олжабай батыр» дастанында әсерлі баяндайды. Абылай тұтқынға

ұрыс үстінде түскен. Олжабай ханды құтқармай елге қайтпаймын деп соғысты жалғастырған.

Екі күн соғыс болды бір күн тынбай,
Соғыста қарап тұрмас қылыш ұрмай.
Астында Сарғасқа атқа садақ тиіп,
Сол жерде жаяу қалды хан Абылай.
Қалмақтар қаптап кетіп байлап алған,
Олжабай бір жақ шетте абайламай
Қалмақтар Абылайды кетті алып,
Қазақтың басына бір қайғы салып.
Олжабай Абылайынан айырылғанына
Қапа боп тұра алмады қатуланып.
Қара Ертістің бойында қалмақтарға
Сол күні қырғын салды қайта барып...
Қалмақтың бір батыры Шырыш деген
Бұрыннан атақ алған маглұмданып.
Ұрыста Олжабайға тура келіп,
Шабыста қайтқан екен байлап алып.
Шырышты ер Олжабай байлап алды,
Одан соң қосына қайта барды.
Қайғырып Қалден хан да батырына
Сонымен Олжабайға кісі салды.
Сәлем де Олжабайға, ерді берсін.
Сөзіме достық айтқан шындап сенсін
Көнбесе бұл жауапқа батыр болса,
Жекпе-жек соғысамын, өзі келсін.

Ақиқатына жүгінсек, Абылай 1742 жылы жоңғарлардың тұтқиылдан жасаған шабуылында тұтқынға алынғаны шындық. Тарихи жырларда Төле би мен Әбілқайыр Орынбор әкімшілігінен Абылайды

босатуға ара ағайын болуды сұрайды. Мұның нақты губернаторы Неплюев пен Әбілқайырдың осы орайда жазысқан хаттар табылуы растап отыр.

Осы және жыр-дастандардағы мәліметтерге қарап, Абылай тұтқында екі рет болған деп түсінеміз. Ханның ұрыста қолға түскеніне дәйекті дәлел бар десек, аң аулап жүргенде қапы қалғанына, дулат Өтеген батырдың Абылайды қалмақ қонтайшысының алдына алып келгенде: «Хан нем! Мыналардан жоғары отыршы!» – деп арқасын тоскаңы жайлы әсерлі әңгіме айғақ. Ал Олжабайдың хан үшін салған ойранына келсек, ол жекпе-жек онтайланған Қалдан Сереннің мылтығын атып түсіреді. Дәл осындай мергендік пен мәртікке таң қалған әрі риза болған қонтайшы райынан қайтады. Батырға алтын жабдығымен ат мінгізеді. Абылайды қайтарады. Олжабай Шырышты босатады.

Егер батыр жекпе-жекке бекініп шығып, Қалдан Серенді мерт қылса, жау қолындағы қазақ ханын тірі қалдырмас еді. Олжабайдың Шырышты байлап алуы да Абылайды азат етудің алғашқы қамы болатын.

Олжекең қанша ұрысқа қатысып, жан алып, жан беріскен қырғын шайқастардың бел ортасында жүрсе де, мойнына кісі қанын жүктемеген. Жекпе-жекте және көзсіз қырғындарда қарсы келгенді найзасының қайырмасымен іліп түсіре берген. «Кісі өлтірген кісі қолынан өледі. Біреуді өлімге қисам, мен де соның кебін киер едім. Ұрпағымның өсіп-өніп, көгеруі сол тазалығымнан шығар», – деп отырады екен батыр қартайған шағында.

Айдабол мен Толыбай сынды саңлақтардан өнген Олжекең көкірегі ояу, өз заманына лайық сауатты адам

болған. Түркістан медресесінде оқып, арабша жетік білген. Қалмақ тіліне де жатықтығы айтылады.

Академик Әлкей Марғұланның естеліктерінде батырдың немере інісі Едіге бимен бірге Екатерина Екіншіге 1762 жылы араб әрпімен қазақ тілінде хат жазғаны атап көрсетілген. Хатта қырдағы үскіріктен жылқының өле бастағаны, бұрын Ертістің шығыс жағындағы қалың орманның ішінде, ықтасында жайылатыны, мұндай шығын болмайтыны баяндалып, ендігі уақытта да соған рұқсат беру сұралады. Бұл өтінішке патшайымның қалай қарағаны бізге белгісіз.

Батырдың өз қолымен жазып қалдырған «қара кітабы» болғанын білеміз. Оны Әлекең көрген. Кітапта соғыстар жайлы әңгімеленіп, Қаз дауысты Қазыбектің, Абылай мен Бөгенбайдың, қалмақ хандарының аттары жиі қайталанатынын айтып кеткен.

Олжеке осы аса құнды дүниелермен бірге өзінен бұрынғы қазақ пен қалмақ хандарының серкенің терісіне жазған келісім хаттарын, жорықта көтеріп шығатын сарыала туын, алмастан соққан бүкір қылышын мұра ғып қалдырыпты. Әлекең монғол тіліне ұқсас жазылған сол хаттарды оқи алмағанын айтады. Ал алмас қылышты Жаяу Мұса да көрген.

Кезінде белгілі публицист, зерттеуші Жайық Бектұров осы мұраларды іздестіріп байқапты. Жәкең «Орталық Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 28 желтоқсандағы санында жарияланған «Ғұламамен сұхбат» мақаласында былай деп жазады: «Әлекеңнің бір жақын туыстарын ел аралап жүріп, осы бергіректе Қарағанды облысы, «Молодежный» ауданының «Оскаров» совхозында кездестірдім. Әлекеңнің бір туысының бәйбішесі «Олжабай бабамыздың жаугершілікте ұстайтын жасыл

туы осы үйде еді, ана бір жылдары әжеміз жұрттың әртүрлі сөзінен секем алып, отқа жағып жіберді», – деді. Мен бірде «Осы рас па?» деп сұрағанымда, Әлекең: «Иә, рас. Жеңгеміздің жұрт көзінен қорқып, отқа жағып жібергенін естігенде жылап жібере жаздадым. Өткен бір заманғы музей мүлкі еді», – деп Әлекең күрсініп қалды».

Дәл осы газеттің 1993 жылғы 27 шілдедегі санында Мырзакәрім Хаканов Жәкеңнің бұл баянын басқаша толықтырады.

«Жәкеңнің «Әлекеңнің бір туысының бәйбішесі» деп отырғаны менің анам. Аты – Салиман. Атамның (Әлкей Марғұланның) туған інісі Адаштың бәйбішесі. Атамыз «Осакаров» совхозына 1973 жылы келіп, бабамыз Марғұланның зиратын көтеріп, ескерткіш орнатып кеткен. Сол жолы Олжабай бабамыздың туы туралы сөз болды. Әкем Адаш марқұмның айтуына қарағанда, ол ту отқа өртенбеген. 1928 жылы үлкен шешеміз қайтыс болғанда батыр бабамыздың жанып тұратын тасы мен туды бірге көмген».

Мұны Әлекең білмеуге тиіс емес. Туған інісі оған тудың тағдырын қайтсе де айтады. Олай болса, Жайық Бектұровтың дерегінде дәлсіздік бар дейміз.

Олжекең кісі қанын мойнына жүктемеген парасаттылығы, көзқарақты сауаттылығы және мол сабырлылығымен бірге ақиқатты айтуға келгенде Абылай сынды қаһарлы ханнан да ықпаған табанды адам болған.

Бірде Қаракесек Бекболаттың Жанай деген азамат ұлы Абылайдың ауылында тойда жүріп төрелердің бір баласын абайсызда қағып кетсе керек. Бұл жағдайды Жаяу Мұсаның баяндауынша айтсақ:

Бозбала тұрған жері ойын-сауық,
Бір-бірін жанап сөйлеп, тұрған шалып.
Абылайдың ауылында бір баласын
Басынан түсіріпті бөркін қағып.
«Хан ұлының қара да теңі ме» деп,
Сол жерде қалған екен намыстанып.
Жанайдан көрген ісін бастан аяқ
Арыз ғып Абылайға айтқан барып.
Абылай ашуланып мына сөзге
Жанайды байлап қойған кісен салып.

Ханға ақсақал-қарасақал жиналып «Жанайды босат, екі бозбаланың ойынына бола елдің арасын ашып алмайық» деп салған сөз сұйылып қала береді. Көптің қалауымен мәселеге Олжабай батыр араласады. Өзіміз әлгінде жүгінген поэмада батырдың ханға келген сәті қылыштың жүзіндей өткір суреттелген.

Олжабай келіп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:

– Абылай деген ханым ең,
Бұл Орта жүз ішінде
Лаулап оттай жанып ең.
Батыр болсаң басында
Ұлы жүзде Үйсіннің
Төле бидің түйесін
Сонда не ғып бағып ең...
Орта жүзге хан болып
Бақ қонып жұртты танып ең.
Қалмақпенен соғысып
Қолға түсіп қалғанда
Ажыратып алып ем...

Ботақанды өлтіріп,
Басына қаза келтіріп,
Одан бір аман қалып ең.
Жазықсыз неге байладың,
Бекболаттың баласын?
Алалықпен ұстама,
Орта жүздің баласын.
Жанай ерді босатып,
Соның тапқын шарасын.
Еріккенге Абылай,
Ордаң түсіп ортаңа
Олжа болып қалмасын.

Арғысы Қытай, бергісі Ресей мен Жоңғар күш пен пәтуадан олжа сала білген, ел ішінде де кәнігі дипломат болған Абылай батырдың бұл сөзіне тоқтап, Жанайды босатады.

Олжекең қария шағында жоңғардың соңын ала Аркаға қол салған Ресейдің түбі жайлы болмасын сезіп, Сыр бойына қоныс аударуды жөн көреді. Мұндай ұйғарымды сол кезде тобықты Қараменде би ұстанған. Дуалы би Кеңгірбайға:

Сәлем де Кеңгірбайға кел кетелік,
Мықты сабат атанды терлетелік.
Аты жақсы дариядан әрі өтелік, –

деп хат жолдайды. Кеңгірбай оның бұл аңсарына келіспейді.

Атыңнан айналайын Қараменде,
Ұл тумас, сірә сендей кейінгі елге.

Керегедей Шыңғысты қоя алмадым
Не де болса қаламын осы жерде, –

деп жауап қайтарады. Сірә ұзақ жылғы атыс-шабыстан ұлы жырау Бұқар да қажыған болуы керек. Жоңғар мен Қытайдың ылаңынан соң Ресейдің дүмпуіне ел шыдамайды деп түйді ме екен, игі жақсыларға сөз салады.

Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние,
Өтпей қалмас демеңіз,
Көлденең кесіп өтіңіз.
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделі-Байсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын-бала хақы үшін
Солай таман жетіңіз.

Ұзын аққан Ертіс пен Есілді, жер ұйығы Көкше мен Баянауылды, айналайын Арқаны, ата-бабаның жаткан топырағын қиып кету оңай ма, оған дәт шыдай ма, хан да, батыр-билер де табан аудармауға пәтуә етіседі. Олжекең ғана алған бетінен қайтпайды. Қанжығалы қарт Бөгенбайдың жері Ерейментаудың сыртына жылжып қонып, Сырға қарай біржола бет бұруға қам жасайды. Жылқыдан-айғыр, қойдан-қошқар ажыратылады.

Батыр осылай жойқын көштің сарынына салып жүргенде суық тиіп, сол сырқаттан айыға алмай, мәңгілікке айналады. Ағайын ел қанша талпынса да денесін Түркістанға жеткізе алмады. Маркұмды араларынан қыл өтпес арысы Бөгенбай батырдың жеріне арулап қойған.

Бар өмірін исі қазақтың қанжығасына байлап берген батыр бабасының зиратын көтеру жөніндегі өтініші орындалмай, Әлекең де бұ дүниеден озды. Н.Е.Морозов академиктің хатын Ерейментау аудандық партия комитетіне, ондағылар совхоздың селолық кеңесіне жөнелтіп, су аяғы құрдым еткен. Сол уақытта ауыл ақсақалдары ойға-қырға шапқылап, ештеңе өндіре алмаған соң, мән-жайды қолдарынан келгенше баяндап, бертінде Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің сол кездегі төрағасы Марат Оспановқа өтініш жазады. Оған Қалдыбай Баяхметов, Нұрмыхан Сағындықов, Ермекбай Асқаров – барлығы тоғыз адам қол қояды. Мәжілістің тиісті қызметі бұл хатты төрағаға жеткізді ме, жеткізбеді ме, ол жағы белгісіз, айналып-үйіріліп жүріп, Алматыдағы Ұлттық Ғылым академиясына барып тіреледі. Сол жерде әлі күнге жатса керек.

Ауыл қарнялары жауапты ұзақ тосып, хабар-ошар алудан күдер үзген соң Олжас Сүлейменовке шығып көрмек болады. Оған себеп – Олжас батырдың ұрпағы. Олжекеңнің Орман есімді інісінен тарайды. Әлекеңнің өз шежіресіне жүгінсек, батыр төрт ағайынды болған: Олжабай, Орман, Құлжабай, Рысқұл. Орманнан – Төбет, Төбеттен – Байжан, одан Жаяу Мұса, одан Салық, Тайжан, Тайжаннан-Ақтай, одан Ұзын Сүлеймен, Дүмбір, Жұмабек, Сүлейменнен-Оспан (Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясының түлегі), әскербасы Омар, Омардан-Олжас.

Олжас Сүлейменов «Инфо-ЦЕС» газетінің 1998 жылғы 18 желтоқсандағы санында жарияланған сұхбатында әкесі Омардың Олжабай батырға алтыншы ұрпақ екенін, Алматы қамалындағы қазақ атты әскер полкының офицері болғанын, Голощекин осы полкты

аралаған кезде дауыс көтеріп, намысты сардардың оны қылыштың қырымен салып жібергенін, концлагерьде тарихшы Лев Гумилевпен бірге отырғанын айтады.

Атақты ақын – батырдың «Жетінші ұрпағым өзіме тартып туады, аты кең жайылған жырау болады» деген жорамалын расқа шығарған дарын. Қалдыбай Баяхметов оған орыс тілінде 1999 жылғы 13 қаңтарда мәселенің бүге-шігесін тәптіштеп, Олжабай бабасына деген бүкіл ықылас-ынтасын үйіп-төгіп хат жазады.

Содан бері де үш жылдың жүзі толыпты. Қазақтың кемеңгер ғалымы, ұлт тарихын ғұмыр бойы түгендеген ғұлама Әлкей Марғұлан бұдан 21 жыл бұрын көтерген, бүкіл халыққа ортақ мұрат әлі күнге төбе көрсетпей келеді. Батырдың басын қарайтып, «Благодат» атанып кеткен төл ауылына оның есімін беру қолдан келмейтін жойқын шаруа емес екені анық. Осы аруақты мақсаттың шалғайдағы жалғыз жоқшысы болып қалған ауыл қарияларының ендігі үмітті – өрелі ойларға орда болып отырған «Егемен Қазақстан» газеті. Сөзіміз осы басылым арқылы елге жетсе, тізгін ұстаған азаматтардың бәрі бірдей «өзі болған қыз төркінін танымастың» кебін кимес деп үміт етеміз.

«Егемен Қазақстан», 2002 жыл, 12 наурыз.

АҚЫН ШӨЖЕ



XIX ғасырда жасаған ақын Шөже (1803-1895) қыр бойын көп жыл жыр қуанышына кенелткен жарқын жандардың бірі. Туып-өскен жері Көкшетау өңірі. Шөже ақынды өз көзімен көріп, оның талантын ерекше қадірлеген Шоқанның: «Бұл – даланың асқан ақыны, өзі Атығай елінен, жаңа қырғыз бөлігінен. Әр уақыт Әбілхайыр Аббас сұлтанның қасында тұрады» деуі де тегін емес. Шоқанның айтуынша, бұл ауыл көп оқыған, ұрпақтары бірнеше тіл біледі, оқымысты. Осы арада отырып Шөже халықтың шежіресін, тарихын, аңыздарын аса зеректікпен естіп біледі, атақты ақын деген атаққа ие болады. Бұл кездегі оның айтқан ойлары мол, әсіресе халық эпостарын көркем, эпикалы әдемі түрде айтып бере алады. Ол кезде эпос жырын келістіре айтатын ақындар Көкшетауда аз емес-ті. Олардың ішінен жеке-дара шыққан ең дарындылары – Болат Уәлиханов, Арыстан ақын Тобылбайұлы. Болат Орта жүз қазағының елшісі болып Петерборға барғанында (1828 ж.) орыс әдебиетшілерінің, ғалымдарының, сенаторлары-

ның сұрауы бойынша «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын үш күн бойы айтса (Н.М.Карамзин), Арыстан ақын Омбы әскерімен 1938 жылы Сарысуды өрлеп келе жатып, арба үстінде офицерлердің сұрауы бойынша «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын үш-төрт күн жырлайды. Дегенмен бұл жырды бәрінен келістіре жырлаған Шөже. Оның жырлау сюжеті Жанақ пен Сыбанбай ақындікіндей болмаса да, өзінің әдемі суретімен, ой байлығымен, салтанатты әсерлеуімен жайнап тұрады. Шөженің бұл жырлары тегісімен Қалихановтар арқылы Кадет корпусының мұғалімі Н.Ф.Костылецкийдің қолына түсіп, кейін професор И.Н. Березинге тап болады. Бір ғажабы: Шоқан Шөжені өте жақсы көрген. 1864 жылы март айында Шоқан Шөжені пәтеріне шақырып, оның айтуындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жазып алмақшы болады. Шоқан ол кезде Петерборға көшіп кеткен К.К. Гутковскийдің пәтерінде тұратын. Оның қасында қыс бойы Мұса бірге тұрып, екеуі «Қазақтың заңы», «Көшпелі шаруа», «1862 жыл» (тауық жылы) туралы мақала жазады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын Шөженің аузынан жазып алған Шоқанның өзі емес, оның пәтерінде тұратын Кадет корпусында оқып жүрген Махмұд Қалиханов. Бірақ, жазудың көп жерін Шоқан өз қолымен түзетіп отырған, кей жерлерін жаңадан айттырып, қосып жазған. Шөженің айтуында, кездесетін кейбір жаңа сөздерді өзгертіп те отырған. Соның бірі «такия» деген сөз. Оны алып тастап, орнына «қарқара» деп жазған.

Шөже жырының соңында Шоқанға арнаған сөзінде бұл жырды жаздырған сол ғалым екенін айткан. Бірақ, Шоқанның өз атын атамай, оны ишарамен «Әділбек», «Әділ сұлтаным» деп атаған.

Құдай берді Сұлтанды кәміл қылып,
Данышпан, мәртебелі, әділ қылып.
Бұрын жазған жоқ едім дәл осындай,
Әділ сұлтан жаздырды сапалы ғып.

Шөжеден мирас болып қалған жазбалар өте көп. Бұл жазбалардың көбі фольклордан гөрі жазба әдебиетіне жақын: сөз құрылысы, сөйлеу әдісі жазба тілімен бірдей. Шөже көзі жоқ болса да жаза білген, бірақ, өзі жазуды әдет етпеген. Ол жырлаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» нұсқаларын ерінбей жазып алған Кадет корпусы мен Омбыдағы қазақ медресесінде оқып жүрген білімді қазақ жастары. Сол эпостардың көшірмесі бүгінде менің мұрағатымда.

Шөже отыз жасқа келгенде Көкшетау аймағынан қоныс аударып, Ақмола жеріне келеді. Бұл жерде отырып, Қаркаралы төңірегін жақсы көріп, олардың аға сұлтаны Құспек пен Жамантайдың жыршысына айналады. Бұл кезде ол өткір тілмен әлеуметтік іске көбірек ой бөледі; залым болыстар мен парақор ұлықтарды аяусыз сынап, қатты сөгеді. Құспектің емеуріні бойынша кейде Алшынбай мен Жолшораның өзін сынап, оларды парақордың басы деп кінәлайды. Мұны Шөже Шаншар ішінде Алшынбайдың әкесі Тіленшіге ас бергенде Балта ақынмен айтысқанда жарқыратып айтады.

Жолшора өзің қажы, әкең Анай,
Параны бұрын беріп, жедің талай.
Кісі өтпес пара жеуге Алшынбайдан
Құспектің бір топ атын параға алып,
Алшынбайың не айтар ақіретте?

1849 жылы Алшынбайдың ауылында шекаралық комиссияның жиналысы болып, дау-жанжал жұмысы тексеріледі. Ол жиналысқа Шөже де келеді. Алшынбай Шөженің келгенін ұнатпай: «жұмыс істеуге бөгет болады, үйге кіргізбеңдер» деп, есік бағып тұрған жасауылға айтып қояды. Шөже жасауылдың сөзін керек қылмай, омыраулап, жиналыс үстіне кіріп келеді. Сонда Алшынбай:

– Әкет, мына соқырды, кіргізбе, – деп ақырады.

Сол сәтте Шөженің ашуланып айтқаны:

Қайтады құс алдына қараша қаз,
Баласы Тіленшінің Алшынбай таз.
Таз деді деп, Алшынбай намыстансаң,
Доктор әкеп Семейден басыңды жаз.

Алшынбай жүгіре тұрып, генералдың алдында оны қамшымен тартып-тартып жібереді. Шөже генералдың ұнатпағанын біліп, былай деген:

– Тақсыр-ау, бұ, немене тарсылдаған,
Қара төбет төрдегі арсылдаған.
Келгенде алпыс беске қамшы соғып,
Бұ не деген таз ит еді басылмаған.

Жұмыстың беті насырға шабатын болған соң, араға Мұса мен Тәттімбет түседі.

Арада бір жыл өткен соң, Алшынбаймен татуласу үшін оның ордасына жаз күні Шөже тағы келеді. Бұл күндері Алшынбайдың үйінде Құнанбай қонақтап жатыр екен. Екеуі бір төбенің үстінде әңгімелесіп отырғанда, Шөже Құнанбайға сәлем берейін деп,

соларға қарай жүреді. Алшынбай Шөженің келе жатқанын көріп, қасында жатқан қабаған иттерін қарсы жібереді. Ат тулап, Шөжені жығып кетеді. Жығылып жатып ақын:

– Домбырам аман ба? – дейді баласына.

Баласы:

– Аман, – дейді.

– Олай болса мені Алшынбайға апар, – дейді ақын. Сосын Алшынбайға барғанда:

– Ей, Алшынбай, тағдыр ажал болғанда
қатер-қауіп,
Дәулетіңе мас болдың есің ауып,
Сен бір бүркіт болғанда, мен бір торғай
Не тоятың қанды екен маған шауып.
Дүниенің төрт бұрышы дөп-дөңгелек,
Сен бәйтерек болғанда мен көбелек.
Бұтағында көбелек көтермесең,
Құр Алшынбай болғаның неге керек?!

Содан кейін Алшынбай жеңіліп, Шөжеге басын иеді де:

– Жүріңіз, – деп үйіне апарып, қымыз бергізіп, сусынын қандырады. Астан кейін Шөжені отауында демалсын деп жатқызып, өзі Құнанбаймен бірге ордасында отырады. Сонда Шөженің айтқаны:

Құранды, соф-алдияр молда оқыр,
Кеудеңді өлгеннен соң құзғын шоқыр,
Ордаға үміт қылып келіп едім,
Бұл үйде не ғып отыр таз бен соқыр.

Құнанбай оның дауысын естіп:

– Шөжені кіргіз, мұнда келсін, – дейді. Шөже кіріп барғанда Құнанбай оны қатты қадірлеп қасына отырғызып, қалтасынан он сом алтын ақша суырып береді. Алшынбай да жылқыдан бір ат әкеп бергізіп, «өзіңіз жатып тынығыңыз», – дейді.

Сыйды алған соң Шөженің ойы толқып, енді мақтаныш жырын айтады:

– Ақ орда ай мен күннің көлеңдей,
Алшыекем аспан көктің тіреуіндей.
Бір жерге екі жақсы бас қосыпты,
Ел басқарған ұлы адамның біреуіндей.

Соңында Шөже Алшынбаймен достасып, Құспектің емеуірінен шыға бастайды.

Шөже XIX ғасырды әдемі суреттеген ақындардың бірі. Оның мұралары өте көп. Оларды жинап, бастырып шығару бір үлкен нәрсе болып табылады.

«Қазақ әдебиеті», 1981 жыл, 10 шілде.

ҚҰНАНБАЙДЫҢ ӨМІРІ, ОНЫҢ ФОТОБЕЙНЕСІ

Құнанбай 1804 жылы туып, 1886 жылы дүниеден өткен. Қазақтың асқан ақыны Абайдың аяулы әкесі. XIX ғасырдың бірінші жартысында атағы ел ортасына көп тараған ұлы шешендердің бірі – тарихи замандағы кемеңгер адамдарды (Әнет баба, Бұхар жырау, Жанақ ақын, тағы басқаларды) есінде жақсы ұстаған, аса білгіш, қадірменді, ойшыл кісі болған. Оның терең түсінгіш, кемеңгер кісі екенін бірінші рет еске түсіріп жазған қазақ ортасында көп жыл жұмыс істеген жазушы А.Янушкевич. Бұл екеуі 1846 жылы Лепсі өзені бойында, Ой жайлауда өткізілген Ұлы жүз қазақтарының алдында бұл қосылудың саяси, мәдени, халықты өркендету турасында ұлы мәні бар екенін лекция түрінде айтып берді. Мұндай әдемі, көркем сөздерді, ұлы бақыт ісі екенін атақты ақындар Жанақ, Орынбай, Қожамсүгір, Түбек ақындар да айтады. Ой жайлауда 5 маусым күні ұлы той болып, онда жарқырап көзге түскендер Құнанбай, Сүк төре, Шыңғыс, Барақ, Тұрдыбек, генерал Вишневский, Орынбай ақын, тағы толып жатқан Ұлы жүздің басты адамдары. Ой жайлауда Алатаудың биік басы әдемі түрде суреттеліп тұрады.

Генерал Құнанбайға қарап:

– Алатау сізге ұнай ма? – деп сұрады.

Құнанбай:

– Айтып не қыласыз? Қалай осындай көркем етіп жасаған! Сондай сұлу! Сондай молдық, малға бәрі өзінен табылады. *(Янушкевич, 88).*

Осы конференция үстінде А.Янушкевич Құнанбайға ерекше көңіл бөліп, оның айтқандарын өзінің күнделік дәптеріне жазып отырады. Жазушының байқауынша, қазақтың ойшы адамдарының сыртқы киімі қандай сұлу, көркем түрде кездессе, олардың ішкі дүниесі де сондай бай, жарқын оймен, төгілген әдемі бейнелер, әдемі суреттер, әдемі елестер.

Бұл жиылыста өзінің ерекшелігімен көзге жеке түсетін, аспанның жарық жұлдызындай, адамға ой сәулесін түсіретін екі кісіні көрдім. Оның бірі – Құнанбай, бірі – Барақ батыр.

Құнанбай қырға аты шыққан ұлы билердің бірі, жай қарапайым кісінің баласы. Жаратылыс оның ой санасын көркейтіп, дарынды етіп, өзі саңлақ, өзі есті, өзі шешен болып жаралған. Қызмет үстінде де ол жүйрік іскер, тез шешкіш, әрі халық қамын қорғайтын ақылшы. Ол қыр заңын жүйрік білумен қатар, орыс заңын да терең білетін ойшы, қара қылды қақ жарған әділ би. Бұл жағынан Құнанбай пайғамбарлық даңқын алуға жеткендей еді.

Қырдың алыста жатқан ауылдарынан кеңес алу үшін Құнанбайға келетіндері аз болмайтын, оны іздеп жас та, карта та, бай да келетін еді. *(61-62-беттер).*

Құнанбайды Янушкевич «Каркаралинский оратор» деп атаған. Ой жайлауда өткен Ұлы жүздің тойында Орынбай ақын шығып Бүлен Шаңқаев пен Қаркаралының атақты шешені Құнанбайға арнап өлең айтты. *(66-бет).*

Янушкевичтен кейін, Құнанбай мен оның ой-санасы орасан күшті болып өскен жойқын ұлы қазақтың кеменгер ақыны Ыбырайды әдемілеп суреттеген атақты Біржан сал. Ол данышпан кісілермен бір жазды (1872) бірге өткізіп, олармен қызық түрде сұхбаттасқан кісі. Оларға бір ғана сұлу ән қызықты эпикалы жырлар айтып қоймай, әлеуметтік жағдай туралы олармен бірауызды болған. Бұл ойын ол Сарамен айтысқанда (1872) жарқын түрде сипаттайды.

– Адамның ақ иығы ол Құнанбай,
Сан жүйрік сау кеткен жоқ бір сыналмай?!
Ыбырай жас жолбарыс білектенген.
Дұшпанға арыстандай жүректенген.
Заманның бүгіндегі бозбаласы.

Ей, Сара, кімің бар соған жеткен?
Өнерін көрген жанның есі кетер!
Адамның жалғыз басты білімпазы,
Әлі де жамандамас Найман бекер.
Орта жүз Абай қойды атын баптап,
Үйіне аяз кірмес жауап қатпай.

Әкесі мен баласы қазақ халқын Еуропа мәдениетіне тартып, орыс халқының сәуегей адамдарын ардақтап, балаларын орыс мектебінде оқытқан, олардың еркешелігі осында.

Құнанбайдың әлеуметтік қызметке қатынасуы қыр округі ашыла бастағаннан кейін, оның бабалары Ырғызбай (Абылай заманы), оның баласы Өскенбай көп заман Тобықты елін басқарып келген. Олардың соңын ала Құнанбай да осы жолға түсіп Тобықты елінің

ел билеушісі болып істейді. Мұны мұрағат құжаттары да солай сипаттайды. («К службе способен и достойн. Утвержден управителем Кучук-тобыктинской волости с 1834 по 1846 гг.). 1846 жылдан 1854 жылға дейін Қаркаралы дуанының аға сұлтаны (формулярный список. 1851). Сол анкета бойынша Құнанбайдың бұл жылдары төрт әйелі, оннан аса балалары болды. Ең үлкен әйелі Күңке, одан Құдайберді (Бекен), Иемберді (Әзімжан), Меңдібала туды. Екінші әйелі Ұлжан, одан Тәнірберді (Тәкежан), Күнбала, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Сәлима. Үшінші әйелі Айғыз, одан Халиулла, Ысмағұл.

1851 жылы анкета көрсетуі бойынша Құнанбайдың балаларының туысы мына түрде суреттеледі: Құдайберді (Бекен) ең үлкені 22 жаста, 1829 жылы туған, Иемберді, көбінесе Әзімберді (Әзімжан) 20 жаста, (1830 жылы туған), Күнбала 19-да (1832 жылы туған), Меңдібала 17-де (1834 жылы туған), Тәнірберді 13 жаста (1838 жылы туған), Ибраһим (Абай) 7-де (1844 жылы туған), Сәлима 6-да (1845 жылы туған), Ысқақ 5 жаста (1846 жылы туған), Халиулла 3 жаста (1848 жылы туған), Оспан, Ысмағұл аталмаған. Соңғы әйелі Нұрғаным, одан бала тумаған. Құнанбайдың күтушісі болып істеген.

Құнанбайдың жақсы көрген балалары Бекен, Абай, Ысқақ, Оспан, Халиулла. Бұл Халиуллаға жазған хатынан да ашық көрініп тұр. Онда айтқан «Әр қайсымызға тауфиқ, хидаят, шарифләрімізді берсін». Ашып айтқанда – тауфиқ – ұстамдылық, әдемі үлгімен өсу; хидаят – көру, жақсы үлгі алу; шарифләріміз – адалдық, асыл өмірді тілеу. Құнанбайды балалары «тәтем» деп айтқан. Мұны Абайдың Халиуллаға жазған хатынан көруге болады. «Тәтеңіз бек қуанып жатыр, білім үйренгеніңе, ілгері талап қылғаныңа. Әрдайым жаһад қыла көрсін» дейді. Ағаңыз Ибраһим Құнанбайұлы, 8 март, 1866 жыл.»

Мұнда ұлы білгіш ата мен ойшы жалғасының жарқын ойлары жаңа өсіп келе жатқан дарынды бала Халиулланы толқындырмай қойған жоқ, оны тура білім қақпасының есігіне апарып кіргізді. Бірақ тағдыр оған болысады, аяулы білімпаз, жаңа жаза бастаған жас науша Халиулла 22 жасында дүниеден кетті.

Алғашқыда Халиулла ауылдағы бес жылдық мектепте Ғабитханнан оқып, араб жазуын үйренеді. Күншығыс (шағатай, қыпшақ) әдебиетін жақсылап білді. Он жасқа келгенде әкесі оны Омбының Кадет корпусына апарып түсірді. Құнанбайдың, Уәлихановтардың балаларын Кадет корпусында оқуға түсуге үлкен көмек көрсеткен, әсіресе Шоқан Уәлиханов еді. Халиулла дайындау бөлімінен бастап оқып, 8 жылдың ішінде, 1866 жылы бітіріп офицер (корнет) болып шығады. Бұдан кейін Мәскеудегі әскери мектепте екі жыл оқиды. Бұл кездегі Халиулланың өрге шыға бастаған ойларын баяндайтын талабы жазушылық ісіне қызыға кірісе бастауы. Кадет корпусының соңғы екі класында оқып жүріп, Халиулла Н.Ф.Костылецкийге қазақ тілінен көп қария сөздер жазып береді, оларды әрі қазақ тіліне, әрі орыс тіліне аударып жазады. Оның ішінде «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Есімханның ескі жолы», «Қазақ билерінің ерте кездегі шешімдері» тағы басқалар. Бұлардың барлығын Халиулла тек әкесінің айтуынан естіп-білген.

XIX ғасырдың 90-шы жылдары Халиулланың жазулары Н.М.Ядринцевті, Н.И.Наумовты, Н.Н.Максимовты

қатты толғандырады. Олардың ортасынан Н.И.Наумов пен Н.Н.Максимов – заң зерттеуші «Дала уалияты» газетіне хат жазып, Халиулланың жазуларын Омбыға жіберсе деп сұрайды. «Еңлік-Кебектің» ғажайып әңгімесін Н.И.Наумов «Сибирь» газетінде бастырып шығарды. Тағы Ақмола облысының газетіне шығарды. (1892). Халиулланың көп жазулары Н.Н.Максимовтың мұрағатында болуы мүмкін. Оны жинап бірнеше том кітап шығаруды қалаған кісі. Семейде Абаймен көп жолыққан. Бірақ оны Кавказға жібергеннен кейін, оның жұмысын ілгері бастырған П.Е.Маковецкий.

Олардың айтуынша, Халиулла ауылға барған кезде көп уақытын орыс классиктерін қазақшаға аударуға жұмсаған. Орыс әдебиетін жақсылап тануда оның Абайға келтірген игілік ісі орасан зор. Абай орыс әдебиетін бір ғана Халиулладан естіп біледі. Халиулла ауылында әдебиет үйірмесін ашып, кешке жақын дайым орыс әдебиеті туралы лекция оқып отырған. Оның бұл туралы жазған дәптерлері көп болған, бірақ сақталып жетпеген. Құнанбай жарқын өскен ойшы баласы Халиулла орыс мәдениетін қазақтар ортасында таратуға ұлы жол салған саңлақ жігіт. Ол Абай ақынға Пушкиннің «Евгений Онегин», Лермоновтың толқынды әдемі жырларын, Крыловтың ой түсіретін тақпақтарын Абайға күн сайын толғандыра айтып отырған. 1868 жылы Халиулла князь Владимирге жасаған тойға қатынасады. Онда бір топ билер, болыстар тобында олардың артқы жағын ала, Тобықты елі әдеттенген сал бөксе түрінде, бүгіліп түскен ағасы Майбасармен қатар тұр.

Құнанбайдың әлеуметтік ісінің бірі – Қарқаралы ауданының ағa сұлтаны болып тұрғандағы әкесіне берген асы, шамасы 1836 жылы өткен. Оған үш жүздің ел

басқаратын адамдарын, билерін, ақын-жырауларын, ат ойнайтын сайыстарын тегіс шақырады. Ас Қарқаралы жерінде, Көкшетаудың бауырында, Ақкойтас өзенінің бойында өтеді. Асты Алшынбай, Тәттімбет, Жанақ ақын, Байжігіт, Тана би өткізеді. Күтуші Токсанбай (Шанжар), Жанғұтты (Әлтекс, Сарым), Есберген (Қарсен-Керней), Жәңгір (Керей) бастаған 12 болыс Қарқаралы елі.

Өскенбай Абайдың ұлы атасы, халық сыйлаған қадірлі бай. Ол өлгенде Тобықты елі тегісімен зар тұтып, оның айтқандарын жоқтаумен есіне түсірген. Үш жүздің баласы жиналған Өскенбайдың асында Тобықты елі тағы да күңіреніп, кеменгер атасын жоқтап жылай берген. Тана би мен Тәттімбет екеуі ақырын Жанаққа айтады: «Мұның жауабын сен бермесең, өзгенің қолынан келмейді», – дейді. Бірінші сөз Жанаққа беріледі:

– Ей, Құнанбай, Құнанбай,
Қазақта сенен де артық ұл туар ма осындай.
Ас бердің әкеңе
Үш жүздің қосып баласын.
Құнанбайдай болып ұл туып,
Өз әкеме ас берсем,
Тобықтының баласы-ау!
Жылай да беріп қайтесің?
Топырағы торқа бола берсін де!

(Айтушы Көкбай Жанатайұлы, Ысмақан Мұқанұлы).

Ас өте сәулетті көркем түрде өтеді. Ақкойтас өзенінің бойында мыңдаған ақ үйлер тігіліп, ұлы сайыс жасалады. Ас ойын-сауық, қызық көру түрінде өтеді.

Оны басқарушы Тәттімбет пен Жанақ ақын, Найман бала, топталған күйшілер, оның ішінде атақты күйші Дайрабай мен оның баласы Бақтыбай да бар. Олар ән шырқап, толқынды күйлер тартады. Өзінің жарқын сезімін, әдемі күйлерін мөлдірете тартқан Тәттімбет пен Дайрабай, Жанақ ақын «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын ұлы толғаумен айтып бергені, жұрттың бәрін қызықтырады. Құнанбай мен Солтыбай төре оған қымбат сыйлар тартады.

Өскенбайдың асындағы бір ғажайып дәстүр – майданға жалаңаш сұлу әйелді шығару. Бұл ескі дәуірден келе жатқан әдемі, қызық сауықтың бір түрі. Бұл тек «Манас» жыры мен Өскенбайдың ас беру үстіндегі тойда ғана кездеседі. «Манас» жырында майданға сұлу әйел шықпай, сүйкімсіз бір қартаң әйел шығып Манасты үлкен толқынысқа түсіреді. Өскенбайдың асында Құнанбай мен Тәттімбеттің таңдауы бойынша майданға ең сұлу жалаңаш келіншек шығып, көрмеде жібек жіппен байлаулы тұрған жез бұйдалы жас інгенді тісімен шешіп, сұлу әйел жетелеп үлкендердің алдынан өтеді. Артынан інген оған сыйға тартылады. Бұл көріністің тарихи негізіне көз салсақ, онда зор ишара ойлар бар. Кісі өлсе де қызық дүние таусылмақшы емес, біз сол қызық дүниеде дәурен сүріп, ілгеріні қуаныш ете бермекшіміз деген жарқын елестер бар.

Янушкевич 1846 жылдың жазын тегісімен Құнанбаймен бірге өткереді. Мамыр айында Семейде кездесіп, содан кейін Аягөзді, Тарбағатайды, Алакөлді аралап өтті. Көп уақыт екеуі Лепсі бойында. Бүлен Шаңқай ұлы басқаратын Ой жайлауда өткізіп, Ұлы жүз қазақтарының Россияға қосылған ұлы жиылысында қатынасты. Осы кездесуде Янушкевич Құнанбайдың

айтқандарын күн сайын тыңдап, оның кейбір тамаша жерлерін өзінің күнделік дәптеріне жазып отырды.

Жазушының бақылауынша, Құнанбай әдемі сөйлейтін асқан шешен (оратор), терең ойшы, жарқын саңлақтың өзі. Ол сөйлегенде машина сияқты ағытылып, сөзді үсті-үстіне құйылтып тұрады, ол сөйлегенде сағат та жүрмей тоқтап тұрады. Аузын ашып ойға батқан кезінде ол шаршауды білмейді, қашан қалғығанға дейін сөзді ағыта береді. Оның бір ерекшелігі, оның алдына әрбір минут сайын кеңес алуға көптеген қазақтар келіп отырады. Құнанбай олардың жарқын ойшысы, ақыл беретін ойынан қаншама мысалдар келтіреді. Үкіметтік қазақтар туралы барлық заңдарын жатқа біліп, оны кітаптан оқығандай айтып отырады. *(184-бет).*

Тарбағатай, Алакөл, Аягөзді найман елін аралап Янушкевич Құнанбайдың ауылына тамыз айының 6-ы күні (1846), Құр өзені бойында отырғанда келеді. Бұл жер Көксалда отырған Барақ Солтыбай ауылынан 90 километр Шыңғыстау жағында.

Аса қызық ойлар Құнанбайдың қазақ тіршілігі туралы Янушкевичке айтқан хабарлары. Оған кірген мәселелер – қазақтың мал шаруасы, қамыстан үй салу әдісі, қазақтың тұрмысы, салты, рухани тіршілігі, бала тәрбиелеу ісі, қазақтың ескі шежіресі, Домбауылдың шежіресі, Алтын орда тарихы, Шыңғыстауда сақталып келген Шыңғысханның бірінші ордаларының қалдығы, міне, осыларды жақсылап айтып берген.

Янушкевичтің айтуынша, Құнанбайдың жақсы көрген елі Қаракесек, олардың әдемі мінезі, ой түсіретін ақындарының көптігі (Жанақ), үй-ішінің салтанаты, қонақасыны аяусыз төгіп беруі – Құнанбайға үлкен әсер етеді. *(173-бет).*

Қазақтың мал шаруасын ол екі түрге бөлген: біреуі – ақ мал (жылқы), екінші – қара мал, яғни қыстың күні қорағa қамайтын сиыр, түйе, қой, ешкі. Жылқы – қыс күнінің өзінде ашық далада жатқан, үй малына серік болатын ит, маң төбет. Ол таза хайуанға жатпайды, оларды үйге де кіргізбейді, үй алдында жатады. Тазы жәй иттен тазарақ. Ол үй иесінің көңілін көтеретін бір қызығы. Түлкі алып үйіне көп көмек көрсетеді, ондай тазыны он атқа да бермейді. Янушкевичтің айтуынша, тазының тұяқтарын тазартып отырғанды ол талай жерден көрген. Құнанбай Балқаш төңірегіндегі қыстауларды жақсы зерттеп білген, үй салуға ол жерде қамыс өте көп, бірақ бақан сияқты жуан қамыс еш жерде жоқ. Балқаш суын салқын кезде мал жақсылап ішеді, бірақ ыстық кезде іше қоймайды. Суы тұзды емес, бірақ ащы, жаз күні ашып кетеді. Мал жиреніп іше қоймайды.

Құнанбайдың көп айтқаны – баланы қалай тәрбиелеп өсіру туралы. Бір ғажайып жері, бала ауырғанда оның жақсы емшісі Құнанбайдың өзі болған. Ол ескі дәуірдегі атақты бақсылар пайдаланған емдеу түрін қолданған. 1844 жылы туған екі жасар кішкене Абайдың іші ауырып, тынышын алғанда, оны сол ескі еммен емдейді.

Құнанбайдың әдет-ғұрып туралы айтуында, тарихи дәуірлерде жақсы көрген балаға айдар қою салты. Оны тура баланың кішкене күнінен қояды. Ержеткенде айдары өсіп, ата-ананың сүйген белгісі болып жүреді. Сондай айдары бар бір жігітті Янушкевич тура Шыңғыстаудың өзінен көреді.

Ас беру – қазақтарда малын босқа шашатын бір салт. Сондай ас соңғы жылдары біздің өзімізде де болды. Оған қаншама жылқы, қой сойылды, көптеген қант,

шәй, күріш төгілді, атқа берген бәйге орасан көр. *(181-бет)*.

Құнанбайдың Янушкевичке көп айтқаны қазақтың ескі заңы, «Есімханның ескі жолы», атақты билердің шешімдері. Құнанбай бұларды аса жүйрік білген.

Ол Шоң би туралы әдемі жарқын ойлар айтқан. Шоң ұлы адамның бірі еді. Ол Баянауыл округінің сұлтаны болса да, сұлтан болмай-ақ атақты би атымен қалды. Оның кемеңгерлік данышпан ісі, әділдігі, жүрегінің қайнап тұрған қажырлылығы, кемтарға болысуы, оның ел алдындағы абыройының күштілігі бұрынғы хандардан да артық еді. Қатты қылмыс істегендерді ол аяусыз қиды, кейде өлім жазасына дейін апарды. Шоң би туралы аңыздар өте көп. Оның ішінде бір карттың қызын басып кеткен жігітке берген жазасы. Шоң жігітті де, қызды да шақырып алып, жігітке пышақ, қызға қын ұстатып, қызға айтады: «Сен осыны жүгіртіп айналдыра бер» дейді. Жігітке кенеттен «Сал пышағыңды» дейді. Жүгіріп тұрған қынға жігіт пышағын сала алмады. Қырдың атақты биі (Соломон) жігітке айтты: «Сенің кінәң жоқ. Бұдан былай ой-санаңа берік болсаң, бар қасиет сонда» деді. *(179-180-беттер)*.

Янушкевичке Құнанбай қазақ шежіресінен көп үзінділер, сұлтандардың қалай шыққан тарихын айтып береді. Бабасы Ырғызбай «Ақтабан шұбырынды» кезінде Торғайда туғанын баяндайды. Бұл ұлы оқиғадан бұрын қазақтар Сырдария бойын саяси, мәдени орталық етіп, тек жаз күні Сарыарқаға көшіп жүрген. Моңғол дәуірінен бұрын да олар Хиуамен, Бұхармен, Ферғанамен көрші отырған. Олардың алғашқы ханын Алаша хан деп атаған. Оған бағынған тайпалар да сол моңғол дәуірінен бұрын үш жүз деп атаған. Олардың

ортасынан атақты шешендер, ақылды қариялар, билер, ақын-жыраулар көп шыққан. Хорезмшах олардың алып ерлігіне, ақылды кеменгерлік ісіне қызығып өзіне тартқан.

«Сендер нағыз қазақсыңдар» деп, «қазақ» деп атаған, мәнісі: алып ер, күшті, әскерді осылардан құрған. Көп ойлардың ішіндегі бір тамшысы Қият Домбауыл мергеннің шежіресі. Бұл ескі түрікпен-оғыздар заманында шыққан аңыз (VIII-XI ғғ.). Домбауылдың қасында жалғыз көзді ойшы болған (басқа нұсқада – Шаба соқыр). Бұл ойшы XI ғасырда Әмудария бойына барып сәуегейлік іс жүргізді. Соқыр болса да өте көргіш, қасында тұрған досы Домбауылға айтады: «Өзенді жағалап бір үй жүзіп келеді». Екеуі келіседі, «Егер қолға түссе, сыртын сен алып, ішін мен алайын», – дейді Домбауыл. Жақын келгенде алтын қайықты Домбауыл қия атып, үскі қақпасын түсіреді. Алтын қайықты ұстап қараса, ішінде бір сұлу қыз отыр. Оны Домбауыл өзі алып, сыртқы алтын үстін ойшыға береді. *(176-177-беттер).* Бұл аңызды 1895 жылы Г.Н.Потанин Сырымбеттен Шыңғыстың ауылында жазып алады. Екеуінің қайнар сөзі бір болу керек. Мұнда да Домбауыл сол сұлу қызға үйленіп, екеуінен Қият тайпасы өркендейді.

Құнанбайдың ең ғажайып әңгімелері Алтын Орда тарихы туралы. Шыңғыстауда сақталып келген Шыңғысханның бірінші ордасының қалдығы туралы. Бұл орданы зерттеушілер оны Шыңғыстау деп атамайды, Ертіске таяу жерлерде деп бағыт береді.

Шыңғысханның қарағайдан жасаған биік мұнараларының әлі бүтін тұрған кезін Құнанбайдың ұлы бабалары өз көзімен көрген. Кейінгі ұрпақтарына

қызық әңгіме етіп айтып отырған. Сынып жатқан ескі ордалардың көлемді түрлерін бергі кезде Құнанбайдың өзі де көрген. Ол жерді «Бес бақан» деп атаған. *(Г.Д.Романовский. Краткий очерк исслед.вост.части киргизской степи. 1903 г.).* Тарихи дәуірлерде ондай сарайларды «Орда», «Қан Шыңғыс» деп атаған. Бұл атаулар өзінің тарихи мәнін жоймай, осы күнге дейін картада солай аталады. «Қан Шыңғыс» деген кен орны да бар.

Бұ мәселені тек ерте кезде жазған Янушкевич болмаса, кейінгі заманда ол ұмтыла бастаған.

Рашиддиннің еске түсіруі бойынша Шыңғысханның төңірегін білетін саңлақ адамның бірі – Отчеген (Отжеген) – «Господин огня». Оның сүйген ісі – құрылыс ісіне ерекше көңіл қоятын. Қай жерде жүрсе де, барған жерінде дайым көркем сарайлар (дворцы), кеніштер тұрғызып, оны бау-бақшамен толтыратын. Өзге туысқандарынан гөрі Шыңғысхан оны артықша жақсы көретін еді.

(Рашиддеддин, I, кн.2, 1952 г.,стр-55.).

Сөз жоқ, Шыңғыстауда XIX ғасырдың басына дейін сақталып келген сарайларды тұрғызған осы Отжеген екеніне.

Құнанбайдың анықтауынша, Шыңғысханның ордасы жуан қарағайдан салынған, мұнарасы биік сегіз сарай (орда). Ескі қазақ аңызы бойынша Шыңғысхан оның ең биік басына шығып, ілгеріде не істеуі керек екенін соның басында отырып шешетін болған. Кейде ол бақсымен бірге отырып, жеті-сегіз күн далаға шықпай, «Көк тәңірге табынып», соғысуға бола ма, жоқ па, соны айырады. Құнанбайдың бұл сөзі Рашиддеддиннің жазғанына өте жақын, бірақ одан ашықтау.

Шыңғысханның қасында екі бақсы болды, біреуі – Мұңлы әжеке (Керей), оған Шыңғыс шешесін беріп, ол әрдайым Шыңғыспен бірге тұрған. Екінші – Көкше бақсы, керейлер оны «Төбе тәңірі» деп атаған. Мұңлы әжекенің баласы, бұл Шыңғысқа болжал айтып, болашақтың жасырын сырларын шешетін. Ол айтатын: «Тәңірі менімен сөйлеседі, мен көкке ұшып шығамын» (Рашиддиндің). Демек, Рашиддиндің айтатын Шыңғыстаудағы сарайда болған екі бақсының бірі, осы екеуінің бірі. Янушкевичтің бақылауынша, бұл қарағайдан салынған мұнаралардың қалған орнын зерттеушілер біле ме, жоқ па, маған белгісіз. Бұл туралы тамаша аңызды маған бар жүрегімен жарқыратып айтып берген – атақты би Құнанбай. Оның негізгі қайнар сөзі оның бабаларынан келе жатқан ескі кария сөз. *(189-бет).*

1846 жылы Құнанбай Янушкевичтің экспедициясына еріп, Шыңғыстаудың, Қаркаралының көп жерін көрсетеді. Оның ішінде ең тамашасы Тұлпар тас, Дүлдүл тауының суреттері. Бұл осы күнге дейін тарихи маңызын сақтап келген бір өзгеше жер. Құнанбай мен Хохловтың баяндауынша, бұл жер Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидың (Әзірет сұлтан) жаз күні жайлауға барып жүрген жері, ондағы қасиетті үңгірлерге бас иіп, дүлдүлінің тұяғын тасқа қиып түсірген жері, ондағы тасқа арабша жазу жазып, болашақ заман туралы болжал айтып қалдырған жері. Ол жерді қазақтар осы күнге дейін «Дүлдүл», «Тұлпар тас» деп атайды. Әзірет сұлтанның тұлпарының тұяғы тасқа түсірілген жер.

Әзіретті қазақтар сондай жақсы көрген. Қырда жақсы адамдары өлсе, оның сүйегін сонда апарып қоятын. Баянауылдағы атақты би Шоң өлгенде оның

балалары әкесінің оң аяғын кесіп, жібекке орап, сандыққа салып, Әзіретке апарып қойды. Бұл тарихи дәуірден келе жатқан халық дәстүрінің жарқын бір үлгісі. Ұлы адамдардың сүйегін Әзіретке апарып қойғанда айтулы той жасап, сәуегей адамдардың рухына арнап құрбандық береді. *(179-бет.).*

***

XIX ғасырдың орта кезінде қыр округтерін басқарған бір ғана ел тонаушы залым неміс ұлықтары болды. Олардың ішінде әсіресе аты шыққан әскери губернатор Клейст, одан кейін Фридрихс, олардың қолдаушысы Кури еді. Бұлар көп пара алумен ел талауды ерекше сүйетін. Оларды басқаратын генерал-губернатор Гасфорд о да неміс еді. Олардың залым қылығына, пара алуына қарсы шыққан Шыңғыс, Құнанбай, Тәттімбет, Шалғымбай, Найман Қалжан ақын оларды еске түсіруінде айтқан. Көсем серке секілді «Құнанбайым сені қоя бермес алшаңдатып». Бұлармен өршелескен ашулы Фридрихс 1853 жылы бұлардың төртеуін де орнынан алды.



АРТЫНА ӨЛМЕЙТҰҒЫН
СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН

ЖАС АБАЙДЫҢ ФОТОБЕЙНЕСІ

Өткен ғасырда қауым тіршілігіне қатысқан тарихи адамдардың, не мәдениет дүниесінде белгілі болған ақын, күйшілердің фотобейнесі, кейде олардың қолдан түсірген жазба портреттері мұрағат қазыналарын ақтарғанда, не сирек жолығатын көне кітаптардың бетін ашқанда ауық-ауық кездесіп отырады. Көп жыл ішінде қарау, іздеу соңында табылған ондай портреттердің жинағы біздің қолымызда қазір толық бір альбом деуге болады. Олардың ішінде Абайдың, Дәулеткерейдің, Ақан серінің, Жаяу Мұсаның, ертіп жүрген баласымен түскен Шөже ақынның фото-түлғалары бар. Ғасырлар бойы белгісіз болып жатқан бұл фото-бейнелерді жарық дүниеге шығарып, оларды көпшілікке таныстыру зор мәдени істің бірі болуға тиісті. Бұл ойды біз ең алдымен жас Абайдың фото-бейнесін көрсетуден бастамақпыз.

Ең алдымен ондай тарихи адамдардың фото-бейнесінің тууына, сақталып жатуына себеп болған жағдайларға тоқталып өтейік.

Жас Абайдың фотоға бірінші рет түсуі 1868 жылы Күнбатыс Сібірді аралауға шыққан ұлы князь Владимирдың Омбыға келуіне байланысты болған. Бұл князь сол кездегі Россияның патшасы Александр II-нің баласы. Оның қыр қазақтарының ортасына келуі – сол кездегі үлкен саяси мәселе «Жаңа заңды» жүзеге асырып, қазақ бұқарасын алым-салық беруге міндетті етіп,

империяның жаңа заңына бағындыру болатын. Бірақ жаңа заңға қарсылық білдіріп, қазақ сахарасының әр жерінде, әсіресе Орал, Торғай, Маңғыстау төңірегінде жойқын халық көтерілісі басталып жатқан еді. Сондықтан «патша баласын қырға тура шығаруға қауіптеніп, оның бұрынғы программасына көп өзгеріс киргізеді. Князьді тыныштау жатқан Күнбатыс Сібір қазақтарының ортасына жіберіп, Ертіс бойын аралатып, Алтайдағы кен орындарын бақылап қайтудың жобасын құрады. Бұл жобаның түбегейлі аялғысын, бұл жақтағы қазақтардың бағынғыш көңілін анықтап, оларды патша сарайына (престолға) бас идіру болатын. Бұл мәселені тез орындау сонша керек болса да, Александр II баласын жіберетін сапардан қатты қауіптеніп, жарты жыл бойы аңысын аңдып, дайындық жұмысын жүргізеді. Баласының сапары туралы оның Күнбатыс Сібір генерал-губернаторына жазған жарлықтарында қорқудың, үрейленудің елестері ашық көрініп тұр. Ол жарлықтарында Александр II мынандай ескертулер айтқан: «Ат айдаушыларға бір ғана сенімді адамдар болсын. Оларды сенімді ету үшін бірнеше күн (Омбыға) жинап үйрету керек. Пәуескеге бір ғана сенімді, мықты, жуас аттар жегілсін. Ондай аттар және ат айдаушылар күні бұрын орын-орында дайын тұрсын». Бұлармен бірге патша баласы отыратын пәуескенің атсаймандарының, жүген, делбенің сенімді, берік болуын ұмытпаған. Жол бойында қасастық мақсатымен бөгет жасап, ат-тұрманды, пәуескені бұзған кісілердің атыжөнін жазып, генерал-губернатордың кеңсесіне тапсырсын», – дейді. (ф.345,оп.I, д.970).

Ат айдаушылармен қатар, патшаның қатты үрейленгенінің бірі жүріп өтетін жол бойы, онда қасастықпен тығылып жатқан бір нәрсе жоқ па деген

сескену. Сондықтан өзінің жарлығында тағы былай деген: «Ойпат жерлерге құм төсету керек емес, жолды жаңадан түзетудің қажеті жоқ, жаңадан көпір салуды, ол үшін шаруаларды онда топтаудың қажеті жоқ». Мұның барлығы шаруаларды аяп, ақшаны үнемдеу емес, жаңа жасаған жолға бір нәрсе істеп қоя ма деп үрейлену. Өйткені Александр II-нің өзі жүрген жолдарға орыс революционерлері талай рет қақпан құрып, ақырында соған түсірген болатын.

Патшаның бұл жарлықтарын оқыған генерал-губернатордың төбе шашы одан гөрі де тік тұрады, оның үрейленуі патшадан он есе артық болады. Бар ойы, бар жұмысы қол астына қараған елге келетін князьді қалай аман сақтап, қалай аман қайтарумен болды. Ол үшін кеңесуге қазақ ортасынан сенімді кісілер іздейді. Кенесары көтерілісі кезінде жасырын тыңшылықпен сенімді болған Тұрлыбек Көшеновты шақырып алады. Ондай тапсыруды іздеп таба алмай жүретін Тұрлыбек көзі оттай жанып, князьді Ертіс бойындағы қазақ ауылдарын аралатып, жеріне аман қайтаруға ант етеді. Оның жүретін жерлеріне жақсы ат, сенімді ат айдаушылар қоюды өзінің мойнына алады. Князь бен оның нөкерлеріне бір ауысуда 100 сәйгүлік ат керек болған. Оның барлығын Тұрлыбек Ертіс бойына жақын отырған құлан-қыпшақ, құлатай-қыпшақ, сағалқыпшақ, күрсары, телеке керей елдерінен жинатып алады.

Князь Самар қаласынан шығып Орынбор келеді. Одан Тройцк, Қызылжарды басып Омбыға келіп тоқтайды. Бұл жерде бір жұма болып, қазақ халқының ойын-сауығын көреді, ол кездегі қазақ басшыларымен кездеседі. Омбыдан маусымның 14-і күні шығып, 15-інде Павлодарға бөгеледі. 16-күні Семейде болып, онда



Жас Абайдың фотосы

біраз айналады. 19-ы күні Өскемен, 20-сында Бұқтарма, 21-і күні Зырян, 22-і күні Көкпектіле, қазақ аулында қонақта болады. Міне, бұл календарь бойынша қазақ жылқысының сұрапыл күшімен мыңдаған ұзақ жолды князь бір жұмада аралап шығады; оның сол кездегі мұнша тез жүруін осы күнігі ұшқыштармен ғана салыстыруға болады.

Князьдің сапарының сәтті болып, оның жүргізетін ісінің нәтижелі болуы үшін, оның нөкерлері қатарында

бірнеше ол кездегі белгілі адамдар болады. Олар бұрын Орынбор қазақтарын билеген граф Перовский, контр-адмирал Бок, генерал Литвинов, академик Мейндорф, дәрігер Энкгоф, секретарь Сытин, бір топ сақшылар, күзетшілер, аспаздар, аңшылар. Бұған қарағанда князьдің сахараға шыққан сапарын француздар әдетінше экспедиция түрінде бір жағынан мағлұмат жинап, екінші жағынан қызық көріп, аң аулап өткізбекші болған, бірақ қорқудың әсерінен оның көбі орындалмаған.

Князь Владимирдің осы топпен келуі генерал-губернаторға жарты жыл бұрын хабарланған. Дайындық жасау туралы айтқан ескертуде князьдің қыр округіне қарайтын қазақтармен кездесуі, оның қазақ халқының тұрмысымен, мәдениетімен, халықтың ойын-сауығымен танысуы Ертіс бойында Омбы төңірегінде өтсін деген.

Сол көрсету бойынша генерал-губернатор қырдағы аға-сұлтандарға ұсыныс жасап, маусым айының басында Омбы төңірегінде үлкен той жасап, князьді қарсы алуға шақырды. Ол ең алдымен Шыңғыс Уәлихановқа хабарлап, оны балаларымен Омбыға келіп, князьді қарсы алып, құттықтау сөйлеп, «ұлы патша ағзамның баласына бұдандық сезімін білдіруді» – сұрайды. (ф.345,оп.I,д.970,л.I). Князьдің қазақ сахарасына келгенін жылы жүзбен құттықтап, бағыну сезімін білдіруді барлық аға-сұлтан, дуан басылардың бәріне тапсырды. Қазақ өкілдерінің князьбен кездесуі үлкен той түрінде өтетінін сездіріп, жойқын сойыс, ат жарыс, ойын-сауық, көрме болатынын айтты. Сондықтан бұл тойға түбегейлі дайындық жасап, сәйгүлік бәйге аттарын, әдемі ақ үйлер, көркем жібек шатырлар, көрмеге қоятын жасау нәрселер келтіруді сұрайды. Онымен бірге қазақ

даласының атақты ақындарын, әнші-күйшілерін, балуандарын, ойыншыларын келтіруді сұрайды. «Ұлы князьға қазақ халқының шеберлік өнерін, зергерлік, кілем тоқу, өрмек тоқу, сырмақ, түскиіз жасау өнерлерін көрсеткен аса пайдалы болар еді. Атақты шеберлерді істеп отырған істерімен әкеп көрсетсе үлкен әсер етер еді», – дейді. Баянауланың аға сұлтанына осыларды тапсырумен бірге, «өзіңізге қарайтын қазақтарды аса бір жақсы көріністен, әр алуан әсем түрде Омбы жылысына келтіреді деп үміт етемін», – деді. (л.4-5 об.)

Ақмола дуанының аға сұлтаны Ибрагим Жайықбаевқа берген тапсырмасында: «Сіздің өлкеде жүретін аңдармен таныстырсаңыз, бүркіт, қаршыға, тұйғын, сұңқар сияқты саят құстарын көрсетсеңіз. Аңды әрине терісімен ғана көрсетуге болады. Оларды аңшы, саятшыларға тапсырып қойсаңыз. (л.8 об.). Осы мазмұнды хатты барлық дуанбасыларға жібереді. Оларды жеткізіп, тағы ауызша айтып түсіндіру үшін жер-жерге шапқыншылар шығарады. (л.7 об.)

Ибрагим Жайықбаев генерал-губернаторға жазған жауап хатында өзіне қарайтын елді Омбыға мамыр айының 20-сында жеткізуге уәде береді. Болыс бас сайын бір әдемі ақ үй, бірнеше жібек шатыр, жеткілікті азық-түлік апаруды айтады. Атақты ақын-жыраулар тобын, әнші-күйшілер, балуандар, асқан зергерлер тобын келтіруге міндетті болады, «оларды өзім басқарып барамын» дейді. (л.9 об.). Ақын-жыраулардың, асқан әнші-күйшілерін, атақты зергерлерін, мықты балуандарын апаруға Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Шалғымбай Бралинді сендіреді. Оларға қоса жүйрік ат, қаршыға, сұңқар, бүркіт, аюдың, жолбарыстың, қасқырдың, түлкінің терісін апаруға, кілем, жасау, ақ үйлерін көрмеде көрсетуге сенім береді. Бұл сияқты сенімді

Көкшетау дуанының аға сұлтаны Мұса Зілқараұлы да білдіреді. «Әр болыстың қадірлі адамдарын, билерін көбірек апарамыз. Әдемі жібек шатыр, ақ үйлер, қазақ шеберлерінің істерін көрсетеміз», – дейді.

Омбыда болатын бес дуанның бас қосатын бұл тойы әсіресе Атбасар жерінің қазақтарын көбірек елегізітеді. Оны дуанбасы Жантөре Жанай ұлының губернаторға жазған хаты ашық сипаттайды. Ол хатта не деген?

— «Мұндай ұлы тойда ат шаптыру, жорға салыстыру, балуан күрестіру қазақ даласының көп заманнан бері қызықтайтын дағдылы ісі. Ол тойға біз қалайда барамыз. Өзімізбен бірге ақын-жыраularымызды, асқан әншілерімізді, балуандарымызды бірге ала барамыз. Бәйге аттары, жорғалар қалай болса да барады. Еліміздің болыс басшылары Б.Сайдалин, Ж.Орынбаев, Б.Ерденов, Бостанов, Құлшықовтар бір-бір әдемі шатыр, ақ үйлер апармақшы», – дейді. Бұларды апаруға міндетті болса да, Жантөренің хатында еркін ойдың ұшығын да жасырып қалмаған. Оған әсер еткен, мүмкін, көрші жерде болып жатқан көтерілістің дүмпуі де болар. Губернатордың хатына жауап ретінде Жантөре тағы былай дейді: «Қазақтардың киіз басуы тек күз айларында ғана болады. Сондықтан шеберлерді Омбыға апару мүмкін емес. Екінші халықты мұндай ұлы жиналысқа шақыру аға-сұлтандардың кеңесімен болғаны дұрыс», – дейді. (л.24-25 об.). Дегенмен мұндай еркін айтылған сөздер князьді қарсы алып, оның құрметіне той жасауға бөгет болмайды. Тойды өткізуге қырдағы бес дуан елдің адамдары жылқысын, қойын, айдап тегіс барады. Ақмола дуанының қазақтарын бастап барушылар Ибрагим Жайықпаев, Атбасар қазақтарын бастаушылар – Жантөре Жанаев, Аққошқар Кішкентаев, Жанайдар Орынбаев, Бименде Ерденов, Бекен Сайдалин

т.б. Қарқаралы дуанынан Шалғымбай Бралин, Жүсіп Алшынбаев, Көппай Есетов, Мұсатай Тәттімбетов, Ақай Баймұран, Бөде Еспаев т.б. Көкшетаудан Мұса, Әлібек Зілқариандер, Саполат Жанқарин, балаларымен Шыңғыс Уәлиханов барады.

Қыр қазақтарының мұндай жөңкіле келіп, князьдің алдында бас июін, бағыныш сезімдерін білдіріп сыйсияпат көрсетуін, әдемі суреттеу үшін князьдің тобында Владимир Воинов сияқты журналист пен Кесслер, Буланже сияқты тәжірибесі мол, оқымысты фотографтар болады.

Воиновтың жазуы бойынша князь қырға шықпайтын болған соң оны көру үшін қазақтарға оның жүріп өтетін жолына жиналу керек болды. Сөйтіп, қырдың суретін Омбы төңірегінде, театр сахнасы түрінде көрсетпекші болады. Ол үшін губернатордың бұйрығы арқылы қыр округтеріндегі аға-сұлтандарды, болыс-билерді, беделді қазақтарды тегісімен Омбыға шақыртып, олармен сол жерде кеңес құруды жобалайды. Саяси мәселені реттеумен бірге, князь қазақ халқының тарихы, мәдениеті, музыкасы, ән-күйі, жыры, өнеркәсібімен таныспақшы болады. Ол үшін қырдағы белгілі шеберлерді, ақындарды, әнші-күйшілерді тегісімен қазына поштасы арқылы Омбыға жеткізеді. Жалпы айтқанда, княздің келу қарсаңында Күнбатыс Сібірдің генерал-губернаторы Омбы аузындағы Ертіс жағасына көптеген үй тіктіріп, үлкен той өткізудің дайындығын жасайды.

Губернатордың бұйрығы бойынша, – дейді В.Воинов, – ең алыста жатқан Бетпақдала, Атбасар, Қарқаралы, Балқаш төңірегіндегі қазақтардың өзі ағылып келе бастады. Князьбен кездесу тойына жиналған қазақтардың саны үш мыңнан асты. Олар өзімен бірге

тойға арнап 3 мың жылқы, 8 мың қой айдап келіп, үлкен сойыс жасады.

Тойға арнап 54 әдемі шатыр, топтаған мәуелі ақ үйлер апарып тігеді. Ертістің жағасына дөңгелете тіккен ақ үйлердің түрі бейне бір қаланың суретіне айналады. Самаладай тігілген көп ақ үйдің төрінде князьға арнап тігілген үлкен ақ шатыр, оның екі жақ қанатын ала жасаумен бөленген ең әдемі, ең көркем екі ақ үй тұрады. Оның бірі қымыз ішетін кафе түрінде болса, енді бірі Қазақстанның кен байлығын, халықтың қолөнер кәсібін көрсететін көрме түрінде дайындалады. Княздің келуіне арналған қыр қазақтарының тойы 10-14-інші маусым күндері, Ертіс өзенінің кең ашық жағасында өтеді. Тойда қазақтар ат жарыс, балуан күрес, атсайыс, жерден күміс алу ойындарын көрсетеді. Бәйгеге 67 ат қосылады, олардың алдынан үздік келген 5 атқа князь өз қолынан күміс ыдыстардан жүлде таратады. Бәйге аттары келгенше тігілген үйлердің ортасында қазақша ойын-сауық көрсетіледі. Әншілер шырқап ән салып, қобызшылар күй тартады. Ақындар князьдің қазақ жеріне келгенін мадақтап, қошемет жырларын шығарады. Бұл ақындар мен әнші күйшілердің үлкен бір тобын Кесслер «Певцы и музыкант» деген атпен киіз үйдің сыртқы іргесінде отырғызып түсірген. Олардың ішінде сол кездегі белгілі ақын әншілердің көбі болуға керек. Олардың ішінен менің айырғаным скрипка тартып отырған бір ғана Жаяу Мұса.

Маусымның 13-күні князь аға сұлтандар мен билерді, ел билеуші қазақтарды өзіне оңаша шақырып, олармен кездесу өткізеді, оларға алтын, бриллиантпен безенген сағаттардан сақина-жүзіктерден сый тартады. Әрбір облыстан келген өкілдерді өз жерінің адамдарымен топтап, оларды фотоға түсіртеді. Мұндай ресми

түскен суреттерден біздің заманымызға келіп жеткені төртеу. Олар: «Қазақтың болыс билері», «Семей облысына қарайтын қазақтарының өкілдері», «Ақмола қазақтарының өкілдері», «Көкшетау аймағының сұлтандары, билері».

Бұл той үстінде Кесслер жүзге тарта фото-сурет түсірген. Оның ішінде тойдың жалпы көрінісі, оған қазақтардың қалай келгені, балуан күрес, той үстінде намаз оқып тұрған қазақтар, билердің билік құру түрі, қазақтың халық ойындары, зергерлер, ісмерлер тобы, тағы басқалар. Осының ішінен Кесслер үлкен форматпен жасаған 50 фотоны таңдап, «Виды и типы киргизской степи» деген атпен Омбыдағы әскер басқармасына тапсырады. Одан 20 жыл өткен соң, 1891 жылы, Күншығысқа беттеген саяхатында Омбыға Николай II келіп, тағы да қырдағы қазақтарды шақырып Ертіс бойында той өткізеді, тағы да көрме жасайды. Николайдың саяхатын, өткізген тойды жазып қалдырған ғалым князь Ухтомский. Кесслердің 1868 жылы түсірген фотосы туралы былай дейді: «Патшазада Омбыға келер қарсаңында мұнда байтақ көрме ұйымдастырылған. Онда көрсетілген көбінесе ескі суреттер, фотолар. Оның ішінде көзге түсетін үлкен форматты картонмен жасалған 50 фото, оны келістіре түсіруші Кесслер. Бұл 50 фотоны альбом түріне айналдырып, сыртында күміс жазуы бар футлярға сақтап қойған». *(Путешествие Ник.II, т.III, стр.165.)*. Николай Петерборға қайтқанда Ухтомский бұл альбомды өздерімен бірге ала кетіп, Николай II-нің фондысына тапсырады. Оның бірталайын Ухтомский «Николай II-нің Күншығысқа саяхаты» деген кітапта пайдаланған. Бірақ Кесслердің өзі қойған аттарын ол өзгертіп берген. Мәселен, Кесслердің «Қазақтың болыс билері» деген фотоны Ухтомский

«Воссоеденившийся с Московский русью Туран» деп берген (Путешествие Николая II на Восток, т. II, стр. 224). Кейін осы кітаптан көшіріп, Кессердің фотоларын өзге баспаларда жаңадан шығарып отырады. Оның кейбір фотоларын белгілі географ Элизе Рекло, тағы басқа шет елдің баспаларында пайдаланған.

Кесслердің фотоларының бәрі де тамаша. Алайда оның ішінде көзге ерекше түсетін әсіресе жас Абайдың фотосы. Абай Кесслердің «Депутация Киргиз Семипалатинской области» деген фотосында суреттелген. Мұнда барлығы 14 кісі түскен. Оның ішінде Жаяу Мұса, Шалғымбай, ол екеуінің ортасында военный губернатор Окольничий, Мұсаның оң жағында жас Абай, Шалғымбайдың сол жағында отырғандар ол кездегі Қарқаралы дуанының қазылары Көкпай Есетов пен Малыбай Байғұтты болу керек. Бұлардың бәрі сыйлы түрде, орындықта отыр. Олардың арқасында тұрғандардың ішінде (солдан оңға қарай) Құсайын Бөштаев, түрі Тұрашқа ұқсаған Құнанбайдың бір баласы, ең сол жақ шетте тұрған Құнанбайдың үлкен баласы Құдайберді болуға тиіс. Абай мен Құдайберді, Мұса үшеуі сол кездегі сыпайы қоңыр киіммен түссе, өзгелері жарқырап, оқамен жиектелген кең шапандарымен түскен. Кейбіреуі (Көкпай Есетов) қылыш асынып түскен. Алдында сыпайы түрде отырған екі жас жігіттің біреуі Мұсатай Тәттімбетов болса, енді біреуі Жүсіп Алшынбаев болуы керек. Өйткені, Абайдан кейін бұл топта ол екеуінен жастары болуға мүмкін емес. (Баспадан: өкінішке орай академик суреттеп отырған фотобейнелер қолымызға түспеді).

Абай бұл жылы 24 жаста. Омбыда оқитын інісі Халиулламен хат жазысып, Халиулла еліне қайтқанда онымен бірге әдебиет үйірмесін ашып, оның орыс

классиктерін қазақшаға аударғанын, оқып тыңдап жүрген кезі. Н.И.Наумовтың бақылауынша, Абайды ең алғаш орыс әдебиетімен таныстырып, оның ароматына кіргізген Омбының кадет корпусында оқитын інісі Халиулла болған. Халиулланың қазақ тілінен орысшаға аударған «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» әңгімелерінің сюжетін кейінірек Н.И.Наумов Сібір газеттерінің бетінде жариялайды. Кеңгірбай, Қараменде, Құнанбайлардың айтуларынан жазылып алынған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Жеті жарғы» дейтін орта ғасырдағы қазақ қауымының жүртшылық заңдарымен орыс ғалымдарын таныстырмақшы болады. Суреттегі Абай Халиулланың қазақ заңдарымен орыс әдебиеті туралы ойларына терең фәлсафа көзімен қарап, олардың тарихи, мәдени маңызын інісімен бірге ойластырып жүрген кезі. Бұл айтылған қазақ заңдарына Абай талай рет ойысып отырады. Оның негіздерін кейінірек Леонтьев, Максимов, Маковецкийлерге айтып жаздырады және Қарамола съезінде айтып түсіндіреді.

Осындай терең ойлармен шұғылданып жүрген жас Абайдың суреттегі отырысы, оның киімпаты, жан-күйін сыртына шығаруы ол кездегі қазақтардың бүтіндей өзгешелігі. (Суретті қара, 217-бет). Кесслердің фотосындағы Абай ойға батқан жас кемеңгер ақылымен, рухани күшімен көпшілікті өзіне қаратқан жігіт ағасы. Оның байсалды маңғаз түрінен білімнің, ойдың, сезімнің, сұлулықтың аңқыған күшті лебі көрінеді. Жас Абайдың бет-ажарында асып-сасудың, буға пісудің, бойкүйезденудің ешбір сілемі жоқ. Оның жайдары жүзінен адамшылықтың нұры төгілген сабырлы, жарқын жүзді, кішіпейіл ой иесін көресің. Қарт Абай көңілге қандай жылы көрініп, сезім қуанышына

бөленсе, жас Абай ол кездегі ең сұлу ойшының бірі болған. Кесслер фотосындағы жас Абайдың жаратылыс тұлғасында еш мін жоқ, мүлтіксіз мөлдір ғажайып бір құйып жасаған сұлу мүсін тәрізді. Оның дене бітісі де соншалық жинақы, әрі жұмыр, әрі сымбатты болса, оның үстіне соншалық берік болғаны көрінеді. Оның алпауыт иықтарымен кеудесінен, кең жауырынынан ақыл мен ойдың басқа алып күштің бейнесі тұнжырайды.

Қарт Абай ескі фотода шалқая фас түрінде түссе, Кесслердің фотосындағы жас Абай иегін төмендеу алып оң жақ бетін басымырақ көрсетіп, көз қырын солға қарай ойыстыра түскен және жас Абайдың ілгері қарауы терең, тұңғиық жатыр. Қалайда, әр уақыттың бетке түсірген таңбасын көрсететін жастың айырмасы болмаса, бұл екі фото біріне-бірі өте жақын. Екі фотодағы жастың айырмасы – жас шақтағы тұлға, әрине әдемі, сұлу Абай шар тартып қартая бастаған кезде оның денесі алшиып, опырық түрге айнала бастаған. Алайда, жас күндегі дене құрылысындағы ерекшелік өзінің сілемдерін сол қалпында сақтаған. Соның бірі Абайдың мойны, ол ұзын да емес, қысқа да емес, денесіне қарай өлшемді жасалған. Қарт Абайдың мойыны семіру арқылы иықпен тұтасып жуандана бастаған.

Абайдың фотомүсіндерінде ерекше көзге түсетіні, әсіресе оның келісті бас бейнесі. Мықты, берік денеге арналған бұл бас тек ақыл мен ой үшін ғана жаралмаған, сұлулық көркемдік бейнесі болу үшін де жаралған. Жас Абайдың бет мүсіні адамды тек қана сұлулық сезімімен қуантады. Оның ең тамашасы ақылға ұйытқы болған саңлақ маңдайы, ботаның көзіндей қабағы жаудыраған әдемі көздері, сызыла біткен қанатты қастары, құйып жасағандай әдемі қыр мұрыны, сұлу әдемі еріні. Осы көркем сипаттардың көбі жас Абаймен қарт Абайды

сипаттайтын фотолардың екеуінде бірдей сақталған; оның ішінде әсіресе жазық маңдайы, көркем ашық суреттелетін қас пен қабағы, көзі, мұрыны. Екі фотоның екеуінде де Абайға тән нәрсе оның қас пен қабағының арасының кең болуы, көзінің тұңғиық ашық келуі, жақ пен танау арасындағы, езуіндегі көлеңкелердің ашық суреттелуі. Бұл ерекшелік Абайдың өзінен балаларына да ауысқан. Мәселен, Тұрағұлдың, Абдрахманның, Мағауияның қас-қабақтарында өте ашық, кең жас Абайдан аумайды. Жас Абайға өзгесінен жақынырағы жас Тұрағұл. Оның маңдайы, қасы мен қабағы, көзі, қыр мұрыны, толық еріні, иегі, жалпы бет-ажары Абайға өте жақын. Жалғыз-ақ басқа ракурспен түскен.

Мағауияны қоспағанда, Абай мен оның балаларының жалпы сипаты ғасырлар бойы өркендеп келген түркі тайпаларының антропологиялық келбетіне келеді. Олардың кең маңдайында сыпырық жақтарында, мүсінді иегінде жаудыраған үлкен көздерінде, не қыр мұрындарында, Орталық Азия халықтарында кездесетін антропологиялық сипаттар (қысық көз, жалпақ мұрын) кездеспейді.

Ақын Абайдың жан-күйі сондай кішіпейіл, сұлу болса, оның киген киімінде өзіне сай қоңыр, сыпайы болған. Ресми жарқырауық киімдерге ойшы Абай, әрине, жирене қараған. Жас Абай Кесселердің фотосында толық денесімен отырып түскен. Оның үстіне киген киімі – басында кестелеген тақия, сым шалбар, кебіс мәсі және бұрынғы қазақтар көп қолданған белі қыналған, қаусырмалы, тік жағалы, сыпайы ішік. Қынаулы болғандықтан оның түрі шапаннан гөрі үлкен жеңді қамзолға келеді. Салқын кезде оның жағасын қаусырып, түймелеп кисе, жылы кезде жағасын қайырып киеді. Жас Абайдың ішігінде көзге түсетін нәрсе, тізбектеп

қадаған жұмыр түймелері. Түймені бұлай тізбектеп қадау, сырт алғанда, гимназия оқушыларының киіміне ұқсайды. Бірақ, мұнда гимназияның әсері бүтіндей жоқ. Бұл қазақ халқының ұлт киімінде ғасырлар бойы қолданып келген әшекейлеудің бір түрі. Тап осындай түйме тақкан ішікті Абайдың сол жағында отырған Мұсаның ағасы Құдайбергеннің киімдерінен көруге болады. Қарт Абайдың ішігінде тап осы форымдас, оның түймелері де осы тәрізді, оң жақ өңірінен тізбектеліп қадалған. Жалғыз-ақ фотоға түскенде түймелердің көбін Абай оң қолымен басып түскен. Абай балаларының тағы басқа қазақтардың көбінің кигендері осы фасонды көп түймелі ішіктер болған. Кейінгі заманда ішіктің өзі сақталса да оның түймелері бірте-бірте өзгере береді.

Сөйтіп, жас Абайдың фотобейнесінің жарыққа шығуы – ақын Абайдың өмірін толық зерттеп, білу үшін аса қымбатты деректердің бірі. Яғни Абай атын ғасырлар бойы ардақтайтын жарқын бейне. Бұл айтылған кеніштің бүгінгі өскелең мәдениеттен алатын орны, маңызы өз алдына бір басқа. Жас Абайдың бейнесін жаңадан жасау жолында бұл фото біздің суретшілер, мүсіншілер, халық шеберлері үшін сарқылмайтын бұлақ көзі болып, әдебиет пен өнер тарихының бетінен мәңгілік орын алатын ұлы кеніштің бірі болып табылмақ.

АБАЙДЫҢ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Абай дүниежүзілік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер, ойшы, адам баласын шындыққа, игілік іске, еркіндікке шақырған ұлы ақынның бірі. Бұл кісінің жазғандары өзінің бейне көркемдігі мен сәулетті сұлу дүниедей адам көңілін арбап тартса, оның мазмұны да ой-сананы түбімен қозғап, жүрекке сәуле түсіргендей, жаңа бір қызықты, қуанышты дүниеге кіргізгендей болады. Бірақ осы кемеңгер ақынның қолжазба мұралары осы күнге дейін терең зерттеліп, бір ғылымы тәртіпке келмеген. Мұның әлпеті ретінде қазір менің алдымда бірнеше хаттар жатыр. Оны жазушылар Абайды зерттеуші жас ғалымдар, Абай мұражайының қызметкерлері, диссертация қорғауға дайындалып жүрген талап иесі жастар. Бұлардың барлығы Абай мұрасы туралы кеңес сұрап, сыры ашылмай жатқан соны деректер жоқ па деп білгісі келеді. Соларға жауап ретінде мен осы мақаланы «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде ұсынуды лайық көрдім.

Абай мен Шоқанға тән жазу мұраларымен мен 1927 жылдан (студент кезімнен) таныса бастадым. Бұл кісілер орыс ғалымдарына көп заманнан белгілі болғандықтан, олар туралы қалайда бір із болуы керек қой деген сенім сол кездің өзінен-ақ болушы еді.

Бұл жору кейінірек жүзеге аса бастады. Абай мен Шоқанға тиісті мәліметтер Москва мен Ленинградтағы, Омбы мен Том қаласындағы атақты кітапханалардан, мұрағат қоймаларынан көріне бастады. 1938 жылы Ленинградтағы Күншығыс халықтарын зерттейтін институттың мұрағатынан Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты табылды. Онымен бірге Абайдың әкесі Құнанбай мен оның ұстазы Ғабидханның Халиуллаға жазған екі хаты бірге табылды. Бұл хаттар 1865-1866 жылдары жазылған. Абайдың тіршілік майданына жаңа шығып жүрген, жас ақын кезі. Сондықтан бұл хаттарды жас Абайдың өмірі туралы қағаз бетіне түскен бірнеше деректер деуге болады.

1. Хаттардың қазіргі сақталып тұрған жері Азия халықтарын зерттейтін институттың мұрағаты *(ф.5, №13, лл.50-51).*

Халиулла – Омбының Кадет корпусында оқыған, Абай жақсы көретін інісі, Шоқан сияқты әрі ойшы, әрі жазушы, ағасы Абайға зор әсер еткен, оқымысты жас ойшының бірі болған. Бірақ жастай өліп, артында оншалық із қалдырмаған. Абай орыс әдебиетінің терең сырларын, оның биік тұлғаларын, шалқып аспанға мегзейтін ұлы бейнелерін ең алғаш осы Халиулла арқылы білген. Халиулланың жаздықүні каникулға елге қайтқанда істеген істері халық жырларын жинау, екінші орыс классиктерін қазақ тіліне аударып, оны өзінің замандас, жақын достарының, туысқандарының алдында әңгімелеп айтып отыратын болған. Халиулланы жақсы білген Н.Максимов, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцевтердің жазуынша Халиулла Толстойды, Тургеновты, Салтыков-Щедринді, Белинскийді, Добролюбовты бірінші рет қазақ тіліне аударып, халық

эпосын жинап зерттеуде көп еңбек істеген. Бірақ аянышты жері жас ойшы жастай дүниеден көшіп, оның қолжазбалары әркімнің қолында кеткені байқалады. Дегенмен Халиулланың қолжазбаларын, әсіресе оның орыс-түрік соғысына (1876-1878) қатынасқанда жазған дәптерлерін тауып, көпшілік алдына тарту – аса қадірлі жұмыстың бірі болар еді. Өйткені оның жазғандарына туысқан елдер әдебиетінің ең алғаш тоғысқан түйіндері, олардың достық идеясы жақсы сипатталатыны байқалады. Кейін қол тиетін болса, бұл мәселені жеке зерттеп Халиулла туралы белгісіз жатқан деректерді көпшілік алдына тартпақ ойымыз бар.

Абай қолжазба мұраларынан біздің әдебиетшілердің жақсы білетіні Мүрсеиттің қолжазбасы, не оның кейінгі көшірмелері. Бұны, Абай өлеңін толық қамтыған, аса бағалы, негізгі бұлақ көзі деуге болады. Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі, үлкен кітапханада сақталмай, ауылда, сандық ішінде сақталып келген. Сандық түбінде жатқан сирек қолжазбалардың көбі бізге жетпей, көшпелі тұрмыстың жағдайында жоғалып отырғаны зерттеуші ғалымдарға бұрыннан мәлім. Егер Мүрсеиттің қолжазбасының тағдыры тап осындай болса, онда Абай ақынды жарыққа шығару тіпті қиын болар еді. Бірақ абырой болып, Абай өзгеше мәдениеттілігінен, бұл тамаша қолжазба жоғалып кетпей, кітапханадағыдай сақталып, енді жас ұрпаққа сәулетті мұраның бірі болып табылған. Тегінде, Абай өлеңдері өзінің тірі күнінде қолжазба түрінде жинақталып, орыс ғалымдары арқылы, жоғарыда көрсетілгендей, үлкен кітапханаларға түсе бастаған. Осы соңғы жылдар ішінде Шоқанның әдебиет мұраларын зерттеу үстінде, Абай шығармаларының

төрт тізбегін таптым. Олар: Бірінші – князь Кудашевтың тізбегі, екінші – Садуақас Мұсаұлының тізбегі, үшінші – Г.Н.Потанинның жинағы, төртінші – Н.Я.Коншиннің жинағы. Бұлардың ішіндегі ең ертеректе жазылғаны Г.Н.Потаниннің жинағы, бұл 1884 жылы жазылған. Абай шығармаларының топталмай, жеке-жеке шығып жүрген кезі. Г.Н.Потанинның өтініші бойынша бұл өлеңдер тобын Абай өз қолымен жазып, конвертте «Из Чингизской волости от А.К.» деген. Потанинге жіберген Абай өлеңдері көпшілікке тіпті мәлім емес, тегісімен жаңадан табылған өлеңдер. Оның ішінде үлкен поэма «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Жаңа закон» (1870) тағы басқалар. Он мың беттік бұл мұрағатты мен әлі толық зерттеп жеткенім де жоқ. Мұнда халық эпосы, заң жоралары туралы мәліметтер орасан көп. Оның көбі Күншығыс (қазақ, қалмақ, монғол, якут) тілдерінде, өйткені көзі ашық көкірегі саналы адамдардың Потанин сияқты өздерін жанындай сүйетін кеменгер кісіге жазбай қалғандары кемде-кем-ақ.

Абай өлеңдерінің бірінші рет топталып қолжазба жинағын Садуақас тізбегі деуге болады. Тегінде бұны бірінші рет тізген Жүсіп ақын Көпейұлы, Садуақас өз дәптеріне содан көшіріп жазған. Дәптердің ресми аты: Садуақас Мұсаұлы. 18 қазан, 1897 жылы. «Бұл кітапшаға «басшы» ат бердім, ғайырларға басшы болмағын үміт етіп», – дейді тізуші өзінің дәптерінің тысында. Мұндағы өлеңдер:

1. Айсабек. 1884 жылдағы Машхурдың өлеңдерінен. Қол Жүсіп Көпейұлынікі.
2. Мұсаны жоқтау. Жүсіпбектікі, 1885 ж.
3. Мінәжат
4. Әз-Баян

5. Ихлақ
6. Жетім

IX.А.Қ. ұғлының қазақ елінің үшбу замандағы ахуалларына мунасып (толғау) шығырларынден:

1. Көңіл қайтты
2. Өлең сөздің патшасы сөз сарасы
3. Қартайдық, қайғы ойладық
4. Қартайдық, қайрат қайтты
5. Байлар жүр жиған малын қорғалатып
6. Бәйге. Ат сыны
7. Сұхбат
8. Кесіп
9. Ішім өлген сыртым сау
10. Бүркітші
11. Жыл пасылы

Жинақ 1884-1891 жылдар арасында тізілген. Абай шығармаларынан басқа мұнда бірнеше ақынның жырлары бар. Оның ішінде қарауыл Арыстан Тобылбай ақынның, Шәкәрімнің, Жүсіптің, Садуақастың өзінің, тағы басқалардың. Садуақас осы дәптерін 1897 жылы (Абайдың тірі кезінде) Петерборға барған сапарында Петербор Университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П.М.Мериоранскийге сыйға тартқан. Қазір бұл дәптер Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, академик А.Н.Самойлович мұрағатында сақтаулы тұр. *(ГПБ, ф. 671. №94).*

Бір қызық жері, бұл дәптерде Абай өлеңдері барын П.М.Мелиоранский де, кейін Самойлович те сезіктенбеген. Егер білсе олар әлдеқашан пайдаланып, әдебиет жүзінде қаңқу бола бастар еді. Бұл қолжазбаның белгісіз қалуы сонша, кейін Абай туралы

академик А.Н.Веселовскийге арналған жинаққа мақала жазған Рамазанов та бұл туралы бір ауыз сөз қатпаған.

Абай өлеңдерінің жинағы тізілген Садуақастың бұл дәптері қазақ қолжазбаларының ішіндегі маржандай тізілген көркемінің бірі. Садуақас орыс әдебиетін, Күншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы білген. Мәдениетті кісі болғандықтан, Абай шығармаларына зор мән беріп, оны өз қолымен мұлтіксіз көшіріп, ғылыми кітапханаларға тапсыруы игілікті іс болған. Садуақастың бұлай істеуіне, әрине, ертеде өткен Шоқан мен Г.Н.Потанинның көлеңкесі себеп болуына сөз жоқ.

Садуақастың осы дәптерінен бұлжытпай көшірген бір нұсқасын 1897 жылы В.А.Кудашев қазіргі мемлекеттік география қоғамының кітапханасына тапсырған. Ол осы күнге дейін сол қоғамның мұрағатында сақтаулы тұр. В.А.Кудашев «Перевод киргизских песен и легенд» *(Архив госуд. Геогр. Общ. разряд №53 оп.I, №107, лл. 50-85).* Біз бұрынғы мақаламызда *(«Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары». Соц. Қазақстан, 21 сент. 1954ж. Вестник АНКазССР, 1955, №5),* Кудашев бұл өлеңдер тізбегін Абайдың өз ауылында, оның балаларынан жазып алған болу керек, – деп жорыған едік. Қазір Садуақастың жинағы табылғаннан кейін ол ойдан қайтып отырмыз. Өйткені, Садуақастың дәптері 1884-1891 жылдар арасында тізілген, екінші Кудашевтың жинағы осы Садуақас дәптерінен көшірілгені басынан-аяғына дейін айқын көрініп тұр. Бұл дәптердің жалпы құрылысын ешбір өзгертпестен, онда не болса соның баршасын тегіс көшірген. Сондықтан Кудашев тізбегіндегі Абай өлеңдері жоғарыда келтірген Садуақас дәптеріндегімен бірдей.

Н.Я.Коншин – Семейге айдауға келген орыс революционері. Абайды жақсы білген кісінің бірі. Ол Семейдің облыстық санақ комитетінде хатшы болып тұрғанда Абайды оған қадірлі мүшелікке өткізіп, П.Е.Маковицкий екеуі Абайдан қазақтың бұрынғы билік заңдарын, жора-жосындарын жазып алып отырған.

Коншинның жинағында Абай шығармалары сонша-лық көп емес. Ол кісі көбінесе саяси-шаруашылық тұрмысқа ерекше көңіл қоятын болғандықтан Абайдың тек қана азаматтық сарыны бар, мәдениетті, білімді, тұрмысты тебірентетін өлеңдерін ғана жазып алған.

Мәселен: «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ (ат сыны)», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Секілді қара-қарға шуласып жүр».

Өткен замандағы қазақ хикаялары. Бұл соңғы шығарма әлі жарыққа шықпаған. Белгісіз жатқан соны нәрсе, барлығы 29 бет.

Коншинның жинағы 1898-1901 жылдары (Абайдың тірі кезінде) тізілген. Бұл жинақтың негізгі арқауы Абай, Шортанбай, Жаяу Мұса өлеңдерінен құрылған. Н.Я.Коншин халық тұрмысын зерттеу үстінде азаматтық сарыны бар, саяси тіршілікті қозғайтын ақындар шығармасына баса көңіл қойып, оларды Петерборда оқитын қазақ студенттеріне елге каникулға қайтқанда аудартып отырған.

Абайдың өзіне тән әдебиет мұрасымен қатар, оның биографиясына керек мәліметтер де үлкен кітапханаларда, мұрағаттарда кездесіп отырады. Сондай күрделі деректердің бірі – Абайдың әкесі Құнанбай мен оның балаларын патша үкіметі айыптап, тергеу жүргізген істер *(О противозаконных поступках старшего султана Каркаралинского округа и волотсно-*

го управителя Ускенбаева. Ч.I. госархив Омской обл. Ф.3, оп.3, №3649. Начато 1854 г. И кончено 1861, лл. I-441; О султане Ускенбаеве, ч. П.ф. 3, оп.3, №3650, лл. I-II). Бұл деректерді роман жазушы Мұхтар көрмеген, бірақ оның тамаша жері ол кісі көрмегенімен, мұрағат деректері мен оның романында айтылған тарихи эпизодтар мүлде бірімен-бірі қабысып жатыр. Бұған қарағанда Мұқаңның қариялар аузынан жазып алған әңгімелері өзінің тарихи негізін бергі кезге дейін жоймай, мұрағатта сақталып тұрған деректермен қатар айтылып келгенін көрсетеді.

Тарихтағы болған істі қазақ қарияларының бұлжытпай айтатынын атақты ғалымдар Радлов пен Бартольд бір ғасырға таяу бұрын ескерткен еді. Ол кісілер Қазақстандағы жер аттарына, тарихи жәдігерлерге үлкен мән беріп: «оны тарихи дәуірде болған оқиғаның өзгерусіз келіп жеткен тілсіз дәлелі», – деп анықтаған. Шынында ойы шаршамай, даланың ашық ауасында өскен қариялардың жүз жылғы, не одан бұрынғы оқиғаларды мүлтксіз бірден бірге айтып жеткізуі – халықтың ертеден келе жатқан салты болған. Шыңғыстау төңірегінде болған оқиғада соның ашық бір мысалы.

Абайдың биографиясына керек деректің бірі – ол кісінің орыс-түрік соғысы кезінде (1876-1878), жазған ашық хаты *(УГИАЛ ф.1282, оп. I, №807).* Бұл хатта Абай панисламизмға қарсы шығып, қазақ халқын орыс әскеріне ат, киіз үй, тағы басқа түрлі көмек көрсетуге шақырған. Абайдың көп шығармалары «Дала уалияты» мен «Түркістан уалаяты» газеттерінің төңірегінде бүркеліп жүргені байқалады. Бірақ оларды зерттеп, шындығын ашуға әзір уақыт болмай келеді. Әдебиет

зерттеушілер тек қолындағы барға мәз болып, тереңге сүңгуді-зерттеуді қолға алмайды, тиіп-қашып үстінен аттап жүр, бір айтқанын қайта-қайта айтып, жаңалық ашуға ұмтылмайды. Біздің осы кішкене мақалада келтіріп отырған Абайдың қолжазба мұралары аз қазына емес. Оларды зерттеп соңына түссе, мәдениетімізге күрделі негіз болған бірнеше мәселені шешуге болады. Оның ішінде әсіресе Абай жырларының қай кезден тарай бастағанын, ол неше жинақпен қай жерде сақталғанын, тағы басқалар. Абай шығармаларының қазір басылып жүрген текстінде бірталай қателер, күмәнді жерлері бар. Оларды дұрыстап бір қалыпқа қою үшін жоғарыда келтірген нұсқалардың көмегі болмайды деп айту қиын. Екінші жағынан, Абайды зерттейтін жас ғалымдар үшін бұлар соны жатқан байтақ материалдар. Оған кандидаттық былай тұрсын, докторлық диссертация дайындауға болар еді. Бірақ бұлар, әсіресе Омбы мен Томдағы қазақ әдебиетіне тиісті материалдарды табу оңай жұмыс емес. Өйткені, Потанин мен Коншинның мұрағаттары әлі күнге ғылыми тәртіпке түспеген, шифрлары жоқ. Сондықтан бұдан бір-екі жыл бұрын Әдебиет институтынан әдейі зерттеу жұмысымен барған кісінің кейбір сирек мәліметтерді кездестіре алмай қайтуы ғажап нәрсе емес. Тегінде Абайға, Жаяу Мұсаға тән әдебиет мұралары әр жерде шашылып жүргеннен гөрі Орталық кітапханалардың бірінде топталса, ол жас ғалымдарға жеңілдік туғызып, өсетін мәдениетіміздің белгілі бір қазынасына айналар еді.

1963 жыл, 20 шілде.

АБАЙДЫҢ ЖАҢАДАН ТАБЫЛҒАН ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

Ленинград – Ұлы Октябрь революциясының бесігі, дүниежүзіндегі халықтардың ұлы көсемі болған В.И.Лениннің революция жолындағы қайраткерлік ісімен байланысқан даңқты қала. Орыс халқының кемеңгер адамдары, революциялық-демократтары Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың өмірі мен қоғамның істері, әдеби шығармашылық басқосулар да осы Ленинград қаласында өтеді. Ленинград осы тәрізді жұртшылық ісінің, тап күресінің қайнаған бір орталығы болғандықтан, оның толып жатқан ғылыми кітапханаларын да, мұрағат-қазыналарын да, музей-көрмелерін де өткен дәуірдегі тап күресін, ол кездегі қауым тіршілігін, оның ішінде ұлы орыс халқы мен өзге туысқан халықтардың тарихи дәуірден келе жатқан достық, туысқандық қарым-қатынастарын жеткізе суреттейтін тарихи, мәдени мұралар қазынасы өте бай. Бұл бағалы қазынаның ішінде көзге ерекше түсетін, әсіресе топталған қолжазбалар, қалың фолихиттар, тарихи құжаттар, қолдан не фотомен түсірген суреттер сирек жолығатын әдебиет кітаптар. Олардың көпшілігі бұрын артта қалған елдердің ұлы орыс халқының озат мәдениетіне араласу нәтижесінде, білімге, ашықтыққа, қараңғылық бұғауынан босануға талпынуды көрсететін,

көне қазіргі туысқан елдердің тарихына, әдебиетіне, жалпы өнер балаларына негіз болатын, аса бағалы мұралар. Олар мазмұн жағынан әр алуан болып кездесе, мұрағат, мұражай, кітапхана, сақтау орындарына әр уақытта, әр түрлі жолмен түсіп отырған.

Ленинградтағы тарихи мұралар сақтайтын орындардан көрнекті орын алатын әсіресе Қазақстан өлкесінен жиналған мағлұматтар. Олар мұнда XVIII ғасырдың 30-жылдарынан түсе бастады. Бұл кез қазақ халқы мен орыс халқының тарихи достығының жаңа-дан нығайып, өркендеген кезі еді.

Мұрағаттарда топталған тарихи құжаттардан басқа, бұл қазыналардың ішіндегі аса бағалылары сол кездегі Қазақстан өлкесін аралаған жиһанкез-жолаушылардың күнделік дәптерлері, ғылыми энциклопедияларды басқарып шыққан атақты ғалымдардың (академиктер Лепехин, Паллас, Фалық, Шреик, Северцев, т.б.) жазулары, Қазақстан өлкесін көп жылдар зерттеп, оның жаратылыс ерекшелігін, тарихын, жұртшылық тұрмысын терең түсініп, ғылымда аса көрнекті із қалдырған атақты орыс ғалымдарының (П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, В.В.Вельяминов-Зернов, А.С.Берг, В.В.Радлов, В.А.Обручев, т.б.) жазулары.

Орыс халқының ол кездегі озат, жаңашыл, кемеңгер ғалымдары өзін туысқан халықтардың тұрмысын, жер-суын, жаратылыс дүниесін зерттеуді өзіне аса бір игілікті іс деп білді. Сондықтан олардың жинап қалдырған бағалы мұралары, не зерттеген жазулары – қазіргі совет халықтарының достық, туысқандық тарихына негіз болатын өте құнды мағлұматтар.

Орыс ғалымдарының аса бір сүйе зерттегені қазақ халқының материалдық, рухани мәдениеті мен

шаруашылығы, соларды ашық, төндіре суреттейтін халық жыры бұларды ерінбей жинап, ғылымның қазынасы етуде зор еңбек сіңірген әсіресе география қоғамы төңірегіндегі ғалымдар, Москва, Ленинград, Қазан университеттерінің профессорлары. Бұл ғылыми орындар айтқан тақырыпқа толып жатқан күрделі еңбектер шығарып, өзінің кітапханаларында өте сирек жолығатын қолжазбаларды сақтады. Сондай қолжазбалардың бірі – Ленинградтағы Күншығыс халықтарын зерттейтін институттың кітапханасында сақталып тұрған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқалары, Абайдың Кадет корпусында оқыған інісі Халилуллаға жазған хаттары. Бұл жазбалар мұнда өткен ғасырдың 60-шы жылдары Қазан (кейін Ленинград) университетінің профессоры И.Н.Березин арқылы түсті. Оларды терең бағалап, Березинға жинап беруші Омбыдағы Кадет корпусының оқытушысы, Шоқан Уәлихановтың ұстазы – Костылецкий.

Костылецкий қазіргі Павлодар мен Омбы облысының арасында туып-өскен кедей шаруаның баласы. Ол жас күнінен қазақ тілін өзінің ана тіліндей жетік біліп өскендіктен, кейін Қазан университетінің Күншығыс факультетіне түсіп оқиды. Оны бітіріп шыққан соң Костылецкий Омбыдағы Кадет корпусына Күншығыс тілдерінің оқытушысы болып тағайындалады. Костылецкийдің бұл корпуста жүргенде атқарған қызметі Қазақстан тарихынан аса қадірлі орын алатын, оның жарқын бір беті.

Ол мұнда бір жағынан Уәлиханов сияқты прогрессшіл-демократ, ойшы-ғалымды тәрбиелеп шығарса, екінші жағынан бай мен патша ұлықтарының екі жақтап қандауында болған еңбекші бұқараның

мүддесін жоқтап, оған достық көрсетумен білікті болады.

Костылецкий Чернышевский бағытында тәрбие алған, ашық ойлы жаңашыл, демократ кісі. Сондықтан оның өмірі патша заманында қиыншылықта өтеді. Солай болса да ол өзінің жақсы көретін туысқан елі қазақ бұқарасынан қол үзбейді, олардың ауызынан «Қозы Көрпеш» жырының бірнеше нұсқасын, Абайдың хаттарын жинап, оларды өзімен бірге оқыған досы, Петербург университетінің профессоры И.Н. Березинге жіберіп отырды *(Чествование проф. И.Н.Березина в связи с 50 летием его научной деятельности. «Кир.Степная газета», Омск, 1890, №7).* Міне, осы Костылецкий сияқты кішіпейіл, жаңашыл орыс ғалымдарының достық ынтасы арқасында Уәлиханов, Абай, Алтынсарин сияқты алдағы адамдардың жазғандары көшпелі тұрмыста жоғалып кетпей, олар аса құрметпен жиналып, ең соңында үлкен ғылым орындарының кітапханаларынан қадірлі орын алады.

Міне, осындай қоғамдық маңызы зор әдебиет мұрасының бірі – Абайдың шығармашылығы.

Өткен дәуірдің дауылпаз озат адамы, әрі ойшы, әрі асқан ақыны Абай бар ақылын, ойын, барлық тіршілігін халық бұқарасының бақыты үшін жұмсап, олардың тілегін, ойын жарыққа шығаратын, асқан жыршысы болып өтті. Кемеңгер ақынның ой тербеуінен шыққан өткір сөздері бір ғана сол кездегі кертартпа қара күшті әшкерелеуге, надандыққа, кербілте пасықтыққа қарсы тұруға арналды. Ақын Абай өзінің шығармаларында қараңғылық бұғауында шөліркеген қазақ еңбекшілерін ұлы орыс халқының бай мәдениетінің шыңына өрлетіп, оның толып жатқан мөлдір бұлағынан шөлін қандыруды тілек етіп қойды.

Абайдың осы асыл сөздерінің қолжазбасы Отанымыздың белгілі кітапханаларында бар екені бүгінге дейін белгісіз еді және ол туралы еске түсіру әдебиет жүзінде кездеспейтін.

Дегенмен, еңбексүйгіш, кішіпейіл, туысқан елдердің мәдениет мұраларына достық көзбен қарайтын кемеңгер орыс ғалымдары – Абай мен Шоқанның қолжазбаларын жинауға да көп қамқорлық көрсетіп, оларды көздің қарашығындай сақтап келген.

Абай шығармаларының қолжазбасын соңғы кезге дейін сақтап келген Ленинградтағы География қоғамының мұрағаты. Бұл атақты ғылыми орынға Абайдың қолжазбасы 1897 жылы түскен. Оны жинап тапсырушы орыс ғалымы, әрі журналист В.А.Кудашев.

1946 жылы География қоғамының мұрағатында бір ғылыми мәселені зерттеу соңында отырып, әлден уақытта бір қолжазбалар тізбегіне кездестім. Мұрағаттың кейбір жазуларына қарағанда, бұл қолжазба Семенов-Тянь-Шанский, Масальский, Мелиоранский сияқты белгілі орыс ғалымдарының қолында болып, баспаға дайындалғаны байқалады.

Мен оған көңіл қойып, танысудан тілек еттім. Бірекі күн іздеуден кейін, мұрағат қызметкерлері орта көлемді бір папканы әкеліп, менің столымның үстіне қойды. Оның сыртындағы жазу: «Кудашев В.А, Перевод киргизских песен и легенд» *(Архив Всесоюзного геогр. общества, разряд 53, опись 1. №107).* Папканы алып қарасам, ескі араб әріптерімен жазылған, әр түрлі өлеңдердің қолжазбасы екен. Олардың ішінде Абай шығармаларынан басқа, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» әңгімесінің қысқаша мазмұны және бірнеше құнсыз өлеңдер де кездеседі.

Жинақ орта форматты (36х22 см), сүт түсті жылтыр қағазға жазылған, барлық беті-145. Әрбір өленнің қарсы бетінде орысша аудармасы бар. Жинақта Абай өленлері өз алдына жеке топталып, оған екі тілде (орысша, қазақша) ат қойылған: «О положении современных киргиз. Стихотворения А.К»; және «А.Қ. ұғлының қазақ елінің үшбу замандағы ахуалдарына мұнасып (толғау) шығармаларынан». Жинақта Абайдың аты-жөні толық көрсетілмей, тек инициалы ғана (А.Қ.) қойылған.

Баспаға дайындалған жинақ осы қалпында География қоғамы журналының («Записки Геогр. общества») 1900 жылғы №9 басылып шыққакшы екен, бірақ әрбір ғалымдардың кеңесінен кейін, ол Петербург университетінің профессоры П.М.Мелиоранскийдің қарап беруіне жіберіледі. Бұл туралы жинақтың сыртқы бетінде 1901 ж. 16 ақпан күні, География қоғамының ол кезде басқарушысы П.П.Семенов-Тянь-Шанский былай деп жазып қойған: «Имеем в виду напичатать в «Записках общества», причем просить П.М.Мелиоранского принять труды для редактирования».

Осындай қатынас жазулардың барлығында жинақ «Князь Кудашевтың қолжазбасы» атымен белгілі болды. Мелиоранскиймен қатынас қағаздың бірінде бұл туралы былай делінген: «Мелиоранскому «Направлено 14 декабря 1900 г. рукопись князя Кудаешва, в которых содержатся разине киргизские тексты, снабженные русским переводом».

П.М.Мелиоранский бұл жинақпен екі ай шамасында танысып, ол туралы жазған рецензиясын География қоғамына ақпанның 20-ы күні табыс етеді. Қазақ тілін көп зерттеп, оны жүйрік білетін Мелиоранский өзінің рецензиясында жинақтың жалпы бағытын дұрыс аша-

ды. Оның анықтауынша: «Главная часть труда состоит из нескольких сшитых вместе тетрадей; к ней приложены: 1) несколько отдельных листов о обложке с надписью и перевод и 2) несколько отдельных листов, в коих содержится вариант сказания о «Козы Корпеш и Баян сулу». Рецензияның енді бір жерінде: «Тексты эти довольно разнообразны по языку и по содержанию, а потому заслуживает внимания в различной степени».

Біз жоғарыда айтқан едік: «Жинақта Абай өленлерінен басқа тағы да бірнеше құнсыз шығармалар бар» деп, ондай құнсыз өленлер тобын (мінәжат, ғылым, махаббат, т.б.) Мелиоранский ауылдағы шала сауатты молдалардың балдыр-батпағы болу керек дейді. Мұнысы әрине өте дұрыс. Бірақ, жинақтағы өленлердің сапалық түрін Мелиоранский дұрыс айырса да, оның көпшілігі Абай шығармалары екенін айыра білген, оның рецензиясында Абайдың аты еш жерде кездеспейді.

Алайда басқа құнсыз өленлерге қарағанда Абай шығармалары тіл, көркемдік жағынан бүтіндей өзгеше, оның мазмұны, үні, естілуі бүтіндей басқа екенін Мелиоранский дұрыс айырады. Сондықтан ол ешбір бөгелусіз, былай деп ой қорытады: «Наиболее интересные в этом сборнике, главным образом по содержанию, следующие: «Время года», «Охотник с беркутом», «Сплетнику», «Описание женщин». Язык и слов этих произведений уже более или менее книжный» дейді.

Рецензиясын қорыта келіп, Мелиоранский жинақтың басылып шығуына тілек білдіреді және оның аудармасы, тексты дұрыс, қатесіз басылса деп кеңес айтады. «Приложенный перевод вообще говоря довольно верен, хотяне вполне свободен от ошибок и погрешностей, внесенных, правда отчасти переписчиком». Тағы

бір жерінде: «Очень желательно, чтобы текс был напечатен не только арабскими буквами, но и русской, академической, лингвистической азбукой и чтобы перевод ее был пересмотрен и кое где дополнен и исправлен».

Күншығыс халықтарының тарихын, әдебиетін, тілін зерттейтін ол кездегі атақты ғалымның бірі П.М.Мелиоранский, өзінің рецензиясында бұл Абай өлеңдері тізілген жинаққа дұрыс сын көзімен қарап, оның қатесіз, сапалы болып шығуы туралы бағалы кеңестер береді. Бұл әрине, География қоғамы мен оның төңірегіндегі ғалымдардың бұл жинаққа өте көңіл қойып, оны жарыққа шығару жолында бірталай еңбек сіңіргендіктерін көрсетеді.

Абай өлеңдерін ең алғаш рет жинап, География қоғамының кітапханасына тапсырушы жоғарыда көрсетілген орыс ғалымы және жазушы журналист Владимир Кудашев. Ленинградтағы Пушкин атындағы мұражайының мәліметі бойынша В.А.Кудашев ол кездегі орыс халқының кемеңгер жазушылары мен атақты ғалымдарының көбімен дос болып, ой бөліскен адам екені байқалады. 1902-1904 жылдары ол «Земледельческая газетаның» редакторы болып, оның бетінде ауыл шаруашылығын, оның ішінде егіншілік ісін, мал шаруасын техникаға сүйенген жаңа бағытта өркендетуді мәселе етіп қояды. Сол кездегі жазушылардың біріне жазған хатында: «Я принял ее («Земледельческую газету» А.М.) в конце декабря 1901 года фавтически в начале января 1902 г с 370 подписчиков. Теперь их 2880 и подписка идет и сейчас, а портфель совершение пустой в начале теперь идет кабинет огромный массей статей. Тем не менее об улучении дела долг каждого. Помогите

мне со своей стороны. Вл. Кудашев» *(Архив Пушкинского дома (Ленинград), ф. 5506 XXVIII б л. 103).*

Дегенмен бұл газетте Кудашев ұзақ уақыт тұрмайды, 1905 жылғы революция кезінде одан шығып қалады. «Земледельческая газетада» жазылған кейбір ашық хаттарға қарағанда Кудашевтің бұл газеттен кеткені, ол кездегі шаруа мамандарына бірталай әсер етеді. Олардың жазған хаттарында: «Мы глубоко сожалеем о вашем уходе, не имея уверенности, что велика дело, Вами начатое, будет столько же горяче поддерживаться вашим преемником. За ваше редакторское время Вы заставили многих из нас задуматься над теми живыми вопросами, которые окуржают нас, и пока составляют в сельском хозяйстве всю живую суть. Это вопросы техники, вопросы внутреннего распорядка хозяйства... нужны сжатые, краткие технические указания, добытые наукой и практикой, а такими указаниями являлись ваши статьи и ваша «Земледельческая газета», которая при вас шагнула, в этом направлении еще дальше, чем при покойном Баталине» *(«Земледельческая газета», 1904, №20).*

1. О нуждах нашей сельско-хозяйственной промышленности *(Там же, 1903, №12-22).*

2. Из нашего опыта об уборке хлебных растений *(«Земледельческая газета», 1909, №1-11).*

3. Наличности в Деркульском государственном конном заводе особой породы коз *(«Земледельческая газета», 1903, №15).*

Ауыл шаруашылығын жүйрік білетін Кудашев белгілі экономист Кауфманды аяусыз сынап, оның Сібір мен Қазақстан өлкесі егін шаруасына жарамсыз деген қате пікірлерін теріске шығарады *(Архив Пушкинского*

дома, фонд 36, оп. 2, №213). Бұл мәліметтің барлығы, әрине Кудашевтің ғылым мен практикалық істерге белсене қатынасқан, белгілі қоғам қайраткері екенін сипаттайды. 1895 жылдан ол География қоғамының мүшесі болған. 1896-1898 жылдары қыр облыстарын зерттеуге Щербина бастаған ғылыми экспедиция шыққан болатын, онымен қатар сол жылдары Кудашев те Қазақстан өлкесін аралап, жылқы өсіру және оның тұқымын асылдандыру мәселесімен шұғылданады. Бұл кісі үш жыл бойы, қысы-жазы ұдайымен қырда болып, төрт түлік малды дұрыс бағытқа қойып өсіру туралы шаруалармен ой бөліседі, оларға сөзін айтады.

Бірнеше жыл дала кезіп зерттеуден кейін Кудашев, жылқы өсіру мәселесіне арнап күрделі екі еңбек жазады. Оның бірі: «Очерки современных условий Акмолинской области» *(«Журнал коннозаводства», 1897, №2 стр. 1-135);* екіншісі: «Очерки состояния коннозаводства вообще и коневодства в частности за 1897 г. в Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской областях» *(там же, 1898, №4, стр. 1-51, №5, стр. 46-143).* Кудашевтың қыр жылқысын асылдандыру жұмысына арналған ғылыми еңбектерінің бірі: «Как увеличить рост калмыцкой лошади» *(«Журнал коннозаводства», 1900, №10),* «Наставление для калмыков-коневодов» *(там же, 1900, №9).* Бұл екі еңбектің мазмұны да көп жылдар ішіндегі жазылған Кудашев еңбектерінің қайсысы болса да өте терең, мағыналы, оның барлығы жетік түсіне жазылған, сондықтан олар өзінің ғылыми маңызын әлі күнге жойған жоқ, қайта кейбір үстіртін жазылған еңбектерден анағұрлым артық тұрады. Бұл еңбектерге Кудашев жылқы өсіру жұмысының кемшілік

жағына көбірек тоқталып, оны қалай дұрыс жолға қою туралы кеңес береді.

Кудашевтің ұзақ аралаған жері революциядан бұрынғы Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай облыстары. Өзінің ғылыми еңбегінде Кудашевтің көтерген мәселесі, біріншіден – осы айтқан өлкелердің географиялық, геоботаникалық характеристикасы, оның ішінде мал асыраудың азық қоры болатын жайылым, шабынды, пішен туралы. Жердің өсімдігіне, ауыз судың мол не тапшылығына қарай, жайылысты Кудашев бірнеше группаға бөледі. Мәселен, Көкшетау-Қостанай группасы, Атбасар-Ұлытау группасы, Сарысу группасы. Бұл соңғы группада Кудашевтің ерекше маңыз бергені жайылыс орындары – Ескене, Қарағаш, Ақтау, Атасу өлкелері. Мал асыраудың азық қоры болатын жерлерге берген характеристикасында Кудашев былай деп жазады: «Центральные и Южное возвышенности Акмолинского уезда, служащие водоразделом Сарысуйского бассейна, с одной стороны отсистемы реки Нура и бассейна обширнейшего озера Кургальджин-тенгиза, а с другой, от бассейна озера Балхаша, в следствие обилия стекающих по ним пресноводных источников, ранним летом бывают покрыты превосходной кормовой растительностью (Курсив мой. А.М.). И здесь та же кормовая растительность, что и в Кокчетавском уезде, но быстрее и полнее засыхающая при отсутствии атмосферных осадков, каковых в общем здесь к тому же и несравненно меньше. Такой же характер имеют горы Нельдинские, Актавские, Ортавские и пр., группирующиеся в юго-восточной части уезда и дающие целый ряд речек и ключей к Северу, Северо-западу и Югу. Благодаря означенным водным источникам, они так же покрываются

обильною кормовою растительностью, достигающею в течение всей летней половины года превосходной подножный корм весьма многочисленным Киргизским табунам различных домашних животных» *(В.А.Кудашев. Очерк Совр. условий Акмол. обл. «Журнал коннозаводства», 1897, №2, стр. 3-4).*

Кудашевтің жеке зерттеген жерінің бірі Атбасар, «Есіл бойымен, Арғанаты-Ұлытау төңірегі. Ол жерлердің шаруаға пайдалы қасиетін жазушы былай деп анықтайды: «Атбасарская группа Аргантинско-Улутауских гор, также дающая многочисленные истоки по трем направлениям: На Север в р. Ишим, на Юго-Восток в р. Сары-Су и на Запад так называемые Тургаи, также весьма богата нормовыми травами и служат центральным местом кочевок, т.е. пастбищного скотоводства *(В.Кудашев, Указ. соч. стр. 4-5).*

Кудашевтің ойынша, ол кездегі Ақмола облысының солтүстігі көбінесе егін шаруасына қолайлы болса, оңтүстік аудандары бір ғана мал өсірудің орталығы. «Те местности, которые осмотрены мною (Атбасар, Акмола, Баянаул), – дейді жазушы, – по превосходнейшей нормовой растительности и по обилию ручьев и речек кристальной чистоты представляют едвали не лучшие условия для широкого разведения всех домашних животных» *(Там же, стр. 11).*

Бұл жазуларына қарағанда Кудашев Қазақстан өлкесін аса терең түсініп, оны дұрыс, ашық айыра білген кісі. Бұл Бетпақдала шөліне берген анықтауынан да айқын көрініп тұр. Бетпақдала туралы Кудашев былай дейді: «Самая Южная часть области (Акмолинский) между 45° и 48° см приблизительно т.н. Бетпакдала покрыта сыпучими песками – барханами (Джеты-Конур)

и представляет собой плоскую возвышенность с глинисто-известковой, нередко безусловно непроницаемой для атмосферных осадков. Органическая жизнь возможно здесь лишь в течение первых недель, редко месяцев весенней вегетации растений и за сим такогоже времени в конце осени, когда с наступлением дождливого периода, благодаря даже обилию нередко атмосферных осадков, растения вновь оживают» *(Там же, стр. 6).*

Көп жыл зерттеу соңында Кудашев жер-суды жетік білумен қатар, шаруалардың жерді қалай пайдаланып, жайылысты қай түрде өткізуіне де ерекше көңіл қояды. Бұл туралы жазған бір жерінде Кудашев былай дейді: «С первым весенним теплом каждый аул высылает опытнейшех из своей среды джигитов для внимательнейшего и детальнейшего исследования уровня воды во всех вместилищах ее степи: в озерах, ручьях, логах, даже кратковременних лужах, со сколько-нибудь значительным скоплением весенной снеговой воды, и только после тщательного выяснения наличных количеств степной воды, не общем совесте аула установливается порядков всей летней его кочевки» *(В.А.Кудашев. Очерк соврем. условий. Акмол. обл. стр. 16).*

Ауыл шаруасына аса тиянақты, тесіле қарайтын ғалым кісі Кудашев те қана мал шаруасын зерттеп қоймай, отырықшы егіншілік ісіне де көңіл бөліп, оның ерекшелігін ашпақшы болады: «Продольные и поперечные долины, – дейді Кудашев, – по которым протекают водные артерии, представляют нередко возможность проведения оросительных каналов-арыков и облегчают местным, в большинстве, впрочем лишь обедневшим киргизам, тяжкий труд хлебопашества, каковым

именно здесь кочевые население изо всей Акмолинской области занимается в наибольшем размере» *(Там же, стр. 4)*.

Кудашевтің дұрыс анықтауынша, революциядан бұрынғы ауыл шаруасынан көрнекті орын алған жылқы мен қой, одан кейін сиыр, түйе мен ешкі өсіру ісі сондайлық көрнекті орында болмаған. Мал өсірудің ол кездегі әдісі Кудашевтің айтуынша өте нашар, артта қалған. «Основные приемы, – дейді Кудашев, – отсталые, примитивные. Все виды животных, разводимых казахами представлены сами добывать коры и летом на привольных пастбищах и зимою на искони избранных «тебеневках»-местностях, выковым опытом народа признанных пригоднейшими все зимние непогоды и добывать себе в течение всей зимы коры из-под снега, передко весьма глубокого» *(В.А.Кудашев, Очерк состояния коневодства в Акмолинской, Семипалатинской и Семир. областях. «Журнал коннозаводства», 1898, №4, стр. 15)*. Осыларды айта келіп, малды қыстықүні сары кардың үстінде бір ғана тебінмен өткізуді аса аяусыз, мал өсіру ісін ілгері бастырмайтын, ең артта қалған әдіс, – деп ой қорытады.

Қазақстан өлкесін кезгенде Кудашевтің негізгі зерттеген мәселесі қыр жылқысының мүше құрылысы, бәдені, оның сапалы, сапасыз түрлерін айырып, жетілген түрлеріне көңіл бөледі. Қазақ жылқысының жақсы қасиеттерінен Кудашевтің тапқаны – олардың аштыққа, суыққа, жұмысқа төзімділігі, мүше, тұяқ бітістерінің құрыштай беріктігі, майырық, мәстек тұяқ еместігі. Осы сияқты ерекшелігін анықтай отырып, Кудашев қазақ жылқысының әскери қызметке, қатынас ісіне аса пайдалы екенін дәлелдейді.

Сыртқы дене құрылысымен сапалы түріне қарай Кудашев қыр жылқысының қарабайыр, арғымақ деп үлкен екі топқа бөледі. Бойының сұңғақ, бәденді келіп, тұяғының беріктігі бойынша Кудашевқа артық ұнаған әсіресе Сарысу, Ақтау, Ортау жылқысы. Дала кезуші ғалымның байқауынша, бұл жердің жылқысының бас сүйегі жеңіл, денесі көрнекті, мүше құрылысы бәденді, жергілікті жылқы тұқымын асылдандыруға негіз боларлық екенін дәлелдейді. «Актауские лошади, – дейді Кудашев, – ближе всего к типу небольшой, но очень крепкой горной лошади, весьма пригодной для горных вьюков и легкой горной артиллерии. Особенно хороши у них суставы передних и задних конечностей, чрезвычайно сильны и в тоже время гибки бабки с превосходными стальной крепости, копытами» *(В.А.Кудашев, журн. коннозаводства, 1898, №4 стр. 73)*. Кудашевтің терең, нәзік бақылауынша, Ортау жылқысы өзге қыр жылқысынан бәденді, сұңғағырақ әрі жеңіл: «Лошади Ортауской волости, – дейді Кудашев, – более близки к типу верховых. По росту, формам и деталям экстерьера они ближе всего подходят к лошадям актауской волости, будучи сровнительно с последними и лучшими затылком» *(Там же, 1898, №4, стр. 81)*.

Қыр жылқысының кемшілік жағынан Кудашевтің көрсеткені – олардың қорат сұңғақ еместігі, желкесінің қысқа, қаз мойын түрде кездеспеуі. Бұл кемшіліктер жылқының товарлық құнын түсіретін, аса сезікті кемшіліктер. Сондықтан жылқы тұқымын асылдандырып, оларды сапалы түрде жеткізу – зор шаруашылық мәні бар іс деп табады. Бұл туралы былай дейді: «Совокупность приемов и методов провительственного

конного завода должна быть направлена, по моему мнению, лишь к увеличению роста казахской лошади и к изменению некоторых деталей ее экстерьера, всеми, силами сохраняя при этом драгоценные свойства: а) изумительную неприхотливость к корму и водопою; б) не менее изумительную выносливости при всякого рода климатических невзгодах и условиях и находчивость в борьбе при наступлении таковых; в) наконец способность казахской лошади к любым работам, передвижениям на любые расстояния и полную не утомимость» *(Там же, 1898, №4, стр. 48)*. Жылқы өсірудегі жалпы кемшіліктерден Кудашевтің баса айтқаны әсіресе жылқыны аяусыз ұстау, оны қысты күні ешбір баспасыз, айдалада үксірік аяздың астында қалдырып, аяғымен мұздақ қарды тептіру, одан мәсе қыларлық ауыз от алып жей алмау. «Мынау қыстың ұйтқып соққан бораны, – дейді Кудашев, – одан жер беті екпініне ешбір жанды зат шыдап төзуге мүмкін емес. Бірақ ашыққан жылқы жануарлар сол үскірік-аяз бен сұрапыл боранның өзіне төзіп, көк мұздақ қарды ашып, шөп алып жеуге тырысады». Енді бір жерінде жылқыны қыс бойы былай тебінде қалдыру – мал шаруашылығындағы ең қатал, ең аяусыз, ең артта қалған әдіс деп кесім шығарады. Бұл артта қалған қатал әдісіне қарсы мал шаруашылығын жоғарғы сатыға көтеріп, оны рационал түрге қоюдың жолдарын көрсетеді.

Кудашевтің ол кездегі артта қалған ауыл шаруасын сонша терең түсініп, оған өте достық, аяныш қарағаны тағы да мынадан көрінеді: «Вся эта совокупность крайне безжалостных на практике приемов зимней тебеновки животных, по существу представляющих собою отнюдь не одну лишь нелепости или рутину, а прошлом

ее в особенности, при таких условиях киргизская кобыла, например объязательно почти каждый год жеребая и всегда значительно ослабленная за лето слишком усердно взимаемрй с нее данью-молоком на кумыс и жеребенку, обречена тебеновать всю зиму без всякого корова или какой-либо то ни было защиты от морозов и снежных бурановн порою воистину нестерпимых, и при этом тянуть еще за собой и кормить всегда голодного, истощенного сосуна кормиться самой, питая в тоже время утробного жеребенка почти всегда недостаточным качественно, а иногда и количественного корма, добываемым ею не без тяжелых порою усилий из под снега, нередко весьма глубокого» *(В.А.Кудашев, 1898, №4, стр. 5)*.

Мал шаруашылығын көп жыл зерттеген Кудашев шаруаға аса зиян келтіретін жұт пен қасқырды да ұмытпайды. Оны қалай құрту туралы мәселе көтереді. Бұл екі зиянды күшпен алысуда Кудашевтің ерекше көңіл бөлгені сол кездегі мал бағатын шаруалар мен жылқышылардың ауыр халі. Жазған еңбектерінде ең жылы, достық сөзін соларға арнап жазады.

– Ауыл шаруашылығына зиян келтіретін екі түрлі күш бар, – дейді Кудашев, – ол жұт пен қасқыр. Бұл екеуі ежелден мал шаруасын ілгері бастырмайтын үлкен апат. Міне, осы екі дүлей күшке аянбай қарсы тұрып, төзіп күресетін бір ғана мал шаруасының сенімді досы – жылқышы мен қойшы. Қысқы үскірік аязда, азынап соққан боранда жылқыны бір аяда ұстап тұру мүмкін емес, өйткені жылқы боранның ызғарлы екпініне шыдамай, шұбырып ыға бастайды. Бұл кезде қасқыр да құтырады. Міне, осы дүлей күшке қарсы тұрып, ерлік, қажырлылық көрсететін тек қана жылқышы. Олардың

қажыр-қайратының үстіне адамда сирек жолығатын күш-қуаттың молдығы, жырынды, тапқыш болуы. Ғасырлар бойы жасалған халық тәжірибесі оларды бір ғана, жаратылыс стихиясына қарсы тұруға бейімдеп тәрбиелеген. Сондықтан олар күннің ашық жабығында бірдей жол тауып, жерді, тау тастың қуыс-қуыстарын жітік айыра біледі. Қандай сұрапыл боран болса да олар жылқыны ықтырмай, оны таудың жел аз сағатын ығына, не орман ішіне, не қораға әкеп қамап, қалайда аман сақтап қалуға ұмтылады.

Тілге шебер, білім мен тәжірибені бірдей қару ететін ғалым кісі ол кездегі артта қалған шаруа түрін аса төндіре сипаттайды. «Зимние непогоды, мятели и бураны, подчас поистине невыносимые, длящиеся нередко по целым неделям, когда изголодавшиеся табуны животных, лишенные буквально всякой возможности добывать себе пищу из-под снега (все, что рагребут они ногами тут же вслед заносится опять целыми тучами снега), обезумев от голода и холода, преследуемые стаями волков, гонимые ураганом, в паническом ужасе двигаются лишь вперед и по ветру и погибают тысячами, поподая в овраги, в озера с соленой водой, мало или совсем незамерзающие, в различные трущобы...» *(В.А.Кудашев, Очерк свор. условий Акмол. обл. «Журнал коннозаводства», 1898, №2, стр. 27).*

Кудашевтің достық көзімен аса сүйсіне жазғаны әсіресе сол кездегі жылқышылардың ауыр халі.

«В непогоды смелеет зверь, исчезает всякая дисциплина в табунах (обыкновенно она очень строга), обезумевсая от голода и холода животные в панике несутся по ветру, нередко на прямую и неизбежную гибель свою. И вот тут-то необходима изумительное воистину мужество, энергия и распрядительность, огромное знание местности и нечеловеческие силы, чтобы сбить табуны, напровить их и упереть в какую-либо защиту: в лес, болото, подходяще расположенные каменистые (горные) месности и.т.п. или пригнать их к своим зимовкам отбиваясь неустанно в тоже время от нахально налетающих на табуны волков... И весьма нередки случаи, когда эти скромные герои, после двух, трех и боее иногда суток отчаянной борьбы с непогодой, после нечеловеческих усилий, не имея сухой нитки не плечах и в конец истащенные голодом, падали замертво с лошадей, ис счастье если буран утихал или стаи волков не набегали на них... Зато благодарная степь из рода в год передает имена этих скромных самоотверженных героеве успевших ценою своего здоровья, нередко самой жизнью вывести и опасности и спасти табуны животных...» *(Там же, стр. 28).*

Ол кездегі аянышты нәрсе, жылқышы осы сияқты қанша ерлік көрсетіп, қыруар малды аман сақтап қалса да, олардың еңбегі еш болып, істеген ерлік істері дұрыс бағаланбады, ол онымен тұрсын, олардың бар өмірі байлардың тепкісінде, қиналуда өтеді. Осыларды төндіре жазған орыс халқының кемеңгер ғалымы В.А.Кудашев ол кездегі мал бағушы қазақ шаруаларына өзінің достық, қамқорлық көңілін білдіріп, олардың ауыр халіне аса аянышты, күйіну кезімен қарайды.

Міне, осы сияқты жарқын ой-пікірлер айтып, күрделі еңбек жазған Кудашев ол кездегі Қазақстан өлкесін аса жүйрік білген кісінің бірі екені көрінеді. Оның мұндай жарқын, мағыналы еңбек жазып және Абай өлеңдерін бірінші рет жинауы, тіпті кездейсоқ деп айтуға болмайды, оның барлығы Кудашевты Абайдың

жаңадан табылған көп достарының бірі етіп көрсетеді. Бірақ Кудашевтің ол кезде кім болғаны, оның саяси-қоғамдық бағыты қай түрде болғаны бізге әзірше мәлім емес, оны зерттеп ашу – Абайды зерттеуші ғалымдардың келешектегі міндеті.

Қазақстан өлкесінде көп жылдар ғылыми-зерттеу жұмысын өткізіп, мал бағушы еңбекші шаруалармен тығыз байланыста болған соң, Кудашев олардың тұрмысын жете біліп, онымен қатар олардың тілін де жақсы түсінеді, рухани тіршілігіне де ерекше көңіл қояды. Оның айтуынша, мал шаруашылығы туралы жиналыс, кеңестер болғанда ол қазақ тілінде сөйлесіп, кеңес үстінде шаруа туралы айтылған мақал, жыр, әңгіме, тақпақ сөздерді жазып алып отырады. География қоғамының мұрағатында сақтаулы тұрған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» әңгімесінің соңғы бетінде: «Бұл легенданы мен Лепсі мен Қапал уездерінен жазып алған едім» дейді Кудашев, онда қойылған датасы 1897 жыл, 19 сәуір. Тағы сол жылғы (1897) дәптерінде: «Биылғы жылдың төрт ай шамасындайын Семей мен Жетісу облыстарының аралық аудандарында өткіздім. 12 мың шақырымдай жер шарлап, барлық белгілі жайлауларды, жергілікті тұрақ орындарды аралап көрдім. 800 шақырымдай Бетпақдала шөлімен жүріп өттім» дейді *(В.А.Кудашев, Очерк состояния коневодства... «Журнал коннозаводства», 1898, №4, стр. 17).*

Бұл сапарында Кудашевтың көбірек тоқтаған жері Абай жасаған Аягөз бен Бақанас өзендерінің бойы, Шыңғыс тауының бөктері. Ол кезде Абай тірі. Бірақ Абаймен жүз көрісіп кездескені туралы Кудашев еш жерде еске түсірмейді, өзге жердің адамдарын ол есіне жиі түсіріп отырады. Қауым тұрмысын терең түсінген,

кеменгер ойшы Абаймен сұхбатта болса, ол әрине, Кудашев сияқты ғылымға зор табыс болар еді, бірақ бұл туралы оның жазуларында ешбір із сезілмейді. Оған қарағанда бұл кезде Абай Шыңғыстау төңірегінде болмай, уақытын Семейде өткізгенге ұқсайды. – Олай болғанда Абайдың шығармаларын Кудашев қай жолмен қолына түсірді? – деген сұрақ туады. Барлық жағдайға қарағанда, жолаушы ғалым ақынның шығармаларын оның өз қолынан алмай, Бақаназта, не Шыңғыс тауының етегінде (Жидебай, Ақшоқыда) отырған Абайдың үйінен, оның балаларының қолынан алғанға ұқсайды.

Кудашев жинағына кірген Абай өлеңдері:

1. Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да (12 жол),
2. Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы (52 жол),
3. Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек (50 жол),
4. Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман (48 жол),
5. Қыран бүркіт не алмас салса баптап (12 жол),
6. Байлар жүр жиған малын қорғалатып (32 жол),
7. Сұхбат:
   а) Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат (40 жол)
   б) Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін (41 жол)
8. Кәсіп:
   а) Ұрлық-сұмдық, қулықпен мал табылмас (24 жол)
   б) Аш қарын жұбана ма майлы ет жемей (16 жол)
9. Ішім өлген, сыртым сау (56 жол)
10. Бойы бұлған (20 жол)
11. Бүркітші (38 жол)
12. Жыл фасылы:
   а) Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан (24 жол)

б) Қараша, желді-тоқсан сол бір екі ай (56 жол)

в) Жазғытұрым қалмайды қыстың зілі (38 жол).

Бұл жинаққа көзге ерекше түсетін нәрсе, Кудашев ақынның бір ғана өз ойын шығарған жырларын, оның ішінде, көбінесе қоғам тіршілігін, шаруашылықты, календарьды сипаттайтын жырларын алуға тырысқан. Жинақта Абайдың ұлы орыс халқының классиктерінен аударған жырларының бірде-бірі кездеспейді. Ол кезде қырда көп айтылатын «Татьянаның хаты» атты А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан аударған даңқты өлеңдері де жоқ. Сол сияқты махаббатты, көңіл-күйін жырлайтын «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем Қаламқас» сияқты өлеңдер, болмаса сол кездегі саяси-қоғамдық тіршілікке арналған «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» атты өлеңдері де кездеспейді. Мүмкін бұл шығармаларды Абай Кудашевтен кейін жазуы таңданарлық іс емес. Өйткені, Кудашев Бақанас пен Шыңғыстау төңірегінде болғанда (1897) Абай 52 жаста, ақынның ой-өрісінің әбден шарықтап, тәжірибесі молайған кезі. Бұл дәуреннен кейін Абай тағы да жеті жылдай өмір жасап «Есіңде бар ма жас күнің», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жалын мен оттан жаралып» сияқты бұрынғы қанаушы тапты әшкерелейтін соңғы ызалы сөздерін шығарады. Мұның барлығы Кудашевтің жинағын табумен байланысты Абай ақынды зерттеушілерді ойға түсіретін аса керекті мәселелер.

География қоғамының кітапханасында сақталып тұрған Абай өлеңдері сыртқы түріне қарағанда басқа бір қолжазбадан көшіріліп алынған бұл қолжазба 1898 жылдары В.А.Кудашевтің қала жағдайында отырып орысшаға аударып және мүлтіксіз таза жазып

баспаға дайындаған нұсқасы. Оның олай екені профессор Мелиоранскийдің жоғарыда келтірген рецензиясынан және жинақты баспаға дайындаудағы әрбір ұсақ жазулардан айқын көрінеді. Олай болғанда бұл жинақтың түпкі нұсқасы қайда? Оның қағазы, жазу түрі қандай? Оны Кудашев қырдан Петербургқа әкелді ме, жоқ болмаса, жинақты осы таза қалпында орысша аудармасымен қырдың өзінен баспаға дайындап әкелді ме? Міне, бұл сұраулар Кудашевтің толық мұрағаты табылмай шешілуі мүмкін емес.

Кудашевтің баспаға дайындаған нұсқасы түпкі нұсқадан өте шапшаңдықпен асығыс көшірілген. Сондықтан ондағы әріптердің жазылуы ашық емес, жүрдім-бардым, кейде тұтас сөздің өзі түсініксіз, шала жазылған. Мысалы: хайыршы – жәбірші, афғал – ахуал, жиранып – жиратып, шуда – шоқ, тенгіл емес, тыңламас, малма сафсыйди-Сафа садый, ендікінді, ептеп – еблеп, пейіл – пыйғыл тағы басқалар. Дегенмен, Абайдың өлеңдерін Кудашевке көшіріп жазушы көзі ашық, сауатты, хатқа бірталай шебер кісі. Ол қолжазбаның әдемі, мүлтіксіз таза жазылуынан ашық аңғарылады. Оның үстіне қолжазбаның Абайдың автографы мен ұқсастығы көрінеді. Сондықтан, мұны көшіріп жазушы не ақынның өз балаларының бірі де, не оның тәрбиесінде болып, өлеңін жинаған Абай төңірегіндегі жас ақындардың бірі екені сезіледі.

Жинақ сол кезде қолданған ескі орфографиямен жазылған. Оның өзгешелігі қазақша айтылатын «ж» әрпінің орнына көбінесе «з», «да», «те» элементтердің «ла», «ле». Мысалы: «йүрген – жүрген», «ізлемей – іздемей», «аңлау – аңдау».

Екінші жағынан, Кудашевтің жинағында Абайдың өзіне жас өзгешеліктері де аз емес. Оның ашық дәлелі

жинақта Абай атының толық жазылмай, тек инициалы ғана тұруы. Мұның себебі мынадай еді: Поэзияның құнын түсіріп, оны тек мал жинаудың былғаныш қорегіне айналдырған, сатымсақ ескі ақындарға Абай өте жирене қарап, баспа жүзінде олармен қатар атын қоюды өзіне мін көрді. Сондықтан баспаға берген өлеңдерін ақын тірі күнінде өз атынан шығармай, маңайындағы өзге ақындар атынан шығаратын болады, не болмаса тек инициалын ғана қойып жазады («Қап алып»). Абай осы инициалмен «Дала уалияты» газетіне бірнеше мақалалар жіберген, бірақ олар басылмай қалған. Газет редакторының Абайға қайырған бір жауабында: «Автору письма из степи Қ.А. для напечатания Вашей статьи относительно Копеева нужно знать Ваш адрес» *(«Дала өлейеті» газеті, 1890, №16)* деген. Бірақ Абай толық атын жұрт алдында көрсетуді өзіне мін көріп, баспа жүзінде көп уақыт белгісіз болады. Сол сияқты әрбір қолжазбасында Абай өз атын қойдыруға рұқсат етпегені байқалады. Кудашевтің жинағы Абайдың осы тілегін тура, айқын көрсетеді.

Бұл жинақтағы өзгешеліктің бірі, Абай шығармаларына сол кездегі саяси-қоғам тіршілігін айқын түсіндіретін етіп ат беруінде (А.Қ. ұғлының қазақ елінің үшбу замандағы ахуалдарына мұңдасып (толғау) шығарылған. Өзге жинақтарында, не басылған нұсқаларында бұл ат басқа түрде кездеседі. Оның үстіне Кудашевтің жинағы бойынша, Абай әрбір жырларына да жеке-жеке ат беруге тырысқан. Мысалы: «Сұхбат», «Махаббат», «Бүркітші», «Кәсіп», «Жыл фасылды».

Абай бұл жинақта «шығарма» («творчество», «произведение» мәнінде), «сөз шарасы», «сөз таңу», «нұрын төгу», «безендіру» («украшение» мәнінде) сияқты әдеби тілге бірталай жаңалықтар келтіретін

жаңа ұғымдар, тіл көркейтудің жаңа түрлерін енгізеді. Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде ондай тіл көркейту құралдары кездеспейді. Кудашевтің жинағының бағалы болуының тағы бір себебі, мұнда кемеңгер ақынның өз жазуымен қатар орысша аудармасы бірге берілген. Бұл Абай шығармаларының ұлы орыс халқының тіліне бірінші рет аудармасы. Бұл факті де зор тарихи-қоғамдық маңызы бар игілікті істің бірі.

Кудашевтің жинағы Абай шығармаларының ішіндегі мазмұн жағынан құндылығы, текст жағынан ғылыми негізге сүйенген ең дұрысы екені байқалады. Мұнда бергі кездегідей әрбір көшіріп жазушылардың жанынан қосқан сөздер жоқ. Жыр прогрессившіл ақын Абайдың өз ойын, өз түсінігін толық сипаттайды. Сондықтан Кудашев жинағының бүгінге дейін басылып жүрген (1921, 1922, 1940, 1954 жылдардағы) Абай шығармаларынан текстік, кейде идея-мазмұн жағынан ерекше айырмасы бар. Абайдың сол кездегі қоғам тіршілігіне арнаған өлеңдерінің көп жері басқаша оқылады. Толып жатқан сөз өзгешелігінен басқа, мұнда кейбір шумақтар, жолдар бұрынғы басылып жүрген жинақтарында бүтіндей кездеспейтін белгісіз. Мысалға 1954 жылғы басылған тексті мен Кудашевтің жинағынан қысқаша салыстырып өтейік:

Кудашевтің жинағында:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуын, ашынғаның ойын жеңбек, –

деп айтылса, басылғанында:

Ашуын ашыған ұу ойын кермек (Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, Алматы, 1954, 15-бет) (!) – деп басқаша жазылған.

Кудашевтің тексті Абайдың саяси сатирасын ашық, айқын көрсетсе (ашыну – протест, возмущение) басылғаны оны «ашыған ұу» деп мағынасыздыққа айналдырған.

Кудашевтің жинағында: *(тағы сол жыр)*

Артық ерлік бой жеңбек, ақылға ермек,
Ойсыздының белгісі өлсе көрмек.
Шыға ойлаған шығаңдап, қылық қылмас,
Еріншек ездік пенен көпке көнбес.

Басылғанында:

Ер кісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өлге көрмек.
Шыға ойлаған шығаңдап қылық қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек.

Кудашевтің жинағында:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Сірә жоқ өткен өмір қайта келмек, – деп,

Жырдың негізі диалектиканың өзгеруіне сәйкес айтылса, басылғанында ол біраз фатализмге барып соққан:

Әзелде жас қартаймақ, туған өлмек,
Тағдыр (?) жоқ, өткен өмір қайта келмек,
(тағы сол кітап, 15.).

Тағы сол «Қартайдық» өлеңінен:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Бір нәрсеге лайықты баға бермек,
Таразы да, қазы да өз бойында
Дұшманға іші жау боп, сырты күлмек.
Надандыққа белгісі аңдағанға
Жақынын тіріде аңдып, өлсе көрмек.
Сүйенер ақыл ғылым болмаған соң
Есердің сүйенгені көппен дүрмек.
(Кудашевтің жинағы)

Басылғанында:

Ақылды қара қыд
Әр нәрсеге өзіңдей (?) баға бермек
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көппен дүрмек.
Алашқа (?) іші жау боп сырты күлмек /16с./

Тағы сол өлеңінде:

«Ел бұзылса құрады шайтан өрмек» дегенді,

Басылғанында:

«Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек
Адал мен арам қайда теңгерілмек», – дегенді

Басылғанында:

«Адалдық, арамдықты кім теңгермек» (?) – деп, диалектикаға қиғаш берген. Абайдың ойынша адалдық арамдықты жеңуі мүмкін, бірақ бұл екі қайшы заттың теңгерілуі мүмкін емес.

Кудашев жинағында «Кәсіп» деген өленнің бір шумағы былай айтылады:

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылам деп қағар көлбек,
Жамандық пен арамдық таппай қалмас,
Мың күн сынбай, сынады бір күн шөлмек.

Бұл шумақтың мәні «арамдықтың құйрығы бірақ тұтам» адал еңбек істемей тек қана арамдық, сұрқиялықпен жүрген кісі ұзаққа бара бермекші емес, ол қалай да бір күні сынбақшы, – дейді. Бірақ басылған нұсқалары Абайдың бұл ойын толық бере алмайды. Онда бұл өлең былай делінген:

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күн сынар шөлмек.

Мұндағы «арамдықтан жамандық көрмей қалмас» деген не деген сөз? Ешкім түсінбейтін тек өленді ұйқастыру үшін, Абай өленderін көшіріп жазушылардың қосқан сөзі.

Кудашевтің жинағында:

Еңбек жоқ, әрекет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып не қылсын тентіремей...
«Бір тойған шала байлық» деген қазақ,
Ет көрінсе қайтеді соға бермей.

Басылғанында *«не қылсын»* дегеннің орнына, «қайтеді», *«соға бермей»* дегеннің орнына «күйсей бермей».

Кудашевтің жинағында:

Асаған, ұрттаған ер жұбанар
Тынымды дәулет емес сен қуанар
Еңбек қылмай тапқан мал баяны жоқ
Қардың[44] суы секілді тез суалар
Мінер ат, киер киім, ып-ықшам қып,
Сым киіп, сымбаттанып, тамақ аңдып,
Жораңды сенің тессін асқа сатқан
Кезегенге қосылмай, кел кет қаңғып...

Басылғанында:

Асаған, ұрттаған ез жұбанар
Сенімді дәулет емес сен қуанар
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас
Сымпиып, сымбаттанып, тамақ аңдып,
Бұраңдап жылы жүзін асқа сатқан
Кезегенге қосылма, кел кет қаңғып.

Мұндай айырмаларды толық көрсету үшін біз енді Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деген шығармаларынан мысал келтіріп көрейік.

Кудашевтің жинағында: бұл өленнің бір жолы:

Тілге тәтті көңілге майда келіп,
Теп-тегіс түгел келсе айналасы болып айтылса,

Басылғанында:

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсе айналасы.

[44]Жазылуында «қарын суы»

Кудашевтің жинағында:

Жесе де бай болмаған қанша амалдап,

Басылғанында:

Жесе де бай болмапты қанша малды ап

Кудашевтің жинағында:

Қазаққа өлең деген бек қадірсіз
Байқасам көрінеді соларды аңдап.

Басылғанында:

Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ.

Бұл соңғы жол, сөз, ой құрылысы бойынша Абайдың сарынына ұқсамайды.

Тағы сол өлең:

Кудашевтің жинағында:

Наданға, арам құлаққа
Тіршілікті дәулет көрмек
Жан елден өлеңменен
Қайыр сұрап
Жұрттан аспақ топ жиып

Басылғанында:

Ақылды құлаққа
Тірлікті дәулет көрмек
Әр елден өлеңменен

Қайыр тілеп
Жаннан аспақ топ жасап

Топты жасамайды, дұрысында жияды ғой!

Текст пен мазмұн жағынан көп айырма әсіресе «Жыл фасылы», «Кәсіп», «Бүркітші» деген өлеңдерінде көбірек кездеседі. Сондықтан бұл өлеңдердің кейін тұтасымен беруді қажет деп білеміз.

ЖЫЛ ФАСЫЛЫ

I

Сұрт бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса дымқыл тұман жерді басқан.
Тойғаны ма білмеймін, тоңғаны ма,
Ат ойнап, құлын қашып, тай жарысқан.
Асыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай
Жасыл ойнап жүгірмес бала шулап.
Қайыршы, кемпір шалдың түсі қашып,
Жапырақтан айрылған ағаш құрап.
Біреу малма сапсиды салып ші̇н,
Салбыраңқы тартады жыртық киім,
Иіртіп шешесіне шуда жібін
Жас қатындар жамайды жыртық үйін.
Қаз-тырна қатарласып қайтса жермен,
Ақшөміште күздікүнгі жүрер керуен
Қай ауылға барсам да жабырқаулы
Күлкі ойын, бола бермес сейіл серуен.
Кемпір-шал күрең қаққан, бала бүрсең,
Былғаныш сылбыраңқа қайда көрсең[45]
Сорпа, су, кемік сүйек тимеген соң,

[45]Ерекшелеп көрсеткен жолдар басылғанында жоқ.

Ойда ит, тышқан жайлар қайда жүрсең.
Оты жоқ күзгі отырған елдің маңы
Жел соқса боран болар жердің шаңы
Үйлердің от жақпаған сәні кетіп,
Қазақтың іштен қашқан құрсын заңы.

II

Қараша, желді-тоқсан сол бір екі ай,
Бірі ерте қыстың басы, біреуі жай,
Жерімді ерте барсам жеп қоям деп,
Күз күні ықтырмамен отырар бай.
Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Үйде отын жоқ отырар үзбей жағып.
Тоңғанынан иін жылтып, тонын илеп,
Қатыны шекпен тоқыр бүрсең қағып.
Жас балаға отын жоқ жанған маздап,
Талтайып қақтаналмай өле жаздап,
Кемпір, шал, балаларға аса қиын,
Соққанда бір жағынан жел азнап.
Кәрі қой епте сояр байдың үйі,
Кедейдің қай жерінен келсін күйі,
Орта қап қара қидан ұрыспай берсе,

Кедейге байдың қылған үлкен сыйы.
Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы киіз тұтқан айналасы,
Бай ұлына жалшы ұлы жалыншақты.
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.
Бай үйіне кіре алмас тура ұмтылып,
Бәле шықса астан жер үзіп жұлып.
Бай үйінің жанынан ұзап кетпес,
Үйген жүктің жанынан орын қылып.

Жаны ашып жалшы үйіне ас бермес бай,
Артық хайыр, артықша қызметке орай,
Байды жейтін малшыда тығыл да жоқ,
Екеуін аңдыстырған жаббар құдай.

III

Күн жоқта кісімсіген жұлдыз бен ай,
Ол қайтсын қара түнде жалтырамай,
Таң нұрланса болуын жаздың біліп,
Өңі қашар, бола алмас бұрынғыдай.
Күн күйеу, жер қалыңдық сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті,
Күн қырын жүрген кезде көп қожаңдап,
Ай жұлдыз күйеуліктен артын қысты.
Жаз таянса жылы жер хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп,
Азалы, ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.
Күйеуін жер сағынған ала қыстай,
Екеуі бір біріне қосылыспай
Жүздері раушан қарап нұрланғанда,
Жер толқып түрленеді тоты құстай.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар
Мәз-мейрам масайрасып бір қуанар,
Әуеде жыршы құстар өлең айтса,
Көлдегі қиқу салар қаз бен қулар.
Жүгірер құлан киік оймен қырға,
Шаттанып рахманымен келген жылға.
Көк шығып, гүл жарылып қойнын ашса,
Қонады аспандағы қаз бен тырна.
Жаздың көркі кіреді жыл құсымен,

Жайраңдасып жас ойнар құрбысымен
Көрден жаңа шыққандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

IV

Жазғытұры қалмайды қыстың зілі,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар адамзат анталасып,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Қырдағы ел, ойдағы елмен амандасып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,
Шаруа қылған жастардың мойны босап,
Әзілдесер, сөйлесіп, қарқылдасып.
Түйе боздап, қой маңырап, құрады шу,
Көбелек, құстарменен сайда дырду.
Гүл мен ағаш майысып таранғанда,
Айдаһарша бұраңдап ағады су.
Көл жағалап мамырлар қу менен қаз,
Жұмыртқа ізdeп, жүгіріп бала да мәз.
Бозбала ұшқыр атпен тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға,
Қыз жабысып, бұраңдап қылатын наз.
Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл бәйшешек,
Қырда торғай сайраса, ойда бұл-бұл,
О да үн қосар тастағы байғыз көкек.
Жаңа жолмен жамырар саудагерлер,
Дихандылар жер жыртып, егін егер,
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа телмен көбейіп, дәулет өнер.
Жер жүзін безендірген тәңірім жаббар,

Мейірбандық дүниеге нұрын төгер,
Анамыздай жер ші емізгенде,
Бәнайындай үстіне аспан төнер.
Жаз жіберіп жан берген қара жерге
Рахымына Алланың көңіл сенер,
Мал семіріп, ақ пенен ас көбейіп,
Жан қуанар көңілі өсіп ойнап-күлер.
Қара тастан басқаның бәрі жібіп,
Бір сараңға басқаның пейілі өнер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне
Бойың балқып ериді іштегі шер.

Кудашевтің жинағында Абайдың кейбір өлеңдері қысқа түрде жолығады. Сыртқы құрылысы мен мазмұнының өзгешелігі бойынша ондай өлеңдер Абай шығармаларының бірінші редакциясы болуға тиісті. Кейін ол өлеңдерді Абай кеңейтіп, толық, бейнелі сюжетке айналдырсам деген болуы керек. Бұған мысалға «Бүркітші» мен «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңдерін келтіріп көрейік:

Бүркітші күз болғанда шығады аңға,
Таудан түлкі табылар аулағанда,
Оңдайлы ат, ықшам киім, епті жігіт,
Осындай болу керек аңшы адамға.
Қағушы екі жақтан жүр ұрып кетіп,
Қиядан кесіп келіп ізді алғанда,
Қағушы ойда, бүркітші тау басында
Іздің бетін бір жаққа аударғанда.
Түлкіні бір қиырдан көзі шалып,
Ұшам деп қанат қағып саңғығанда.
Төмен ұшсам жете алмай қаламын деп,

Қанды көз қайқаң етіп шықты аспанға.
Қаша берсем бүркіттей құжымыңдап
Кері тұра қалады түлкі сонда.
Қырық пышағы қыржыңдап көкке қарап,
О да талас қылмай ма шыбын жанға.
Сегіз найза қолға алып атып шығып,
Қанат-құйрық суылдап құйылғанда.
Қиядан өте шығып қайраттанып,
Домаланып қалмай ма сыпырғанда.
Біреуі жер, біреуі көк тағысы,
Адам үшін боялып қызыл қанға.
Бүркіт қара болғанда түлкі қызыл,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.
Қып-қызыл қардың үсті жайнап кетер
Жауырыны бүлк-бүлк етіп қысынғанда.
Байы жаман қатыны сұлу болып,
Ұқсайды дәл екеуі қосылғанға.

Аппақ ет, қып-қызыл қан, сұлу түлкі,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанға.
Иесі бүркіті де қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанға.
Үйіңмен үш тоғыз деп бір айтады
Ақсақалдар жанына байланғанда.
Тымақты жымыра байла бір атасын,
Насыбайды көңілің жайланғанда.
Ешкімге зарары жоқ өзім көрген,
Бір қызық ісім еді сұм жалғанда.

Кудашевтің жинағы Абай шығармаларының бірінші редакциясы екенінің енді бір дәлелі – кейін жеке-жеке тізілген өлеңдер тобы мұнда тұтасып, бір шығарма түрінде берілген. Мысалы: «Ішім өлген, сыр-

тым сау», «Қажымас дос халықта жоқ», «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» үшеуі бірігіп, тұтас бір шығарма түрінде құрылған. Сол сияқты «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» үшеуін қосып бір шығарма етіп берген. Мүмкін бұл архитектоника Абайдың өзінікі емес, Абай шығармаларын жазып берушілердің құрастыруы болуы да мүмкін. Мысалға айтқан өлеңдер тобын келтіріп көрейік:

Ішім өлген, сыртым сау
Көрінгенге деймін-ау.
Бүгінгі дос ертең жау,
Мен не жаздым, япырм-ау!

Өз үйіңде өзендей,
Күрілдейді есейді-ау,
Кісі алдына барғанда
Шабан сертін, және шау.

Мұңайма едің, ана күн?
Мұның қалай батыр-ау?!
Үш күн арқаң босаса,
Бұлғақтадың бас асау.

Жан қысылса жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау!
Жан жай тапса тағы да,
Жат мінезін жабырқау.

Құлықпенен сұмдыққа
Байлағанда кестің бау.

Берерменде бесеусің,
Алармында және алтау

Қайта кірер есікті,
Қатты соқпа жарқын-ау!
Жетілсең де жетсең де
Керек жерім бір бар-ау!

***

Қажымас дос қалықта жоқ,
Айнымас серт қайда бар?
Бүгін берген ертең жоқ
Мысқыл өсек елде бар.

Жақсылығың күнде үміт,
Бір жаңылсаң болар кек,
Пайдасынан бой суыт
Өзі тимей жүрсе тек.

Бұйда тақта мұрныңа
Бер дегенде қолыңа,
Жарасар ма өзіңе,
Иттік, ерсек соңыңа?!

Сақты сырлы тектінің
Кім танымас нұсқасын,
Күнде үнемшіл анттың
Бенде несіп ұстасып!

Пайда мақтап өзінен.
Жарыс өсек сөзінен.
Бір таласса ант ұрып,
Ете берсін шарқ ұрып.

Жау қожаңдап, теріс қарап,
Дос құбылып әуре етер
Телі тентек[46] ақша алып,
Текшер ілмей өмір өте.

Кімге достық көп еттім,
Оның өзі бір кейіс,
Жақсы өмірім босқа өттің
Жарай алмас бір тегіс.

Жақсы досың бар болса
Жан аяған жарамас,
Тоңбағаны бар болса
Ұятыңа қарамас.

***

Бойы былғаң, сөзі жылмаң
Кімді көрсем мен сонан,
Бетті бастым, қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында, тұл бойында[47],
Бір міні жоқ бендесің,
Түзде мырзаң, үйде сырдаң
Сөзі қылжаң еркесің.

Мал сұрасып, бас құрасып
Бермегенмен кетісер,
Адам аулап, сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.

[46]Басылғанында: кім тентек, кімде ойын /Л/ – деп бұзып жазған.
[47]Жинақта жазылуы «талбойында».

Ел қағынды, мал шабылды,
Ұрлық өтірік гу де-гу,
Байы баспақ, биі қаспас,
Әулекі, сықақ, сыпыра қу.

Ақы берген, айтса көнген,
Тыныштық іздеу елде жоқ,
Хаққа қайтқан, жөнге тартқан,
Ақыл айтқан бенде жоқ.

Бұл келтірген мысалдар Кудашев жинағымен басылып жүрген Абай шығармашылығының арасында текстін, мазмұн жағынан қандай айырма барын ашық суреттейді. Оның үстіне Кудашевтің жинағында кездесетін кейбір шумақтар, үзінділер, не тұтас жолдар Абайдың басылып жүрген өлеңдерінде не бүтіндей жоқ та, не басқа сарында кездеседі. Мысалы: «Қараша, желді тоқсан сол бір екі ай» деген өлеңінде Абай кедей мен бай баласының тұрмысын салыстырып былай деген:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы,
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып
Бәле шықса астан жер үзіп-жұлып,
Бай үйінің жанынан ұзап кетпей,
Үйген жүктің маңынан орын қылып.

Сол сықылды «Көнілім кайтты достан да, дүшпаннан да» деген өлеңінде Абай өзін тежеп, мына шумақпен бітіреді:

Ақылды терең ойлап тыңшы келсе,
Лапылдақ, көрсе қызар, нәпсіге ерме.
Өлең жақсы бола ма сабай берген,
Тергеліп, текшерілмей көңіл берме.
(Кудашевтің жинағы, л.л. 50-51)

Міне, Кудашевтің жинағында осы сияқты күрделі айырмалар өте көп. Оның тексті Абайдың ой-пікірін, саяси-қоғамдың бағытын тілін дұрыс көрсетсе, басылып жүргендерінде идея мазмұн жағынан да, тіл-стилистика жағынан да бірталай кемшіліктер бар екені көрінеді. Оларды сүзіп, түзетіп бастыру үшін, Кудашевтың жинағы өте бағалы, ғылым жүзінен өте сенімді текст. Абайдың шығармалары біздің отанымыздағы туыскан халықтардың көбінің тіліне аударылып, оның аты байтақ совет елінің барлық жеріне даңқты болды. Сондықтан кемеңгер ақынның қолжазба мұраларын жаңадан ретке түсіріп, оны мүлтіксіз етіп шығару ғылым орындары мен баспа орындарының зор міндеті.

Бүгінге дейін Абай өлеңдерін бастыруға негіз болып келген 1909 жылғы басылғанымен «Мұрсейіттің қолжазбасы» еді. Енді үшінші бұлақ көзі болып Кудашевтің жинағы анықталып отыр. Бұл жинақтың ғылыми маңызы – ол Абайдың өзінің тірі күнінде жазылып, 60 жыл шамасында өзгерместен Отанымыздың даңқты кітапханасының бірінде сақталып келеді.

Абай қолжазбаларының Совет Одағындағы белгілі ғылым орнында (География қоғамы) сақталып тұруының өзі – ұлы орыс халқы мен қазақ халқының ертеден келе жатқан туысқандық-достығын білдіреді, саяси және тарихи-мәдени маңызы зор, игілікті істің бірі.

Оның үстіне бұл факті Абайдың шығармаларына тек қана жеке адамдар баға беріп қоймай, оған өз заманындағы атақты ғылым орындары да көңіл қойғанын дәлелдейді. Міне, бұл факті ұлы орыс халқы мен қазақ халқының тарихи дәуірден келе жатқан достығын сипаттаудың аса бір ашық, айқын жолдары болып табылмақ.

Кудашевтің жинағы табылғаннан кейін, кеменгер Абайды құрметтейтін қазақ жұртының ғалымдары онымен танысуды өзіне міндет санап, кейде зерттеп жүрген ғылыми еңбектеріне пайдалана бастады.[48]

Өткен дәуірдегі әділетсіздікке, қанаушылыққа қарсы тұрған кеменгер Абайдың қолжазбасы өзінің мұрағатында сақталып тұрғанын Одақтық География қоғамы да зор мақтаныш етіп, оның табылғанын өзі шығаратын журнал бетінде жариялай бастады.[49] Ол журналдың «Хроника» бөлімінде, «Изучение фондов ученого архива Географического общества СССР» деген тарауда былай деген: «Ценные материалы удалось выявить работавшему в архиве члену-корреспонденту Казахской Академии Наук А.Х.Маргулану, а именно-записи песен знаменитого народного казахского поэта Абая.

[48]М.С.Сильченко. Основоположник новой каз.лит.Вестник А.Н.К.ССР №6, 1954.

[49]Егоже. Национальная гордость ка. народа. Дружба народов, №5, 1954.

Записи были сделаны В.А.Кудашевым в конце прошлого века в «Чингизеских горах». Записанные тексты уточняют и дополняют известное по более поздним записам, произведенным после смерти Абая одним из его секретарей. Новые материалы представляют большой интерес для изучения творчества великого казахского поэта.[50]

Қазақ ССР Ғылым академиясының тапсыруы бойынша, 1952 жылы География қоғамында сақталып тұрған Абай шығармаларын тегісімен фотоға түсіріп Қазақ ССР Ғылым Академиясының ғылыми кітапханасына әкеп тапсырдым. Бұл жаңа мәлімет Абайдың өмірін, оның шығармаларын зерттеп жүрген ғалымдарға белгілі бір бұлақ көзі болуында сөз жоқ.

[50]Изучение фондов учению архива Географического общества СССР. Известия Всесоюз. Геогр. Общества, т 84, вып 4. 1952.

АБАЙДЫҢ «ЖАҢА ЗАКОН» ДЕГЕН ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Абайдың бұл өлеңі зор тарихи негізге қойылып жазылған. Абай өз заманындағы әлеуметтік құбылыстарға сын көзімен қараған саңлақ, ойшы кісі болғандықтан, ол кездегі халықтың жан-күйін тебіретін оқиғаларға тоқтамай қалмаған. Сондай оқиғаның бірі – «Жаңа закон».

«Жаңа закон» («Новое положение») – қазақ халқын жаңадан билеу туралы шығарған патша үкіметінің ережесі. Оның негізі «Уақытша ереже» («Временное положение») деген атпен 1868-1869 жылдары жасалған. Бұл заңды жасаудан бұрын 1865-1867 ж. Қырға арнаулы комиссия шығарып, қазақ халқының тұрмысын, әдет-ғұрпын, шаруашылық жағдайын, географиясын, рухани тіршілігін зерттеген болатын. Комисияның бастығы Карл Гирс сияқты керітартпа кісі болса да, оның құрамында К.Гутковский, А.Гейнс сияқты Шоқанды жақсы білген, оның жазғандарын түсіне оқыған және А.И.Герцен көңіл қойып, прогресс жолында қызмет істеген оқымысты офицерлер болған. Кейін комиссияның мүшесіне Ұбайдулла Жансүгіруұлы, С.Ситников кіреді. Сырттан Г.А.Колпаковский, Д.И.Романовский, Н.Мордвин, тағы басқалар қатынасады. Қазақ даласын билеу туралы заң алуға келгенде комиссия мүшелері екі жарға бөлінеді: Гирс бастаған бір тобы империяда мықты бір ғана заң болу керек, оны бөлшектесек басқару қиын болады, – деп дәлелдеген. Е.П.Ковалевский, К.Гутковский, Д.И.Романовский, С.Ситников, Г.Чингисхан, А.И.Левшин бұған қарсы болды. Олар қазақ тұрмысының ерекшелігін дәлелге келтіріп, билер заңын бұрынғы қалпында қалдыру керек деп, жазулар түсірді, Шоқанның «Сот реформасы» туралы жазғандарын мысалға келтіреді. *(генер.майор Гутковский из полковн. Гейнс. Соображения по административному устройству Киргизских степей. 1866. УГВИА, ф.400, оп. 258/208 д. 50).*

Бұлардың ойларын реформа жасаушылардың бірі Соғыс министрі Д.А.Милютин мен Е.П.Ковалевский жақтайды. Жалпы айтқанда, олардың жобасында 50-жылдардағы буржуазия реформаның бағыты ашық көрінеді. Самоуправление болудың негізін бұл топтағы ойшылар: «қазақты бытыратып ұстамай олардың үш жүзін бір орталыққа бағындырып басқару керек», – деп консалидация идеясын айтады. Кейбіреулері қазақ пен қырғыз халқын біріктіру мәселесін көтерді. Бұл ойлар Е.П.Ковалевскийдің, Д.А.Милютиннің, П.Бутковтың жазуларында ашық қойылған. «В одной и той же степи, между одним и тем же народам несколько управлений совершенно различных», – дейді. Е.П.Ковалевксий (ГПб) Л, ф.356, оп.I, д.86, л. 31 об) Тағы бір жерінде: «Всю степь от гарницы Китая до Каспийского моря нужно сосредотечить в руках одного начальника, а киргизов всехорд в одно управлений» (тағы сонда, л.54). Д.А.Милютин мен П.Бутковтың жазулары «Об образо-









Абайдың «Жаңа закон» өлеңінің қолжазбасы

ования отдельного самостоятельного степного управления (проект)» деп аталған. Оның қосымша тарауы «цельесообразность обьединения всех областей киргизской степи в одно центральное управление с временным центром в Омске». Бұл жобада біріккен Дала әкімшілігін төрт облысқа бөлуді ұйғарған.

1. Батыс облыс (орталығы Орынбор).

2. Түркістан облысы (орталығы Шымкент, не Ташкент).

3. Ақмола облысы (орталығы не Ақмола, не Атбасар).

4. Семей облысы (орталығы Семей). Ф.356, оп.I, д.86, л. 13-20.

Батыс Сібірді билеуші генерал-губернатор А.О.Дюгамель: «Ақмола мен Семейді бір қосып «Шығыс облысы» деп атау керек, орталығына Қаркаралыны тағайындау керек», – деп ұсыныс жасайды (тағы сол мұрағат, л. 9-10). К.Гутковский, А.Гейнс, Г.Колпаковский біріккен әкімшілік астанасы не Ақмола, не Алматы болғанын қолайлы деп дәлелдеген. Оның үстіне Гутковский мен Гейнс Алатау, Шу, Торғай облыстары құрылысын деп мәселе көтереді. Бірнеше қиғаш пікірді айтушы қазақ тарихын жазушы А.И.Левшиннің ойынша:

1. Даланы бір орталыққа біріктіріп керегі жоқ. Өйткені, әр өлкенің мәдениет сатысы біркелкі емес. Мәдениеттен кенде қалған әсіресе Батыс жағы.

2. Қазақ пен қырғыз халқының тұрмыс жағдайы, әдет-ғұрпы әр алуан. Оларды қосып керегі жоқ.

3. Сұлтандардың беделін жоюға қарсымын. Қазақтар арасында көзі ашық солар. Орыс мемлекетіне қызмет етуге дайын тұратын да солар.

4. Жаңадан сот орындарын ашуға қарсымын. Билер заңын сол қалпында қалдыру керек.

5. Салық төлеу, үй басына алым алу жүйесіне қарсымын, дейді. *(обьяснительная записка к проекту Положения об управлении в Киргизской степи. ГАФК, ф. 3095, оп. I, д. 660, л. 8).*

Бұл топтағы ойшылар өзінің қиғаш пікірлерімен бірге «Жаңа заңды» қабылдар кезінде, жоғарыда көрсеткендей, көп толғанып қазақ халқына қамқорлық көзбен қараған. Бұлардың достық емеурінін жақсы түсінген Абай өзінің өлеңінде:

Жан ашып ойшыларға ой ойлатқан
Қазаққа осы жақсы пайдалы, – деп
Ойшылар жаңа закон низам тапқан, –

деп олардың қамқорлық көрсеткен достық ниеттерін жарқын келтірген.

Бірақ, ол кез реакцияның күшті кезі болғандықтан, прогрессшіл ойшылардың талабы іске аспай, тек қағаз бетінде қалып қояды. Олардың игі ойына жұлқына қарсы шыққандар генерал Черяев, ол кездегі Ішкі іс министрі Тимашев, Орынбор генерал-губернаторы Бекзак, Батыс-Сібір генерал-губернаторы Дюгамель. Бұлар қол қойылып, дайын жүзеге асыруға болған қаулының өзін мансұққа шығартады. Черняев өзінің жазуында: «полезно ли для нас содействовать окончательному их сближение между собой устройством одного общего управления?» деп сұрақ қойған. *(ГИМ РО, Архив М:Г:Черняева, ф. 208, св. 7).*

Сөйтіп, бұл соңғы топтың адамдары сол кездегі белең алған күш жұмсау әдісі бойынша «разделяй

и властвуй» жүйесін берік ұстаған. Бұл әдіс халық бұқарасын аяусыз қанауға барлық билеп-төстеушілерге ауыздықсыз жол ашкан. Бірлесіп қанауына, ол жүйе қазақтар атка мінерлерінде теріс болмаған. Абайдың өлеңінде жаны күйреп, мұңын шағып айтқандары міне, айтылған осы қаналғыш, залым топтар туралы.

АБАЙДЫҢ ІНІСІ ХАЛИУЛЛАҒА ЖАЗЫЛҒАН ҮШ ХАТ

Ленинградта сақталып тұрған көп қазынаның бірі – бұрын күншығыс халқының тарихын, әдебиетін, тілін зерттеген, белгілі орыс ғалымы Илья Березиннің мұрағаты.

Мұнда ерекше көзге түсетін эпос жырлардың тобы («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Сайын», «Ер Тарғын», «Қамбар», Нәрік ұлы Шора, Қаракерей Қабанбай), ұлыс қазақтың ертегісі, мақал-мәтел, аңыз сөз, толғау жырлар. Жеке ақындардың Бұкар жырау, Құлтума, Көтеш ақын жырлары ерекше орын алады. Мұның барлығын Березинге тапсырушы Омбы Кадет корпусының оқытушысы, Березиннің ескі досы Н.Ф.Костылецкий. Бұл кісі байтақ әдебиет мұраларын сол корпуста оқитын қазақ балалары арқылы жинатып алады. Қазақ әдебиетінің мұраларын жинауға құлшына кірісіп, оны Костылецкийге үздіксіз тапсырып отырған ең алдымен Шоқан, одан кейін Шоқанның інісі Махмұд, Халиулла Өскенбаев, белгілі әнші Мұстафа Бүркітбаев. Мұстафаның жан-күйі бір жағынан сахна өнеріне өте жуық болғандықтан, ол ауыз әдебиеті мұрасымен қатар қазақтың халық ойындары, бәйге туралы да көп мағлұмат жинап, оларды «Николай Федоровичке тапсырған Мұстафа Бүркітбайұлы», – деген.

Мұрағат қазыналарында сақталып тұрған қызықты қолжазбаның бір тобы Омбы Кадет корпусында оқыған қазақ жастарының шығармалары, олардың ішінде Халиулла Құнанбайұлы, Сәдуақас Анайұлы, Мұхамедғали Жанышұлы, Шашкиндер шығарған қазақша әңгіме-новеллалар.

Абай хат жазып отырған оның інісі Халиулла Омбы Кадет корпусында Шоқаннан кейін 1863-1870 жылдары оқыды. Мұрағатта сақталған мағлұматтар бойынша Халиулла Абайды зор үмітке келтіріп, оған белгілі әсер еткен дарынды жастардың бірі болған. Кадет корпусында оқып жүргенде Халиулла Шоқан сияқты халықтың ауыз әдебиетіне үлкен көңіл бөлініп, оның үлгілерін өзінің оқытушысы Н.Ф.Костылецкийге жеткізіп отырды. Халиулла жинаған әдебиет мұрасының ішіндегі аса қызықтысы «Еңлік-Кебек» пен «Жиренше шешен» әңгімесі. Ол жинаған қолжазбаның соңында «үшбуны Николай Федоровичке язуб берген Аягуз дуанының Тобықты елінде Халиулла Құнанбайұлы» – деген. Тек жастай өтіп кеткені болмаса, Халиулла ағасы Абай сияқты асқан ойшыл, қаламы төгілген жазушы болуы анық еді. Омбының Кадет корпусын бітіріп келген соң, ол бүтіндей әдебиет ісіне беріліп, «Еңлік-Кебек» сияқты романтикалы сюжеттерді «қазақтардың ертеден есінде қалған» «незабытое прошлое и настоящее кригизов» деген атпен көлемді түрде әңгіме етіп, оны қазақша да, орысша да жазады. Г.Н.Потанининің айтуына қарағанда Халиулла орыс классиктерін бірінші рет қазақ тіліне аударып, оның хош иісін қазақ даласына шаша бастаған жас ойшының бірі.

Төменде жарияланып отырған үш хат, үшеуі де Абай ауылынікі, үшеуі де осы жоғарыда айтылған Абайдың

інісі Халиуллаға арналған. Бұл хаттар 1938 жылы жоғарыда аталған ғалым И.Н.Березиннің мұрағатынан табылған еді.

Хаттар орта ғасырда қолданған араб әрпімен және сол кездегі тілімен жазылған. Хаттардың тілі тарихи дәуірлерде үстем болған шағатай әдебиеті тіліне өте жуық, кейде татар тілінің элементтері де кездесіп отырады.

Хаттардың жұртшылық мазмұны сол кездегі мәдениеттен кенде қалған аталық ауылдың бейғам суреті, сонымен байланысты ауру-сырқаулар, не түрлі мешеуліктер. Құнанбай мен Ғабитханның хатына қарағанда 1865 жылы күз күні Шыңғыстауда жаппай сүзек ауру болып, Абай ауылы бірталай шошынған. Сондықтан Омбы қаласындағы Кадет корпусында оқып жүрген баласы Халиулланы уақытша оқудан босатып, үйіне келтіруді тілек етеді.

Хаттардың өте бағалы жері, онда Абайдың үйі-ішті, ауылымен байланысты бірталай жаңалықтар бар, сол кездегі қазақ ауылындағы жұртшылық тұрмыстың қандай болғанын суреттейді. Құнанбай мен Ғабитханның хатында сайлауға, болыс болуға көңіл бөліп, әкімшілікті көксеудің сарыны естіледі. Онымен қатар Құнанбай ауылының өзара кейбір көріністері, кімнің қалай екендігі туралы бірталай мағлұмат береді. Хаттардың бір ерекшелігі Абай ауылының Семей мен Аягөз қалаларымен ертеден жиі қатынасып, қала тұрмысы мен ауыл тұрмысын бірдей жақсы көрудің сарыны бар.

Екінші, үшінші хатқа қарағанда Абайдың өзі жазған хатының мазмұны басқарақ. Бұл хатты жазғанда Абай 21 жаста. Солай бола тұрса да, жас жігіт алыс жерде

оқып жүрген інісіне махаббатын үйіп-төгіп, оған ақыл, кемеңгерлік, ағалық жылы сөздер айтады, інісіне ой түсіріп, жеткіншек баланың болашағына керекті пайдалы кеңестер береді. Өзі жас жігіт Абай бұл кемеңгерлік сөздерді әкесінің атынан айтады, өйткені балаға әкенің беделі күшті. Хатта Құнанбай мен Ғабитхандікі сияқты ел арасындағы ұсақ әңгімелерді, сайлау туралы болыс болуды жазбайды. Оған көңіл де бөлмейді. Хаттың жалпы сарынында Омбы сияқты мәдениетті жермен байланысуды көксеп, інісін білім алып шығуға үгіттейді.

1. АБАЙДЫҢ ХАЛИУЛЛАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Сізге ғизатлу[51]/ уа[52]/ хурматлу[53]/ ғазиз[54]/ мүкаррам[55] ініміз Халиулла мырзаға бізки ағаңыз Ибраһимден дұғай[56] сәлем. Уа һам[57]/ бәрша[58]/ ата-аналарыңыздан, аға-іні, жеңгелеріңізден көпден-көп дұғай сәлемлер йолдадық. Алхамды лилла[59]/, үшбу[60]/ күнде сауселәмәтләрміз, өзің көрген жанлар һәммәсы.[61] Уа кана[62]/ бізге хат йазған Камаридден моллаға көпден-көп сәлем

[51]Ғизатлу (араб) – ардақты, даңқты, қадірменді.
[52]Уа – жаңа, тағы да: одан кейін, онымен қатар жаната.
[53]Хұрматлу (араб) – құрметті, сыйлы, қадірлі
[54]Ғазиз (араб) – ару, қымбатты, сүйікті.
[55]Мүкаррам (араб) – жақсы көретін аса қадірлі.
[56]Дұғай (араб) – арнап, атап, шақыра.
[57]Һам (араб) – жаңа.
[58]Бәрша (қазақша ескі сөз) – барлық, көп.
[59]Алхамды лилла – Құдайға шүкір.
[60]Үшбу (қазақша ескі сөз) – осы.
[61]Һәммәсы (араб) – тегіс, барлығы.
[62]Уа қана – жаңа сізге.

дегейсіз. Һәрне [1]/ сізге дінқарындашлық[2]/ туғрасында қылған олышлықлары алла-тағаладан[3]/қайтсұн. Өзіне хат йазарға уақыт тар болды. Аягөзге келген уақытта пошта йүрерге тығызланғанда екен, һәрне хатларды да көрдүк. Бижай діл қабылымыз олды.[4]/

Уа кана йол қаржыға отұз теңге ібердік. Иана Семейге мағлұмлаған[5]/ уақытыңызда хұдай тағала қаласа ат тағайынлармыз. Тәтеңіз[6]/ бек қуанып жатыр – фарызғайын[7]/үйренгеніңіз хусусындан, ілгері талап қылғанлығыңыздан. Һәрдайым[8]/ хұдай тағалаға сығынып жаһад[9]/ қыла көрсұн, дейді. Хатыңыз тиіші бірла һешбір тоқтамайынша Аягөзге келіп үшбу хатты йаздық.

Һәрдайым тауфықлы,[10] абыройлы ғұмырыңызды тілеп хат йазғушы ағаңыз Ибраһим Құнанбай ұғлы даиу білесіз.[11]/

Юнісдекоп көп сәлем.

1866 жылда, 8 марттa.

[1]Һәрне – әрбір, әртүрлі.
[2]Дінқарындашылық – туысқандық, достық.
[3]Алла-тағала (араб) – ұлы Тәңірі.
[4]Бижай діл қабылымыз олды – көңіліміз жай тапты, жүрек тыныштaлды. Жай (парсыша) – орын, діл – жүрек, көңіл.
[5]Мағлұмланған – мәлімдеген, хабарлаған, білдірген.
[6]Тәтеңіз (тәте) – Құнанбайға балаларының қойған аты.
[7]Фарыз (араб) – міндет, борыш, заң жорасы: ғайын көз, бұлақ көзі. Фарызғайын үйренгеніңіз хұсусынан – білімнің қайнар бұлағын үйренгеннің турасында.
[8]Һәрдайым – дайым, әрқашан.
[9]Жаһад (араб) – талап, тырысу, ұмтылу, талпыну.
[10]Тауфықлы – сабырлы, ұстамды, байсалды, адаспайтын.
[11]Даиу білесіз – деп білесіз, ертерек дәуірде «дев (.....) білесіз» деп жазылатын сөздің мәні көмескіп трафаретке айналған тұр.

2. АБАИДЫҢ ӘКЕСІ ҚҰНАНБАИДЫҢ ХАЛИУЛЛАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Ғизатлу уа хұрматлу олғушы[12]/ баламыз Халиуллаға дұғай сәлемлер ерсал айладым.[13]/ Уа кана шешелеріңізден уа һам аға-інілеріңізден һам қаюларынан дұғай сәлемлер қыламыз. Уа бағда[14]/ һәр қаюларымыз хайыр патихаларыңызда[15]/. Сөзіміз бұ дур: өзіміз сахт-сәламат[16]/ болсам хұдай бұйырса барамын деген уағдам бар. Ләкін[17]/ елде ауру-сырқау көп. Бекен[18]/ науқас, Оспан[19]/ һам науқас, Нұрғаным[20]/ һам науқас. Бекен бірлан Оспан жаңа-жаңа тәуір болып келе жатыр, оңалып, Алла тағала хайырлы қылсын. Йана өзіңні сұрап йаздұқ, сол жазудан хабардар болыңыз, мәнісі қалай болғанын.[21]/ Ол сұрап йазған йарарму-йарамасмұ? Әгар йарамаса, қаалй сұрап йазартұрғанын өзің хатқа йазып іберіңіз. Бұл сұрап йазған хат Кадетскі корпустан. Бұл сұрауымыз лайық ма, йоқ өңге жерден сұрауымыз лайық ма? Сол сұрауны өзің білұр деп ойладық, інша ал-

[12]Олғушы (ескі сөз) – болғушы, болушы.

[13]Ерсал айладым – жолдадым.

[14]Уа бағда – жаңа тағы да, одан кейін.

[15]Хайыр патихаларыңызда – жақсы тілегіңізде.

[16]Сахт-сәламат – сау сәлемат, аман-есен.

[17]Ләкін – бірақ, алайда.

[18]Бекен – Құдайберді атын еркелетіп айтқаны. Құдайберді Құнанбайдың үлкен баласы, ақын Абайдың ағасы, белгілі ақын, философ, тарихшы Шәкәрімнің әкесі.

[19]Оспан – Абайдың інісі, Құнанбайдың ортаншы баласының бірі.

[20]Нұрғаным – Құнанбайдың тоқалы, Халиулланың кіші шешесі.

[21]Демек: хаттың нәтижесі не болғанын барып біліңіз – деген мәнде

ла.[22]/Ғайри не йазайұқ, хақтағала[23]/ һәр қаюларымызға тауфық, һидаят[24]/ беруп, аброй шарифларымызні[25]/ берсұн, уа һам ахыр дәмде[26]/ хусін хатіма[27]/ берсін. Ұшбу хат йазұлды бек асығыс болұп, соның үшін Бекеңнің мөрі басұлды, өзімнің бұйрығым үшін.

Йазұлды 1865-йылда, Ноябрның 8 күнінде.

Хұдайберді ҚҰНАНБАЙ.

3. АБАЙ АУЫЛЫНДА БАЛА ОҚЫТҚАН МОЛДА ҒАБИДХАННЫҢ ХАЛИУЛЛАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Сізге ғизатлу уа хұрматлу олан[28]/ ініміз Халиулла мырзаға бізки ағаңыз, ұстасыңыз, молла Ғабидханнан бек көпден көп дұғай сәлемерімізні ерсал айладұқ. Уа йана[29]/ атаңыз Құнанбай мырзадан бек көп дұғай сәлем. Бағдында[30]/ барша аналарыңыздан бек көп дұғай сәлем, бәрша ағаларыңыздан бек көп сәлем, жеңгелеріңізден, інілеріңізден дұғай сәлем, Қадиша келініңізден, Еркежан келініңізден дұғай сәлем, бағда күллі аға-інілеріңізден дұғай сәлем.

[22]Інша алла – Құдай қаласа, алла оңғарса.

[23]Хақтағала – ұлы әділетші.

[24]Һидаят – басшылық, тура жол, жақсы әдет.

[25]Аброй шариф – абырой, атақ, даңқ, арулық.

[26]Ахыр дәмде – соңғы дәм бітерде, жоғаларда.

[27]Хұсін хатіма – дүниеден жақсы атпен өту; көңіл мен еске түсіру (ас беру).

[28]Олан (ескі сөз) – болған.

[29]Уа йана – жаңа, жаната.

[30]Бағдында – соңында, жаната.

Бағдында хұдай табарак уа-тағала[31]/ өзіңізге тауфық, һидаят бірлан ғазиз ғұмырларыңызны беріп, дидар көрішмекні[32]/ нәсіп[33]/ қылсұн. Әмин, бехұрмиат сейдулмурсалин[34]/.

Бағдында, көпден бері хатыңыз келмегенге ата-аналарыңыз уайымлы болып, аман-есен мекен деп, біз Семейполатқа айт оқурға деп келіп едук. Бұ хатны тәтеңіз[35]/ айтуы бойынша йаздық. Елде ауру-сырхаулар бар. Һунуз[36]/ Құдайберді мырзамыз үйелден должын болыс.[37]/ болып тұр, йана қайтадан сайлаушы шықмақ болып тұр. Өзінің сырхауы бар. Өзге аға інілеріңіз сәламат. Тәңірберді[38]/ ағаңызның хатыны бір ұғыл тапты, аты Азімбай, Ибраһим[39]/ ағаңыздан бір ұғыл туды аты Хакімбай. Базмахфи[40]/ қалмасын, мырзаның өзі бармақшы болып тұр еді, әуелі сізден бір хабар алмақ яхшы болұр деп хат йаздұқ. Андағы өзіңізның мәніңізні білетұғын кісілерге ақылласұп, бір хат жаз, бұ йерден ғарыз берседе йарар ма екен – сізнің шықмағыңызға? Уа ләкін қаалй мәнісі болсада тәтеңіз шыққаныңызды бек яхшы көреді, мәнісі табылса.

[31]Хұдай табарак уа тағала – береке етуші ұлы құдай.

[32]Дидар көрішмек – жүз көрісу, жолығу..

[33]Нәсіп – жүзеге асу, жазу (жазсын).

[34]Әмин, бехұрмиат сейдулмурсалин – тәңірі елшісінің хұрметі үшін қабыл болғай.

[35]Құнанбайдың айтуы бойынша

[36]Һунұз (.....) – уақытша деген мәнде.

[37]Должность болыс (орысша) 013 должность волостного управителя – болыс болу. «Жаңа ереже» шыққанша (1865) қырда болыс тәртібі толық орнамаған, оған дейін «аға сұлтан» арқылы басқарған.

[38]Тәңірберді (әкежан) – Абайдың екінші ағасы.

[39]Ибраһим – Абайдың ресми аты.

[40]Базмахфи – баз-енді, тағы да; махфи-хұпия, жасырын; баз махфи қалмасын – тағы да жасырын қалмасын.

Ғайыр көп не айталық. Мұнда хат салғаныңызда Серіопол диуанының писмоводітелі Васелей Ивановның атына салуңұз, йылдам тиедур. Болмаса һәр йерде йатұп қаладұр. Хайыр көп не айталық. Дуға гойіңіз болып йұргуші указнай ахун молла Ғабидхан Ғабдыназар ұғлы, инаяатлық[41]/ үшін мөрімді бастым.

1866 жылда, февраль 4 күнінде.

[41]Инаят – жәрдем, қолғабыс, болыстық.

АБАЙ И НАРОДОВОЛЬЦЫ

Революционная волна 80-х годов столетия перебросила в казахскую Степь немало революционеров, осужденных по разным актам партии «Народной воли», связанным, в частности, с покушением на жизнь императора Александра второго (дело Каракозова и группы народовольцев).

В числе этих революционеров были: Михаэлис, Гофман, Гросс, Аргутинский, Дениш, Рафаилов, Долгополов, Чермак и другие, посвятившие всю свою жизнь благодарному делу просвещения масс и пробуждения их на борьбу. Но, не всякому политическому изгнаннику посчастливилось попасть в Степь, куда обычно направляли людей с незначительным наказанием.

Семипалатинский военный губернатор в беседе с американским журналистом Д. Кеннан подтвердил, что «настоящие заговорщики» ссылаются в более отдаленные уголки империи и на каторгу. Ссылка в Степную область считается самым легким наказанием». Поэтому, политические ссыльные, отбывавшие свои сроки где-нибудь в Обдорском или Туруханском краях, не раз обращались к властям с просьбой перевести их в Киргизскую степь. Однако царская власть не всегда радушно принимала эти просьбы. Только редкая случайность дала возможность попасть в Степь, в аул Абая, таким

выдающимся личностям, как Михаэлис, Гросс, Долгополов и другие.

Кандидат медицинских наук, бывши питомец Харьковского университета, сосланный в Западную Сибирь весною 1880 года по делу южной группы народовольцев, – Долгополов перенес все ужасы полицейского гнета из-за отказа от присяги Александру III. Ему категорически запретили заниматься медицинской практикой в Тобольском крае, даже в тех случаях, когда умирающие от тифа крестьяне молили о помощи. В актах жандармского управления о Долгополове говорится, что «Когда из Кургана был удален в Восточную Сибирь политический преступник Чудновский, человек в высшей степени беспокойного и дерзкого характера и имевший на остальных ссыльных вредное влияние, Долгополов вполне заменил его и стал во главе местного общества ссыльных (революционеров), не безвредно влияя и на население». Кроме того, Долгополов часто отправлял свои корреспонденции в «Екатеринбургскую Неделю», разоблачая бесчинство и самодурство местных властей, что крайне раздражало руководящих членов областной администрации Западной Сибири.

Областное Управление решило, что «вследствие дерзкого поведения Долгополова, связи его с поднадзорной еврейкой Ш. Шур, за отказ от верноподданической присяги его императорскому величеству, признано отправить Долгополова в г . Тюкалинск, как менее многолюдный». Долгополова отправили этапным порядком в Тюкалинск. Он был совершенно больной, и жандармское управление установило, что «неправильные перебои сердца вследствие органического порока сердца, а также неудовлетворительное общее состояние, не

позволяют Долгополову безусловно следовать пешим этапным порядком». Вопреки этому генерал-губернатор Западной Сибири в тот же день на запрос жандармского управления дал ответную телеграмму о немедленной отправке Долгополова в глушь. И вот, совершенно изможденного, больного, Долгополова поднимают с постели, чтобы отправить в далекий дикий угол. Страдающий «тифоидальной горячкой», Долгополов побывал в разных больницах Западной Сибири. Тем не менее, генерал-губернатор Западной Сибири не успокоился отправкой Долгополова в глушь. Он часто жаловался на него министру внутренних дел, что он «неисправим и крайняя политическая неблагонадежность Долгополова приводит губернское управление к тому, чтобы удалить этого поднадзорного из вверенной ему губернии». Генерал-губернатор Западной Сибири в письме к МВД просил о пересылке Долгополова из Западной Сибири в Семипалатинскую степь, куда давно жаждал попасть сам Долгополок. Эта просьба была принята МВД, и Долгополов с величайшей радостью совершил свою поездку в г. Семипалатинск.

По приезде в Семипалатинск, Долгополов знакомится с Абаем, о котором он имел уже превосходные отзывы через народовольцев Леонтьева и Михаэлиса. Находясь в Семипалатинске, Долгополов жаждал поехать в аул Абая и отдохнуть там в прохладных ущельях Чингисского хребта.

В 1885 г. он подает прошение Семипалатинскому военному губернатору следующего содержания: «Здоровье мое крайне расстроено от страдания лихорадкою и грудной болезнью, для поправления мне необходимо выехать из города на летние месяцы в степь для пользования кумысом и чистым воздухом. Прошу вас, ваше превосходительство, разрешить мне поездку в Чингисскую волость, в аул Кунанбая – впредь до 15 августа. Нифонт Долгополов».

Семипалатинский военный губернатор, предоставив отпуск Долгополову на летние месяцы, предупредил полицеймейстера «об учреждении за ним там полицейского надзора» и поручил семипалатинскому уездному начальнику строго следить за Долгополовым в ауле Абая Кунанбаева. Таким образом, бывший питомец Харьковского университета, один из деятелей группы народовольцев, Долгополов сразу акклиматизировался в Степях и радушно вошел в контакт с Абаем. Проживая в ауле Абая, он нашел с ним общий язык и получил взаимное нравственное удовлетворение Народовольцам аул Абая заменял публичную библиотеку большого города, а сам Абай для них оказался неожиданным феноменом, найденным в глуши степей.

Все политические деятели-революционеры, которые хоть что-нибудь знали об Абая стремились попасть, в его аул. Аул Валиханова в Кокчетау и аул Абая в Чингисских горах были подлинными убежищами для многих революционеров. Но многим из них запрещали поездку в аул Абая. Например, революционер Дениш, находясь в Каркаралинске, изявил желание – жить среди казахов в Чингисских горах и там обучать казахских детей. Но семипалатинская областная администрация отказала ему в его просьбе. Когда Дениш заявил протест против запрета, «обучения казахских детей», то семипалатинский военный губернатор обратился в департамент полиции с просьбой об удалении Дениш из Стенного края, и в 1884 г. последовал приказ депар-

тамента о переводе Дениша в Томскую губернию, как «в один из отдаленнейших уездов». Его выслали из казахских степей в Нарым. То же произошло с Харитоновым, Гофманом, Рафаиловым, Аргутинским, Чермаком, Беляевым и Ватсоном. Когда революционеры Рафаилов, Аргутинский и Гофман заявили открытый протест против несправедливости о запрете им обучения казахских детей, за это их также удалили из Степей. Кроме того в одном из донесений на имя генерал-губернатора Степных областей о них сказано, что эти «социалисты ведут революционную пропаганду между мусульманским населением и подготовляют адский умысел против жизни государя императора. Во гласе стоят Аргутинский, Гофман, Иванов, и в их кузнице Пепис и доктор Белилювский». Из их числа, особенно Гофман, Аргутинский и еще Ватсон горячо защищали интересы народа. Они погибли, неся жестокое наказание.

В воспоминаниях людей о Ватсоне говорится, что он погиб от полицейского гнета за то, что он мечтал отдать свои недюжинные силы освобождению той страны, которая стала его второй родиной. Две сестры из народовольцев Августина и Софья Каминер были удалены из Степи за то, что они распространяли среди туземного населения революционную литературу «преступного содержания», в числе которой были также сочинения Канта, Дидро и Монтескью.

Все революционеры-народовольцы, которые отбывали свои сроки в Западной Сибири и в Степях, прекрасно знали Абая, как человека морально высокого, гостеприимного и в то же время гениального поэта, внушавшего большое уважение.

На духовное развитие Абая и формирование сто историко-философских взглядов, немалое влияние оказали также выдающиеся люди, как Михаэлис, Гросс и Долгополов.

Кандидат юридических наук и литератор по склонности Гросс и Михаэлис, имевшие дружеское отношение ко многим великим писателям из разночинцев, не раз бывали в гостях в ауле Абая. Они знакомили Абая с вершинами русской общественной мысли 70-х годов, а также с демократическим идеями в Европе. Еще до знакомства с Михаэлисом Абай прекрасно изучил восточнуб философию и поэзию из цикла поэтов Фирдауси, Хафиз, Саади, Низами, Мир-Алк-Шир-Наваи, Сайхали и т. д. Но тем не менее, он часто вспоминал имя Михаэлиса, который обогатил его мысли, указал на важность изучения истории общественного развита и в первую очередь истории русской классической литературы. Абай не ограничился изучением только одной русской литературы. По отзыву народовольца Леонтьева, он целыми, часами просиживал в Семипалатинской публичной библиотеке, где углубленно занимался чтением произведений таких писателей, как Спенсер, Милль, Дрепер, Дарвин и Тэн. В подбор книг Семипалатинской публичной библиотеки вкладывали свои идеи то же Михаэлис и Гросс. Об этой библиотеке известный журналист Д.Кеннан пишет, что, когда «мы отправились от Губернского правления в городскую публичную библиотеку, тут мы нашли небольшой антропологический музей, удобный кабинет для чтения, снабженный всеми русскими газетами и журналами, и хорошо подобранную коллекцию книг в 1000 томов слишком. Я был немало удивлен, найдя в их числе таких авторов, как

Спенсер, Льюпс, Милль, Тэн, Тойлер, Дарвин, Лайель, Тиндаль, Мэкеизп-Уэллес, и романы Скотта, Диккенса, Троллона, По и Брэт-Гарта. Особенно полон был отдел политической экономии, и подбор книг делал большую честь устроителям».

Абай был неотлучным посетителем этой историко-общественной библиотеки, которая заменила ему университет. В беседе Кеннана с народовольцами известный Леонтьев сообщил, что Семипалатинская библиотека – большое благо не только для ссыльных, но и возбуждает интеллектуальные интересы в городе. Он говорил Кеннану:


«Я знаю одного старика киргиза Ибрагима Кунанбаева, который ходит в библиотеку и читает даже таких авторов, как Драпер и Милль». «Он усердно изучает английскую философию, – говорил Леонтьев, – и читает этих авторов в русском переводе». Таким образом дружба Абая с народовольцами имела глубоко философские корни, выразившаяся в том, что Абай углублял свое миропонимание, усваивал социальные мотивы в произведениях таких великих писателей, как Толстой, Чернышевский и другие, что способствовало ему творить социальную сатиру, разоблачающую все мерзости феодальнобайской чиновнической среды.

Дружба Абая народовольцами оказалась благоприятной еще в том отношении, что он был для них неисчерпаемым источником юридических обычаев казахов, и все материалы по этому вопросу были собраны исключительно у Абая.

Кроме Михаэлиса и Гросса Абая хорошо знали и такие крупнейшие публицисты из народовольцев, как Степняк-Кравчинский, Д. Клеменец, Потанин, академик

Веселовский и известный пушкинист Модзолевский. Проф. Ленинградского университета, известный историк русской литературы В.Сиповский, который в 1931 году, занимаясь казахской литературой, часто упоминал эти имена, они указывали ему источники по казахской литературе. Сиповский особенно интересовался историей казахов 30-х годов XIX столетия и хотел связать Пушкина с Абаем. Во время занятий в Салтыковской библиотеке (Ленинград) он часто обращался ко мне и спрашивал об Абае. У него была большая рукопись о казахской литературе, но неизвестно, где она сейчас находится.

ЫБЫРАЙДЫҢ ҮШ ХАТЫ



Ыбырай Алтынсариннің тұңғыш рет жарияланғалы отырған үш хатын мен өткен жылы СССР Ғылым академиясының Азия халықтары институтының Шығысты зерттеушілер мұрағатында жұмыс істеп жүргенімде, Петербург университетінің профессоры, әйгілі ориенталист В.В.Григорьевтің қағаздары арасынан тауып алдым (Шығыс зерттеушілер мұрағаты, ф. 61. оп 2, іс №4). Үш хаттың біреуі – Шекара Басқармасының қызметкері және Орынбор қазақтарының приставы Лев Николаевич Плотниковке, екеуі – сол кездегі Орынбор қазақтарының губернаторы В.В.Григорьевке жолданған. Бұл хаттарды Алтынсарин жергілікті жерлер үшін мұғалімдер дайындайтын Орынбор орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін, әлі қызметке орналаса алмай жүрген жас кезінде жазған. Сірә, Л.Н.Плотников

Алтынсаринге Орынбордың облыстық басқармасынан қызмет бермек болса керек, Ыбырайдың бірінші хаты соған жауап ретінде. Ол Торғай қазақтарын Россиямен жақындастыру жолында көп еңбек сіңірген аса қадірлі, һәм даңқты атасы Балғожа би қайтыс болып, өзінің ауыр қазаға ұшырағанын жазады. Бұл хатта он сегізге жаңа толған жас жігіттің білімге толы жан сарайы, адамгершілігі, өзі ұшқан ұяға деген махаббаты мен отаншылдық ыстық сезімі айқын көрінеді. Бұл хат аға буынға салқын самарқаулықпен қарайтын қазіргі кейбір жастарға үлкен тағылым, ата-анасын айырықша қадір тұтудың парасатты үлгісі болмақ.

В.В.Григорьевке жазған хатында: мектеп те жоқ, кітап та жоқ, меңіреу далада надандық пен қараңғылықтан, жергілікті шонжарлардың дөрекілігі мен зұлымдылығынан қорлық көрген жас Алтынсариннің жан-күйзелісі аңғарылады. Сол хаттарында жас педагог Орынбор қамалында (кейін уездік Торғай қаласы) тұңғыш мектеп ашуға Григорьевтің көмек көрсетуін өтінеді. Сонымен қатар өзінің әбден дал болып жүргенін айтып, тым болмаса мәдениеттірек жер – Тройцкінің бір мектебінен мұғалімдік орын беруін сұрайды. Қазақтың ардагер ұлының өмірі жөніндегі бұл құжаттарды бұрын ешкім білмейтін еді. Ыбырай өмірін зерттеушілер үшін бұл үш хаттың маңызы өте зор.

ҚАЙЫРЫМДЫ ТАҚСЫР ЛЕВ НИКОЛАЕВИЧ!

28 февральдағы хатыңызды алғандығымды Сізге хабарлауға батылдығым жетіп отыр, жүгірте оқып жіберіп, Сіздің үәде берген жеріңізге келгенімде, қуанғанымнан көзімнен жас шығып кеткенін де

байқамай қалыппын. Осынау қапасқа түскен кезімде бұл сөзіңіз мені шексіз қуантып тастады. Маған жасаған соншама жақсылық, ізгілігіңіз үшін, Сізге алғыс айтайын десем, лайықты сөз таба алмай отырмын. Лев Николаевич, мен күллі ата-бабам тәрізді қыр түлегі болсам да, жасаған ием барша жұртпен бірге маған да ұлы адамдардың рахымын айыра білу және сол рахымын өле-өлгенше ұмытпай, есте сақтау қабілетін берген, мен сол жолдан таймауға серт байлаған жанмын. Сіз маған ойда жоқта, тіпті қиялыма да енбейтін мейірімділік жасадыңыз, ендігәрі мен (дінім басқа болса да) Сізді жақында ғана дидарын қара жер жұтқан өз атамнан кем тұтпаспын. Жас мөлшеріме қарай, өміріме жолбасшы, қамқоршы қажет екенін мен айқын сезінемін. Өз ұғуымша, тағдыр таразысында мені бақытсыздықтан бақытқа душар еткен тәңірімді шапағатпен дұғамнан тастамаспын. Бұдан былайғы жерде мен енді Сіздің хұзырыңызға үміт артамын. Тәңірім маңдайыма жазған бақытыма қай жолмен жететінімді өзімнен гөрі Сіз жете ойластырыпсыз. Сол жолдан адастырмау үшін Құдай маған Сізді жаратты ма деп ойлаймын. Сонымен қатар, атамнан қалған мал-мүлкімді өз еркімше іждаһаттап тәртіпке келтіру үшін, оның алдындағы ақырғы фарызымды өтеу үшін, мұның бәріне ежелден келе жатқан дәстүр бойынша көп уақыт, көп мехнат жұмсалатынын ескеріп, Сіздің біраз уақытқа мәулет беруіңізді өтінемін. Оны білетіндері һәм қадір тұтатындары небір жетімсіз жайлармен ренжітіп алам ба деп хауіптенем. Өйткені ол кісі мұндайға қиятын адам емес еді ғой. Бұл күндері мен есімі мәңгі бақи естен кетпес қадірлі атамның аруағы разы болсын деп, басына белгі салдырғалы жатырмын, қышы да, әгі де әзір, һәм орната да бастадық.

Биыл мен өзіңізге арнайы барып дидарласпақпын. Міне, сонда Сіздің қамқор қол астыңызда атқаратын қызметім жайлы өз байламымды сонда біржола айтуыма мұрсат беруіңізді сұраймын. Отбасының әр қилы ауыртпалығымен жүріп, Сіздің хатыңызға осы күнге дейін жауап бере алмағаным үшін ғапылдық өтінемін.

Батылы жетіп хат жолдаушы Сізге шын берілген пақырыңыз

Ибраһим АЛТЫНСАРИН,
1859 жылғы 7 июнь.

ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ!

Қызмет орнына келіп жеттім. Қазір тілмәш қызметінен басқа ешнәрсемен айналысып жатқан жоқпын және жалғыз сол қызметте ұзақ қалатын, тіпті келер күзге дейін жүретін түрім бар. Өйткені мұнда әлі мектеп те, оны салуға әзірлік те атымен жоқ; комендантқа рапорт жазып, мектеп біткенше келген балаларды орналастыра тұратын қандай да бір баспана беріңіз деп өтініп едім, бірақ ол маған осы қамалда басы бос бір де бір мүйіс жоқ деп мәлімдеді. Сөйтіп мен бұл қысты сабақ берумен емес, сол күнді аңсай күтумен өткізетін болдым. Тілмәш міндеті де онша мардымды емес, оның үстіне мұнда істей қоятын басқа жұмыс та жоқ. Сондықтан өзіме берілген құйттай бөлмеде жападан жалғыз күн кешуден өзге тұқ қалған жоқ, тым болмаса оқитын кітап та болмаған соң, зерігіп, іш құса болатын түрім бар. Сондықтан, ерсі де болса, Жоғары мәртебелім, сізден өтінішім – осында аттанарда ала алған жоқ едім, маған көш қаржысын тағайындап оның отыз сомдайын мектепке қажет оқу кітаптарын алуға және дәл

сондай қаражатты Жоғары мәртебелі өзіңіз маған түсінікті һәм пайдалы деп тапқан журналдарды бір жылға жаздырып алуға ұстап қалу жөнінде тиісті адамдарға жарлық етуіңізге болмас па екен.

Мектепке керекті кітаптарды іріктеп, оны редакциядан жаздырып алу жөніндегі мехнатты, Жоғары мәртебелім, Сіздің өз міндетіңізге алуыңызды құлшылықпен өтінемін.

Жоғары мәртебелі Сіздің риясыз қызметшіңіз болып қала беретін.

И.АЛТЫНСАРИН.
1860 жылғы 26 август.

ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ!

Семья жағдайымның кесапат мүшкіл халге ұшырауына шыдай алмай, өткен август айының 16-күні Жоғары мәртебелі Сізге ресми хат жазып, мені қазіргі лауазымымнан ауыстырып, қазақ Ордасының Шығыс жағына қызметке жіберуіңізді құлшылықпен өтініп едім.

Жоғары мәртебелім! Менің семья жағдайым да өте ауыр, оның үстіне мұндағылардың бәрі маған ағайын және мінез-құлқы да әртүрлі – жақсылығы да көп, жамандығы да көп; басқан ізімді мүлт кетірмей бағып, қалт-құлт етіп біразға созуыма болар еді-ау, дегенмен, бәрінен қиыны, бұл жерде ешқандай жақсылық күтуіме әсте болмайды! Өтінішіме құлақ асып, өзіңіздің мархабатты құзырыңыздан кенде қалдыра көрмеңіз! Троицкіде қызмет істеуге қуана-қуана барар едім. Әттең үй-ішім мен шаруашылығым

бұрынғысынша аяғыма оралғы болып, бұл жолы да басы-қасында отыруымды талап етіп, ең жақсы армандарымды жүзеге асыртпай тұр.

Өзін Жоғары мәртебелі Сіздің қошеметшіл қызметшіңіз деп тұтуға батылы барған.

Ибраһим АЛТЫНСАРИН,
1861 жылғы 25 сентябрь,
Орынбор қамалы.

ТРИ ПИСЬМА ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА

Публикуемые здесь впервые три письма Ибрая Алтынсарина найдены мною в прошлом году, во время работы в архиве Востоковедов Института народов Азии Акад.наук СССР, в архиве известного ориенталиста, профессора Петербургского университета В. В. Григорьева (Архив Востоковедов, ф. 61, оп. 2, д. №4, лл.....). Из трех писем первое адресовано Льву Николаевичу Плотникову, работнику Пограничного Управления и приставу оренбургских казахов, два письма – В. В. Григорьеву, тогда работавшему губернатором оренбургских казахов. Письма написаны юным Алтынсариным, еще неустроенным после окончания Оренбургской русско-киргизской школы, готовившей учителей для периферии. В первом письме Алтынсарин отвечает на предложение Л. Н. Плотникова, видимо предложившего место в Оренбургском областном правлении, сообщает о своей горький участи в связи с утратой своего дорогого и знаменитого деда Балгожа бия, столь много сделавшего в деле сближения тургайских казахов к России. В этом письме рельефно выражена богатая знанием душа восемнадцатилетного юноши, его любовь, его гуманизм, его патриотического чувство к своему родному гнезду. Это письмо, как образец любви к своим ро-

дителям, к деду, должно явиться примером для молодежи нашего времени, нередко относящейся к старшему поколению холодным безразличием.

В двух письмах к В. В. Григорьеву выражен крик души юного Алтынсарина, брошенного в глуши степей без школ, без книг, на терзание невежеством, грубостью и нахальством местных заправил. В этих письмах юный педагог умоляет Григорьева помочь ему открыть первую школу в Оренбургском укреплении (впоследствии уездный городок Тургай) и, придя в суровое разочарование просит последнего перевести его в более цивилизованное место – Троицк для занятия место учителя в одной из школ. Эти яркие строки о жизни и деятельности одного из просвещенных в прошлом людей Казахстана до сих пор оставались неизвестными. Теперь они должны найти себе дорогу в качестве первостепенных материалов в дело освещения биографии Ибрая алтынсарина.

Публикация и предисловие А. Х. Маргулана.

МИЛОСТИВЫЙ ГОСУДАРЬ ЛЕВ НИКОЛАЕВИЧ!

Осмеливаюсь известить Вас, что письмо Ваше от 28 февраля я получил, пробегая его невольно прослезился от той радости, которую Вы мне обещаете. Оно меня совершенно в настоящем горестном положении моим. Не нахожу выражения к благодарению Вас за вас Ваши милости и участие ко мне. Лев Николаевич, хотя я и степной питомец как все прочие мои праотцы, но и мне дана способность от творца, как и всем людям различать что

значит благодеяние людей Великих и хранить оное как залог моей жизни, в чем я себе поставил быть не колебленным. После столь неожиданного и сверх моего чаяния ко мне Вашего участия, я не могу никак иначе Вас иметь и считать (хотя будучи иноверцом) как тем самым моим дедом, которого недавно потерял без возврата в своих позках. Я сам моих, что он, как я примечаю заменяет в порядке судеб своих мое несчастие счастием. Теперь я пологаюсь во всем на волю Вашу; Вы лучше моего обдумали, какими путями довести меня до предназначенного мне богом счастия; к которому, как я разумею, господь Вами меня ведет. За всем тем прошу Вас дать мне еще несколько времени, чтобы привести в совепшенный порядок, по моему усмотрению, оставленное мне дедом моим имущество; отдать последний ему долг; на что по нашим древним обычаям не мало требуется хлопот и времени; я берегусь чтобы знаемые его и последи сего не были чем-либо недовольны и не хорошо отзывались об нем; ибо он никогда не заслуживал. Теперь я занимаюсь воздвигнутием памятника над прахом незабвенного моего деда; кирпич и известь изготовлен и уже приступлено к работе. Внынешнем году я лично сам к Вам побываю и тогда уже окончательно позвольте мне высказать свое намерение относительно моей службы под Ваши покровительством. Прошу прощения, что я по разным домашним обстоятельства доселе молчал на Ваше письмо.

Осмеливаюсь назваться преданным Вам
Ибрагим Алтынсарин,

7-го июня 1859 года.

ВАШЕ ПРЕВОСХОДИТЕЛЬСТВО, ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ!

Я приехал на место моего служения. Кроме должности переводчика, я, в настоящее время ни чем другим не занимаюсь и вероятно останусь при одной этой должности еще надолго, до следующей осени, потому пока нет здесь ни школы, ни даже никаких приготовлений на постройку ея; просил рапортом от комендата назначить других каких-либо помещений для поступающих детей, до построения школы, но он обьявил мне, что нет для того ни одного лишного уголка в укреплении – не занятого. Таким образом, я остаюсь должным проводить эту зиму не занятием, а ожиданием ее. Так как и обязанность переводчика здесь ничтожна, и других развлечений здесь тоже не имею, то мне ничего более не остается как только жить одиноко в отведенной мне комнатке, а не имея никаких книг для чтения скучать и хандрить; поэтому я и допускаю себе смелость просить Вас, Ваше превосходительство, нельзя-ли будет сделать приказание куому следует о назначении мне подьемных денег, так как при отправке, я его не получал и из числа этих денег вычитать рублей 30 на выписки разных учебных книг для школы и еще столько же на годовую журналов, таких, каких Ваше Превосходительстве почтете для меня доступным и полезным.

Труд-же выбора нужных для школы книг и выписки их от редакции, я всепокорнейше прошу Вас взять на себя, Ваше Превосходительство.

Остаюсь, Вашего Превосходительства,
Покорнейшим слугой, И.Алтынсарин,

26 августа, 1860 года.

ВАШЕ ПРЕВОСХОДИТЕЛЬСТВО. ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ!

Принужденный дурным оборотами семейных дел моих, я, докладной запиской от 16-го прошлогоавгуста, обратился с покорнейшей просьбой Вашему Превосходительству переводить меня из занимаемой мною теперь должнояти в Восточную часть Орды киргизов – на служение.

Ваше Превосходительство! Положение мое затруднительно как в отношении моих семейных дел, так и в том отношении, что здесь люди родные и с разными свойствами характеров – много хорошего, много неприятностей; главное, нельзя ожидать мне здесь ничего доброго в будущем, хотя положим и можно бы жить кое-как, посредством строжайшего наблюдения за собой. Вникните просьбам моим и не оставьте великодушным покровительством своим! Охотно бы желал служить в Троицке, но ведь у меня семейство и хозяйство, которые как всегда так и теперь препятствуют моим самым лучшим, требуя не отступного нахождения моего при них.

Осмеливаюсь почитать себя всепокорным слугой Вашего Превосходительства, Ибрагим Алтынсарин.

Сентябрь 25-го, 1861 года.
Укрепление Оренбургское.

ПАРИЖ КОНЦЕРТІ



Париж қаласындағы үлгілі сауық көрмесіне жіберетін әнші музыканттардың Мәскеуде сыны болып, Күншығыс елінен барған әншіжыршылар туралы, Россияның бір композиторы (ән шығарушысы) газет жүзінде Күншығыс елінің ортасынан шыққан әншілерге сүйсінгендігін білдіріп отыр. Күншығыс орталығының сымбатты өнерге бейімділігін көрсетіп, әсіресе ең алдымен Қазақ пен Армян әндерін Германияның музыканттарының үніне салыстырып баға береді.

Композитордың талғауы бойынша, біздің тұсымыздағы не түрлі сұлу ән-жырлар, сымбатты күйлер, бұл күнге шейін ел арасындағы лайлы толқынға араласып, нелер сұлу үндердің, мағыналы орындардың

қасиетіне халық түсініп баға бере алмағаны көрініп, белгісіз, ажары жоқ нәрседей, кім көрінгеннің аузында, саудагердің ләпкесінде, шаңның астында басылып, талай асыл әндердің негізгі сұлулығы азайғаны байқалады.

Қазіргі уақыттағы күнделік қойып отырған сауықтағы үлгілі ән-жырлар, ескіліктен келе жатқан асыл сымбаттың жұрнағы, бұны тексеріп дәуірдендәуірге жеткізіп отырған, ел ортасынан шыққан әр ұлттың белгілі жыршысы – музыканты; бұларсыз сұлу үндер тарихта, ел аузында қалмақ емес, әлгі айтқанымыздай тозаңмен араласып, ақырында тамыры құрып, әннің тек әлсіреген ізі қалмақ, иә, таза жоғалмақ.

Мәскеудегі әншілер жарысында композиторлардың көзіне алдымен түскен башқұрттың құрайшысы Есен, қазақтың әншісі Әміре Қашаубаев, өзбектің бишіжыршысы Тамара ханым, армянның күйшісі Сокиасоп.

Міне, осылардың бәрі де Күншығыс елінің адамдары. Европаның атақты композиторларынан кейін екінші қатардан орын алып, өздерінің сымбатты, сұлу әндерімен аз да болса Европа халқына ләззат бере алып отыр. Күншығыс Азиядан барған музыкант әншілер ішінде қазақтың Әміресі мен башқұрттың Есені абзалырақ. Сондықтан, қыр сахнасында, табиғатпен бірге туысып, бірге өсіп сырласқандай. Табиғаттың сұлу түрінен үн алған қазақ баласының ілгеріде де өнерге байюына, өмірі сымбатты өнерге шыныгуына күмән жоқ.

Бұған Әміресі дәлел.



МҰХТАР ТУРАЛЫ СӨЗ

МҰХТАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨРЛЕУІ

Мұхтар дүниеге келмес бұрын Қазақстан топырағында дәуірлеп шыққан ойшы, ақылгөй, кемеңгер кісілер аз болған жоқ. Олардың көпшілігі тәрбие алып, рухани озық екендері XIX ғасырдың екінші жартысындағы озат орыс ойшыларының ғылыми-фәлсафа еңбектері, оның ішінде Н.Г.Чернышевский, А.Н.Добролюбов, Н.М.Ядринцев, Шоқан, Г.Н.Потанин еңбектері еді. XX ғасыр басындағы жастар, көбінесе революцияға байланысты әдебиетті көбірек оқып, теория мәселесіне баса көңіл қойды. Онымен қатар Шоқан мен Григорий Николаевич Потаниннің айнымас достығы олардың есінен ешуақытта шыққан емес. Тегінде адам арасында болатын достық рухани азықтың сарқылмайтын бір күшті бұлағы ғой. Оның мысалын адам баласы тарихынан талай рет кездестіруге болады. Бірақ солардың ішінде туысқан халықтардың өкілдері Шоқан мен Г.Н.Потаниннің достығы бүтіндей өзгеше еді. Олай болуының себебі, бұлардың достығы тіпті бала күнінен басталып, олардың көз жұмылған сағатына дейін өзгерусіз болды. Жас Шоқан сол бала күнінің өзінде өзімен бірге оқып жүрген Гришаны қазақ халқының тұрмысымен, мәдениетімен, халық жырымен, өнершілдік ісімен таныстырып, кейде ауыз сөзбен айтып жеткізе алмайтын жерлерін суретке түсіріп

анықтайтын болды. Шоқанның айтқандарын Гриша бұлжытпастан қағаз бетіне түсіріп отырды. Ақырында бұл екеуінің достығы ұлы игілік іске айналды. Бұлардың достығы кейін Мұхтарға да, және оның Семейдегі оқытушыларына да зор әсер етті. Бұлардың достығын әулиедей қасиеттеп, оны моральдың ашық айнасы деп түсінушілер тіпті аз болған жоқ. Оны Аркада Якоби, Николай Наумов, Антон Сорокин, ағайынды Белослюдовтар, Николай Коншин, тағы басқалардың жарқын ісі мен ашық ойлары, олардың қазақ халқына туысқандық көзбен қараған, егілген жүректері айқын дәлел бола алады. Революция қарсаңында Семейде оқып жүрген қазақ жастарының талпынуына қырағы көзін салып, олардың қараңғылықты бөксере ой-білімнің шыңына өрмелеуін қуаныш еткен аяулы ұстаз Алексей Белослюдов өзінің аға досы Г.Н.Потанинға жазған бір хатында былай деген еді: «Шоқандардың қалаға, мәдениетке ұмтылуы қазір жыл өткен сайын көбеюде. Олардың көпшілігі сіздің қадірлі досыңыз Шоқанды еске түсіреді. Бәрі де ұстамды, бәрі де тұңғиық, бәрінің де жүрегі мөлдір таза, адамға дос болып қалуға, өзінің жұртына жұмыс істеуді мақсат етеді».

Бұл хат 1915 жылы жазылған. Мұнда жазылған ой-пікірдің барлығы тұтасымен сол кездегі Семейде оқып жүрген Мұхтар, оның аяулы ағасы Қасымбек, Қаныш Сәтбаев, Әміржан Сыдықов, тағы Абай ұрпақтары туралы айтылған деуге болады. Олардан өзге Шоқанмен салыстыратын мықты, ойшы бала ол кездегі Семейде болған емес. Революция қарсаңында оқып жүрген осы айтылған жастардың революция толқынын қандай ынтамен күткендерін айта келіп Белослюдов тағы былай деп жазады: «Қырдағы қазақтар арасында қоғамдық ой-

сана, ұйымшылдық аса күшеюде. Олардың болашаққа көзқарасы менің бұрынғы ойлауымнан тіпті кең жатыр. Болып жатқан дүниелік оқиғаға аса тесіле көңіл қоюда. Қаладағы жаңалықты шабармандар күнбе-күн қырға жеткізіп отырады. Олардың құлақ түріп сұрайтыны «Петерборда не болып жатыр? Басталған... (көтеріліс) қалай? Осыған қарағанда қазақ халқының тіршілігі бүтіндей мәдениет дүниесімен тығыз араласуы даусыз. Келешекте оларға көбірек күн сәулесі керек, көбірек білім ошағы керек».

Қадірлі ұстаздың бұл қойған тілегі онша алыска созылған жоқ. Қазақ халқы күн шуағына, онымен бірге білім ошағына ұмтылды.

Әлеумет майданына тасыған сұрапыл күштен жас саңлақ Мұхтар да шықты. Ол кісінің қауым алдында, әдебиет жүзінде көріне бастағаны 1917 жылдан былай қарай. Мұхаңның атын көпшілікке әйгілі еткен ең алдымен «Абай» журналы еді. Бұл журналды Мұхаңның ең алғашқы бауашары деуге болады. Өйткені, оны бірінші рет ұйымдастырып, оның негізгі мақалаларын жазған көбінесе Мұхаңның өзі болатын. Бұл алғашқы өрлеуінде Мұхаң көбінесе журналист, публицист, ойшы, сыншы, философ ретінде көрінді. Оны «Ғылым», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Философия жайынан» деген мақалалары ашық сипаттайды. Мұхаңның алғашқы ой толғауына көбірек ойысуы оның бір ғана өз басының ерекшелігі деуге болмайды. Мұхаң оны өзінің туып-өскен жерінен, Абай мұрасынан дәстүр етіп шыққан.

Мен ең алғаш Шыңғыстауға барғанда (1924 жылы) ол жердің адамдарының жан-күйі маған өзге жерден бүтіндей өзгеше көрінді. Олардың үлкені де, кішісі де

ойға батқан, тұңғиық, аса кішіпейіл, лепіріп-лағуды білмейді. Сөзді әдеппен тосып сөйлейді. Тыңдайтын адамдары кездескенде данышпан қариялары шалқыған ойларын тебіренте салмақпен құйылтып ой қозғайтын. Толғаулармен, түйінді термелермен адамды еріксіз өзіне тартып, кейде сөз арасында атақты ойшылдардан мысал келтіріп отыратын. Шыңғыстаудағы атақты сері, жас күнін бір ғана Абайдың мәжілісінде өткізген, кейін Мұхтардың ауылдағы досы болған Өткелді (Кәрі-Қара) бір күні әңгімелесіп отырғанда: «Абайдан бұрын біз орыс халқының данышпан адамдарын тіпті білмеппіз ғой. Біздің көретініміз көбінесе қатал, алаяқ, қу, рахымсыз адамдар болған соң бәрі де солай ма деп түсінуші едік. Толстой мен Салтыковтың, Добролюбовтың, Лермонтовтың жазғандарын тыңдап отырсаң әулиенің сөзімен бірдей. Олардың ойлауында барлық адам баласына қарлығаштай достық істеу екен».

Шыңғыстаудың әншілерінің өзі кей жердегідей есер әнші көрінбеді. Адамның жан-күйінен шығатын сұлу үнді ойға бөлеп, тамылжыған әдемі қоңыр дауыспен домбыраға қосып, әнмен философиялық ойларды айтып жеткізгендей болатын. (Мекайл, Ісрайл, Жебрайл). Олардың үнінен кейде европалық музыканың сәулетті ырғақтары шығатын. Ең ақыры науша жасөспірім балалардың өзі Байрон, Гете, Лермонтовсыз сөйлемейді, ойнап жүріп олардың қазақша аудармасын өлеңмен жырлайды.

Міне, Мұхаңның науша күнінде тәрбие алып, түлеп ұшқан ортасы осы еді. Бұл ортаның көпшілігі әрине Абай ұрпақтары кейін Мұхаңның ауылдағы аяулы достары. Олардың сыпайы мінезділігін, ашық ойшылдығын, сұлу дүниеге құмар болуын, барлық рухани азығын

мен бір ғана Абайдан қалған мұра деп түсіндім. Өзге түрлі анықтау мүмкін емес. Бұл рухани азықты жасауға әрине Халиулла, Мағауия, Ақылбай, Шәкәрім, Кәкітай да қатынасты. Бірақ ол кездегі қараңғылық бұғауында шырмалған халық бұқарасының сезімін бірінші рет оятып, оларға терең философиялық ой айтқан, оларды топастықтан шығарып нәзік сезімге шақырған, олардың жүрегіне сұлулық дүниесінің сәулесін ашқан Абай екені анық. Ең алғаш дәуірлеп шыққанында Мұхаң Абайдың бұл жарқын ойларын ешуақытта есінен шығарған емес, оны тіпті өмірінің соңғы кезеңіне дейін үлгі түрде ұстады.

1919-1921 жылдар Мұхаң көбінесе саяси-әлеуметтік іспен шұғылданды. 1919 жылы Семей облыс басқармасының қасындағы «бұратана» халықтар бөлімінің бастығы болды, бірнеше уақыт облысты да басқарды. 1920 жылы Қазақ автономиясы құрылысы – мен Мұхаңды Орынборға шақырып, Кирдиктің секретары етіп тағайындады. Мұнда көбінесе, «жерлестіру комиссиясында» істеді.

Мұхаңды бірінші рет 1921 жылы Павлодар қаласында көрдім. Ол кезде адамның ой-сапасы әлі кемеліне келмеген, ақ пен қараның, шындық пен өтіріктің, игілік пен зұлымдықтың айырмасын терең түсіне білмейтін, балалық дәуірінен әлі шығып болмаған, албырт кез болатын. Алайда ескі заманның қыспағында өмірі өксіп, бостандықты, жарық дүниені көксеп өскен жастар, Октябрь революциясының толқынымен тебіреніп, білімге, күн сәулесіне, жарық дүниеге ұмтыла бастады. Революция екпінінің адамның жан-күйін тербетіп, оятуы сонша, сол жас күннің өзінен дүниеге тесіле қарап, жаңа азық, көңілге қуаныш беретін ашық

ойлы, жарқын мінезді, тәжірибесі көп, революцияны өз қолымен жасаған аға ұрпақтың сөзіне көңіл қойып, бір ғана ізгі адамның айтқан сөзімен оның жазғандарын оқығың келетін. Кейде ауылға каникулға қайтқанда алып жүрген кітабының ауырлығы өзге жүктен бес-алты есе артық болатын.

Кереку қаласының маңайы әрқашан сынсыған қазақ ауылдары, олар Ертістің екі жағын қуалай бірнеше болысқа бөлініп отыратын. Орталықтан келген жолаушы-жиһангездер, жазушы-ғалымдар, не үкімет адамдары оларға соқпай кетпейтін. Ертіс өлкесін қыр қазағы «Ой бойы» дейді. Ертістен қырға қарай созылып жатқан Арқаның байтақ даласы. Оның ортасында үйірім-үйірім шөгіп жатқан әдемі таулар, олардың көбі ертеден ертегі мен жырға бөленген атақты жерлер. Осы байтақ өлкені ертеден қоныс еткен қазақ елі жаңа тіршілікке ауысып, өзінің бақытты, қызықты өмірін қуаныш ете бастады. Революция толқынымен оянған ақ көңіл, ару жұрт жаңа тіршілік жасау жолында малын да, басын да, дүниесін де аяп қалған жоқ. Патша заманында баласын әскерге бермеу заңын енді бүтіндей есінен шығарып, оларды қызыл әскер қатарына жаздырды: малын, дүниесін аямай, оны Азамат соғысы зардабынан ашығып жатқан Совет аймақтарына жіберуге дайын болды. 1920-1921 жылдары Ертіс бойындағы қалаларда қазақ даласынан жиналып келген малдың көптігі сонша еді, оны орталық аудандарға бір жұманың ішінде жіберуге ол кездегі транспорт төтеп бере алмайтын.

Жаңа заман туы астында аянбай жұмыс істеп, бар жігерін, білімін сол үшін сарп қылған оқымысты қазақ жігіттері де аз емес болатын. Олардың ішкі ойына сыртқы киімі де сай болатын. Бәрінің кигені қысқа

былғары куртка, басында былғары кеп, галифе шалбар, жылтыр қара етік. Мұхтарды бірінші рет мен тура осы түрінде көрдім. Ол Әліби Жангелдин бастаған комиссияның мүшесі болып жергілікті аппаратты жаңадан құру мәселесімен келді. Ұмытпасам, олардың қасында ойға батқан ақылды жігіт Алдоңғаров, тағы басқалар бар еді. Комиссияның келуін қалалық комитет оқушы жастарға күні бұрын білдіріп, ұйымдасқан түрмен оларды қарсы алуға шақырған. Бірақ Омбыдан шыққан кеме Павлодарға айтқан сағатта келмеді. Біз оларды түн ортасына дейін күттік. Келетін сағаты белгісіз болған соң ең соңында шаршап, үй-үйімізге қайттық.

Таңертең ұйқыдан тұрып көшеге шықсам, қаланың іші абыр-жұбыр, жұрттың көпшілігі ентелеп су жағасына, пристенге қарай өтіп жатыр. Мен де бөгелместен сонда бардым. Пристенге таянған кезде маңайыма қарасам, бір топ адам жар жағалап серуен құрып жүр екен. Олардың жүрісі, киімі Павлодардың тұрғын халқынан басқарақ. Кеменің келіп тоқтағанына жарты сағат өткен. Мен кімдердің келгенін білу үшін кідірместен кеменің ішіне кірдім. Барсам, оның ашық салонында қартаңдау келген бір адам революцияның қалай болғанын, Қазақ республикасының қалай құрылғанын жиналған адам тобына әңгімелеп айтып отыр екен. Жанымда тұрған бір кісіден: «Бұл кім?» – деп сұрағанда: «Әліби Жангелдин», – деді. Біраз уақыт өткен соң Әлібидің сөзі бітер кезде, салонға далада демалып жүрген қонақтар да кірді. Олардың ішінде көзге ең алдымен түскен – әдемі бұйра шашты, сұңқардың көзіндей сүзіле терең қарайтын тұңғиық қара көзі бар, маңдайынан ақыл мен ойдың лебі аңқыған, жүрегі,

сезімі романтикамен бөленген, сөйлегенде саспай, майын тамыза сөйлейтін, сөзі шөлдеген адамның мейірін қандыратын, тау бұлағындай, сылпайы, көркем бір кісі халықтың көңілін өзіне ерекше аударды. Ол кешегі атағы әлемге жайылған, қазақ халқының мақтанышы болған Мұхаң еді.

МҰХАҢМЕН БІРГЕ ӨТКІЗГЕН КҮНДЕРІМ...

1962 жыл, 30 маусым. Мұхаңды еске түсіру үшін В.Н. көп кісіні үйіне шақырып жылдық азасын өткізді.

Еске түсіру Мұхаңның өзі салдырған үйінде, қазіргі мұражайында өткізілді. Еске түсіру кешіне екі жүзге тарта адам келген. Оның көпшілігі Мұхаңның жақын достары, туыстары, әдебиет зерттеуші ғалымдар, жазушылар, жай адамдар. Кісі қанша көп болғанымен олардың ішінде өзінің сыртқы келбетімен, әдемі сұлу мінезімен, не жарқын ойымен көпшілікке әсер етіп, олардың жүрегін, көңілін өзіне арбап алатын Мұхаңның өзі сияқты кісі болған жоқ.

Ой-сананың жетіліп асқақтаған түрі, не оның кедейлігі осындай топ алдында айқын көрінеді ғой. Сөйлеген адамдар көбінесе ресми түрде сөйлеп, бұрын жаттап алған сөздерді, адамды мезі қылатын сөздерді қайта-қайта айтып, Мұхаңның қауым тіршілігіндегі орны, оның мәдениет дүниесіндегі маңызы туралы бір ауыз сөз айтпады. Жазушының әдебиет мұрасының болашақтағы маңызы туралы дұрыс пікір айтқан бір ғана Әсет болды. Сөзінің жалпы құрылысы бұлыңғыр болса да жазушы туралы шын жүректен өзінің сезімін, ойын ашығырақ айтқан болды.

Бұрынғы уақыттағы сияқты менің бұл кеште көбірек ой бөлгенім Мұхаңның өз үйінің іші, олардың Мұхаңнан кейінгі өмірі, өзін қалай ұстауы, адамшылық қасиеті. Мұқаң ұрпақтарының әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі, Мұхаңа дос болған адамдарға олардың көзқарасы, тағы сондайлар.

Бұл үйді мен көптен білемін, тіпті В.Н. мен Мұхаңның қалай қосылғаны да әлі сайрап тұр. Оның ту басы Ленинград университетінің аудиториясында атақты профессор Лермонтов туралы лекция оқып тұрғанда басталған. Оның кейбір деталі мынау сияқты еді.

Профессор С. «Лермонтов и русский романтизм» деген темаға лекция оқығанда оның сөйлеген сөздері адамның сай-сүйегін сырқыратып, жүрегін толқытпай қоймайтын. Кейде Пушкин мен Лермонтов қоса айтқан, олардың басынан кешірген трагедиясын, олардың ақындық жүрегінің патша жендеттерінің табанында жаншылғанын төндіре, қызықты етіп айтқанда, аудиторияда отырған қыздар да көзіне жас алып отыратын. Сондай қыздың біреуі, ол кезде осы В.Н. еді. Бұл кісі ол кезде менен көрі тіс қаққан, өзі бір-екі жас үлкен, кексе қыз болатын. Біз Мұхаң екеуміз алдыңғы партада қатар отыратын едік. Екеуміздің шашымыз да жатық емес, дударланып артқы кісілерді жауып тұрады. Сөйтіп, осындай лекция тыңдап отырғанда бір күні байқасам Мұхаңның желке шашына бір әдемі қағаз кіріп тұр екен. Мұхаң мұны білген де жоқ. Мұхаңа айттым: «Желкеңізде бір қағаз тұр» дедім. Алып қарасақ: «Ваши волосы мешают – В. И Т.» деген.

Біздің артымызда екі қыз отыратын. Оның бірі осы В.Н. – сұңғақ бойлы ақ қыз болатын, екіншісі – жұқалау

келген қара көз, сымпыс торы қыз. Әңгіменің басы осыақ екен.

Мұхаң бұрын үйленген сақа жігіт, түбегейлі үй құру туралы терең ойда, толқуда жүрген кезі. Бұл әңгіме ол кезде бала жігіт менің ойыма да келмейді. Тек оқумен жастық қызығының базарында ғана жүретінмін. Төрт-бес ай өткеннен кейін байқасам Мұхаң мен В.Н-ның арасындағы махаббат қызуы шалқып кемеліне жеткен сияқты. Мұхаң, мен және Орман академиясында оқитын Мұхамбет Хабибуллин деген аяулы студент үшеуміз жеке бір пәтердегі бөлме алып тұратын едік. Оның бірінде Мұхаң жеке тұрып, екінші бөлмеде Мұхамбет екеуміз тұратынбыз. Алғашқы жылы пәтерақыны бір ғана Мұхаң төлеп жүрді. Өйткені «Қаракөз» бен «Еңлік-Кебек» пьесасына ақшаны көп алып тұрған соң бізге төлетпейтін. Егер төлеп қойсақ, қатты ренжіп, кейітін еді. Оның үстіне Мұхаң да, мен де ақшаны аямайтын едік. Ақшасыз жүрген студенттерге үстіміздегі киімдерімізді шешіп беретін едік. Мұхаңмен бірге мен де «Еңбекші қазақ» газетіне мақала жазып, кітап аударып, ақша үсті-үстіне келіп жататын. Осы Мұхаңның арқасында каникуль кезінде бір ғана Ленинград қаласында отырмай, Совет одағының көп жерін, әдемі қалаларын аралап қайтып жүрдік. Кей жылы Шыңғыстауға барып қасқыр ауладық.

Мұхаң В.Н.-ға үйленгенде осылардың барлығын әңгімелеп айтып отыратын. Біздің Мұхаңмен достығымыз В.Н.-ны алғаннан кейін күшеймесе сөнген жоқ. Мұхаңды еске түсірген күні мұны В.Н. дұрыс айтты.

Мұхаңның өміріндегі бір қатты толқып ойланған кезі осы, В.Н-ға үйленген кезі болды. Бұл кісімен та-

нысып, шүйіркелескеніне жарты жылдай болған еді. 1927 жылдың жазы шығар алдында Мұхаң қатты елегізіп, күн сайын толғануда болды.

Бір күні Мұхаң: «Әлкей, жүр, көшеге шығып біраз серуендеп қайтайық», – деді. Біз ол кезде Васильев аралында, жетінші линияда құратынбыз. Жаяу қыдырып Нева өзенін жағалап, Көркемөнер академиясының алдындағы сфинкс қасына келіп тоқтадық. Бұл жер Ленинград қаласының сәулетті жерінің бірі. Өзеннің ар жағында қолын күнбатысқа созған «Мыс» атты Петрдың бейнесі мен Адмиралтей сарайы тұр. Өзеннің екі жағын ала созылып жатқан әдемі, сәулетті үйлер, сол жағымызда ат шаптырым жерге созылып жатқан университет пен академияның зәулім үйлері.

Мұхаң: «Бұл не деген байлық десейші? Осы сияқты әдемі, сәулетті қаласы бар орыс халқы бақытты ғой. Петербор қаласы олардың мақтанышы да, ой тірегі де бола алады. Бізге мұндай мұраны кім берсін? Петербор қаласы өзінің сыртқы сұлулығымен қатар ішкі идеясымен де орыс халқының мақтанышы болады. Өйткені орыс халқының атақты ғалымдарының, жазушыақындарының көбінің өмірі осы қалада өтті. Радищев, Пушкиннен бастап олардың ішінде бұл қаланы ардақтап жазбағандары кемде-кем-ақ», – деді. Содан кейін басқа тақырыпқа ауыстық.

Мұхаң: «Сен биыл тағы да экспедицияға барасың ба? – деді.

– Иә.

– Қай аймаққа барасыңдар?

– Профессор Руденконың айтуынша күнбатыс Алтай, Өскемен, Зайсан, Тарбағатай жағына баратын түріміз бар.

– Жақсы жерге барады екенсіңдер. Ол жақ менің де көптен бері көкейімнен шықпай жүретін еді.

– Олай болса осы экспедициямен барғаннан қызығы бола ма?

– Расында ойлану керек екен. Сен бұл туралы Руденкомен алдын-ала сөйлесіп көр. Орайыма келсе мен де бірге кетермін, – деді. Бұдан кейін академияда болған экспедиция туралы жиылысқа Мұхаң бірнеше рет қатынасып жүрді.

Бір күні Мұхаң тағы да толғанып, өзінің ойға батқан тұңғиық көзімен:

– Әлкей, сен қалай көресің? Мен Алтайға бара алатын түрім жоқ сияқты. Алтайға барсам, жолшыбай Семейге түсіп, елге де соға кетуім керек. Бірақ елге барғым келмейді...

– Неге?

– Оның көп шатқалаң сырлары бар.

– Қандай сыр?..

– Сен өзің көріп жүрсің ғой... Аз уақыттан бері В.-мен жуықтасып жүргенімді. Сол жуықтасуымды одан әрі тереңдете түсуім керек пе, жоқ па?.. Соны қалай шешуін біле алмай жүрмін.

– Бәлі, таудай нәрсені шешетін кісінің танадай нәрсені шешуге ақылы жетпей ме?

– Сен олай деп айтасың ғой. Егер менің өмірімде кенеттен бір өзгеріс болса менің өзің сияқты достарым, жалпы халық не деп түсінер еді? Мені қаңқуға алмай ма?

– Алғанда қандай... Ең алдымен қаңқуға алатын кісінің өзінің туып-өскен жері, оның ішінде Абай аулы, Абай төңірегін өзге қазақтармен салыстыруға болмайды. Сын да, сықақ та, ақыл да, ой да соларда. Ой-сананың

күшті жері болған Абай ұрпақтары өзінің қуаныш еткен, жүрегі болған Мұхтардың Шыңғыстаудан безіп кеткенін мансінбей отырады деп мен түсінбеймін.

– Апырай, сөзің жүрекке тиген оқтан кем болмадыақ! Сонда сенше қалай болу керек?

– Менше асықпау керек, ойланып, толғану керек. Бір кемені сүйретіп келе жатып оны да қарық қылып, екінші кеме тартамын деу ақылға сыя ма, жоқ па? Айырып білу өте қиын.

– Шынын айтқанда менің қазір тартып келе жатқан кемем көңілге тірек, ойға азық боларлық дәнері жоқ. Әлдеқашан қирап, тозығы жеткен кеме. Ондай кеме кісінің өмірін өксіткеннен басқа жарқырап көңілге қуаныш бере алмайды.

– Ту баста осылай неге ойланбадыңыз? Ашығын айтқанда Кәмилаға келейік. Бұдан бір жыл бұрын Кәмила Абай ауылының әлпештеп отырған ару қызы. Ол кезде бес болыс Тобықтыда одан сұлу, одан көркем, одан ақылды қыз болған емес. Орынбордан ауылға келіп жүргеніңізде Арқаның кер маралдай сызылып отырған ақылды сұлуы сіздің көзіңізге тозған кеме сияқты көрінген жоқ еді. Қайта ол сіздің жүрегіңізге от жағып, сезіміңізді тасытып, ақындық шабытыңызды оятқан еді. Бір кезде Еңлік пен Қаракөздің ақындық бейнесі болған Кәмила енді тозығы жеткен кемеге айналуы қалай екенін мен түсіне алмаймын. Оның үстіне Кәмила сол елдегі бір атақты адамның баласына айттырып қойған жесірі еді. Сіз олардың жорасын бұзып, ел арасының бөлінуіне қарамастан беделіңізді салып Кәмиланы алдыңыз. Ару қыз көп жігіттің қолы жетпейтін Кәмиламен бірнеше жыл бірге тұрып,

қызықты дәурен басыңыздан кешірдіңіз. Сол енді қалай?...

– Сен мұны жақсы түсін, – деді Мұхаң. – Айтқаныңның бәрі дұрыс. Кәмила бес болыс Тобықты ішінде ару, ақылды, сұлу қыз болғаны рас. Мен оған көбелек болып түскенім де рас. Бірақ оның жақсы қасиетімен бірге көлеңке жерлері де бар. Жақсы жұбаймен қатар кісіге ұрпақ та керек қой. Кәмиламен 5-6 жыл бірге тұрып, бір бөбек көре алмадым. Бала біткенімен кемеліне келмей жоғала береді. Мені көп ойға түсіріп қорқытатын жері осы. Былтыр Ленинградқа жүрерде оны соңғы рет Москвадан келген бір дәрігерге көрсеткенімде: «Одан бала болмайды, өйткені Кәмиланың ауруы бар» деді. Осыны көріп отырып мен қалай ойланбаймын? Өзің ойлап қарашы? – деді. Бұл Мұхаңның айтқан дәлелі. Мұндай дәлелге не айтуға болады. Ауызға құм құйылды. Одан кейін Кәмила (Абай ауылы) туралы сөз болған жоқ. Мұхаңның өмірінде бір жаңалық болуы айдан ашық көріне бастады.

Мамыр айының соңғы кезі. Бұл жылы Ленинградта көп жаңбыр бола қойған жоқ. Күн ашық, маужырап қоңыр салқын түсіп отырған кез. Бір күні Ленинградтың кешкі шығатын газетінде Москвадан «Андрей Белый келеді» деген хабарландыруды оқып көрдік. Ұмытпасам, сенбі күні болу керек. Мұхаң: «Андрей Белыйды көріп, сөзін тыңдайық. Москваның Көркем әдебиет институтында бір көрген едім. Бірақ есте қаларлық ешнәрсе болған жоқ еді, – деді.

Киініп, Невский даңғылындағы Әдебиет салонына бардық. Кісі көп жиналған екен. Оның көбі жас қыз-келіншектер, ақындар, әдебиет зерттеуші ғалымдар, бәрі әдемі киінген, сұлулықты жоғары ұстайтын жан-

дар. Олардың ішінде өзімізге таныс Эйменбаум, Слонемский, Оксман, Томашевский сияқты профессорлар да бар екен. Андрей Белыйдың келуін көп күттік. Айтқан сағатында келмеді. Ең ақырында Есеев шығып: «Андрей Белыйдың жүрегі ауырып келе алмайтын болды. Онымен кездесу қай күні болатынын ерекше жариялаймыз», – деді. Мезгіл кешкі сағат 8-дің кезі еді. Бұл кезде Ленинградтың түнінен күн ұзақ. Енді біраз уақытта түні тек ақталақ болып тұратын. Күн жылы ашық болған соң Мұхаң екеуміз «Марсово поле» жанындағы қалалық үлкен бақшаға бардық. Бақшаның іші у-шу, мәз-мейрам екен. Бір жағынан оркестр, бір жағынан би, бір жағынан ағылып жатқан адам тобы. Ленинградтың халқы басқа қалаға қарағанда өте сыпайы, нәзік сезімді, жүріс-тұрысында оғаштық жоқ, аса әдепті болатын. Мұхаңның өз мінезі де осы қаланың адамына өте ұқсас еді. Жалғыз-ақ олардан ерекшелігі Мұхаң ауылға барса қарапайым қазақ болып, үлкен қалаға келгенде жұрт «Бұл кім?» деп қарайтын ой иесі. Кеменгер, үстіне кіршік жуымайтын сері болатын.

Бақшаға кірген соң әңгіме бір ғана қыз туралы болды, және әңгіме тек қана ойдың желігуінен туған жоқ. Оқып жүрген жас қыздардың адамшылық қасиеті, кісіге дос, серік болу жағынан қозғалды. Мәңгілік серік туралы ой үстінде жүрген Мұхаң тағы да тұңғиық романтикаға кіріп алдынан бір топ қыздың суретін елестетті. Олардың көпшілігі Семей, Орынбор, Ташкент, Мәскеу, Ленинград қалаларында оқып жүрген қазақ қыздары.

Бірақ, ойы, ақылы терең Мұхаң солардың бірдебіріне көңілі толмай, одан көрі жаратылысы басқа, білімі кең, адамшылық қасиеті күшті, жақсы мінезімен,

нәзік сезім, ыстық жүрегімен өзіне тартатын біреу болар ма еді, деп қиял ететін. Сөзден сөз шығып отырғанда Мұхан:

– Сенің ойыңша оқыған қыздарыңның ішіндегі тәуірі кім деп білесің? – деді. Ол кезде оқыған қазақ қыздары тіпті аз, саусақпен санап отыратын оңға жеткізе алмайсы? Аз дүниеде канша таңдау болады? Дүниеге тесіле карап, нәзік талғау үстінде жүрген Мұханның тасыған ойына жұбанарлық жауап табылмайтын. Алайда «Ел іші алтын бесік» деп Мұхаңа ой түсіріп, мынау қалай деген, тәрбиесі, оқуы бар, бірнеше қызды атайсың. Мұхаң қолын сермеп:

– Бәле! Олардың ішінде бір ғана Д. болмаса өзгесі айтуға келмейді. Олардан Кәмиланың өзі артық. Кәмила сау болып, олардың білімін алса, бәрінен асып жатар еді.

– Д.-ше?

– Д.-мен хат жазысып көремін. Бірақ сырт естуім ол біреумен байланысып қойған сияқты, – деді.

Мұхаңды көп айналдырған кісінің бірі Санжар Асфандияровтың қарындасы Әнел еді. Ол кісі Мұхаңмен шамалас болуы керек, өзі Ленинградтың медицина институтында оқитын. Әнел көп оқыған, сыпайы, жақсы мінезді кісі еді. Үйіне, театрға талай рет шақырып, қызықты сауықты күндерін өткеріп жүрді. Бірақ тым кексе үлкендігі болу керек, Мұхаң оған артық жоламады.

1927 жылдың мамыр-маусым айлары. Мұхаң «Не істеуім керек?» деген оймен қатты толғануда болды. Біраз уақытта каникуль да жетті. Бір күні отырып:

– Мен Алтай экспедициясына бармауға бел байладым. Бұл экспедицияға бармау – елге, Шыңғыстауға

бармау деген сөз. Оның орнына Жетісуға барып 1916 жылғы көтерілісті зерттеймін, жолшыбай Қызылордаға соғып оның театрымен танысып, жаңа өсіп келе жатқан жастар өмірімен танысамын, – деді.

Алтай экспедициясы Ленинградтан тамыздың басында шықпақшы болды. Оған дейін мен Баянауылдағы шешемді, туысқандарымды көру үшін, маусым айының аяғында, демалысқа үйге кеттім. Мұхаң Ленинградта қала берді. Үш тәулік жүріп Омбыға келсем «Роза Люксенбург» атты кеме Ертісті өрлей, Семейге жүргелі тұр екен. Сол арада билет алып жолға шықтым. Палубада жайраңдап көзге тез түсетін, маңғаз бір кісі жүр екен. Ол менің қасыма келіп:

– Сіз кімсіз, қазақ емессіз бе?

– Иә, қазақпын, Ленинградта оқитын студентпін. Елге каникулға қайтып келемін, – деп аты-жөнімді айттым. Ол кісі:

– Мен Александр Затаевичпін, – деп өзін таныстырды. Сол арада екеуміз бұрыннан таныс кісідей шүйіркелесе бастадық. Ол мен туралы бұрын көп естіген екен.

– Сізбен жолығуды бұрыннан іздеп жүрдім, жақсы кездестік. Мен Семейге дейін кememен барып, одан ары атпен қырға шықпақ ойым бар, – деді.

Мәскеуден шыққанда, этнограф профессорлардың кеңесі бойынша тұнық жатқан дер деп Өскемен, Зайсанды аралап қайтуға шыққан екен. Мен оның маршрутына бірталай өзгеріс кіргіздім.

– Ең алдымен Қарқаралы уезіне бұрыңыз, онда ескі әншілер өте көп. Соның бірі Ғаббас Айтпаев. Қазір Қоянды жәрмеңкесінің туы көтерген кезі. Әншінің көбін содан кездестіріп қалуыңыз мүмкін. Қарқаралыда басқа

онда Баянауыл, Ертіс бойының әншілері де кездеседі. Аягөз, Зайсан, Өскемен жағынан да келуі ғажап емес. Қарқаралыдан кейін Шыңғыстауына барыңыз. Онда Абай ауылының төңірегінде көптеген әнші бар. Олардың ішінде бізге аса керектілері Абайдың немерелері Жебеш пен Ысырайыл. Олар сізге Абай музыкасын жақсылап айтып береді. Одан ары қыр мен Көкпекті асып, Зайсан, Өскемен аймақтарын аралап қайтуыңызға болады. Бір-екі айдан кейін, тамыздың басында мен өзім де сол жаққа бармақ ойым бар. Мүмкін Қара Ертіс бойында кездесіп те қалармыз, – дедім. Затаевич туралы бұрын естігенімде:

– Бұл нағыз зерттеуші емес, тек күн көру үшін далпылдап жүрген біреу, – дегенді Ленинградта естіген едім. Қазір байқауымша ондай кісіге ұқсамайды. Қазақ музыкасын бірталай жақсы түсініп, оны зерттеуге жан-тәнімен берілген кісі екені байқалады. Ертісті өрлей кеме үстінде екі-үш күн бірге болғанда екеуміздің әңгіземіз бір ғана қазақ музыкасы төңірегінде ғана болды. Кеменің салонын Затаевич ертелі-кеш тек қана қазақ музыкасымен жаңғырықтырып қояды. Ол пианиноға «Қараторғай», «Екі жирен», «Ақсақ құлан Жошыхан», «Адай» күйлерін ойнағанда кеме үстіндегі қазақтар оны бүтіндей қоршап алды. Тіпті бұрын қазақ музыкасын естімеген кісілердің өзі де ду қол шапалақтап шын көңілмен қошемет көрсетіп отырды. Затаевич болмай сұраған соның каютада отырып ақырын дауыспен «Мұхаметжан» әнін айттым. Ол: «Дауысыңыз жақсы екен, тағы да бірнеше ән айтыңыз. Кейін еске түсіру үшін жазып алайын» – деген еді. Көңіл ешбір соқпады. Затаевич оған разы болмай, амалсыз отырды. Мен оны жұбату үшін:

– Қыс күні Ленинградқа келіңіз. Сонда барлығын айтып берем, емін-еркін жазарсыз. Кеменің үстінде таныс адамдар көп. Олардың алдында айғай салып жатуым тіпті орынсыз, – деген соң басылды. Бұдан кейін мен Павлодарда түсіп, Баянауылға тарттым. Затаевич өзі жөнімен кете барды. Маусым айын тегісімен ауылда өткеріп, тамыздың басында экспедицияға қосылу үшін Семейге келіп, Ақметбек Шікібайдың үйіне тоқтадым. Ақметбек Мұхаңның жақсы көретін досының бірі. Мен мұнда келсем экспедиция Ленинградтан әлі шыққан жоқ екен. Оның келуін он күндей күттім.

Бұл кезде менің Семейге келгенім Шыңғыстаудағы Мұхтардың үйіне жетеді. Бір күні түске қарсы ұйықтап жастам, біреу ақырын-ақырын аяғымнан оятады. Ұшып тұра келсем, алдымда бүгіліп Өтегелді (Кәрі Қара) тұр. Көзінен жасы мөлдіреп:

– Қарағым, аман-есен жүрсің бе? Денің сау ма? Мұхтар қайда? – деді. Мен түсінік бере бастағанда: –Тыс...ана жақта Кәмила отыр, алдымен сонымен амандас. Содан кейін айтарсың, – деді. Атып ауыз үйге бардым. Мені көрісімен Кәмила боздап қоя берді. Өксуін баса алмай солқ-солқ жылап, көп уақыт отырды. Кәрі Қара онымен бірге жылады.

– Е, сендерге не болды? – дедім. Ақылды әйел өзін-өзі тежеп, басылайын десе де, жүрегінде бір зор қорқыныш, үрейлену бар. Кемсеңдеп отырып:

– Айналайын амансың ба? Мұхтар қайда? – деді. Көңілдері сүттей ақ, сәби жүрек бұлардың «Мұхтар қайда?» деген сөзі адамның жүйке тамырын қозғап, жүрекке тас болып тигендей.

– Мұхтар Мәскеуде, жазушылардың жиылысын күтіп жатыр. Сол бітісімен елге қайтады.

– Өтірік сөздің керегі не? Өтірік сөз өзгеге жарасса да саған жараспайды. Шындықты айт, Мұхтар қайда?

– Наныңыз, Мұхтар қазір Мәскеуде. Жазушылар жиылысы, кітап бастыру жұмысымен жүр. Жұмысы бітісімен елге келіп демалады, – деп жұбатпақшы болған едім, Кәмила оған нанатын көрінбеді.

– Мұхтар елге келсе, әлдеқашан маусым айында келер еді. Оның келмеуінде бір күдік бар.

– Келмегені былай тұрсын, төрт-бес айдан бері хат жазған жоқ. Біз алдайтын бала емеспіз, шыныңды айт. Ол не, жаңадан біреумен қосылды, не оған бірдеңе болды? – деп мені қыса бастады. Мен:

– Не болады? Дәнеме де болған жоқ. Мұхаң бұрынғы қалпында. Оқудан басқа бөтен ойы жоқ. Сендер босқа қара тер болып отырсыңдар, – дедім.

– Бөтен ойы жоқ болса, неге хат жазбайды?

– Мұхаң тегінде хатты жиі жазады. Бірақ сол хаттар сіздің қолыңызға тимей әркімнің қолында кетіп жүрмесін.

– Былтырғы жазған хаттары жоғалмай-ақ уағында келіп тұратын. Бұрын келіп тұратын хаттарға биыл не болды дейсің?

Кәрі Қара отырып:

– Әлекей, сен Кәмилаға шыныңды айтпай отырсың? Сен білмейтін Мұхтарда сыр жоқ. Мұхтардың не елге келмей, не хат жазбай сыртқтап жүруі тегін емес. Олай суық жүруі бізге қатты батады. Оның бір көрінгені бізге той мен мерекедей еді ғой, оны өзің жақсы білесің? Мұхтарды бір жылдан бері көре алмай, өмірім құса болып, сағынумен, сарғаюмен өтті... Тіпті не істерімді білмей қамығып отырғанда мұнда келгеніңді естіп, күн-

түн қатып келіп отырмыз. Шыныңды айтшы, қарғам, Мұхтар елге келе ме, жоқ па?

– Өтеке-ау, өз еліне келмейтін кісі бола ма? Оның ішінде Мұхтар бүтіндей басқа кісі ғой, оның сүйетіні өзінің туып-өскен жері, ардақтап мақтаныш ететіні Шыңғыстау, Жидебай, Орда, Қарауыл. Мұхтар Шыңғысты жылында бір көрмей байлап қойсаң да отыра алмайды. Күзгі оқу басталғанша мұнда оның бір оралып қайтуы айдан анық.

– Айналайын, аузыңа май, солай болса игі еді. Әй, білмеймін-ау, қорқамыз. Алмағайып дүние ғой.

Осы кезде Кәмила тағы өксіп-өксіп жылай бастады. Бақытсыз әйел жылаумен, сағынумен, сарғайып күтумен әбден иненіктей қатып біткен. Тек ақылды көзімен ашық маңдай ғана бұрынғы сәулетті түрінің елесін еске түсіреді.

Кәмила біраз өксуін басып:

– Семейде несіне жатасың, елге жүр. Бұрынғыдай қонақ болып қайт. Айтқаның рас болса, оған дейін Мұхтар да келіп қалар. Ойнап-күліп бірге қайтарсың, – деп, әлі де үміт сәулесінен күдер үзгісі келмегендей еді. Бірақ адам тағдыры аяусыз ғой. Мұхтар сол келмегенінен Шыңғыстауына келмеді. Мұхаңды көп жыл күткен Шыңғыстың аруы Кәмиланың өмірі сағынумен, сарғаюмен, ақырын-ақырын сөніп бітті.

Кәмила мен Кәрі Қарамен мажыраласып отырғанда бір уақытта домаландап Руденко С.И. кіріп келді. Мен қайда жатқанымды ол кісіге почта арқылы білдіріп қойғанмын. Руденко: «Семейде көп болмаймыз, су жүзімен ертең Бұқтырма кетеміз», – деді.

Бір түн тағы да Ақметбектің үйінде болдым. Кәмила мен Кәрі Қара бірге болды. Таң атқаннан жол жабдығы-

на кірістім. Менің кетейін деп жатқаным, Кәмила мен Кәрі Қараны қатты өгейсіткендей сияқты. Екеуі де теріс қарап жылауын баса алмайды. Тап қоштасарға келгенде Кәрі Қара көзінен жас мөлдіретіп:

– Қарағым, сені енді көре алмаймыз ғой. Қайда жүрсең де аман бол, – деп екеуі де мелшиіп тұрып қалды. Мен өз жөніммен кеттім. Бұл екеуінің қамығуы менің байқауымша, бір ғана олардың өз басының қамығуы емес сияқты (жолаушыға көрсеткен емеуріні жалпы). Ақылды аға мен ару апалардың өзінің жақын бауырына көрсеткен жүрегінің жылы лебізіндей еді.

Ол дала тарихында көп заманнан келе жатқан кемеңгер, ойшы жақсы аналардың жетімсіреп қамыққан бейнесі сияқты көрінеді. Оның үстіне бұл екі бейбақтың өткінші жолаушының алдында егіліп, оған құшағын жайып салуы.

МУХТАР ОМАРХАНОВИЧ В АУДИТОРИИ ЛЕНИНГРАДСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

Мы приехали в Ленинград в конце августа 1925 года, как раз в пору открытия учебного сезона. С нами был наш семипалатинский друг Мухаммед Кабибуллин – студент второгого курса Лесной Академии. Это был очень способный человек, окончивший Академию с дипломом инженера и получивший назначение в какое-то крупное предприятие на Южном Урале, но его дальнейшая судьба мне неизвестна.

По приезде в Ленинград, мы трое остановились сначала в частной гостинице на Невском проспекте, недалеко от Московского вокзала, а затем в октябре нашли более подходящую и скромную для студентка квартиру на третой линии (В.О.). В этой квартире мы пробыли две зимы, а потом переехали на квартиру по улице Декабристов, 15, где мы жили до конца нашей учебы. Квартира эта была памятна тем, что здесь Мухтар Омарханович обзавелся семьей, – вступил в брак с Валентиной Николаевной и через год у них родился сын Эльдес, чудесный и шаловливый был мальчуган, но рано ушедший от света. Сабит Муканович в своих мемуарах не совсем точно описывает хозяев этой квартиры, может быть он их близко не знал, но вопреки его

вскользь данной оценке, они были достаточно скромные люди, вышедшие из рабочей среды, без особой претензии к своими квартирантам, жившие на свою пенсию.

За квартиру в первое время платил только Мухтар Омарханович, а через ролгода, когда немного окреп я и стал получать гонорары за статьи и переводы, начал платить сам.

Я начал учебу с первого курса, а Мухтар Омарханович тогда числился студентом второго курса факультета Общественных наук (так назывался в то время историко-филологический факультет ЛГУ) и возвратился после двухлетного академического отпуска для прослушивания лекции со второго курса. В первый год мы занимались в отдельных аудиториях (я слушал лекции одновременно в двух вузах: в Восточном Институте и на Историко-филологическом факультете ЛГУ). На первом курсе интересных лекций было очень мало, и Мухтар Омарханович часто приглашал меня в свою аудиторию слушать лекции знаменитых профессоров того времени. Начиная со второго семестра все лекции, выходящие из ряда вон, мы стали слушать вместе. Во время перерывов мы гуляли по длинному университетскому коридору и к нам часто приставали наши коллеги-студенты, задавая нам вопросы откуда и кто мы? На этой почве нередко завязывались дружеские связи со многими студентами.

Университетский коридор такой длинный, не успеешь его обходить польностью во время перерывов; опоздать нельзя и студенты после звонка сразу занимали свои места в аудитории. Вот уже начинают лекции одни за другими. Наибольшее впечатление на студентов в те годы производили лекции академика Е.Тарле (о

французкой буржуазной революции), академика Розинова (из Москвы), читавшего на тему «Жан-жак Руссо и Толстой», профессоров В. В. Сиповского, Б. М. Эйхенбаума (о Толстом), Б. Томашевского (о французком романтизме XIX в.), Оксмана и других.

Из литературоведов очень увлекательно, с особым пафосом читал В. В. Сиповский на тему «Руский романтизм первой половины XIX века», и его главнейшей темйо собственно была поэзия Пушкина и Лермонтова. В годы нашего студентчества В. В. Сиповский был одним из старых профессоров Ленинградского университета и студенты его особенно уважали за чудесные его лекции. Помню, это был очень спокойный и сосредоточенный человек, в годы военных разрух он читал лекции в Бакинском университета и сильно интересовался восточной литературой. После знакомства с Мухтаром Омархановичем особый интерес он проявил к поэзии Абая, намереваясь найти связь между поэзией Пушкина и Абая. Этот почтенный профессор придя в аудиторию тихо поднимался на кафедру, и после некоторой паузы, устремив свои взоры в глубину аудитории, начинал свою насыщенную философской глубиной, речь. Когда он читал, аудитория буквально замирала. Особенно волнующим было его чтение, когда темой его декции была биография Пушкина или Лермонтова. Трагическую судьбу этих поэтов он передавел так трогательно и в такой экспрессии, что я обратил вниманию, как студенты, особенно девушки, тихо катили свои слезы.

Впоследствии мы близко познакомились с В. В. Сиповским, встречались с ним в Публичной библиотеке имени Салтыкова-Щедрина и в Пушкинском доме. К этому времени он, через Мухтара Омархановича, успел

ознакомиться с жизнью и творчеством казахского поэта Абая, собрал о нем небольшой материал, который он намеревался опубликовать. Он как-то имел желание вместе с Мухтаром Омархановичем отправиться в Чингизские горы и на месте изучить биографию Абая. Но его возраст и старческая болезнь стали для него серьезной помехой в осуществлении его заветного желания. Зато с Мухтаром Омархановичем совершил путешествие в далекие Чингизские горы другой профессор Университета – Р. Куллэ, напечатавший свои впечателения о поездке в степь в Ленинградской вечерней газете.

Мы бывали на квартире этого профессора на проспекте Маклина. Его так же сильно интересовал Абай, который, по его оценке, «первый из восточных поэтов великолепно понимавший дух поэзии Лермонтова». При беседе с этими профессорами они говорили о необходимости включения в курс декции русской литературы «Абаевские часы», и практическое осуществление этого взял сам В. В. Сиповский. Помнится, в одной из его лекций в 1926 году он стал говорить о казахскрм поэте Абае, переводившем на казахский язык стихи Лермонтова и отрывки из романа А. С. Пушкина «Евгений Онегин». В этой лекции он останавливался на поэтическом образе Татьяны, принявшем через перо Абая форму восточного колорита и воспеваемом по всей степи. Мы с Мухтаром Омархановичем сидели на передней парте. Во время этой лекции за нами сидели две девушки, одна из них была Валентина Николаевна. Я вижу вдруг в курчавом затылке Мухтара Омархановича висит клочек бумаги, я говорю: «Муха, у вас в затылке записка». Он немного улыбнулся, взял и открыл ее. В ней было написанно: «Ваши волосы нам мешают слу-

шать лекции». Это было начало той романтики, которая завершились через год их женитьбой.

В Университете Мухтар Омарханович сделал два реферата, один на тему: «Горький и восточная литература» и «Песни Татьяны по Абаю».

Мухтар Омарханович окончил университет в 1928 году и после завершения работы он вместе с Валентиной Николаевной направился в Ташкентский университет. Я, продалжая учебу в Ленинграде, два раза посещал их, проведя одно лето вместе с ним в верховьях Чирчика. После этого мы с ним расстались надолго и лишь со времени Отечественной войны вновь стали вместе работать.

В заключение мне хотелось бы отметить, что писательское искусство без теоретических знаий, без широкого кругозора на окружающую обстановку, еще не является совершенной формой искусства. Мухтар Омарханович был не только прекрасным художникам, но и глубоко образованным ученым в полном смысле этого слова. И своими обширными знаниями он был обязан прежде всего себе, а затем Ленинградскому университету, открывшему перед ним широкие двери знаний, которые пошли на пользу этому даровитому писателю.



ҚАНЫШ

ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙГЕН ҰЛЫ

Қаныш аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін халық үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі – аса қымбат.

Қаныштың туып-өскен, бала күнінде ойнақ салып қызықтыған жері Арқаңның бір сұлу өлкесі – Баянауыл тауының сыртқы бөктері, Аққелін. Бұл тауларды орай ағып өтетін өзенді Ащының суы дейді. Оған құятын екі сала – бірі – Айырық, бірі – Сарықамыс. Қаныш сол Айырық сайының биік жағасында, ерте заманнан келе жатқан өзінің ата қыстауларында, 1899 жылы, сәуір айының 12-сі күні жарық дүниеге келеді. Оның арғы атасы Сүйіндік-Қаржас XIV-XV ғасырларда жасаған Ноғайлының атақты бір көсемі. Имекеңнің жазып қалдырған шежіресі бойынша Қаржастан Қанышқа дейін тоғыз ата өткен. Олар – Қаржас, Құлике, Телі, Анай, Жәдігер, Сатай, Шөтік, Сәтпай, Имантай. Қаржастан тараған ұрпақтың ең атақтысы халыққа белгілі Бұқар жырау (XVIII ғ.), ел ортасындағы еркелетіп қойған аты «Көмекей ақын». Олай атауының себебі, Бұқар жырау жырлағанда сөзді теріп айтпай, жырды көмекейінен құя беретін болған. Қаныш сол атақты жыраумен аталас, соның бір ұрпағы.

Қаныштың өз әкесі Имантай – ақылды, кеменгер, момын кісі болған. Жібек мінезді, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін, шын мағынасында кеменгер кісі болатын. Көп жасаған өмірін ол кісі ескі заманның әділетсіз зұлымдық істеріне қарсы койып, жәбірленген, жапа шеккен адамдарға көмек көрсетуді зор мақсат еткен. Имекеңнің бұл жақсы қасиеттерін ол кісімен істес болған кедейлер Қазыбағар мен Қасен жақсы білген. Олардың бүгінгі ұрпақтары, қазіргі Қаныш атындағы совхоз жұмысшылары Зәкір мен Нұрлан да ол қасиетті әлі күнге ұмытпаған.

Қырдағы адамдардан Имекеңнің айырықша ерекшелігі ол кісі дүниені жақсы түсініп, жақсы тани білген, көзі ашық, саңлақ, оқу-білімге, есейіп дүние тануға ерекше мән берген. Ол кісінің өзі де бала күнінде Омбыға барып, Шоқанның пәтерінде жатып «Азия мектебінен» оқыған (1862-1864).

1925 жылы Имекеңмен әңгімелескенде осы мектепті бітіре алмай кеткенін зор өкініш етіп айтып отырды. Алайда, үш жылдың ішінде Имекең бұл мектептен бірталай білім алып, араб, парсы, шағатай тілдерін үйреніп шығады. Әкесінің ықпалы бойынша Қаныш та жас күнінде араб, парсы тілдерімен әуестеніп, Хафиз, Саади, Наван жырларын жаттайды. Оның кейбір шумақтарын Қаныш соңғы кезге дейін ұмытпай, курортта демалып жатқанда айтып отыратын еді.

Имекеңмен әңгімелесу – университетте лекция тыңдаумен бірдей еді. Ол кісінің XVIII-XIX ғасырда қазақ даласында болған оқиғаларды жүйрік білуі, оны төндіре айтуы, жас кісіні білім сарайына кіргізгенмен бірдей болатын. Ол кісінің айтуынан есте қалған жарқын суреттің ірісі, әсіресе Омбыда, Семейде (XIX-

ғасырдың ортасында) оқыған қазақ жастарының тіршілігі, олар туралы ойлары.

Тегінде, жас кісінің Имекеңнің алдынан өтуі оңай болмайтын, тезге түскендей, не профессорға емтихан бергендей сезімде болатын. Өйткені, Имекең жастарға бір ғана сын көзімен қарап, олардың болашағына аса көңіл қоятын. Ол кісі өз балалары Бөкеш пен Қанышқа да катты сын көзімен қараушы еді. Бұл туралы мынадай жайды еске түсіруге болады: 1916 жылы жаз күні Имекең мен Сәкен әңгімелесіп отырғанда, олардың үстіне Қазанда оқып жүрген бір топ студенттер кіріп келеді. Олардың ішінде заң факультетін бітіргелі жүрген Мұқыш мен Базарбай Мәметов бар. Студенттердің мінезі, сөйлеген өрескел сөздері Имекеңе ұнай қоймайды. Ол кісі көзінің қырын Сәкенге тастап:

– Мырза, осы балалардың оқуы, білімі Шоқанның оқуынан қалай?

– Шоқанның оқуы бұлардан төмен еді. Ол тек Кадет корпусын ғана бітірді. Бұлар университет бітірейін деп жүр. Арасы жер мен көктей.

– Менің ойымша, бұлар мен Шоқанның арасы жер мен көктей сияқты. Шоқанның ойына жете алмаса, бұлардың көп оқығанынан не пайда? Шоқан аз оқыса да көп тоқыған: оның білімі, ойы бұларға қарағанда асқар таудай болатын. Шоқан сөйлегенде оны кәрі де, жас та, білімпаз да тыңдауға құмартып, бар жанын салып үңіле қалушы еді. Шоқанның қасында бұлар немене? Екі сөздің басын құрап сөйлей білмейді, ешкімді Шоқандай өзіне тарта алмайды. Тек тірі болып жүре берсін, – деп ойшыл карт ол кездегі жастарды қатты сынайды. Жалпы айтқанда, Имекең білімнің, ғылымның, игілік істің шын досы болған.

Жас кезінде ол кісі қазақ халқының ауыз әдебиет мұраларын жазып алуға кірісіп, Шоқанға, Г.Н. Потанинге, кейінірек Н.Я. Коншинге, А.Н. Седельниковтарға үлкен көмек көрсетеді. Әсіресе, Бұқар жырау өлеңдерін толығынан жазып алып, Омбыдағы Кадет корпусының оқытушысы Н.Ф. Костылецкийге тапсырады. Имекеңнің бұл жазулары қазіргі күнде Ленинградтағы Күншығыс халықтарын зерттейтін институттың мұрағатында сақтаулы тұр.

Имекең білімді, ғылымды, ой жұмысын жақсы көретіні, оның жас ұрпақтарына үлкен әсер етеді. Революциядан бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтпаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. Олардың ішінде Қаныштың ағасы А.З.Сәтпаев Омбының семинариясын бітіріп, сол кездің өзінде орыс тілі мен әдебиетінің бірінші маманы болып шығады. Бүгінгі Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарынан шыққан жастардың Әбікейден оқымағаны кемде-кем болуы керек. Қаныштың екінші ағасы К.Сәтпаев – ол да семинария бітірген, жүйрік, білгіш адамның бірі, жан-күйі өнерді, музыканы сүйген кісі болды; өзімен бірге туған ағасы Бөкеш домбырадан неше алуан әдемі үн шығаратын асқан күйші еді, сүйіп оқитыны Абай, Пушкин, Лермонтов еді. «Евгений Онегин» романын қазақша жатқа айтып, бір кеш айтып бітіре алмайтын. Қаныш сондай кішіпейіл кісі еді. Әңгімелескенде «Бөкежанның қасында мен түк емеспін. Оның жүйріктігі менен асқар таудай биік тұратын» дейтін.

1925 жылы жаздыкүні Мұхтармен бірге Абай ауылында болғанда уақыт шешен қариялардың сөзін тыңдаумен өтті. Ол кез революция екпінінің әлі толқыны басылып болмаған, қуаныш лебі әрбір адамның жарқын

жүздерінен ашық көрініп тұратын. Бір күні әңгіме «талант» туралы болды. Мұхтар да қойдан қоңыр, кішіпейіл кісінің бірі еді, өзінің асқаралы талантын, білгіш жүйріктігін жұртқа көрсеткісі келмейтін. Ойға батқан тұңғиық қара көзін қасында отырған Тұрашқа тастап:

– Сіздіңше, қырдағы жаңа дәуірлеп келе жатқан жастар арасында кімді озық талант деп түсінесіз? – деді Тұраш қасқая қарап:

– Бұл қыр аймағында озық талант Имантайдың екі баласы. Бүгінде олардан озық жас бар деп өзім түсінбеймін. Ол екеуінің алапаты бүтіндей басқа. Жаратылыс білімді де, ақыл мен ойды да оларға ерекше берген. Олардай саңлақ кісі бүгінгі жастар арасында өте сирек кездеседі, – деді.

Қаныш туралы мұндай жарқын ойларды кейінірек көп еститін болдық.

Мен Қаныштыбала күнімнен білетінмін. Өйткені, оның туып-өскен ауылы біздің ауылдан онша қашық болмайтын, екеуі де Баян тауының төңірегін қоныстайтын көршілес ауылдар болатын. Жаздыкүні жайлауға шыққанда олар біріне-бірі тіпті жақын келіп отыратын. Өйткені, Баянауыл дуанына қарайтын сегіз болыс елдің жаз жайлайтын өлкесі ұзыннан аққан Шідерті өзенінің бойы. Ол 300 шақырымға созылып, жаз күні оның өн бойы қаз-қатар тізіліп отырған мыңдаған ауылдар болатын. Қаныш туған ауылдар Шідерті өзенінің бас кезін, Бала Шідерті, Батпақ көл, Сұңқар Қыя дейтін өрістерді жайлап, қысқа қарсы Аққелін тауының баурындағы Айырықты қыстайтын. Ол қыстау Баян қаласынан 80 шақырым күнбатыста тұрады. Революциядан кейін жас студент Қаныш ау-

– Ол жылы аса бір қиын жыл еді, – деді Имекеңмен әңгімелескенде. – Қыс ел жұтап шығып, жаз шыға соғыс дүмпуі халықтың сұрқын қашыра бастаған еді. Мен Қанышжанның егіле айтқан сөзіне ақыл айтып, бір жыл қасымда болғанын тәуір көрген едім. Байқасам, Қанышжан не тамақ ішпейді, не кісімен сөйлеспейді, бүгіліп ойға түсе бастаған. Әбеңмен сөйлесіп, ақылдасуға болмады. Ол кісі жаз айына Өскемен-Жайсаң жағына шығып кеткен. Бірнеше күн ойланып толғанғаннан кейін:

– Қой, баланы бұлай жүдетуге болмас. Не де болса жалғыздық өзіне тапсырдым деп, тамыз айының басында Қанышты ертіп, Керекуге аттандым, – деді.

Имекеңнің қасына оның айнымас достары Бақай мен Қозбағар ереді. Төртеуі бір жұма жүріп Ертіс бойына жеткенде Қаныш арбаның үстінде отырып:

– Ата, мен Керекуге бармай-ақ қояйын, онда барсам тағы да кешігіп қалармын. Мені осы Қызыл-Шырпыдан кемеге отырғызып жіберіңіз, – дейді. Жолаушылар Семейге баратын кеменің келуін күтіп Қызыл-Шырпыда (қазіргі Ермак) бір жұмадан аса жатады.

– Бір күні шәй ішіп отырғанда, – деді Имекең – келе жатқан кеменің даусы естілді. Жүрегім су ете түсті. «Қаныш бұдан былай жалғыз кетеді. Өртеніп тұрған соғыс жылы, ел арасында ауру-сырқау көбейе бастаған, 15 жасар баланың тағдыры не болады», – деген ой кеудені кернеп барады. Ауылға қайтадан алып қайтуға болмайды. Оған Қанышжанның еш көнетін түрі жоқ. Бұл екі ортада Қозбағар атты жегіп, нәрсені артып қойған. Қанышжан алдымда мөлйіп тез шығуды керек етеді. Үнсіз арбаға отырып кемеге келдік. Билет бұрын алынып қойған біз кеменің аузына келгенде ол

жүруге белгі берді. Қанышжан билетін көрсетіп, тез кіріп кетті, бізді кіргізбей, сыртта қалып қойдық. Тірі адамды тірі адамнан айырған – мұның өзі бір ауыр жүк екен. Біраздан кейін кеме жүруге айналды. Қанышжан кеменің үстіне жүруге шығып, бізге иіліп тәжім еткенде – қасымда тұрған Бақаймен Қозбағар көздерімен жасын мөлдіретіп – аман болғай деп тұр екен. Өзім де ішімнен олардың тілегіне қосылып, елге қайтып кеттім.

Содан Қаныш Семейдің семинариясына түсіп, онда төрт жыл (1914-1918) оқиды. Бұл семинария қыр округіндегі оқу орындарының тәуірі болатын. Кейін революцияға қатынасқан қазақ жастарының көбі осы семинариядан оқып шықты. Семинарияда қазақ балаларына білім беруді шын жүрегімен мақсат еткен бірнеше прогрессшіл, саңлақ адамдар болды. Олардың ішінде әсіресе ағайынды А.Н.Белослюдов, В.Н.Белослюдовтар, Н.Я.Коншин, Н.П.Ильинский, Попов, Сулима-Грузинский, В.М.Морозов. Оқушы жастарға олар әдебиеттен, тарихтан, политэкономиядан, географиядан осы күнгі пединститутттар көлемінде білім беріп, олардың ой-санасын аса байытып шығаратын. Қанштың кезінде бұл семинарияда Мұхтар Әуезов та оқитын еді. Қанштың айтуынша, Мұхтар, Жекей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф.М.Достоевский туралы қойылған лекцияларды тыңдайды. Екінші жағынан, география қоғамымен бірігіп, қалалық театрда қазақша сауық кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы, 3 ақпан күні өткізген. Оны бастап қоюшы семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова. Кеш төрт бөлімнен құралады: 1. Біржан мен Саранның

айтысы; 2. Батырлардың сайысы; 3. Қазақ әндері; 4. Абай өлеңдерінен ән декламация («Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып» т.б.).

Бұл кешке Қаныш аз роль ойнамаған. Ол сайыста біріншіден, Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін орындап шығады, оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні, «Топай-көк», «Баян-аула», «Көзімнің қарасы», тағы басқалар. Женекей Біржан сал болып шықса, Назифа Саранның рөлін атқарады. Кеш халықтың жүрегінде ұмытылмайтын әдемі сурет қалдырады. Бірінші рет қазақ тілінде өткізген кештің суретін ол кезде шығатын орыс газеттерінің көбі басып шығарады (Семипал. Телеграф, Сибирская жизнь). Семинарияны бітірген соң 1918-1919 жылдары Қаныш Семей қаласындағы екі жылдық педагогика курсының оқытушысы болып тағайындалып, онда жаратылыс пәнінен сабақ береді. Бірақ семинариядан алған білімге көңілі көншімей, енді жоғарғы білім алуды көксейді, қандай оқуға бару туралы ағасы мен екеуі көп толғанады. Ағасы Әбікей Сәтпаев, Қанштың аса жақсы көріп, қадірлеген адамының бірі. Қанштың есеюіне, білім алып маман болуына ол кісінің сіңірген еңбегі аз болмаған. Революция қарсаңында Әбеңнің Том университет профессорларының Алтайға, Қаркаралы, Баянауыл тауларына экспедицияға бара жатқандарының Семейдегі Әбеңнің үйіне соқпайтындары кемде-кем-ақ болатын. Олардың ішінде Г.Н.Потанин, В.В.Сапожников, М.А.Усов, А.В.Адрианов, А.В.Анохин тағы басқалар болатын. 1918 жылдары Әбең олармен кездескенде інісі Қанштың қай жерде оқытуды айрықша білгісі келеді.

Профессор М.А.Усов бұл кісінің үйінде қонақтап жатып жас жігіт Қанышпен танысып, оның жоғарғы оқуға баруға талаптанғанын қатты ұнатады.

– Бұл ініңіздің оқитын бір-ақ жері бар, – дейді профессор М.А.Усов. – Ол Томдағы технология институты. Соған түсірейік, жақсылап дайындаңыз. Ол институтқа түсу үшін жас абитурент математика мен физиканы еркін білуі керек, геологиядан хабары болуы керек, – дейді.

Бұл пәндерді біліп жеңу үшін Әбең сол профессорлар арқылы математика мен физиканы бірдей жақсы білетін кісі іздейді, оны табады. Ол технология институтының соңғы курсында оқитын Ғарифулла Нигматуллин, математиканы жүйрік білетін, оқымысты жас студент. Бұл кісі Қанышты 1918-1919 жылдары ерекше қолға алып, институтқа еркін түсуге дайындайды. Осы дайындықтан кейін Қаныш комиссия алдында қасқая емтихан беріп, институтқа түседі. Бірақ бір қыс оқыған соң денсаулығы бұзылып, академиялық мерзім алып, емделуге еліне келеді. Бұл кез Қазақстан даласында совет үкіметінің жаңа құрылып жатқан кезі еді. Тарихи оқиға Қанышты қаратып жатқызбайды. 1920 жылы ол Баянауыл ревкомының құрамына кіріп, мәдениет оқу жұмыстарын басқарады, екінші жағынан сот қызметін атқарады. Ол кезде Қаныш сияқты білгіш маман кісі тіпті аз болатын, сондықтан оған бірнеше жұқ көтеруге тура келді. Әкімшілік қызметінде жүргенде Қаныш соңына түскен ғылымды ешуақытта есінен шығарған емес. Баян тауының тастарын, оның ішінде Қалмақ қырған, Әулие-Қызыл тауды аралап, ондағы тарихи белгілермен, мүсін тастармен, ескі кен орындарымен танысады. Ол тастарға енді есей-

ген көзбен тесіле қарап, қай жерде не барын тексере бастайды. Кейде зерттеген тастарына қашап атын қалдырып отырады. Әсіресе, ескі кен шыққан жерлерге үңіле қарайды. Жұмысының көбін Екібастұз, Май-Қайың кендерінің қасында өткізіп, олардың өндірістік маңызына көз салады. Өкпе ауруын дұрыстап алған соң, 1921 жылдың күзіне қарсы Қаныш Томға қайтып, жаңа күшпен инженерлік оқудың соңына түседі. Институтта аса жарқын оқып, ол кездегі атақты профессорлардың көзіне түседі. Оны ең жақсы көрген әсіресе М.А.Усов еді. Бұл кісімен Қаныш жыл сайын қырға шығып, тәжірибе жұмыстарын өткізеді, геологиялық зерттеу жүргізеді. Жаз бойы дала кезіп, Алтай, Тарбағатай, Қарқаралы, Баянауыл, Шыңғыс тауларын аралайды. Қаныштың тау-тасты, жер бетін жүйрік білуі профессор Усовты зор үмітке келтіріп, оның тамаша геолог болуына сенім туғызады. Далада геология зерттеумен қатар Қаныш өзге тәжірибе жұмыстарын тегісімен атақты кен орындары – Куанецк, Салаир, Екібастұздың көмір шахтасында қап-қара болып жүргенін бірнеше рет көрген едім. Оқудан бос уақытын Қаныш бір ғана ой-санасын байыту мәселесіне жұмсады. Көп уақытын Том университетінің кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған мәліметтерді үңіле оқиды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындайды. Қаныштың бастауы бойынша Том университеті қасында Күншығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған Томда оқитын студенттердің көбі қатынасады. Үйірмеде якут, бурят, хакас, туңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндамалар тыңдалады. Қаныштың өзі

де қазақ әдебиеті этнографиясы туралы бұл үйірмеде бірнеше баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан талай рет сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән-күйлерінен, жыр-өлеңдерінен айрықша концерт жасап отырады. Бұл сауық кештерінде де Қанекең қазақ халқының ән-күйлерін жақсы көрсете алған.

Қаныштың студент кезіндегі бір игілікті ісі қазақ тілінде тұңғыш рет алгебра жазып шығару еді, бірақ ол алгебра жарық көре алмай, қолжазба күйінде қалып қойды.

Технология институтын бітіріп, инженер-геолог атағын алған соң, Қанекең, Атбасар түсті металл серіктігіне келіп, көп заман Қарсақпай заводында отырып геология зерттеу жұмысымен шұғылданады. Жезқазған, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын еміне-еркін кезіп, кен шығатын қазына қақпаларын іздейді. Сол зерттеудің нәтижесінде «Ұлы Жезқазғанның» байлығын анықтайды, топтаған кен орындарын ашады, оның ішінде темір, марганц кендері, толып жатқан түсті металл кендері, селика, құрылыс, басқа түрлі өндіріс кендері. Он бес-жиырма жыл ішінде Қаныш ашқын байлық қазыналары ертегімен бірдей. Оны Сарыарқаның белінде оралып жатқан бриллиант байлығы десе де болады. Ол байлықтың тізбегіне кіретін: алтын, күміс, жез, мыс, мырыш, қола, қорғасын, никель, кобельт, молиден, вольфрам, висмут, мышьяк, сүрме, теллур, сиркон, магнезит, вонадий, марганец, темір, титан, қысқасы осы күнгі техниканы көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге академик Қаныштың халық шаруасын күшейтуге істеген істері тіпті орасан. Оның мысалына «Ұлы Жезқазған»,

«Ұлы Алтай» өндіріс орындарын, Қарағандыдағы темір балқытатын заводты, Қарағанды-Ертіс каналын келтіруге болады. Осының барлығына Қаныштың білгіш ойы мен оның сезгіш жүрегі қатынаспай қалмаған.

Бұлардан басқа, Қаныштың Қазақстан өлкесінде ғылымның негізгі ошағын жасаудың атасы деуге болады. Біріншіден, ол Қазақ республикасының Ғылыми академиясын жасап, оның бірінші президенті болды. Ол президент болып тұрғанда ғылымның толып жатқан бірнеше саласын жаңадан құрып, олардың ілгеріде өркендеуіне саралап жол салды. Оның үстіне Қазақстанда өндірістің бір топ саласын көркейтуге қатынасты, әсіресе ауыр өндіріс жасауына негіз жасасты. Ауыл шаруашылығын жаңадан құруға қатынасты. Мұның бәрін партия мен үкімет еске алып, Қаныш-қа бірнеше ордендер сыйға тартып, Ленин сыйлығының лауреаты жасады, Жоғарғы Советтің депутаты болып сайланды.

Қанекең жұмыстан бос демалыс кезін аса қадірлеп, оны бір ғана ойын-сауық үстінде өткізіп, көптеген әдеби кітаптар, қызықты романдар оқумен өткізетін. Қанекең мен оның ағалары Әбең, Бөкеш, Кәрімнің ерекше жақсы көріп, рухани азық еткендері халық поэзиясы, музыка, ән, күй, би болатын. Егер геологияның соңына түспей, бірыңғай әдебиет саласымен кетсе, Қаныш аса талантты жазушының бірі болар еді. Оны Қанекеңнің жас кезінде жазған новеллалары, мақалалары, Абай, Жамбыл, Мұхтарға арнап жазғандары айқын суреттейді. Қаныш пен оның ағаларының өнерді, әдебиетті, музыканы қадірлеуі оларға әкелерінен мирас болған іс. Имекеннің өзі де жас күнінде асқан әнші, серінің бірі болған. Олардың аталарында Жарылғапберді,

Атубайдың Әбжаны, Әубәкір, Сұромар деген бірнеше атақты әншілер болған. Олардың кейбірі Имекеңе еріп бірнеше рет Көкшетауда, Омбыда болып, ол жақтың әнін («Топайкөк», «Көкем-ай») Баян, Қарқаралы төңірегіне таратып, бұл жақтың әндерін («Баянаула», «Жеңеше», «Алтыбасар», «Балқадиша», «Ырғақты», «Сарымойын») ол жаққа апарып таратады. Қаныш бала күнінде осы қарт әншілердің шырқап салған әндерін тыңдап өседі, олардың домбыра тартуын үйренеді, олардың әдісі мен айтылатын кейбір тамаша әндерді есіне берік ұстайды. («Алтыбасар», «Мұстафа», «Ырғақты»). Домбырамен қатар, Кереку мен Семейде оқып жүрген кезінде, Қаныш ағаларына еліктеп, гитара, скрипка, мондолин тартуды үйреніп, қазақ әндерінен концерт жасайды. Бұл жағынан Қанышқа әсер еткен әсіресе Кәрім Сәтпаев еді. Кереку мен Семейде болған қазақ кештерінде Қанекеңнің Әбекеңе қосылып жасаған қазақ концерті өзінің әдемі түрі мен терең мазмұнымен, көркем ойнау әдісімен халыққа ерекше әсер етеді. Бұл концертті ағайынды музыканттар қырға демалысқа шыққанда ауыл жастарына көрсетіп, оларды оқуға, мәдениет дүниесіне талпындырады. Музыкамен қатар Қаныш өнердің бір түрі биді де артық қадірлейтін. Түстеп, Краковяк, Подиспан, Полька, мазурка, вальс билерін ол кездегі қазақ жастарында бұлардай ешкім билемеген. Соңғы жылдардың өзінде Кисловодскіде демалып жатқанда бұл билерді Қанышгай ешкім әдемі билемеген. Қаныштың би өнерін жақсы көруі сонша, Кисловодскиге барған сайын осы күнгі жаңа билерді фокстрот, танго, халигали, ча-ча билерін үйреніп, оларды да әдемі билейтін болды. Тіпті бір жылы твист биін үйренуге құмартып, оның да ырғақтарын әдемі келтіретін еді.

Бұдан көрінетін мысал – Қаныш сегіз қырлы бір сырлы кісі болған. Кішіпейіл, еңбексүйгіш, қауым жұмысына жанын аямай салумен бірге, мәдениет дүниесін тануға да уақыт тауып, оның жарқын түрлерінен ләззат ала білген. Ғылым жүзінде ұстаз болуымен қатар, Қанштың дүниетану, өнермен шұғылдану жағынан да бүгінгі жастарға үлгі болатын ұстаздың қасиеті аса зор.

– Қаныш тек қана халық үшін жаралған, халықтың шын сүйген адал ұлы еді. Қазақстанның қай түкпірінде болсын, ондағы жұмысшы мен шопандардың Қанышты зор мақтаныш етіп, оның істеген ісіне, ұстаздық, кемеңгерлік мінезіне сүйсініп, қуанып отыратындары тіпті аз болмайтын. Ұлытау, Жезған, Сарысу, Есіл бойын аралап жүргенінде ондағы қарт жұмысшылар мен шопандар Қанышпен бір жолығып мажыраласуды өзіне бір бақ санайтын.

– Көптен бері бұл жаққа келуін қойды. Оны енді көреміз бе, көрмейміз бе? Жасымыз болса таяды. Келмеген соң сағынамыз, – деп, көзінен жасын мөлдіретіп отырған қарт шопандар мен жұмысшыларды талай рет кездестірдік.

Торғай даласын аралап жүргенде, сексеннен асқан кәрі кенші Рахмет Жаппаспаев:

– Қарағым, талай инженерге жолдас болып, қазақ даласын Орта Азия тауларын тегіс аралап, Қашқарға дейін барған едім. Бірақ Қанышқа еріп жүрген күндерім өз алдына бір дәурен сияқты болды. Онымен еріп жүрген кезімде кәрілікті бүтіндей ұмытып, әбден жасарып алдым. Қанштың істеген ісі, жүрген жүрісі, айтқан сөзі кісіні жасартпай қоймаушы еді. Ең ақыры далада машинаға отырғанның өзінде ең тыныш орынды

маған ұсынып, өзі селкілдеп жоғарыда отыратын. Айдалада бір жерге бөгеліп тыныстағанда:

– Раха, сіз жатып дем алыңыз. Шайды өзіміз дайындаймыз, – деп шопырмен екеуі тезек теріп, шай қойып, одан босанған кезінде карта мен қағазға төнетін, қашан ол жерден кеткенше жазумен болатын. Бір жылы Қанышты ертіп Жыланшық бойындағы Сырлытамды көрсеттім. Қаныш соны көрсетіңіз деп талай рет айтқан еді. Сырлытамды көргенде Қанштың айтқаны:

– Арқадағы сәулет мұраларының мынау бір келістісі екен. Мұны жақсылап зерттеу керек, – деп әлгі жерде бір күн жатып, Сырлытамды планға түсіріп, ол туралы халық аузында сақталған аңыз-әңгімелерді жазып алды.

Қанышпен етене араласқан әсіресе Қарсақпай, Жезқазған, Ұлытау төңірегіндегі кен жұмысшылары, колхозшылар, шопандар. Қаныш пен бұлардың өзара сүйіспеншілігі неше күн айтса таусылмайтын қызықты бір ертегі. Оны жыр қылып айтатын әсіресе Қарсақпай, Жезқазған жұмысшылары, олардың ішінде ағайынды Тәжі мен Әжібек Дәрменовтер.

– Мен албырт жас жігіт едім, – дейді бүгінгі қарт. – Қарсақпай кені дәуірлеп көтеріле бастағанда жұрттың көпшілігі ағылып сонда бара бастады. Жұмысқа түсуді үміт етіп мен де бардым. Қарсақпайдың бас геологы Қанштың алдына барып, қара жұмыс істеуге дайын екенімді білдірдім. Ауызба-ауыз сөйлесіп отырғанда Қаныш маған тура қарап:

– Біздің жұмысшылардың барлығы қара маймен араласып отырады. Сен мына түріңмен бізде жұмыс істей аласың ба? – деді.

– Сіз қара майға былғанып жүргенде мен немді аяймын. Сіз не болсаңыз мен де соны істеуге дайын-

мын, – дедім. Содан Қарсақпайдың жұмысшысы болып, көп жыл Қаныштың қарамағында істедім. Қаныш көп уақытын мыс балқытып жатқан жұмысшылар ортасында өткізіп, мыстың қалай балқып жатқан техникасын зерттеуші еді. Ол кезде жұмысшының негізі ауылдан келген қазақтар, олардың барлығы насыбай атады. Заводтың іші өте ыстық. Қаныш маңдайынан терін шұбыртып, тыныс кезінде ылғи жұмысшылармен әзілдесе бастайды:

– Ей, Мәмеке, қалай, ащы насыбайың бар ма? Ол үлкен шақшасын Қаныкеңе ұстата береді. Қаныш шақшаны столға қағып-қағып, бір ая насыбайды бармағымен ерніне салып:

– А, бәсе, Мәмкеңнің насыбайы осылай болу керек қой! – деп қарт жұмысшыны көтере мақтайды. Енді бір кезде жас жұмысшыға қарап:

– Бала, қалай, бүгін келін жақсы шәй бере алды ма? – деп онымен әзілдеседі. Үшінші жұмысшыға қарап:

– Нөкені темір мен мыс балқытудың алыбы деуге болады. Нөкең сияқты алыптар бізде аз емес. Сендер болмасаңдар Қарсақпай ешқашан ілгері баспас еді. Сендердің бұл айбынды істерің жұртшылық алдында ешқашан ұмытылмақшы емес, – деп, жұмысшыларға рух беріп отыратын. Олар Қаныштың айтқандарын әулиенің сөзіндей көріп, жұмысты жанын сала істейтін. Жұмысшы мен колхозшылардың есінде көбірек сақтаған суреттің бірі – Қаныштың дала кезіп жүрген сағаттары. Бұл туралы Қара-Кеңгір совхозының шопаны Дүйсенбай Кендірбайұлы былай дейді:

– Бір күні түс ауа бұрынғы Қара-Адыр (қазіргі «Көкбұлақ») колхозына Қаныш келіп, машинасын Қарсақпайға жіберіп, өзі ауылда жаяу қалды. Бірнеше

күн дала кезіп, Арқалық, Теріс-Аққан, Қара-Қойын-Қашырлыны зерттеп, боксит, вольфрам, көмір тағы басқа кендер іздеген. Енді бірнеше күн осы арада болып, бұл жердегі кен байлығын байқап білмекші. Ұзақ жолдан шаршап келген кісі ауылда біраз әзілдесіп отырып, шай ішіп жан шақырған соң, бұдан сегіз шақырым тұрған Күтірлі – Шатқа жаяу тартып кетті. Қаныштың көп кезген жері әсіресе осы Арғанаты, Күтірлі-Шат, Ешкі-Өлмес, Жантелі.

– Машинамен, не атпен неге бармайсыз? – дегенде, Қаныш басын шайқап:

– Ол болмайды, ол тек басын шалып, түбінде не жатқанын білмей өте шығу болады. Оның үстіне Күтірлі-Шат деген сөздің өзі машинамен жүрудің пайдасыз екенін көрсетеді.

Күтірлі-Шаттың қия тастарын екі-үш сағат аралап кешке жақын біздің үйге келді. Шәй ішіп отырып:

– Осы арада ерте кезде қазған жердің орны бар ма, білесіздер ме? – деді.

– Білеміз, ол ағылшындар қазған жер, осы біздің қасымызда, – дедік.

Оны естуі-ақ мұң екен, шәй ішуді тоқтатып:

– Олай болса, маған сол жерді көрсетіңіздер.

Апарып көрсеттік. Күн батып бара жатқан кез еді. Қаныш ерсілі-қарсылы жүріп, ол жерді көз байланғанша айналдырды. Ең соңында сөмкесін сол жердегі қия тасқа іліп, өзі біздің үйге келіп қонақ болды. Ол жылы Күтірлі-Шат сайында сарымаса сондай қалың еді. Қаныш төсекті сөмкесін қалдырған қыраттың басына салдырып, екеуміз сонда түнеп шықтық. Таң ата бетіқолын жумай, Күтірлі-Шаттың қия тастарын емін-еркін аралап, оның қуыс-қуысында бармаған жері қалмады.

Одан кейін көп айналдырғаны ескі кен зерттеген жер. Оның шеті төменде, ауылдың қотанына кіріп жататын. Қаныш қотандағы малдың қиынан жиіркенбей, таңертеңгі сиыр сауып жатқан әйелдермен араласа жүріп, ондағы малдың аяғы мен шашылып жатқан кен тастарына үңіле қарап, одан бір қоржын тас теріп алды. Шәй ішіп біраз отырған соң айдалаға жаяу кетіп, Күтірлі-Шат бойын тағы да күні бойы кезді, тағы да көп кен тастарын жиып алды. Кешке қарай, машинасы келгенше ауылға келіп демалды. Тап жүрерінде:

– Бұл ауылда насыбай ататын кісі бар ма? – деді.

– Бар еді, бірақ жолаушы жүріп кетті, – дедік. Шақшасын жоғары көтеріп, етігінің өкшесіне қағып-қағып, мардымды насыбай шығара алмай, ойға батып біраз отырды. Содан кейін:

– Тағы да келемін, – деп жүріп кетті. Содан бері Қанышты көруге дәм жазбады. Кейбір шопандар өздері тапқан кен тастарын көздің қарашығындай сақтап, Қанышқа көрсетуді зор мақсат етіп, оның келуін күтіп жүреді. Арғанатын тауында Кішібай деген бір шопан:

– Қарағым, Қанышқа сақтап жүрген бір қадірлі сыйым бар еді. Соны қалай тапсырудың есебін таба алмай жүрмін. Ол сый – алтын шығып жатқан бір жер. Оны осы күнге дейін бір жанға білдіргенім жоқ. Ашылып жатқан жерлерін таспен, топырақпен жауып, Қаныш келгенше терең сыр қылып ұстап жүрмін. Осыны сол кісіге жеткізсеңіз жақсы болар еді.

Ұлытау, Жезқазған, Торғай бойындағы қарт шопандар мен жұмысшылардың әңгімелеп айтуынша, олардың Қанышқа жолдас болмағаны, оның сөзін естімегені кемде-кем-ақ. Көп шопандар өзінің Қанышқа ерген күндерін қызықты дәурен санап, кеш-

ке жақын әңгіме етіп айтып отырғандарын естігенде, алдыңнан таусылмайтын бір қызықты сурет елестейді. Олардың әңгімесі бір ғана Қаныш пен жер туралы, оның байлығы, ол жерді ертеден қоныстаған ел туралы. Қаныш соның барлығына көңіл қойып, жерді, тау-тасты, тарихи мұраларды жүйрік білетін кемеңгер қарттармен жиі әңгімелесіп отырады. Шопандардың айтуынша, Қаныш олардың ортасына келгенде – ол халыққа тәрбие беретін, білім сәулесін шашатын, олардың ұстазындай көрінетін болған. Күтірлі-Шат бойында отырған қарт шопан Жайлаубай Кенесұлы 1946 жылы былай деген еді:

– Қарағым! Қаныш Арғанаты тауына келгенде, жұрт бақ құсы келгендей қуанады. Ол келгенде жүрек қуанып, көз шайдай ашылып, білім сарайына кіргендей боламыз. Қаныш осы Ешкі-өлмес, Қара-адыр, Күтірлі-Шат, Мық бойынан жаз бойы шықпай, адам білмейтін бір кендерді іздеп жүреді. Біз бұрын жер астында мыс пен жез, қалайы мен темір, күміс пен алтыннан басқа дүние бар деп ойламаушы едік. Қанықтың айтуына қарағанда жер астының байлығы ұшан-теңіз көрінеді ғой. Қанықтан бұрын Ұлытау, Арғанаты, Теріс-аққан, Торғай бойында не барын бір пенде білмейтін еді, онда қандай қазына барын енді бес жасар баланың өзі білетін болды. Мен өзім Қанышқа 15 жылдан аса жолдас болып, даланың көп жерін араладым. Сол жолдас болуымның арқасында кен шығатын тастың түрін, оның қасиетін Қанықтың күн сайын, сағат сайын айтып ұғындыруынан жақсы түсініп білдік. Қай тас вольфрам, қай тас ванадий, қай тас қорғасын, қай тас марганс, жез, қалайы, темір екенін қазір жақсы айыра білемін. Ондай тастар Арғанатын тауында жиі кездеседі. Қанықтың

айтуынша, Арғанаты тауының ішінде ерте кезде кен шығарған орындар аз болмаған. Бірақ олардың кен байлығы онша емес дейді.

Қаныш тек қана тасты зерттеп қойған жоқ. Өзің сияқты тарихи заманнан сақталып келе жатқан сәулет мұраларына да көбірек ой бөліп, ерте замандағы қаланың орнына егін суарған арық-тоғандарға, ойысып отырды. Ондай тарихи мұралар ұлы таумен Арғынатын төңірегінде өте көп. Оларды көргенде Қаныш таңтамаша етіп:

– Ұлытау мен Кеңгір бойының тарихи орны бүтіндей басқа. Мұндай мұралар тек қана Сырдария мен Қаратау, Талас, Шу өзендерінің бойында кездеседі, өзге жерде жолықпайды. Сондықтан Ұлытау төңірегі тарихи замандағы қазақ хандығының бір саяси-мәдени орталығы болуына тиісті.

Тарихи мұралардан Қаныштың аса қызығып көңіл қойған белгінің бірі жерден шығып тұрған мүсін тастар. Оның жойқын түрде жолығатын жерлері әсіресе Едіге мен Арғанаты тауларының жазық етегі, Жетіқыз бен Бозай өзенінің бойлары. Оларды көргенде Қаныш мүсін тастардың әр алуан түрде кездесуіне таң қалып: – екеуі екі заманның белгілері емес пе екен? – деп ойға бататын. Мәселен, Ұлытау мен Арғанаты жазығында кездесетін мүсін тастар ылғи мұртты, қылыш асынған, алапатты алып батырлардың тұлғасында суреттелсе, Жетіқыз бен Бозай өзендері бойындағы мүсін тастар көбінесе басына сәукеле киген қыз-келіншектерді әліптейді.

Бұл келтірілген суреттің барлығы Қаныштың асқан партиот, отаны мен халқын ерекше сүйген кісі екенін көрсетіп, бұрынғы дәуірлерде жасалған тарихи

мұраларға айрықша мән берген білгіш ғалым екенін сипаттайды.

– Нөсер жаңбыр жауып, жер иленіп, ауыр жүк машинаны жүргізбеді. Күн кешке айналған соң, қайтып келіп алармын деп, Алтын-Шоқы алдындағы бір жазыққа қалдырып кеткен едім. Бірақ соған қайта-қайта айналып баруға кейін уақыт таба алмадым. Сен ол жаққа бара қалсаң, сол мүсін тастарды Жезқазған мұражайына тапсырсаң бір игілікті жұмыс істеген болар едің, – деп еді бірде.

Асқан патриот кісі екендігін, ол жан-тәнімен халықты сүюі, оның қоныстап отырған жерін сүюі, онда сақталған тарихи мұраларға ерекше мән бергені.

Халық пен Қаныштың бірін-бірі жақсы көрулерін қанша айтсаң да таусылмайтын қызықты бір ертегі сияқты.

Қанышқа көп жыл еріп, даланы онымен бірге талай рет кезіскен қарт Мейрамбай, Кеңгір өзенін жағалап келе жатқанда, бір көгалды жерге тоқтатып:

– Қарағым Әлкей, осы арада Қанышпен бір түнеген едік. Бұл жердің суы терең, әрі тұщы. Қаныш оны жақсы біледі. Граниты бар жердің су терең, әрі тұщы болады – деп ылғи сондай жерге тоқтайтын. Бұл жердің балығы да көп, ылғи білектей шортандар. Өзеннің жағасы толған жиденің бұтасы. Осы араға тоқтап Қаныштың еске түсірейік, – деді. Жігіттер түнек жабдығына кіріскенде Мекең мені ертіп жүріп:

– Міне, Қаныштың шатыр тіккен жері мынау. Ана жерде кешке жақын мосы да үлкен қара шәйнегі асылып тұратын. Қаныш тұщы судан қайнатқан шайды сондай жақсы көретін еді. Кешке таман терге шомылып, шайды күн батқанша ішетін.

– Меке дейтін, жапан түзде дала кезіп жүргеніңде шай адамға дәрімен бірдей. Күні бойы ыстықта аңсап, денең құрысып, бас ауырып, ерін кезерсе, шай оны бір сағатта айдап шығады. Ондай кезде қымыз бен шайға жететін еш нәрсе жоқ. Бұл екеуі дала кезіп жүргендер үшін адам ақылы тапқан игі нәрсенің бірі.

Түнеген жерде Қаныш шатыр тіккенімен онда жатпайтын, ашық ауада жататын. Шатырға тек дауыл, жел тұрса, не жаңбыр жауса ғана кіретін. Қанаштың тұлғасы, жүрген жүрісі, істеген ісі, мінез-құлығы бүтіндей өзгеше ғой. Кейде жас болса да көзіңе пайғамбардай көрініп, именіп отырасың. Бірақ ол тіпті кішіпейіл еді. Сол көрікті тұлғасымен, сол ақыл білімімен алдыңда өз баладай иіледі. Ылғи «Меке, Меке» дейді. Насыбай атқанда шақшасын ұсынып:

– Меке, бүгін насыбай қалай екен? – деп іш-бауырына кіреді. Жалғыз маған емес, жұрттың бәріне істейтіні сол ғой. Сондықтан ол Қанышты кім жақсы көрмесін...

Қаныш сипатты адам бола береді дейсің бе? Анау жүз, анау айдын, анау ақыл жұрттың бәрінде болса, ол зор бақыт қой. Оны тудырған ата-анасынан айналсаңшы. Бұл жаққа көптен бері келмеген соң, кісі оны сағынып, бір көруді арман қылады екен.

Осы сияқты халық аузында айтылатын Қаныш туралы әдемі аңыздар, жырлар өте көп. Соның бірі Ақтөбе облысы, Ырғыз совхозының қариясы Жөкей Шаңғытбаев жазған жыр. Ол қарт қазір бар ма, жоқ па белгісіз. Бірақ Қанышты жақсы көруін ақын қарт бір ауыз сөзбен былай деген:

Айналайын Қаныш-ау,
Көрмесем де мен сені,

Сыртыңнан жақсы білем-ау,
Жері шалғай, елі алыс.
Болсам-дағы жақынмын,
Сендей ғалым халық үшін
Сүйеді жылы жүрегім.

Қанышты осындай әлпештеп, оның істеген ісін тірі күннің өзінде ертегі қып айта бастаған халыққа, оның өлімі оларды қатты күйзелткен азалы ауыр өлім болды. Қаныш қайтыс болған соң, оны жоқтап шығарған азалы сөз, жырлар Қазақстанның әрбір түкпірінен келе басталды.

Қазақ халқымен бірге мезгілсіз дүниеден кеткен Қанышты өзге туысқан елдер де егіле жоқтап, оның ауыр қазасына ортақ болды. Қаныш қайтыс болған күні бүкіл Советтер Одағының тұс-тұсынан азалы телеграммалар үсті-үстіне ағылды. Оның көбі Москвадан, Ленинградтан, Киевтен, Бакуден, Тбилисиден, Ереваннан, Ташкенттен, Таллиннен, Ригадан, Вильнюстен, Свердловтан, Новосибирден, Владивостоктан, Фрунзеден, Қарағандыдан, Жезқазғаннан, Қаражалдан, Соколов-Сарыбайдан, тағы толып жатқан өндіріс кен орындарынан, заводтардан Қанышты жоқтап егілген адамдардың тобы, оны қадірлеп жақсы көрген атақты ғалымдар, жазушылар, ақындар, даңқты инженерлер, жұмысшылар, шопандар. Олардың Қанышқа арнаған азалы сөздері, жоқтау жырларын – Қанышты халықтың сүйген ұлы екенін сипаттайтын, оның өмірінің жарқын айнасы деуге болады. Біздің алдымызда қазір бір топ халық ақындарының жыры жатыр. Оның барлығында жақсы көрген Қанышты жүректен шыққан жылы сөзбен күңірене жоқтап, оның халыққа үлгі болса адамшылық

қасиетін, оның ұстаздық бейнесін, халықтың ардақты ұлы екендігін суреттеу. Сол өлеңдер арасында Көкшетау облысындағы қарт мұғалім Абдрахмен Кереевтің, Семейден Қайым Мұхаметжановтың, Қызылжардан Адумен Тәнудің, тағы басқа облыстардағы ақындардың жарқын айтқан сөздері бар.

Қарағанды облысы «Осокаровка» совхозының бір топ жұмысшыларының жоқтау сөзінде Қаныштың адамшылық қасиетін бір ауыз өлеңмен былай делінген:

Қаныштай кісі қазақта,
Дүниеге келмеген.
Ғылымнан биік сарай сап,
Дүниеге көңіл бөлмеген.

Осы күнге дейін белгісіз жатқан халық ақыны Садық Сапабекұлы Қаныштың еске түсірген өлеңінде былай дейді:

Қаныш дана білесің бе,
Үздік шыққан жан едің.
Туғаннан ақ анадан,
Адамзатты дос көріп,
Бір кісідей санаған.

Барлық еске түсіру жырларында Қаныштың адамшылық қасиеті ерекше айтылып, оның тек қана халық үшін жаралған, халықпен қаны қайнасқан оның адал ұлы екені ардақталады.

Қазақ елінің ардагер ұлы Қаныш шын мағынасында өмірін, білімін тек қана халқының бақыты үшін жұмсады. Бүгінгі бақытты дәуірдегі ғылымды,

мәдениетті, өнерді, көркейту үшін туып, ғылымның биіктегі жарық сәулесі болу үшін туған кісі.

Отанның ғылымын ардақтасын дегендей жаратылыс Қаныштан ақыл байлығын аямаған. Бар жақсылықты оған төгіп қойған. Оның сыртқы көз тартатын қиянатты айдыны бірге ішкі дүниесінде адамның жанкүйін арбасын дегендей, тұңғиық сырмен, терең оймен таусылмайтын ақылмен, сұлу сезіммен толтырған. Оған даладағы шопан келсін, заводтағы жұмысшы келсін, кабинеттегі қадірлі ғалым келсін бәрібір, Қанышпен жүз көріскенде олардың бәрі де алдынан байсалды, маңғаз, ашық жарқын досын көріп күнде сұхбаттасып жүрген, өзгермейтін жолдасын көргендей қуанатын. Егер Қаныштың сыртқы тұлғасын жүрекке қуаныш сезімін түсіретін мұнартқан асқар тауға меңзесек, оның ішкі дүниесі адамға сая болатын сол таудың қойнауындағы миуалы бақшаларға, жанкүйін тербететін ақ тасқын суларға теңеуге болар еді. Қаныштың халық бұқарасын сүюі, оның кішіпейіл мінезі, адамға тек қана достық көзімен қарауы алдына келген жетім-жесірлерге көмек көрсетуге құшағын жайып салуы қазіргі жастарға үлгі болатын жарқын қасиеттер.

Қаныш дүниеден көшпелі дәурен сияқты өте шықты. Бірақ ол өткенімен оның ұлы адамшылық бейнесі халық жүрегінен ешуақытта өшпекші емес. Оның халық үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ. Оның айқын дәлеліне ертеде өткен данышпан ұлы ғалымдардың өмірі мысал бола алады.

ҚАНЫШТЫҢ БЕЙНЕСІ ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

(Күнделік дәптерінен)

Бұл не деген ауыр азап? Не деген қайғы? Не деген күңірену?... Не деген ауыртпалық. Жүрек тағы да соқпайды, көңіл сергімейді, ақыл орнына түспейді. Тек қамығу зарығу, жоқтау, азалану. Неге?

Неге дерің бар ма? Айтуға ауыз да бармайды, құлақ естігісі келмейді.

Кеше ғана арыстандай ойнақ салып, жұрттың мақтанышы болып жүрген Қаныштың бүгін алдыңнан ғайып болады деп кім ойлаған?... Опасыз дүние деп бұрынғы даналар осыны айтқан ғой.

Ой, не дейсің? Қаныш дүниеден ғайып болған?! Шын айтып отырсың ба? Не деген сұмдық? Оған кім нанады? Халықтың аспандағы айы мен жұлдызы, жүрегінің қуанышы, ой түсірер ақылшы, топ алдында мақтанышы Қаныш ғайып болған? Жоқ, бекер! Оған нану мүмкін емес...

– Жоқ, нанасың, нанбасқа шараң жоқ, – деп, ақыл мен сезім араласып, бей-бей қағады. Оқиғаның тез күннің арасында үдеуі сонша, көңілдің қамығып сенбеудің де қисыны бар еді.

Қанекеңмен соңғы рет қоштасқанымыз 1963 жыл қарашаның 14-і күні. Бұл күні Қанекеңнің Мәскеуге жүретін күні, ол кісіні шығарып салу үшін туысқан достары үйіне жиналып, аз уақыт қасында отырдық. Бұдан екі жыл бұрын Қанекең бірталай сырқаттанып үй-іші, туысқандары қатты қам көңілді болып, жүздерінен қуаныштың жарқын лебі көрінбей жүретін. Қазір ол күңгірттің бәрі тарап, олардың жүрегіне қуаныш сәулесі жаңадан орнағандай еді. Бүгін Қанекеңнің жүзінде не аурудың, не жұмыстан шаршағанның ешбір белгісі жоқ. Ол кісі өзінің бұрынғы жайдары қалпынша достарын сықаққа алып, уақытын ойын-күлкімен өткізіп отырды. Ардақты жанның көңілі жадырап, ойға батқан ақылды көздерінің күлімдеп отырғаны бәрімізді қуанышқа бөлеп, ақылы, ойы, тұлғасы асқар таудай Қанекең әлі де талай жылдар игілікті дүниені ұрпағына тартып, жұртына әлі де талай қазынаның аузын ашар деген үмітке келтірген еді. Бірақ алдамшы дүние аз уақыт өткен соң, бұл үмітті бүтіндей кесіп, халықтың сағын сындырып кетті. Біз әзір мұны қозғамай, бастаған ойымызға келдік.

Сөз арасында отырып мен Қанекеңе:

– Пленумға әлі көп уақыт бар ғой, бұл ерте бара жатқаныңыздың мәнісі қалай? – дедім.

– Қазір Академия жұмысымен ғана бара жатырмын, қарашаның 26-сына дейін оралып қайтамын. Пленумға желтоқсанның 5-інде қайыра барамын.

Бұл сөзді айтқанда көңілінде біраз кейістіктің дағы бары сезілгендей, тегінде баруына соншалық разы да емес, бірақ бармай болмайтын сияқты. Өйткені, Академияның кейбір институттары қайта құрудан кейін әлі аяғынан нық қойылмаған, сол жұмысты пленумға

дейін реттеп, Академияның іргесін жаңадан күшейтіп қайтуды мақсат ететіні байқалады.

Мен ол кісіні ішімнен қатты аяп, Алматыға қайтып келген соң, он күн тұрып тағы да жолға шығатынын ешбір ойыма сыйғыза алмадым. Демек, ол кісі жол сапарын жеңіл көтере беретін, соншалық жас кісі емес: пленумға қарсы біржола барса да болар еді деген ой ақылды жеңе берді.

Біраздан кейін машинаға отырып аэропортқа келдік. Ол жерде Академияның кісілері толып жүр екен. Олардың бәрі де Қаныкеңді Мәскеуге шығарып салғанын өздеріне үлкен қуаныш етеді. Олардың барлығы Академияның президиум мүшелері, оның әрбір бөлімін басқаратын белгілі ғалымдар, бәрінің бірінен-бірі күңкілдеп сұрайтыны:

– Бұл кісі Мәскеуге не жұмыспен барады? – деп әркім өзінше жорамалдап тұрды.

Бірақ не үшін асығыс бара жатқанын бір ғана өзі білмесе, өзгенің бірде-бірі білген жоқ. Енді біраз уақытта жолаушылар ұшаққа отыра бастады. Қанекең өзінің дағдысынша туысқан достарын тегіс айналып шығып, балаларын, туғандарын құшақтап сүйіп, күміс қанат ұшаққа көтерілді. Кабинаға кірмес бұрын басқышта біраз бөгелді, жұртқа қарап қолын көтеріп, олармен қоштасты. Кабинаға кіріп қайта шығып, тағы да жұртпен қоштасты. Қаныкең бұрын мұндай істемеуші еді деген жүрекке қобалжу келеді, бірақ өзге жұрт оған еш мән берген жоқ. Тек анадай жерде Әбікен мен Рамазан ғана таң қалып тұрды. Жұрттың көпшілігі Қаныкеңнің арымай-шаршамай Мәскеуге аман-есен жетуін тілеуде болды.

Күндіз сағат үштен жиырма минут асқанда ұшақ мерзімі бойынша аспанға көтерілді. Жұрттың бәрі тарқады. Тек үш-төрт кісі ғана аэроплан көзден жазғанша аспанға үңіліп тұрдық. Ең соңында аландa Карпинский екеуміз қалдық. Менің көбірек ой бөлгенім аэорпланның ұшуы әдеттегідей емес, бір алуан аспанға шұбалаңдап көтеріліп, соңынан бұрқыраған қою қара түтінді лақылдатып ұшты. Оған Карпинский де көңіл қойып тұр екен. Екеуміз дереу диспетчерден сұрадық, – неге олай? – деп. Диспетчер:

– Күдіктенбеңіздер. Кейде солай бола береді. Машина күдіксіз жақсы. Мәскеуге кешікпей-ақ тез апарады, – деді.

– Ішімнен «аузыңа май», солай болғай-да, – деп қалаға кеттім. Бірақ жүректе бір сенімсіздік бар, оны қуып шығамын деп қанша талпынсаң да болмайды, көңіл күдіктене береді.

Кешінде Мәскеумен сөйлесіп Қаныкеңнің аман-есен барғанын естіген соң, көңіл біраз орнына түсіп, тыныштalғандай болды. Бірақ үрейленудің елесі естен кетпейді.

15-қарашаның түнінде қорқынышты түстер ақылды шаршатып түні бойы ұйықтай алмай, алысумен шықтық. Бұл не? Көрген түсімізде Қаныкең аспанға ұшқан бетінен жерге түспей, көзден ғайып болған сияқтанады. Біз оны келеді деп күтумен сарғайып шаршаймыз. Дегенмен оған біз еш мән бергеніміз жоқ. Біраз уақыт өткен соң, күнделік жұмыстың толқынымен оның бәрі ұмытылып, ойға жиналған алмағайып алдамшы әсердің бәрі серігіп, дағдылы қалыпқа түстік. Желтоқсан айының бірінші жартысында Мәскеуде Орталық комитеттің пленумы ашылып, халықтың

ойы бір ғана соның жұмысына үңілумен болды. Бұл пленумға қатынасқан Қаныштың алапатты тұлғасы алыстан асқар таудай суреттеліп, ол кісінің Мәскеуде сөйлеген сөзі газетте шыққан мақаласы көпшіліктің жүрегіне тағы да қуаныш сәулесін жаққандай болды. Бірақ өткінші дүние ғой, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Желтоқсанның ортасынан былай қарай бұрынғы күдіктену тағы да ақыл ойды шаршатуға айналды. Ол онымен тұрсын, желтоқсанның 20-сы күні Мәскеуден телефон арқылы берген хабарда Қаныш ауруханаға түсті деген суық хабар сап ете түсті. Күн сайын Мәскеуден алып отырған хабарға қарағанда, ауру жанның басына қара тұман тағы да айналып, адамның қанына тоймайтын бір мақлұқ оның ауру жанын тағы да сора бастаған сияқты. Беті жазылатын ауру емес, күн сайын меңдей беру. Ардақты Қаныштың алып тұлғасы аз күннің ішінде солып, жазылу үміті күн сайын алыстай беретіні байқалады. Бір күні Әбікен екеуміз отырып:

– Алматыда несіне отырамыз? Тегіс Қаныштың қасына барайық. Ол кісінің тез арада жазылып, Алматыға қайта оралуы екіталай. Қуатының бар кезінде тездетіп Алматыға келтірейік. Жас күнінен қызықтаған, әлпештеп өсірген халқының ортасында болсын. Болмаса қасында болып, аз да болса ақылына, ойына демеу болайық, – дедік. Қаныштың қасында болуға ең алдымен оның көзінің қарашығындай болған балалары мен қарындастары, зайыбы барды, олармен бірге жақын достары, ғылыми серіктері барды. Бірақ барғанымен, меңдеген ауруды қайтаруға ешбір шара болмады. Қаныштың соңғы рет көруге барған көп достары көз жасын ауруханының босағасында төгіп, егілген жүрегі зарға толып, амалсыз үйіне қайтып отырды.

Қаңтар айының соңғы күндері қандай ызғарлы. Аспанды қоршаған сұр бұлт айығуды білмейді. Болатын бір сұрапыл оқиғаның елесін көз алдыңа келтіргендей, бедірейіп бетіңнен алады. Бір жұмадан бері тыныңу, ұйқы деген болған жоқ. Қобалжумен шаршаған жүрек ақырын соғып, бір жақсы дүние артта қалғандай елегізіп береді.

Қаңтардың 31-күні Мәскеу ешбір хабар бермейді. Телефон тіл қатпайды. Бұл не сұмдық, не болды? Бұлай тіл қатпай, дүлейлікке айналудың арты ешуақытта көңілді жадыратқанын көрген кісі жоқ еді.

Міне, түнгі сағат 11-дің кезі, әлі хабар жоқ. Жапан түзде жанымен алысқан жолаушыдай, өлім мен өмірдің арасында алысып жатқан аяулы, ардақты, халық әлпештеген Қаныштың халі не күйде? Қаныштың ойлап елегізу, дүниеден торығу ақыл-ойды меңгеріп ішке сыймай барады. Тек анда-санда үміт сәулесі көңілге елестеп, өзінді-өзің жұбатқан боласың. Солай қобалжу, торығу үстінде отырғанда, әлден уақытта бір топ кісі сау етіп кіріп келді. Олардың ішінде Ақай, Мәлік, Ықсан тағы басқалар бар. Бәрінің де түстері ызғарлы, бет ажары бұзылған, бір болған оқиғаның суреті беттеріне жазылып қойғандай. Бірақ Қаныштың өлімге қимайтын жүрек әлі де сенбей, үміттеніп, бір жақсылық естігісі келгендей. Бірақ келген кісілердің түрінде ондай жақсылықтың белгісі көрінбейді.

– Апыр-ай, жүрістерің тым суыт екен?

– Иә, солай. Хабарды жаңа ғана алдық. Амал қанша, Қанекең о дүниелік болыпты. Бұрын қанша дайындалып, істің соңы солай боларын айқын біліп отырсаң да, мына сөзді естігенде төбеден жай түскендей-ақ, ес ауып, тіл күрмеліп, көзді жас, көкіректі мұң бұрынғыдан гөрі

де мықты қоршап бей-бей қаққан көңіл-күйі үй-ішін күңіренте бастады.

Қайран Қаныш! Халықтың сүйгені, қуанышы сен едің. Жарық дүниеден сен де кеттің. Қомағай обыр өлім қанды қолын кімге салмады. Сені осы жылдың ішінде көзден ғайып болады деп кім ойлаған еді? Бұл не деген тағдыр, не деген өлім, не деген апат? Халықтың бақыты үшін жаралған ару жанды аз күн болса да көпшілік қуанышы үшін қоя тұрса да болмайтын ба еді? Дариға, ең болмады аз күн дәурен сүріп, халқымен аз күн әзілдесіп, ойнап күлсеңші еді?!

Деген күңірену – көңіл-күйін әр нәрседен түңілткендей болды. Бірақ Қаныштың дүниеден көшкеніне жүрек қалай да сенгісі келмейді. Саңылақ ауру жанды ауық-ауық еске түсіріп, Қаныштың алапатты тұлғасы көз алдында сайрайды, мен мұндамын дегендей болады. Бірақ ол тек қана алданыш. Қаныш енді жоқ, ол анық. Қаныштың ақ жарқын бейнесін енді ешуақытта көрмекші емессің. Оның орнына тек үңірейіп жатқан бос орнын еске түсіру ғана қалды.

Шіркін-ай, жас күніңнен бірге өсіп, көп заман бірге дәурен сүрген ару адамның көз алдыңда ғайып болғаны жаныңды жапан түзде жалғыз қалғандай ойсыратты-ау. Қаныштың өлімі – дененің тек жарымы сөгіліп қалғаннан кем болмады. Амал қанша? Оған қарсы қолданатын ешбір дәрмен болмады, тек жаратылыстың заңына бас игеннен басқа дәнеңе қалмады.

Қаныш дүниеден өткен соң, онымен бірге болған, әзілдесіп масайрасқан күндер еске түсіп, оның әдемі суреттері ағылып көз алдыңнан өте бастады. Онымен бірге болған күндер, сағаттар, минуттар, адам өміріндегі ең бақытты, ең қуанышты, ең игілікті күндер

болатын еді. Бірақ оның барлығы бұл жолы емес, басқа бір бос жайлы уақытта жазылуға тиісті.

Қазақ халқының асқан ойшысы Мұхтар қайтыс болғанда ой ерік бермей «Алыптың азасы» деген бір өлең жаздырған еді. Мынау соның кіріспесі:

Жүрек сен
Тебіренші,
Демің болса,
Көзде нұр
Көкіректе
Лебің болса,
Үн шертпей
Мәңгі мылқау кеткеніңше,
Айтсаңшы
Жарқын ойдың
Сыры болса.

Көп заман
Тұтқырланған
Мынау қалам
Жібермей
Ойдың сырын
Болып алаң.
Тағы да
Міне, бүгін
Келгейді
Ой елесі
Ұмытылған
Алда қашан.
Қалай ол
Шыдап тұрсын

Елегізімей?
Алдында
Ақ оралған
Ауру жатыр
Арқаның
Өте шыққан
Дәуреніндей.

Қаныш қайтыс болған соң, Мұхтар екеуінің бейнесі тұтасы тағы да мына өлеңді жаздырды:

Ежелден
Ер саңлақ
Елдің көркі
Ерсіздің
Күні құрсын
Ол бір сорлы.
Мақтанар,
Бетке ұстар
Адам таппай,
Ұйлығар
Өз-өзінен
Болып күлкі.
Екі ауру
Адамшылық
Бейнесі еді,
Ақыл мен
Ой сананың
Түйісі еді.
Азды күн
Дәурен етіп,
Өте шықты

Жарқ етіп
Жазғы таңның Сәулесіндей.
Заманның
Ұшып кетті
Ақ саңлағы
Ақылмен
Ой-сананың
Шамшырағы.
Ойсырай
Қуыс қана
Орны қалды
Жасаған
Көп замангы
Бау мен бағы.
Ақ жарқын
Ашық сәуле
Сөніп бітті
Жақсылық
Жанға сусын
Бірге кетті.
Ойсырай
Елегізіп еткен
Қу бос орын
Аяусыз
Сай сүйекті
Сырқыратты...

* * *

Қаныш тек қана халық үшін, халықтың бақыты үшін жаралған кісі еді. Халық оны қуаныш ететін еді, ол халықты сүйетін еді. Ол шын мағынасында халықтың сүйген баласы еді. Қазақстанның кай түкпірінде жүрсең

де Қаныштy сыртынан бір сұрап білмесе олардың көңілі көншімейтін еді. Торғай, Ұлытау, Жезқазған, Сарысу, Есіл, Нұра, Шу, Талас, Қаратау, Бетпақдала, Балқаш төңірегін аралап жүргенін де талай қарт жұмысшылар, даладағы шопандар Қаныштың не істеп жүргенін сұрап, көре алмай сағынып жүретінін айтатын.

Тегінде Ұлытау, Жезқазған, Торғай бойындағы қарт шопандар мен жұмысшылардың Қанышқа жолдас болмағаны кемде-кем-ақ. Көп шопанның Қанышқа ерген күндерін қызықты дәурен санап, кешке жақын әңгіме етіп айтып отырғандарын естігенде, алдыңнан таусылмайтын романтикалы бір қызықты сурет елестейді. Олардың әңгімесі бір ғана Қаныш пен жер туралы, оның кен байлығы, ол жерді ертеден қоныстаған ел туралы. Қаныш соның барлығына көңіл қойып, жерді, тау-тасты, тарихи мұраларды жүйрік білетін кеменгер қарттармен жиі әңгімелесіп отырады. Шопандардың айтуынша, Қаныш олардың келгенде халыққа тәрбие, білім сәулесін шашатын ұстазындай көрінетін болған. Қарт шопан Жайлаубай Кенесұлы 1946 жылы былай деген еді:

«Қарағым! Қаныш Арғанаты тауына келгенде, жұрт бақ құсы келгендей қуанды. Ол келгенде жүрек қуанып, көз шайдай ашылып, бір білім сарайына кіргендей боламыз. Қаныш осы Ешкі-өлмес, Қара-адыр, Күтірлі-Шат, Мық бойынан жаз бойы шықпай, адам білмейтін бір кендерді іздеп жүреді. Қаныштан бұрын Ұлытау, Арғанаты, Теріс-аққан, Торғай бойында не барын бір бәнде білмейтін еді, онда қандай қазына барын енді бес жасар баланың өзі білетін болды. Мен өзім Қанышқа он бес жылдан аса жолдас болып, даланың көп жерін араладым. Сол жолдас болуымның арқасында кен шығатын

тастың түрін, оның қасиетін Қаныштың күн сайын, сағат сайын айтып ұғындыруынан жақсы түсініп білдік. Қай тас вольфрам, қай тас ванадий, қай тас қорғасын, қай тас марганс, жез, қалайы, темір екенін қазір жақсы айыра білемін. Ондай тастар Арғанатын тауында жиі кездеседі. Бірақ Қаныштың айтуынша, олардың кен байлығы онша болмауына тиісті.

Қаныш тек қана тасты зерттеп қойған жоқ. Өзің сияқты тарихи заманнан келе жатқан сәулет өнер дүниесінде де көбірек ой бөліп, ерте замандағы қаланың орнына егін суарған арық тоғандарға, жерден шығып тұрған сым тастарға да үйісіп отырды. Ондай тарихи мұралар Ұлытаумен Арғанаты төңірегінде өте көп. Мен Қанышқа оның көбін көрсеттім. Оларды көргенде Қаныш таң-тамаша етіп:

– Ұлытау мен Кеңгір өзенінің тарихи орны бүтіндей басқа. Мұндай мұралар тек Сырдария мен Қаратау, Талас, Шу өзенедерінің бойында болмаса, өзге жерде жолықпайды. Сондықтан Ұлытау төңірегі тарихи замандағы қазақ хандығының бір саяси-мәдени орталығы болуға тиісті. Қара Кеңгір бойындағы «Алаша хан» күмбезі тарихтағы Ақназардың орда құрған жері емес пе? Оны зерттеп тарихи қоймасын ашу болашақтың ісі, – деді.

Қаныштың аса көңіл қойғаны жерден шығып тұрған мүсін тастар. Оның жойқын жолығатын жері әсіресе Едіге мен Арғанаты тауларының етегі, Жеті қыз бен Бозай өзендерінің жағасы. Қаныштy таң қалдырған бір нәрсе – Едіге мен Арғанаты төңірегіндегі мүсін тастар бір ыңғай қылыш асынған алып батырлардың тұлғасы түрінде кездессе, Жетіқыз бен Бозай өзенінің бойындағы мүсіндер көбінесе сәукеле киген қыз-

келіншектерді суреттейді. Соның сырын ашуға Қаныш көп ой бөлген еді. Бұл туралы қарт шопан Жайлаубай Кеңесұлы былайша еске алады:

Бір күні Қаныш Ұлытауда отырып:

– Жәке, бүгін Жетіқыз өзенінің бойын аралаймыз: Жолшыбай Алтыншоқы, Усабай көңілің қасына бөгелеміз. Қырағы көзіңіз ешнәрсені құтқармас деп сенемін, – деді.

– Қанышжан, ол жерде алдымен қарайтының не? Соны маған білдіріп қойшы.

– Қарайтынымыз Алтыншоқының ескі кен шығарған орны, Жетіқыз бойындағы мүсін тастар.

Ойланып отырып:

– Апыр-ай, ол жерді көрмегелі көп заман болған еді. Қазір жас жетпіске келіп босаңыған, ешнәрсе таба алмай ұятты болып жүрем бе? – дедім.

Ол кісімен кейін Торғай, Жыланшық бойын аралауды ойлаған едім.

– Көңілі теріс болмаса айта қойыңыз, – деді. Мен Өмекеңе барып:

– Өмеке, Қаныш Жетіқыз, Шығырлы өзендерінің бойын аралауға шыққалы жатыр. Ол өзеннің бойларын мен көрмегелі жиырма жылдан асты. Одан бері жердің беті көп өзгерген. Сіз күнде көріп жүрсіз ғой. Қанышқа ұятты болам ба деп қобалжып тұрмын. Өмеке, сіздің де еруіңізді сұраймын, – дедім. Ол кезде Қанышқа еріп жер аралауды жүрегінде сәулесі бар адамның бәрі қуаныш ететін. Мұны айтқаным мұң екен, Өмекең қуана қарсы алды. Бірге жүріп кеттік. Түс болмай Усабай көңіне бардық. Қаныш ол жерге біраз бөгеліп өзен жағасындағы тастарды қарады. Бұдан үш шақырым

жерде, алыстан көгеріп Алтыншоқы көрінеді. Аздан кейін жүгіртіп оған да бардық.

Қаныштың айтуынша, Алтыншоқы ерте заманда кен қорытқан заводтың орны екен. Маңайында сол кезден қалған кен қорытындысы үйіліп жатыр. Қаныш бұл жез қорытқан жерден үлкен тастарды сындырып көрді. Қаныш тастарды зерттеп кен қорытқан жердің планын түсіріп жүргенде, Өмекең отырып:

– Қанышжан, ана тұрған жалпақ қия таста адам түсінбейтін бір жазу бар, соны оқып көрші, – деді. Қаныштың оны естуі-ақ мұң екен:

– Өмеке-ау, бағанадан бері соны айтсаңызшы. Қалай ішке сақтап отырдыңыз? Қане, қай таста? Көрсетіңіз! – деді. Бәріміз еңкілдеген бетімізбен бір зәулім қия тастың етегіне бардық. Байқап қарасақ, жылтыр қапқа тастың бетінде жазу сайрап тұр. Үшеуміз де арапшаны араптардың өзінен кем білмейміз. Былай қарап көреміз, мына жағынан да қараймыз, бірақ араб жазуына еш ұйқасы жоқ. Қаныш үндемей, тесіле қарап, кейбір сөздерін шығарып оқып тұр. Оның оқуынан «Дешті Қыпшақ», «Темірбек» деген сөз естіледі. Өмекең тұрып:

– Шіркін, білім-ай! Қаныштың білмейтіні жоқ қой! Біз мұны тек жер астындағы кен байлығын ғана біледі деп жүрсек, мынадай еш пенде білмейтін дүниенің өзінде жүйрік біледі екен. Қарағым осының бәрін қалай, қашан біліп жүрсің?

– Өмеке, бұл жазуды Томскі университетінде үйренетін едік.

– Студенттер бос кезінде үйірмеге қатынасып, халқымыздың мәдениетін білуге тырысатын, оның ішінде олардың тарихын, ауыз әдебиетін, осындай көне жазулардан. Бірақ білгенімнің көбі естен шығып

кетіпті, сондықтан жөнді шығара алмай тұрмын. Мұндай жазуды Шоқан «ұйғыр жазуы» деп атаған. Бұл арап жазуының Орта Азияға тарамай тұрған кезінде қолданған жазу түрі.

– Шоқаныңыз қай Шоқан?

– Көкшетау төңірегінен шығып, дүниеден ерте өткен қазақтың аяулы ғалымның бірі.

– Иә, иә, түсіндім. Терісаққан бойына барғанында Мейрамның аузынан түсірмейтін Шоқан сол екен ғой. Ол да жастай өткен асқан сабаздының бірі көрінеді ғой. Қаныш тастағы жазуды қарап бітірген соң:

– Өмеке, бұл тасты көрсеткеніңізге зор алғыс айтамын. Бұл жай тас емес, біздің халқымыздың өткендегі тарихы, мәдениеті үшін іздесек таба алмайтын, жарқын белгісінің бірі. Жалғыз-ақ бұл тасты енді бұл жерге қалдыруға болмайды. Оны не Алматыға, не Мәскеуге жеткізіп ғылымның игілігі етуіміз керек. Алмағайып нәрсе, бұл жерде тұрса аз күннің ішінде жоғалып кету қаупі де бар, – деді.

Қаныштың айтқаны жүзеге аспай қалған ба, бір-екі тәулік өткен соң арнаулы машинамен екі-үш кісі келіп, әлгі қақпа тасты жазуына мүлтік түсірмей әдіспен қопарып, жәшікке тиеп Мәскеуге алып кетті. Оны қопарғанда Қаныш бұлдірмей алудың тәсілін үйретіп, өзі бақылап басында тұрды. Жұрттың айтуынша, Қаныш Жезқанғаннан Ленинградқа телеграмма соғып, ол тасты бір атақты ғалымға сыйға тартқан деседі.

Алтыншоқы әңгімесін бітірген соң, Жайлаубай қарт Қаныштың Жетіқыз өзенінің бойында істеген жұмыстарын ертегі қылып айта бастады.

Біз Алтыншоқыдан күн батар алдында шығып, енді Жетіқыз өзенін жағалай төмен ақтық.

Алтыншоқыдан Қаныштың алысты шолуына бөгет болатын биік тау не адыр бүтіндей жоқ. Оның алдынан не заманнан ертегіге бөленген Жетіқыз бен Сарыторғай, Қараторғай өзендерінің шүйгін даласы көз жеткісіз жерге созылып жатты. Бұлар алпыс тарауға бөлінетін Ұлыторғайдың атақты салаларынан еді. Сол жақта кәрі заманды еске түсіргендей, бет-аузы қатпарланып Ұлытаудан ағып түсетін жыланшықтың көп саласы Шығырлы, Терісбұтақ, Балақай-бақсының өзендері көз ұшында бұлдырайды. Сонау алыста жүздеген шақырымға созылған Торғайдың жойқын ойпаты. Қаныш оны Арғанаты тауының басынан талай рет дүрбімен қарап, жер мөлшері қандай екенін әлдеқашан анықтап білген. Оның бәрі – оның алақанында тұрғанмен бірдей. Бұл жерлердің барлығы Қаныштың айтуынша, ерте заманнан адам баласына қоныс болған, тамаша жерлер. Оның белгісі әрбір өзеннің жағасында, тау ішінің қойнауларында осы күнге дейін сақталып келген. Ұлытау мен Арғанаты тауларының іргесі сынсыған жойқын обалар, тас мүсіндер, қазған арық орындары, жер болған қалалар Қаныш қазір осыларды зерттеп, сырға бөленіп жатқан тарихтың бетін ашқысы келеді. Зәулім жер обалардың көптігіне қарап, Қаныш бұл жерлердің мәдениет сатысына жетуін көшпелі скиф дәуірінен деп анықтайды. Қаныштың білімінің өзі дариямен бірдей ғой. Осылардың барлығын есіне қалай сыйғыза береді екен? Бір инженердің айтуынша, Қаныш ең алғаш ұядан тояттап ұшқанда осының бәрін күні бұрын біліп, басқа жерге қызықпай, Ұлытау мен Жезқазғанды өзі сұрап алған деді. Даланы жүйрік білетін жас қыран әрине адаспай-ақ анықтаған. Қаныш үшін бұл жер расында ғылымның сарқылмайтын ұлы

бір арнасы болып табылады. Ұлытау, Жезқазған, Сарысу, Торғай даласы оған жаңадан ашқан университеттен кем болмайды. Қаныш оның білім қазынасына жаңадан бөленеді. Қаныш бұл төңіректен толып жатқан не түрлі кен ошағын ашып, Қарсақпай, Жезқазған, Жезді Қаражал кендерінің одан бұрын белгісіз жатқан орасан байлығын жұрт алдына паш қылады. Оның арымай, шаршамай зерттеу соңында, кейінірек барлық жұртымызға даңқты болған ұлы Жезқазған, Қаражал сияқты жойқын кен орындары келіп шығады. Қанышжанның ісін айтып не қыласың. Айта берсең ертегімен бірдей. Мен өзім революциядан бұрын талай инженерге жолдас болып, осы Арғанаты, Ұлытау төңірегін талай рет араладым, олармен бірге Жезқазғанда да болдым. Бірақ олар далада көп жүрмейтін. Әне жерді, міне жерді бір шұқып, бір-екі жұмада Омбыға қайтып кететін. Қаныш тіпті олай емес. Ол бір жерден бір нәрсе тапса оны түбегейлі шешпей ешуақытта кетпейді, сол жерде көп заман қадалып отырады. Қаныштың ісіне қарап «Алтынның шыққан жерін белден қаз» деген осы екен-ау деп таң қаласың. Және Қаныш кен шығатын жерді шұқып айырмайды. Сол жердің өсімдігіне, жердің топырағына, сыртқы түріне қарай бірдей айыратын. Ондай орындар кездессе Қаныш:

– Жәке, мына жерде кен бар екен, омақа тұрғызайық, – деп тастан белгі орнатып, қазыққа жазу түсіріп кететін.

Қаныштың көзі сондай қырағы еді. Машина ағып келе жатқанде ерте кезде далаға қағып кеткен қазықты анадайдан көріп, жүгіріп барып оның жазуын айыратын. Ол қазықтың жазулары тіпті басқа бір тілде жазылған көрінеді ғой. Қаныш бұлжытпай соның өзін оқып шығаратын.

– Бұл не қазық? – деп сұрағанда:

– Революциядан бұрынғы Орталық Қазақстан кен байлығын пайдаланған шет елдің инженерлері қадаған қазық, – дейтін.

Біз Жетіқыз өзенін жағалап келе жатқанда артымыздағы Ұлытау жағынан қарауытып кеш сілемі көріне бастады. Жерден көзін айырмайтын жас Қаныш үстірт, бейуаз жүргенді әсте сүймейтін. Машинаны тоқтатып қойып:

– Міне, көрдіңіздер ме? Күн батып, кеш түсіп келеді. Бұдан әрі жүруге болмайды. Бос жүру балалықтың ісі. Қараңғыда жүрсек көп нәрсе көзіміздің жасырынып қалуы мүмкін. Сондықтан жақын жердегі бір ауылға түнеп, мақсатты жұмысымызды ертең күн жарығында қолға алайық, – деді.

Қаныштың үйіне шақырып келтіре алмайтын Омарға бұл сөз қатты ұнағандай. Қуанғаннан ұшып түрегеліп:

– Ойбай, қарағым, ең жақын ауыл біздікі. Олай болса біздің үйге жүр, қонақ бол!

Содан жүгіртіп отырып, қас қараймай Жетіқыз бойындағы Омардың үйіне келдік. Бұл жер олардың жайлауы, қыстаулары Сарыторғайдың төменгі жағасында, Жүсіпқажының қорасы деп аталады. Омардың үйіне келіп тыныққан соң әңгіме бір ғана Жетіқыз өзені мен Торғайдың көп саласы төңірегінде болды. Омекең отырып:

– Қарағым Қанышжан! Бағанағы Алтыншоқыда көрген тас жазуға ұқсас бір жазу тағы осы Сарыторғайдың бойында, Қозыбай көлінің қасындағы биік қия тастың бетінде сайрап тұр. Бірақ бір пенде шығарып оқи алмайды. Соны да көрсең жақсы болар еді.

Бұл ауылдың карттары Торғай мен Ұлытау төңірегін қолының бес саусағындай білетін болғандықтан, қай жерде не барын Қаныштың алдына жайып салғандай болды. Сөз арасында отырып Қаныш:

– Сарыторғайдың бас жағы не себептен «Жетіқыз» атанған? Және қай кезден? Соның тарихын айтыңызшы, – деді. Бұл әңгіме отырғандардың бәріне ертеден қанық болу керек. Жұрт біріне-бірі қарап:

– Омекең айтсын, ол кісінің ұмытқан жері болса біз толықтырайық, – деп қау ете түсті. Омекең біраз ойланып отырып:

– Қарағым, бұл өзеннің қай кезден «Жетіқыз» атанғанын бүгінгі қазақ білмейді, ту ерте заманда болған әңгіме көрінеді. Ауыздан-ауызға айтылып келген қария сөз бойынша бұл өлкені бұрынғы заманда қоныс еткен тоқсан екі баулы Қыпшақ жұрты екен. Ешуақытта жаугершілікті көрмеген ел, «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» болып, қаннен қаперсіз отырғанда күйлерді бір күн шығыстан қаптаған қалың жау оларды әп-сәтте жапырып, жермен-жексен қылады. Елінде зарлаған кәрі кемпір мен жас баладан өзге еркек тұқым қалмайды. Жау шабар алдында біреудің әлпештеген жалғыз қызы жеті арумен ұзатуға той жасап жатқан екен. Ол қыз тіккен отауымен, қасындағы алты серігімен жау қолына түсіп, баянсыз дүниеге ұшырайды. Жеті қыздың жетеуі де әрі ақылды, әрі көркем, әрі қайратты екен. Жау қолында қалғанша жоқ болайық – деп өзара келісім шығарады. Қамаған жауды алдап:

– Біз су жағасына барып келеміз, – деп өзенге келіп, суға кетіп өледі.

Жау кетіп ел тыныштал ған соң, халқының намысы үшін жанын құрбан қылған жеті аруды жұрт есіне

түсіреді, олардың суретін тасқа қашап, осы өзеннің бойына қойған екен. Сол кезден бастап, «Жетіқыз» өзені атанып пты.

Кисловодскіде демалып жүргенде бір күні әңгіме Ұлытау төңірегінің тарихи мұралары туралы болды. Қанекең онда көргендерін әңгімелеп отырып:

– Сен «Жетіқыз» өзенінің аты қайдан шыққанын білесің бе?

– Торғай бойына барғанда естідім.

– Сенің ойынша сол аңыздың тарихи негізі неге тіреледі?

– Менің байқауымша, Жетіқыз өзенінің аты сол жерде тізбектеліп тұрған көп мүсін тастан туған сияқты. Ол мүсін тастардың барлығы басына сәукеле киген жас келіншекті, не бойжеткен қызды суреттейді. Ондай мүсін тастар Орталық Қазақстандағы екі дәуірді сипаттайды: бірінші VI-VIII ғасырдағы түрік қағанаты дәуірін, екінші VIII-XIII ғасырдағы қыпшақ заманын.

– Сол кездерде Орталық Қазақстанға шабуыл болды ма?

– Түрік қағанаты кезінде шабуыл екі жақтан болды: біреуі күншығыстан, екіншісі оңтүстіктен. Бірақ қытай хандарының шабуылы Бесбалық пен осы күнгі Үрімжіден асқан емес, Оңтүстікте Иран патшаларының шабылуы Өргеніштің өзіне жетпеген. Орталық Қазақстанда бірінші рет болған жойқын айқас XIII ғасырдың басында Шыңғыс әскерімен қыпшақтар арасында болды. Бұл қырғын соғыс Ұлытау, Торғай, Білеуті, Бұланты өзендерінің бойында болған. Бұл оқиғаны Ибн әл-Асир мен Рашиддиннің жазуларынан көруге болады.

– Тегінде халық аңыздарының тарихи негізі сол XIII ғасырдағы оқиғаны меңзейтін шығар.

– Тас мүсіндердің түрінде сол кездегі қыпшақ жұртының тұрмысын көрсетеді. Одан бұрынғы кезде сәукеле киіп түсірген қыз-келіншектің суреті тіпті сирек жолығады.

– Жетіқыз өзенінің бойынан сондай үш мүсін тасты Жезқазған мұражайына қою үшін алып шыққан едім, келе жатқанда жаңбыр жауып, жер иленіп, ауыр жүк машинаны жүргізбеді. Күн кешке айналған соң, қайтып келіп алармын деп, Алтыншоқы алдындағы бір жазыққа қалдырып кеткен едім. Бірақ соған қайта баруға кейін уақыт болмады.

Сен ол жаққа бара қалсаң, сол мүсін тастарды Жезқазған мұражайына тапсырсаң бір игілікті жұмыс істеген болар едің.

Асқан патриот Қаныштың халықты сүюі, оның қоныстап отырған жерін сүюі, онда сақталған тарихи мұраларға мән беруі бүтіндей ерекше еді. Халық пен Қаныштың бірін-бірі жақсы көруі – ол арулық қазынасының ұлы бейнесіндей, қанша айтсаң таусылмайтын, бір сұлу жыр, қызықты ертегі ғой.

Қанышқа көп жыл еріп, даланы онымен бірге кездескен қарт Мейрамбай, Кеңгір өзенін жағалап келе жатқанда, бір көгалды жерге тоқталып:

– Қарағым Әлкей, осы арада Қанышпен бір түнеген едім. Бұл жердің суы терең, әрі тұщы. Қаныш оны жақсы біледі. Граниты бар жердің суы тұщы болады деп, ылғи сонадай жерге тоқтайтын. Бұл жердің балығы да көп, ылғи білектей шортандар. Өзеннің жағасы толған жиденің бұтасы. Осы араға тоқтап Қаныштың еске

түсірейік, – деді жігіттер түнек жабдығына кіріскенде Мекең мені ертіп жүріп:

– Міне, Қаныштың шатыр тіккен жері мынау. Ана жерде кешке жақын мосыда үлкен қара шәйнегі асылып тұратын. Қаныш тұщы судан қайнатқан шайды сондай жақсы көретін еді. Кешке таман терге шомылып, шайды күн батқанша ішетін.

– Мәке дейтін, – жапан түзде дала кезіп жүргенің де шай адамға дәрмен бірдей. Күні бойы ыстықты аңсап, денең құрысып, бас ауырып, ерін кезерсе, шай оны бір сағатта айдап шығады. Ондай кезде қымыз бен шайға жететін еш нәрсе жоқ. Бұл екеуі дала кезіп жүргендер үшін адам ақылы тапқан игі нәрсенің бірі.

Түнеген жерде Қаныш шатыр тіккенімен онда жатпайтын, ашық ауада жататын. Шатырға тек дауыл, жел тұрса не жаңбыр жауса ғана кіретін. Қаныштың толғанысы, жүрген жүрісі, істеген ісі, мінез қылығы бүтіндей өзгеше ғой. Кейде жас болса да көзіңе пайғамбардай көрініп, именіп тұрасың. Бірақ ол тіпті кішіпейіл еді. Сол көрікті толғанысымен, сол білімімен алдында өз балаңдай иіледі. Ылғи «Мәке, Мәке» дейді. Насыбай атқанда шақшасын ұсынып:

– Мәке бүгін насыбай қалай екен, – деп іші бауырына кірсді. Жалғыз маған емес, жұрттың бәріне істейтіні сол ғой. Сондықтан ол Қаныштың кім жақсы көрмесін...

Қаныш сипатты адам бола береді дейсің бе? Анау жүз, анау айдың, анау ақыл жұрттың бәрінде болса ол зор бақыт қой. Оны тудырған ата-анасынан айналсаңшы. Бұл жаққа көптен бері келмеген соң, кісі оны сағынып, бір көруді арман қылады екен.

Қаныштың осындай әлпештеп, оның істеген ісін тірі күннің өзінде ертегі қып айта бастаған халыққа, оның

өлімі жай соққандай ауыр, азалы өлім болды. Оның өлімін естігенде қазақ халқы тұтасымен күйреніп, көзінің жасы бұршақ болып жауды. Халықпен бірге Қаныштың өліміне оның жақсы көріп жебелеген тау-тасы да, жер-суы да күйреніп аза тұтты. Бүкіл қазақ даласы аза тұтып, бірнеше күн күйрену үстінде болды. Қазақ халқымен бірге мезгілсіз дүниеден кеткен Қаныш-ты өзге туысқан елдер де егіле жоқтап, оның ауыр қаза-сына ортақ болды. Қаныш қайтыс болған күні бүкіл кеңестер одағының түкпір-түкпірінен азалы телеграм-малар үсті-үстіне ағылды. Оның көбі Москвадан, Ленин-градтан, Киев, Ереван, Ташкент, Таллин, Ригадан, Вил-нустан, Свердловтан, Новосібірден, Владивостоктан, Фрунзеден, Қарағанды, Жезқазғаннан, Қарқаралыдан, Соколов-Сарыбайдан, тағы толып жатқан өндіріс кен орындарынан, заводтардан. Қаныштy жоқтап егілген адамдардың тобы оны қадірлеп жақсы көрген атақты ғалымдар, атақты инженерлер, жұмысшылар, шопан-дар. Олардың азалы сөздері, жоқтау жырлары ағылып Үкімет үйіне, Ғылым академиясына, Қаныкеңнің үй-ішіне ағылып келіп жатты. Бұл азалы сөздің барлығы Қаныштy халықтың өзгеше жақсы көруін сипаттайтын. Оның өмірін жарқын айна деуге болады.

* * *

Қаныштың халыққа үлгі болатын адамшылық қасиеті, оның ұстаздық ұлы бейнесі халықтың сүйген ардақты ұлы екендігін әсіресе халық ақындарының жоқтау жырларында олардың өз тілімен ешбір бояусыз, ашық суреттелген.

Баянауыл ауданында тұратын жұмысшы Садық Сапабекұлы өзінің жоқтау жырында Қаныштың бейнесін былай суреттейді:

Шын бе әлде, өтірік пе?
Қаныш ағам, жан ағам,
Өкпе бауырым езіліп,
Қызыл қанға боялған.
Үздік шыққан жан едің,
Туғаннан-ақ анадан,
Адамзатты дос көріп
Бір кісідей санаған.
Көтеріп тұрмыз ауырлық
Қаныш кетіп арадан.
Жай түспей-ақ аспаннан
Қозғалтпайды дене жарадан.
Ұйқы, тамақ бұзылып,
Қамығып халқың жарағаң.

Не болмаса:

Халық үшін туған ардагер
Еңбектің үздік алыбы
Жер қойнауы бай қазына
Сырын ашқан алыбы.
Қаныш барған төбеден
Айтқан кені табылды.
Совет халқының перзенті
Күн сайын өрлеп дамыды.
Халыққа болған мақтаныш
Даңқы шыққан ақ ұлы.
Кішіпейіл, ақ көңіл
Ақылды, ойлы, сабырлы,
Дүние жүзі тобында,
Сан бәйгеге шабылды.
Ғылыммен тапқан ер еді

Көрінбеген сағымды.
Қазақтың жарық шамы еді,
Мезгілсіз сөніп зар қылды.

Садық ақынның жырларында Қаныштың даналық сипаты, оның жұртшылыққа ақылшы, ұстаз болғанын, ғылымның жарық жұлдызы екендігі сезімнің аса күшті түрімен айтылған:

Халқымыздың ақылшы
Данасынан айрылдық.
Орны бөлек орасан
Санасынан айрылдық.
Желге қарсы тұратын
Панасынан айрылдық.
Ақыл ойдың асылы
Тазасынан айрылдық.
Ақыл сұрап алатын
Ой қазынасынан айрылдық.
Екі көздің көретін
Қарасынан айрылдық.
Адамның абзал сұлуы
Сарасынан айрылдық.

Қаныштың өлімі қанша ойласаң орны толмайтын, көп заман үңірейіп тұратын халықтың сағын сындырған ауыр өлім ғой. Халық бұқарасының жүрегін қозғаған бұл өлімді Садық ақынның жырлауынша, тек қана халық жоқтап қоймай, оған қосыла Қаныштың көп заман қызықтап, сырын ашқан жері де, тау-тас, өзен-су да жоқтағандай болады.

Анадан туып ер жеткен
Думан елі қайғырды.
Апа, іні, қарындас,
Туған жерлер қайғырды.
Өзен сумен, шалқар көл
Асқар бел де қайғырды.

Қаныштың өлімімен байланысты халық басына түскен ауыр қайғыны жырлаумен бірге, Садық ақын жалпы совет жұртшылығына тән оптимизмді ұмытпайды, Қаныш туған елден Қаныш сияқты әлі де талай ақылды, кемеңгер бала туар деп, ілгеріге үміт көзімен қарайды.

Қаныпты берген халқымыз
Талай Қаныш береді.
Халықтан Қаныш туады
Деп оған көңіл сенеді.
Шығатын орнын сұрасаң
Советтік елдің көрігі
Сақталсын мәңгі заманға
Қаныштың жарқын бейнесі
Халықтың сүйген жүрегі.

Халықтың Қаныпты еске түсіруінің бір тобы Қаныш қайтыс болған күні Қазақстанның әрбір түкпірінен келген азалы қарттар. Ол қарттардың әрбір жолынан Қаныпты аза тұтып қайғырған кәрі мен жастың, ата мен ананың, аға мен інінің, егілген апа мен қарындастың еңіреп боздаған көңіл күйі естіледі. Кейбір қарттардан жиырмаға тарта қол қойылған. Олар не совхоздың жұмысшылары, не даладағы шопандар. Қарағанды

облысына қараған «Осокаровка» совхозының бір топ жұмысшылары көңіл айтып жазған хатында Қаныштың адамшылық қасиетін бір ауыз өлеңмен былай келтірген:

Қаныш сияқты қазақта
Дүниеге келмеген.
Ғылымнан биік сарай сап
Дүниеге көңіл бөлмеген.

Тағы сол совхоздың жұмысшылары қарасөзбен жазған хатында «Қаныштыөлді» деген суық хабар естігенде есімізден танып, жүрегіміз қақ айрылғандай болды. Көзімізден жас домалап сел боп ақты. Бірақ табатын шара болмады. Оқыған ғалым ақындардан Қаныштыегіле жоқтаған кісінің бірі Семейде тұратын Қайым Мұхаметханов. Ол өзінің жоқтауында Қаныштың жұртшылық ортасындағы орнын айта келіп жүрегін былай білдіреді:

Қаралымыз – жыртылды гой жағамыз,
Азалымыз – кетті Қаныш ағамыз.
Қош бол, қош бол, орны толмас сабазым,
Сендей аға енді қайдан табамыз?!

Бұл сияқты Қаныштыжоқтау, азалану жырлары қазір бір топ. Оның барлығынана үзінді келтірсең көпке созылар еді, оның қажеті жоқ. Жалғыз-ақ Қаныштың өмірін зерттеуде олардың маңызы өте зор. Халықтың жан-күйінен шыққан бұл азалы сөздер тек қана Қаныштыардақтап, онымен халық арасында болған сүйіспеншілікті айнаға түсіргендей тербетеді. Халықтың бұл азалануынан Қаныш тек қана халық

үшін жаралған кісі екенін көреміз. Ол барлық өмірін, білімін халық бақыты үшін жұмсаған кісі. Ғылымды, мәдениетті, өнерді, халық тіршілігін көркейту үшін туып, ғылымның биіктегі жарқын сәулесі болу үшін туған кісі.

Жаратылыс Қаныштан ақыл, байлығын аямаған. Бар жақсылықты оған төгіп қойған. Оның сыртқы сұлу қияпатымен бірге ішкі дүниесінде адамның жан-күйін арбасын дегендей, тұңғиық сырмен, терең оймен, таусылмайтын ақылмен, сұлу сезіммен толтырған. Оған даладағы шопан келсін, заводтағы жұмысшы келсін, кабинеттегі қадірлі ғалым келсін бәрібір, бәрі де алдынан байсалды, маңғаз, ашық, жарқын дос көріп, күнде сұхбаттасып жүрген, өзгермейтін жолдасын көргендей болатын. Егер Қаныштың сыртқы тұлғасын жүрекке қуаныш сезімін түсіретін мұнартқан асқар тауға меңзесек, оның ішкі дүниесі адамға сая болатын сол таудың қойнауындағы миуалы бақшаларға, жан-күйін тербететін ақ тасқыл суларға теңеуге болар еді. Бірақ амал қанша? Ақыл иесі Қаныштыбізге көпсініп қомағай обыр өлім көз алдымызда қолымыздан тартып алды. Оған қарсы тұратын шара бүгінге дейін табылған емес. Бұл жерде тек қана халықтың даналық сөзін еске түсіріп көңіл жұбату ғана қалды. Халық даналығы «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген. Адам бір ғана үмітпен тұрады ғой. Халық даналығы оны да ескерусіз қалдырмаған.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ

КӨРСЕТКІШ



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Университетінің бір топ ғалымдары: жауапты редакторы экономика ғылымдарының докторы, профессор Е.М.Арын, құрастырушылары тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.О.Артықбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.Ж.Кадысова және т.б. дайындаған бұл библиографиялық мәліметтер Қазақ ССР ҒА-ның академигі, археология, этнография, шығыстану, тарих, филология, өнертану сияқты бірқатар ғылыми бағыттардың негізін салушы, Қаз ССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлкей Хақанұлы Марғұланға арналған.

Библиографияға ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның жарияланған еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген. Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан. Әр жылдың көлемінде – әліпби ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орыс тілінде жарияланған еңбектері қамтылған. Еңбектердің әліпбилік және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштерінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектердің рет саны бойынша берілген.

АКАДЕМИК Ә.Х.МАРҒҰЛАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылы 11 мамырда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұл революцияға дейінгі Павлодар уезі Ақбеттау болысы №2 ауыл. 1985 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында қайтыс болып, сонда жерленді.

1915 ж. Баянауылда үш кластық орыс мектебіне түсті.

1919-1920 жж. Павлодар қаласындағы мұғалімдік курста оқиды.

1920-1921 жж. Баянауыл аудандық 1-ші дәрежелі екінші Далба мектебінде мұғалім болды.

1921-1925 жж. Семейдегі педагогикалық техникумның тыңдаушысы. «Таң» журналы, «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында қызмет атқарды.

1925-1929 жж. Ленинградтағы Шығыс институтының тарих-филология факультетінде қатар оқыды.

1928 ж. Өнер институтына да жазылды.

1926-1927 жж. СССР Ғылым академиясының одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитеті Қазақстан және С.Руденко бастаған Алтай экспедицияларының жұмысына қатысты.

1930-1931 жж. Қазақ ССР Оқу ағарту комиссариатының жанындағы терминологиялық комиссияның ғылыми хатшысы.

1931-1934 жж. Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық Мәдениет тарихы академиясының аспиранты.

1931-1935 жж. Шығыс институтының оқытушысы.

1936-1938 жж. Москвадағы материалдық мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері.

1938 ж. Алматыда СССР ҒА-ның бөлімшесінің ашылуына байланысты тарих саласы бойынша аса білгір ғалым ретінде елге шақырылды.

1939-1941 жж. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Тарих институтының ғылыми қызметкері.

1940-1941 жж. Оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Навоий және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар – тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы» сияқты еңбектері жарық көрді.

1941 ж. Қажым Жұмалиевпен бірге «Қазақ әдебиетінің» оқулығын жазды.

1941-1946 жж. СССР ҒА-ның Қазақ филиалының Тарих бөлімінің меңгерушісі.

1942 ж. Қазақ ССР Жоғары Советі грамотасымен марапатталды.

1943 ж. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта диссертация қорғады.

1944 ж. Қазақ ССР Жоғары Советі грамотасымен марапатталды.

1945 ж. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

- Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» деген тақырыпта диссертация қорғады.

1945 ж. СССР Ғылым академиясының Құрмет грамотасымен марапатталды.

1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

1946-1947 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология секторының меңгерушісі.

1947-1950 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институтының археология секторының палеолит бөлімінің меңгерушісі.

1950-1951 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология секторының меңгерушісі.

1951-1953 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Тарих, археология және этнография аға ғылыми қызметкері.

1953-1955 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері

1955 ж. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1955-1958 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері.

1958 ж. Қазақ ССР ҒА-ның толық мүшесі (академигі). Оның басқаруымен Шоқан Уәлихановтың таңдамалы еңбектері жарық көрді.

1958-1976 жж. Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің меңгерушісі.

1960 ж. Профессор атағы берілді.

1961 ж. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді.

1964 ж. Қазақ ССР Жоғары Советі Құрмет грамотасымен марапатталды.

1967 ж. «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» атты монографиясы үшін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Қазақ ССР ҒА-ның сыйлығына ие болды. Осы жылы Ленин орденімен марапатталды.

1970 ж. «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

1973 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

1974 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

1976 жылдан-1984 жылға дейін Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

1982 ж. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

1984 ж. «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

1985 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында қайтыс болды.

АКАДЕМИК Ә.Х.МАРҒҰЛАННЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Әлкей Хақанұлы Марғұлан – көрнекті ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым-археолог, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, филолог, қоғам қайраткері. Оны толғандырған мәселелер ауқымы өте кең. Қазақ халқының бағына біткен біртуар ұлы, көзі тірісінде аңызға айналып, ғұлама атанған.

Ә.Х. Марғұлан 1904 жылы 11 мамырда Баянауыл аймағында Жасыбай көліне жақын жерде қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Хақан өз заманының сал-сері, әншісі болған. Әжесі Әймен атақты күйші Тәттімбеттің туысы болғандықтан, балалары мен немерелерінің бойларына ән өнерінің тамаша қасиеттерін дарытқан. Әлкей бес жасында хат таныған. Әкесі Хақан ойдан-қырдан іздеп қазақтың ескі жырларын, Абайдың алғашқы шыққан өлеңін, Әбілғазының «Түрік шежіресін» әкеліп береді екен. Ауыл адамдары жас баланың тіліне, зеректігіне қызығып, әдейілеп бір төбенің басына шығарып алып не қилы дастандарды оқытып, тыңдап отырған. Жас баланың зердесі қандай ғажап – «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу». «Мұңлық-Зарлық» бұлар –

Әлекеңнің балалық шағында жаттап алған жырлары еді. Тағдыр Әлекеңнің басына не бір шым-шытырық хикаялы оқиғаларды, не бір елден ала бөтен, күрделі тұлғалы адамдармен кездесуді жазыпты. Бала кезінде Мәшһүр Жүсіптің, Жаяу Мұсаның, Имантайдың алдында отырып батасын алған көрінеді. Әлкей Хақанұлы: «Менің ғалым болып қалыптасуыма өскен ортамдағы адамдар әсер етті, олар: С.Торайғыров, Әбікей және Қаныш Сәтпаевтар, Хәкім Иманбеков, Жағыпар Секербаев және Жаяу Мұса», – дейді.

Алғашқыда ауылдық мектепте оқып, бастауыш білім алды. 1915 ж. Баянауылда ауылдық қоғам ұйымдастырған үш кластық орыс мектебіне түсті. 1919 жылдың соңында Павлодар қаласындағы мұғалімдік курсқа түсіп, оны 1920 жылы бітіргеннен кейін туған ауылына қайта оралып, 1-дәрежелі 2-ші Далба мектебінде мұғалім болып істеді. Бірақ ғалымның дүниелік ұғымы мен танымы, жан-жақтылығы ешкімге ұқсамайтынын байқаған Әбікей Сәтпаев Семейдегі педагогикалық техникумға жолдама береді. Семейде оқып жүргенінде Әлкей Марғұлан Мұхтар Әуезовпен танысып, онымен бірге Абай атамыздың туған жеріне барып, баласы Тұрағұлмен танысып, этнографиялық мәлімет жинайды. Техникумды 1925 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

Семейде оқып жүрген кезінде Әлкей Хақанұлы «Таң» журналы, «Қазақ тілі» газетінің редакцияларымен тығыз байланыста болып, олардың тапсырмаларын орындап тұрды. 1925 жылы М.О.Әуезовтың ақылкеңесі бойынша Ә.Х.Марғұлан Ленинградтағы Шығыс институтының түркология бөліміне оқуға түседі, сонымен бірге бірнеше ғұламалардың кеңесі бойынша тарих-филология факультеттерінде қатар оқиды. 1928 жылдан бастап Ә.Х.Марғұлан Өнер институтына да жазылады. Ә.Х.Марғұланның ұстаздарының қатарында көптеген белгілі ғалымдар болды. Оның ішінде әсіресе Орта Азия тарихы мен археологиясы жайында академик В.В.Бартольдтың, Индия фольклоры мен өнері туралы академик С.Ф.Ольденбургтың, араб тарихы әдебиеті туралы И.Ю.Крачковскийдің, тіл білімінің тарихы мен теориясы туралы, Н.Я.Маррдың, Орта Азиядағы түркі халықтарының әдебиеті жайындағы академик А.С.Самойловичтың лекциялары, сонымен бірге академиктер: В.В.Струве, Б.Я.Владимирцов, И.И.Мещанинов, В.Л.Щерба және Е.Э.Бертельс, С.Е.Малов, Б.М.Эйхенбаум сияқты белгілі ғалымдардың мазмұнды лекциялары Ә.Х.Марғұланның жан-жақты, терең білім алуына көмектесіп, ғылымға деген өлшеусіз құштарлығын оятты. Ол тек студент болып ұстаздарының дәрісін тыңдап қойған жоқ, өзі де ғылыми-зерттеу жұмысына қызу кірісті.

Ленинградта оқып жүрген кезінен бастап Ә.Х.Марғұлан қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жан-жақты зерттеп, әдеби және мұрағат деректерін жинады. Осы жылдарда ол көркем әдебиет саласында да біраз іс тындырды. Оның аудармасы бойынша қазақ қауымы орыстың және шетел жазушыларының көркем шығармаларымен танысты.

Әлкей Хақанұлын зерттеушілік жұмысқа баулыған адамдардың бірі – лагерьде жүріп техника ғылымдарының докторы атағын алған, 50-ші жылдары таулы Алтайдағы сақтардың Пазырық қорғандарын қазып дүниежүзілік жаңалықтар ашқан атақты С.И.Руденко.

1926-1927 жылдары Ә.Х.Марғұлан СССР Ғылым академиясының одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі Ерекше комитет академигі А.Е.Ферсманның және профессор С.И.Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай экспедицияларының жұмысына қатынасты. Оның қазақ мәдениеті мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жетік білетіндігі экспедицияның антропологиялық отрядының жұмысына өлшеусіз септігін тигізді. Экспедиция барысында Ә.М Марғұлан, Ә.Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады. Осы экспедициялық зерттеудің нәтижесінде Ә.Бөкейханов адайларға байланысты мақаласын жариялады. Сонымен қатар Ә.Марғұланның да наймандар мен адайлар туралы жазған алғашқы ғылыми мақалалары да баспа жүзін көрді.

1929 жылы Ә.Х.Марғұлан Абай творчествосы туралы жазылған диплом жұмысын ойдағыдай қорғап, институтты бітірді. Одан соң ол Қазақ ССР Оқу ағарту Комиссариатының жанындағы Жаңа алфавит комитетінде қызмет істейді. 1931 жылы Әлкей Хақанұлы Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасына түседі. Аспирантурада оқи жүріп, академик С.Ф.Ольденбургтің және СССР ҒА корреспондент мүшесі А.Ю.Якубовскийдің басшылығымен Шығыс елдеріне байланысты деректерді іздейді. Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша мамандanады, көрнекті археолог ғалымдар С.И.Руденко, М.П.Грязнов, А.А.Миллер, Н.И.Репниковтар басқарған бірнеше археологиялық экспедициялардың жұмысына қатынасады.

Кандидаттық диссертациясын Ә.Х.Марғұлан «Хандар жарлығының тарихи маңызы» атты тақырыпта қорғады. Бұл зерттеу қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеудің ең алғашқы бастамасы болды. Әлкей Хақанұлы қыпшақ мәселесін қазақ халқының шығу тегінің шешуші кілті есебінде бағалады. 1943 жылы ол кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

1938 жылы Алматыда СССР ҒА-ның бөлімшесінің ашылуына байланысты тарих саласы бойынша білгір, сауатты ғалым ретінде Әлкей Марғұланды елге шақырады. Қазақстан ғылымы мен ғалымдары бастарынан ауыр күндерді кешіп жатқан болатын. 1937 жылғы қырғын қазақтың тарих пен әдебиетінің жүгін көтеріп жүрген ғалымдардың көпшілігін жойды. Қазақ елінің рухани жүдеушілігі басталды. Бұл апаттан елді аман алып шығуға Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Ә.Марғұландар белсене кірісті. Ә.Марғұланның алдына қойған міндеті әр қилы еді – біріншіден, тарих, археология, этнография ғылымдарын жүйелеп бір жолға қою, ел ішіне ескерткіштерді зерттеуге ірі экспедицияларды ұйымдастыру, ғылымға бейімді жастарды тәрбиелеу, тарихтың әр саласынан, әдебиеттен монографиялық еңбектер жазу.

Өзінің 1938-1985 жылдар аралығындағы Қазақ академиясының қара шаңырағындағы қызметінде осы міндеттердің бәрін атқарып шықты.

Ғылымның гуманитарлық бағыттарында Ә.Х.Марғұлан араласпаған шаруа жоқ деп айтуға болады. Ең бастысы қазақтың жүздеген ғылымның әр саласына көз тігіп жүрген азаматтары Әлекеңнің ақыл-кеңесін алды, ғылымға төселді, ғылымның қиындығына,

еңбегіне үйренді, жанында жүрген ұлы ғалымға ұқсап бағуға тырысты.

1938 жылдан бастап СССР ҒА-ның Қазақ филиалында, кейін Қазақ ССР Ғылым академиясы болып құрылған филиал жүйесінде үздіксіз қызмет атқарады. 1941-1946 жылдары археология секторын, ал 1957 жылдан 1976 жылдарға дейін Қазақ ССР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімін басқарады. 1976 жылдан ол палеолит бөлімінің аға қызметкері.

1945 жылы Ә.Марғұлан қазақ ғылымының тарихында алғаш рет қазақтың ерлік жырларынан докторлық диссертациясын «Қазақ халқының эпикалық жырлары» деген тақырыпта қорғады. Осы күнге дейін бұл еңбекке жақын, деңгейлес жасалған жұмыс ғылымда жоқ. Бұл жұмыс Әлекеңнің талай жылдық еңбегінің бір қорытындысы.

Академик Ә.Х.Марғұлан қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Бұған көп жағдайда оның Ленинградта оқыған кезінде сан алуан ғылымдар саласын жете меңгеріп, лингвистика, филология, өнер, тарих, археология және этнография пәндерінен ойына тоқыған қыруар білім, таным қорларының молдығының көмектескендігі даусыз. Сайып келгенде мұның бәрі оның табиғи ақыл-ой парасаты, ерен еңбекқорлығымен берік ұштасып, Ә.Марғұланның Қазақстан ғылымының көптеген салаларының, атап айтқанда қола дәуірі мен орта ғасырлық археологияның, Қазақстан жерінде мекендеген көне халықтар тарихының, қазақ халқының мәдениет және өнер тарихының, этнографиясы мен

археологияның негізін салушы ретінде құрметке бөленуі әбден заңды. Ол 40-шы жылдардың басынан бастап көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер кешенін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады. Әлкей Хақанұлы Қазақстан жеріндегі көне сауда жолдары мен көш соқпақтарын бойлай өтіп, кең-байтақ шөлді далалардан, құлазыған құмдардан ондаған жаңа археологиялық ескерткіштер тауып, оларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, ғылым әлеміне таныттты. Ә.Х.Марғұланның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Қазақстанды археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланып, Қазақстанда көне мәдениеттің көптеген іздері табылды. Бұрынғы көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың Қазақстан жерін ежелден бері көшпенділердің бірнеше көш жолдары ғана кесіп өтетін тіршіліксіз құба жон деген пікірлерінің теріс екендігі дәлелденді. Қазақстан жерінде тіршіліктің көне мәдениеттің болғандығын, бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты олар үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Талас және Шу өзендерінің бойынан көне қола мәдениеттің іздерін ашты. Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен бірге сан алуан көне аңыз әңгімелер, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын ел арасынан көптеп жинады, қазақтың материалдық және рухани мәдениетімен де жете шұғылданды.

1940-1941 жж. Ә.Марғұлан оннан аса ғылыми еңбек жазды. Әлекеңнің ой-өрісіне таң қаласыз – Мәшһүр

Жүсіп мұрасы, түркі эпосы, соның ішінде Едіге мен Орақ-Мамай туралы, декабристер және Қазақстан, Әлішер Навои және қазақ мәдениеті, Мұхаммел Хайдари – тарихшы, Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы, Суворов, Жамбыл Жабаев т.т. Бұған қоса Қазақстан ғылымы жөнінде, соның ішінде тарих бөлімінің болашағы жөнінде жазған мақалалары өте құнды. Мүмкін соңғы тізімге кірген дүниелер заманның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру мақсатында жазылған шығар. Бірақ Әлекең соған қарамастан негізгі міндетінен, яғни халық тарихының қайнар көзі, төлі де терең тақырыптарды елге таныстыруды бір сәт те естен шығармаған. 1941 жылы Ә.Марғұлан Қ.Жұмалиевпен бірге «Қазақ әдебиетінің» оқулығын жазды. Орта мектептің 8-ші сыныбына арналған ауыз әдебиеті нұсқаларын талдау. Көлемі 160-бет.

Ғұлама үшін 40-жылдардың аяғы ауыр тиді. Оның бірнеше рет қудалауға ұшырайтыны, ақыры емханаға ауыр диагнозбен түсіп, соңында бәрін қойып таза археологияға кетуіне де осы жылдар дүрбелеңі себеп болды.

1940 жылдардың аяғында газет бетінде қазақтың ұлтшылдығы туралы, соның ішінде жеке айтсақ, Е.Бекмахановты, Б.Сүлейменовты, Е.Ысмайыловты, Қ.Жұмалиевті, А.Мәметованы қаралаған, жау санаған мақалалар аз емес еді. Бірнеше мақала мен Қазақстан ЦК КП (б) жарлықтарынан таңдап Б.Степанов мақаласынан бірнеше сөйлемдер ұсынуға болады. Бұл бір жағынан біздің қоғамдық ғылымдарды әбден тұралатқан партиялық және әлі арыла алмай келе жатқан нәрсе – ұлттық нигилизмді тәрбиелеуге байланысты.

– Доктор филологических наук Маргулан в своей книге «Эдыге в истории и преданиях» (1944 год) наделяет Эдыге – этого злейшего врага народа – всеми лучшими чертами казахского народа.

– В книге А.Маргулана «О характере и исторической обусловленности казахского эпоса», в которой обобщен большой труд, автор не дал партийного освещения тех задач, какие должны были быть решены в этой книге.

– Извечная борьба за независимость положена в основу периодизации истории казахского эпоса. Развитие производства, классовая борьба, чаяния и ожидания народных масс в борьбе против эксплуататоров – все это остается в тени.

Б.Степановтың мақаласы 1947 жылдың қаңтарында «Большевик Казахстана» журналында шықты. Содан бастап 50-ші жылдардың ортасына дейін қуғын-сүргіненен бос болған күндері шамалы. 1953 жылы Сталиннің жаны жаһаннамға кетіп, қазақ зиялыларына төнген қанды шеңгел босағандай болды.

Еш жазықсыз, үздіксіз қудалаудан қазақ зиялылары әбден запы болды. Қаныш пен Мұхтар бастаған қазақтың интеллектуалды күші жан сауғалап жан-жаққа бытырап кетті. Көпшілігі көрші республикаларға, тіпті таза орыс, Ресей ішіне еніп кетті. Марғұлан болса, Сарайшықтан келе жатып Қызылордада ұсталды, одан емханаға түсті, қазақ ғылымын осыншама қорлаған үкімет саясатын түсіне алмай-ақ қойды. Ғылымсыз қалай ел болмақпыз, ғалым елдің еркесі болмас па, қаншама жылдар бойы көз майын тауысып қаракөленке лабораторияларда жүргенде, айлар бойы мұрағат қазынасын ақтарып тапжылмай отыратын шақтардың

бір қайтымы болмас па? Егер қазақ сияқты ұлт өз тарихынан мақұрым болса, өз эпосынан қол үзсе ел болудан қалады. Рухани жүдеушілік деп, міне, осыны айтар болар. Ел рухына негіз болар – тарихи санасы, ұрпақ алдында жауаптылығы, дамыған әдебиеті мен ұлттық мәдениеті. Рухсыз ел парықсыз ел, шаруашылықты жөндесек, экономикамыз алға басса өзінен-өзі рухты боламыз деген пікір тайыз, үстірт адамдардың жұтаң қағидасы. Мүмкін ұлы Әлекең қиындық кешкен осы ойлардың жетегіне ерген шығар.

Тағы бір ғылыми шығармашылығына байланысты айта кететін жайт 1946 жылға жататын «Сырым батыр» атты шықпай қалған мақаласы. Бұл еңбек ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасында қолжазба түрінде сақталған. Мақалада ол қазақ тарихшыларынан бірінші болып С.Датұлының қозғалысына ұлт-азаттық сипат берген. *(Бұл айтылған мақала осы кітапқа еніп отыр, ред.)*

Ғылымдағы осы тоқырау Әлекеңді біржола археологиямен айналысуға мәжбүр етті. Марғұлан құрған Орталық Қазақстан экспедициясы 40 жыл бойы шетсіз-шексіз ұлы даланы ерінбей аралады. Ұлы ғалым негізін салған бұл ғылыми орта, қысқартып ЦКАЭ дейтін көбінесе, ұлан даладағы көне мәдениет нұсқаларын алғаш рет ғылыми қағаз бетіне іліктірді. Марғұлан мен оның шәкірттерінің әсіресе шұқшия зерттегені қола дәуірінен сақталған мұрағаттар. Біздің қазіргі күніміздің төрт мың жыл бұрын қазақ даласы қола мәдениетінің жойқын орталығы болған мыңдаған ірі қорғандар, қала-қоныс орындары, кен өндірген күрделі шаруашылық алаңдары, су жинайтын алапат бөгеттер. Орталық Қазақстанның бір өзінен Әлекең бастаған экспедиция алпыстан астам

қоныстың орнын зерттеді. Ә.Марғұланның және оның шәкірттерінің жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде бұрын, оның өз сөзімен айтқанда Алтай және Қара теңіз жағасындағы далада болған екі көне өркениеттің аралығында қыспақта тұншыққан, тіршіліксіз Орталық теңіз сияқтанған Орталық Қазақстан ғылым үшін маңызды көне мәдениет және өркениет ошағы ретінде қайта ашылды.

30 жылдан астам уақыт ішінде Ә.Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және көшпенді тайпалардың мәдениеті жан-жақты зерттелді. Қазіргі күнде Ә.Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті Андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің, дәнекерлік роль атқаратындығы ғылыми тұрғыда анықталды. Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық зерттеулердің алғашқы қорытындысы есебінде Ә.Марғұланның басқаруымен және оның тікелей қатысуымен жазылған монографиялық еңбек Орталық Қазақстанның көне мәдениетін талдауға арналған. Бұл зерттеу 1967 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Қазақ ССР ҒА-ның сыйлығына ие болды. Орталық Қазақстанда археологиялық зерттеудің екінші кезеңі Әлкей Хақанұлының Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы арнайы монографиясы мен бес томдық Қазақ ССР тарихында қарастырылған. Қазақ ССР тарихының бес томдығының жетекші авторының бірі ретінде Әлкей Хақанұлына 1982 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ә.Марғұланның «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты кітабының басылып шығуы республиканың ғылыми өміріндегі үлкен оқиға болды. Бір қуаныштысы, ғалым еңбегі зая кеткен жоқ – ел құрметіне бөленді. Тоталитаризмнен тұралап қалған ел рухы осылай оянған, қазақ ғылымының беделін де сақтап қалған Әлекең болатын. Әлекең Сарыарқа даласында аңыз болып айтылды, ертегінің кейіпкеріндей дәріптелді. Халық ықыласы Марғұланды жаңа тақырыптарға жетеледі, ол қазақтың төл тарихы, төл мәдениеті, төл өнері. Тарихшы аталатын қауымдастықтың 95 пайызы партия, совет тарихына түсіп кеткенде төл тарихтың жүгін Әлекең жалғыз көтерген қара нар еді.

Марғұланның этнография, археология, архитектура тақырыбына жазылған, әлі жас ғалымдардың іздеп жүріп оқитын ондаған мақаласы сол жылдары жазылды. Тек мақаламен шектелмей кітаптарын шығарды. Олардың ішінен осы күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» (1950 ж.) кітабын ерекше бөліп айтуға болады.

Әлекең бір ғажабы қолы қалт еткенде жас қазақтардың тәрбиесін ойлап, өзі ашқан жаңалықтары туралы, қазақтың бұрынғы соңғы кезеңдері туралы, ғылымның әр саласының ерекшеліктерін баян етіп әр түрлі қазақ басылымдарына, соның ішінде балаларға арналған журналдарға да мақала беріп отыратын. Әлекең 1955 жылдан бастап Абай мен Шоқан тақырыбына қайта оралды және көптеген жылдар бойы жинақтаған деректері бар, мұрағат қазынасы, этнографиялық мәліметтер оған қоса ел аралағанда, тарихи фольклор: аңыз-шежірелерін жазған, бәрін жинақтай бастайды.

Марғұланның басқаруымен 1958 жылы Шоқанның таңдамалысы жарық көрді. 1957-1967 жылдарда Ә.Марғұланның басшылығымен Ш.Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағы дайындалды. Бұл ұлан-ғайыр еңбекті атқаруға Әлекеңе дем берген Мұхтар мен Қаныш сияқты қазақтың аяулы азаматтары.

Әлекең бүкіл СССР-дегі мұрағаттарды ақтарып отырып Шоқанның қаламынан туған 300-дей шығармасын тапты. Оларды ғылыми редакциялады, бүкіл қара жұмысын атқарды, ал Шоқан жазбаларының көпшілігі бұрын жарық көрмегенін ескерсек, жазуының қиындығы, ойлау жүйесінің тым еркіндігін, кей жұмысының шала аяқталғанын ескерсек, Әлекең атқарған жұмыс бағасы белгілі болады. Бұл шаруа ондаған жылдарға созылды, соның нәтижесіне ғұлама Шоқан туралы 300 беттен аса өмірбаяндық кітап жазып, қолжазбасын қалдырды. Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығына байланысты бес томдық қайта басылғанда Әлекең қартайса да істің басында жүрді. Бірақ, Әлекең өзі айтқандай орыстың әскери ведомстволарында жатқан көптеген қағаздар қолға түспеді. Шоқан мұрасын көп жылдар бойы зерттеудің заңды жалғасы ретінде Ә.Марғұлан «Шоқан мен Манас» атты монографияны жазуға қырауар еңбек сіңірді. Бұл жұмыста Әлкей Хақанұлы қырғыз эпосы «Манастың» әр түрлі нұсқаларын салыстыра отырып зерттеудің нәтижесінде «Манас» эпосына ғылыми талдау жасады. Ш.Уәлихановтың «Манасты» зерттеуге қосқан үлесін де анықтай түсті. Ал Абай туралы жинаған, ашқан деректері мақалалар түрінде қалды, көпшілігі мұрағаттан жиналған дүниелер, мүмкін ұлы Абайдың келесі мерейтойына орай Марғұлан

деректерін жеке кітап қылып жариялаған орынды болар.

Ә.Марғұлан Қазақстанның мәдениет тарихын зерттеу мәселесін ешқашанда өз назарынан тыс қалдырған емес, басқа авторлармен бірге Қазақстанның орта ғасырлық архитектурасының тарихы туралы түбегейлі ғылыми монографияны бастырып шығарды. Қазақтың қолөнері жайында үш томдық үлкен еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбек көп жылдар бойы экспедиция кезінде ел арасынан, мұражайлар қорынан, мұрағат қоймаларынан және тарихына байланысты баспа жүзін көрген әдеби шығармалардан ерінбей жинаған нақты деректердің негізінде жазылған.

Бірнеше жыл этнография бөлімін басқара отырып Ә.Марғұлан Қазақстанда этнография ғылымының дамуына да айтарлықтай ықпал етті. Оның басшылығымен және тікелей қатынасуымен «Қазақ колхозды ауылының мәдениеті мен тұрмысы» атты үлкен монографиялық еңбегі басылып шықты. Ол Қазақстанда этнограф, археолог және тарихшы ғалымдардың сан ұрпағын дайындады, шәкірттерінің ішінде белгілі археологтар мен этнографтар аз емес. Оның ішінде темір дәуірінің алғашқы кезеңін зерттеуші М.Қ.Қадырбаев, көне түрік дәуірінің зерттеушісі Ф.Арыстанов, қазақтардың этникалық тарихын зерттеуші М.С.Ақынжанов, қазақтардың отбасы-некелік қатынастарын зерттеуші Х.А.Арғынбаев, исламға дейінгі діни сенімдер мәселесін зерттеуші С.Ақатаев т.б. айтуға болады.

Ә.Марғұлан үлкен ғылыми, педагогикалық еңбекті ұйымдастыру ісімен де шебер ұштастыра біледі. Ол көп жылдар бойы Этнография бөлімін басқарды,

қазақ халқының шығу тегі туралы Координациялық кеңесті басқарды, онымен бірге Қазақ ССР тарихының барлық басылымдарында редколлегия мүшесі болды. Қазақ ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Ғылыми кеңесінің, Маманданған докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау кеңестерінің мүшелері болды.

Ә.Марғұлан дүниежүзі ғалымдарының сан алуан жиындарында, конгрестер мен симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасады. Әсіресе шығыстанушылардың XXV конгресінде «Орталық Қазақстанның жаңа табылған қола дәуірінің ескерткіштері», VII-VIII антропология және этнография ғылымдарының дүниежүзілік конгрестерінде жасаған «Қазақ киіз үйі», «Қазақстанның исламға дейінгі архитектурасы» атты баяндамалары ғылымға қосқан үлкен үлес ретінде жоғары бағаланып, ғалымдар назарын бірден аударды. Ә.Марғұлан шетелдік шығыстанушы, археолог және этнограф ғалымдармен тығыз байланыс жүргізеді. Оның ғылыми еңбектерінің бірқатары шет тілдеріне де аударылған.

Ә.Марғұлан Отанымыздың көптеген ғылыми мекемелермен тығыз байланыс жасауға көп көңіл бөледі. Оны Москва, Ленинград, Новосибирск, Ташкент, Фрунзе және Душанбе қалаларына сан рет диссертациялық жұмыстарға оппоненттілікке шақырған. Ол Қазақстанның тарихи ескерткіштерді қорғау мәселесіне атсалысып, көптеген пайдалы кеңестер берді, ғылым табыстарын радио, теледидар хабарлары арқылы уағыздау ісіне де көп көңіл бөлді.

Қарап отырсақ, ғұламаның көзі тірісінде 400-ден аса әр түрлі ғылыми еңбектері жарық көріпті. Жоғарыда

айтылғандармен қоса қола дәуірінің тамаша, жарқын сәттерін суреттейтін «Древняя культура Центрального Казахстана» және қазақ даласына көшпелі өмір салтын қалыптастыру кезеңіне арналған «Бегазы-Дандыбаевского культура Центрального Казахстана» атты монографиялық еңбектері дүниежүзіне белгілі. Қазақ археологиялық әдебиетінің шыңы іспеттес дүниелер. Әлекеңнің өнер саласында жазған еңбектері бірсыдырғы жарияланған сияқты, әсіресе «Казахское прикладное искусство» атты үш томдығы теңдессіз еңбек. Халық эпосына байланысты әрт түрлі мақалалары қазақтың мерзімдік баспасөзінде, соның ішінде «Жұлдыз» журналында жиі жарық көріп жүрді. Әлекеңнің Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев туралы естеліктерінің орны және бөлек.

Марғұлан мұрасымен жете танысқан уақытымызда аңғарғанымыз, Әлекеңнің жас шағында жарияланған бірсыпыра дүниесі әлі еленбей жүрген сияқты. Ол студент кезінің өзінде өндіріп еңбек еткені белгілі. Тіпті сол кездегі жасаған аудармаларының қайсібірі еске алынбайды. Мысалы, «Ер Тарғын» жырын қазақшадан толық түрінде алғаш орысшаға түсірген Әлекең екен. Тек жалғыз Шоқан жөнінде 50-ден аса мақала жазыпты. Ғұлама бес аспап болған, керек болса қазақшадан-орысшаға, орысшадан-қазақшаға аудара берген. Ал Шығыс институтына сабақ бергені жөнінде де көп айтыла бермейді, Әлекең аспирант кезінде бұл институттың студенттеріне түрік тілдерінен, соның ішінде өзбек, қазақ тілдерінен дәріс берген. Жалпы, әлі күнге Әлекең өмірбаянына байланысты тыңғылықты жұмыс жоқтың қасы.

Әлекеңнің қаламынан соңғы туған дүние «Орталық Қазақстан архитектурасы» деп аталады екен. Әлде, ғұлама бұл кітапты өмір бойы жазды ма екен, әдейілеп созды ма екен, белгісіз.

Ә.Х.Марғұланның жетекшілігімен 50-ден астам кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. 1946 жылдан корреспондент-мүшесі, 1958 жылдан академик, 1960 жылдан профессорлық берілді. Бүкілодақтық Географиялық қоғамның мүшесі болып, қазақтардың этногенезі бойынша Координациялық Кеңесті басқарды.

Ғылымдағы үздіксіз табыстары үшін ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту және Халықтар достығы ордендері мен «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Ерлік еңбегі үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалдарімен және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен, СССР ҒА-ның, ЛКЖО ОК-ның Құрмет грамотоларымен марапатталды. 1961 жылы оған Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді.

Ғылымның сан саласын жете меңгерген парасатты ғұлама, Қазақстанда археология ғылымының негізін салушы зерделі зерттеуші-ғалым, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, аяулы азамат және педагог Ә.Х.Марғұланды бүкіл қазақ жұртшылығы жақсы біледі, өзінің адал ұлдарының бірі есебінде құрмет тұтады.

т.ғ.д., профессор Х.А.Арғынбаев,
э.ғ.д., профессор Е.М.Арын,
т.ғ.д., профессор Ж.О.Артықбаев.

НАУЧНАЯ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИКА А. Х. МАРГУЛАНА

Алькей Хаканович Маргулан – видный ученый, академик Академии Наук Казахской ССР, заслуженный деятель науки КазССР, ученый-археолог, этнограф, востоковед, историк, филолог, общественный деятель. Круг волновавших его вопросов был очень широк. Он – сын, рожденный на счастье казахского народа, еще при жизни ставший легендой.

А. Х. Маргулан родился 11 мая 1904 г. в Баянауле, близ озера Жасыбай, в простой казахской семье. Его отец, Хакан, в свое время был известным знатоком народного творчества. Будучи родственницей композитора Таттимбета, бабушка Аймен привила своим детям и внукам любовь к песенному искусству. В пять лет Алькей научился читать и писать. Хакан, неизвестно откуда достав, приносил ему старые казахские предания, первые песни Абая, «Тюркскую генеалогию» Абильгазы. Аульчане, удивляясь красноречию и способностям Алькея, неоднократно просили его почитать эпосы. Благодаря прекрасной детской памяти, он наизусть знал эпосы: «Кобланды», «Алпамыс», «Коруглы», «Козы Корпеш и Баян-сулу», «Мунлык-Зарлык». Жизнь преподнесла Алькею встречи с людьми со сложной и интересной

судьбой. А. Маргулан получил благословение Машхур Жусупа, Жаяу Мусы, Имантая. Как говорил сам Алькей Хаканович: «На мое становление как ученого оказали влияние такие личности, как С. Торайгыров, Абикей и Каныш Сатпаевы, Хаким Иманбеков, Жагипар Секербаев и Жаяу Муса».

Начальное образование он получил в аульной школе. С 1915 г. учился в трехклассной русской школе, организованной аульным обществом в Баянауле. Поступив в 1919 г. на учительские курсы в г. Павлодаре и окончив их в 1920 г., возвратился в родной аул учителем второй Далбинской школы I ступени в Баянаульском районе. Увидев в Алькее «раскрытые способности, широкий кругозор, Абикей Сатпаев ответит ему поступить в Семипалатинский педагогический техникум. Алькей Маргулан, познакомившись в Семипалатинске с Мухтаром Ауэзовым, едет в аул Абая, где знакомится с сыном Абая Турагулом и собирает этнографический материал В 1925 г. Алькей заканчивает техникум.

В годы учебы в Семипалатинске Алькей Хаканович сотрудничает в редакциях журнала «Тан» и газеты «Казак тип». По совету М.О.Ауэзова в 1925 г. Алькей Хаканович едет учиться в Ленинград, где поступает на отделение тюркологии Восточного института и одновременно слушает лекции на историко-филологическом факультете в Ленинградском университете. Начиная с 1928 г. Алькей посещает занятия в Институте истории искусств. Среди учителей А. Х. Маргулана – выдающиеся ученые того времени. Ему посчастливилось слушать лекции академика В. В. Бартольда по истории и археологии Средней Азии, академика С. Ф. Ольденбурга по индийскому фольклору и искусству, академика

И. Ю. Крачковского по арабской исторической литературе, академика Н. Я. Марра по истории и теории языкознания, академика А. Н. Самойловича по литературе тюркских народов Средней Азии, академиков В. В. Струве, Б. Я. Владимирцова, И. И. Мещанинова, В. Л. Щербы, а также Е. Э. Бертельса, С. Е. Малова, Б. М. Эйхенбаума и др. Будучи студентом, он не ограничился тем, что слушал лекции преподавателей, но и сам занялся научно-исследовательской работой.

Успешно осваивая науку в Ленинграде, А. Х. Маргулан увлекается сбором литературных и архивных материалов по истории и культуре казахского народа. В эти годы он занимается и литературной деятельностью. В его переводе казахский читатель впервые познакомился с произведениям русских и зарубежных писателей.

Одним из людей, привлекших к исследовательской работе А. Х. Маргулана, был С. И. Руденко, который, находясь в лагере, получил степень доктора технических наук, в 50-е годы сделал мировое открытие, совершив раскопки Пазырыкского кургана на Горном Алтае.

В 1926-1927 гг. А. Х. Маргулан участвует в Казахстанской и Алтайской экспедициях Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик АН СССР под руководством академика А. Е. Ферсмана и профессора С. И. Руденко. Знание А. Х. Маргуланом быта, обычаев, нравов и культуры казахского народа оказало большую практическую помощь в работе антропологического отряда экспедиции. В экспедиции А. Маргулан тесно сотрудничает с А.Букейхановым. А. Букейханов по результатам исследований пишет статью об адаевцах. Результатом участия А. Х. Маргулана в работе экспедиции явилась публикация им первых научных статей, в которых он охарактеризовал некоторые этнические группы казахского народа, в частности найманов и адаевцев.

В 1929 г. Алькей Хаканович заканчивает учебу в Восточном институте, успешно защитив дипломную работу о творчестве Абая. Затем он работает в Комитете нового алфавита при Наркомпросе КазССР. В 1931 г. А. Х. Маргулан поступает в аспирантуру Государственной академии истории материальной культуры в Ленинграде. Здесь он вплотную занимается изучением восточных источников под руководством академика С. Ф. Ольденбурга и члена-корреспондента АН СССР А. Ю. Якубовского, специализируется по археологии и искусству Восточного Туркестана, принимает участие в работе археологических экспедиций, возглавляемых археологами нашей страны: С. И. Руденко, М. П. Грязновым, А. А. Миллером, Н. И. Репниковым.

В 1943 г. А. Х. Маргулан защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Историческое значение ярлыков и пайцзе». Это исследование было началом изучения памятников кыпчакской письменности. Алькей Хаканович кыпчакскую проблему считал ключевой в этногенезе казахского народа.

В 1938 г. в связи с открытием казахского филиала АН в Алма-Ате, он был приглашен на родину как знаток истории и ученый. Это было тяжелое время для казахской науки, т. к. репрессии 1937 г. уничтожили ведущих ученых казахской истории и литературы. Началось духовное обнищание казахского народа. В дело спасения народа от этой катастрофы активно включились К. Сатпаев, М. Ауэзов, А. Маргулан. Перед А. Маргуланом стояли сложные задачи: привести в систему такие на-

уки как история, археология, этнография; организовать крупные экспедиции по исследованию исторических памятников, выпуск монографии по истории и литературе, воспитания молодежи, склонной к науке.

